

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
4 мамыр 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-методической конференции «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде», посвященной 150-летию великого учителя нации, ученого-просветителя, общественного деятеля Ахмета Байтұрсынова
4 мая 2022 жыл

MATERIALS
The international scientific and methodological conference "Akhmet Baitursynov murasy - alemdik rukhaniyat kunistiginde" is being held, dedicated to the 150th anniversary of the great teacher of the nation, scientist-educator, public figure Akhmet Baitursynov.
4 may 2022 year

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
4 мамыр 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-методической конференции «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде», посвященной 150-летию великого учителя нации, ученого-просветителя, общественного деятеля Ахмета Байтұрсынова
4 мая 2022 жыл

MATERIALS
The international scientific and methodological conference "Akhmet Baitursynov murasy - alemdik rukhaniyat kunistiginde" is being held, dedicated to the 150th anniversary of the great teacher of the nation, scientist-educator, public figure Akhmet Baitursynov
4 may 2022 year

ӘӘЖ 80/81
ББК 81.2
Ұ43

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ, Қазақстан, Көкшетау, 2022. 1-т.-260 б.

МАТЕРИАЛЫ международной научно-методической конференции «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде», посвященной 150-летию великого учителя нации, ученого-просветителя, общественного деятеля Ахмета Байтурсынова, Казахстан, Кокшетау, 2022. Т.1. -260 стр.

MATERIALS the international scientific and methodological conference "Akhmet Baitursynov murasy - alemdik rukhaniyat kunistiginde" is being held, dedicated to the 150th anniversary of the great teacher of the nation, scientist-educator, public figure Akhmet Baitursynov., Kazakhstan, Kokshetau, 2022. T.1.-260 pag.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- Ахмет Байтұрсынов қалыптастырған ұлттық әдебиеттану ғылымы және әлемдік әдеби үрдіс
- Ахмет Байтұрсынов: ұлттық тіл білімі және заманауи парадигмалар
- Ахмет Байтұрсынов және заманауи білім беру жүйесі
- Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық тұлғасы және ұлттық идея

Бас редактор:

Сырлыбаев М.Қ. – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ректоры, э.ғ.к.

Жауапты редакторлар:

Жумагулова Ө.А. – Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., ассистент профессор

Кажыбаева Г.К. – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Бөкен Г.С. – PhD, қауымдастырылған профессор

Редакция алқасы:

Жакупова А.Д. – Ғылыми жұмыс және өңірмен өзара әрекеттесу жөніндегі проректор

Бексейітова А.Т. – Педагогикалық институт директоры

Байдалиев М.Е. – Ғылым және технологияны коммерцияландыру департаментінің басшысы

Шалабай Б. – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Жахина Б.Б. – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

Жәмбек С.Н. – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

Молғаждаров Қ.К. – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.д.

Мусин Л. – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының лекторы, г.ғ.м.

Шағырбаева Б.Қ. – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының лекторы, п.ғ.м.

ӘӘЖ 80/81
ББК 81.2
Ұ43

ISBN 978-601-261-535-7

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті конференция қатысушылары! Құрметті зиялы қауым! Құрметті қонақтар!

Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Ақмола облысының әкімдігімен бірлестікте өткізгелі отырған халықаралық конференциямызға қош келдіңіздер!

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани көсемі, Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі, ұлтымыздың ұлы Ұстазы, елді білімімен сусындатқан Ағартушы, ана тілімізді түрлеуші Ғалым, қазақ тілі білімінің Атасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «**Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде**» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция шетел және отандық ғалымдардың басын қосып отыр.

Конференция мақсаты: Қазақ халқының біртуар перзенті, қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиеттану, тілтаным ғылымының негізін салушы ғалым, түркітанушы, публицист, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынов мұрасын әлемдік деңгейде насихаттап, жаңаша бағалануын ұрпақ санасына жеткізу.

Ахмет Байтұрсынов – талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және ұлтымыздың дамуына айрықша үлес қосқан танытқан қоғам қайраткері. Ол ұлтына, ұлттық рухына, құндылықтарына қызмет етті. Бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деп баға берген. Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі еді. Кең құлашты, ұлан-асыр терең ойлы ғалым – ұлттың Ұлы Ұстазы өмірдің қай саласында да өз пікір- толғамын, бағдар-бағытын білдірді. Ахмет Байтұрсынов тағылымы оның даналығында, даналығы парасатты сөздері мен өнегелі істерінде, парасаттылығы оның ғылыми-ағартушылық, қоғамдық-саяси көзқарастарында деп білеміз.

Ахмет Байтұрсынов – ғұлама ғалым, ақын, ағартушы, ел тарихында өшпес дара ізін қалдырған ұлы тұлға. Оның мұрасында ұлт болмысы, бітімі, дүниетанымы, мінезі, жаны, ділі, тілі, рухы көрініс тапты.

Адамдық диханшысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.

Ұлт ұстазы «Адамдық диханшысы» өлеңінде өзі жырлағандай, туған тілі менәдебиетіне, тарихына, халық ағарту ісіне ұлы еңбек сіңірген, адамдықтың дәнін еккен Ахмет Байтұрсынов ұлттық рухтың мәңгілік шоқжұлдызы болып XXI ғасырда қол жетпес биікте тұр.

Ұлы ғалым, ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойымен баршаңызды құттықтай отырып, ғылыми-ағартушылық ойдың кемеңгері Ахаңмен мақтанып қана қоймай, тәуелсіз еліміздің өркениетті ел, ұлт қатарына қосылу үшін әр азамат Байтұрсынов сөзін танып, ойымызға сіңіріп өсуіміз қажет деп санаймын. Ахаң – ұлтымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық құндылығымыз, ұлттық тұғырымыз. Оның өлмес мұрасын алдымен өзіміз танып, әлемге таныту – біздің азаматтық парызымыз. Себебі Байтұрсыновты әлемге таныту – әлемге қазақты таныту. Ахмет Байтұрсынов рухымен кемелденіп, өркендейік!

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ректоры,
э.ғ.к. Сырлыбаев М.Қ.*

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

ӘӨЖ 81-26

Джусупов Маханбет

Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті,
Ташкент, Өзбекстан

АХМЕТ БАЙТҮРСЫНОВ ФОНЕМОГРАФИЯСЫНЫҢ ӘЛЕМ ФОНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Еңбекте Ахмет Байтұрсыновтың әлем фонологиясындағы, әлем лингвографиясындағы орны, ғылыми теориясының устанымдары, ерекшеліктері, дыбыс-сингармофонема-әріп-сингарможазылым мәселелері қарастырылады.

Ахмет Байтұрсынов осы заман әлем тілтанымында, тілге оқыту әдістемесінде тұнғыш болып сингармофонологиялық алфавитті, орфографияны (араб жазуының негізінде) дүниеге келтірді. Араб жазуының реформалары бұрын да болған парсы тілдерінің мамандары жағынан, бірақ нағыз ғылыми биік реформа деңгейінде Евразия, Европа, Америка мамандары А.Байтұрсыновтың сингармониялық алфавитімен орфографиясын қабылдады (Е.Д. Поливанов, Н.Ф. Яковлев, А.А. Реформатский, Р.О. Якобсон,...). Араб жазуының бұл реформасының негізгі жаңалығы мына зындылықта: сөз қалай дыбысталса – солай жазылады, қалай жазылса – солай оқылады. Яғни жазылым түркі тілдерінің сингармониялық орфоэпиясына бейімделді (қазақ тілінің материалы мысалында). Сингармониялық жазу, көне түркі орхон-енесай жазуында да болған, бірақ хх ғасырдың басында ол жазуды мамандар да, халық та пайдаланбаған. Ол жазу түркі тарихының ұлы олжасы болып кеткен. А.Байтұрсыновтың сингармофонологиялық жазылымды дүниеге келтірудегі негізгі устанымдары, орындау әдістері төмендегідей:

1. Жұан, жіңішке сингармофонемаларды, сөздерді айырып жазу.
2. Жұан, жіңішке сөздерді айырып жазу үшін жаңа таңба ендіру (дәйекші).
3. Жаңа таңба (дәйекші) сингарможіңішке дыбысталатын сөздің басында орналасады.
4. Әріп бір сүрет болып жазылады.
5. Сингармофонема жазуда бір таңбамен белгіленеді (диграф, полиграфтар болмау керек).

Ахмет Байтұрсынов әлем фонологиясында бірінші болып оның 3 негізгі ұғымдарын айтып кетті:

1. Позиция ұстанымы (1912ж.). Бұл фонологиялық ұстаным Москва фонология мектебінің теориясына 1945 жылы ендірілді.

2. Фонема (сингармофонема) өзінің позициялық дыбыстар жиынтығынан құралады (1912ж.). Бұл фонологиялық ұстаным Москва фонология мектебінің теориясына 1945 жылы ендірілді.

3. Тілдің дыбыс жүйесі дәстүрлі тілтанымында 2 түрлі дыбыстардан тұрады (дауысты, дауыссыз). А.Байтұрсынов кебір тілдерде тілдің дыбыс жүйесі 3 түрлі дыбыстардан тұрады деп анықтады (дауысты, дауыссыз, сонант). Сонант фонема сөздің бір позициясында бұын жасайды, яғни дауысты (ба-ру, ке-лу), басқа бір позициясында бұын жасамайды, яғни дауыссыз (бау, деу).

Зерттеу барысында лингвистикалық жазылым әдісі, салыстырмалы әдісі, индуктивтік және дедуктивтік әдістер қолданылды. Сол арқылы еңбектің қорытындыларының теориялық және тәжірибелік маңызы айқындалды.

ӘӨЖ 81.81-13

Prof. Dr. Nergis BİRAY

Pamukkale Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi

Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü

nergisb@gmail.com

**AHMET BAYTURSINULI'NIN TERİMBİLİM ÇALIŞMALARI İLE TÜRKİYE'DE
CUMHURİYET DÖNEMİNDEKİ TERİMBİLİM ÇALIŞMALARI ÜZERİNDE BİR
DEĞERLENDİRME**

Bildirimizde Türkiye Cumhuriyeti'nde terim yapma konusundaki çalışmalar ve bugünkü uygulamalar hakkında kısaca bilgi verilecek, terimlerin Türkçeleştirilmesinde izlenen yollar Ahmet Baytursinuli'nin çalışmaları ile karşılaştırılacaktır.

Giriş

Terim, Güncel Türkçe Sözlük'te; “*Bir bilim, sanat, meslek dalıyla veya bir konu ile ilgili özel ve belirli bir kavramı karşılayan kelime, ıstılah*” [1] şeklinde tanımlanmıştır. Hamza Zülfikar, terim ve terimleşme konusundaki çalışmalarında terimi, “*ihtiyaç duyuldukça herhangi bir bilim dalı veya sanat koluyla ilgili bir kavramın dilin kök ve ek imkânlarından yararlanılarak türetilen kelimeleri*” [2, 26] olarak tanımlamıştır.

Kazak Türkçesi gramerlerinde terim sözcüğü “*İlmî sahalarla ilgili özel olarak kullanılan kelimeler demektir.*” [3, 12-13] şeklinde açıklanır.

Terimlerin temel nitelikleri arasında tek anlamlılık, ortak kabul ediş ve yaygın kullanımı söylemek mümkündür. Terimleri genel sözcükten ayıran anlamının sınırlandırılmış olmasıdır [4, 10-19].

Terimlerin Türkçeleştirilmesi konusunda Dizdaroğlu: “Terimler; bilim, teknik, sanat dallarında; öğrenimde, felsefe ve dinde, genel kültür dilindeki sözcüklerden daha önemli bir yer tutar. Terimleri kaldırırsanız insan beyninin en yüce ürünlerini debir anda kargaşalığa atmış olursunuz. Uygarlık da kültür de yerinde sayar. Bilim ve teknik adamları, filozoflar, sanatçılar, birbirlerinin dilinden anlamaz olurlar; ortak anlaşma aracı ve dayanışma ortadan kalkar” der [5, 12].

Terimlerin Türkçeleştirilmesinde önemli olan konu terimin, karşıladığı kavramı açık, kesin ve doğru bir şekilde ortaya koymasıdır. Bu sebeple terimlerin bir milletin kendi dilinin kök ve eklerinden, zorlama olmadan tabii yollarla oluşturulması gerekir. Bu durum eğitim öğretim açısından da öğrencinin kavramı çağrışım yoluyla kolayca öğrenmesini sağlayacağı için önem arz eder.

Zülfikar, terimlerin genel özelliklerini şöyle sıralar: “Bir bilimsel kavram için tek karşılığı bulunan kelimelerdir. Anlamları sabittir ve cümle içinde de olsa değişik anlamlarda kullanılamazlar. Terimlerin bildirdiği anlam yorumu açık değildir. Karşıladıkları kavramı net, açık ve kesin bir biçimde bildirirler. Halkın söz varlığında yer almazlar ama halk ağzında kullanılıp da sonradan terim özelliği kazanmış kelimeler vardır [2, 20-21].

A.A. Reformatskiy, “Zan Terimleri, Kazak Terminologiyası” adlı eserinde terimin iki yönü olduğunu söyler: “*terimin belli bir nesneyle olan ilişkisi ve terimin anlam boyutu*”. Reformatskiy, terim olan sözcükler ile metnin bağlantısı olmadığını, ayrıca onların diğer sözcükler gibi açık bir anlama sahip olmadığını da belirtir. Onun görüşüne göre, bir terim çeşitli bilim alanlarında farklı anlamlar yüklenebilir, ifade etme güçleri diğer kelimelerden farklıdır. Reformatskiy terimi ‘terminolojik sistemin elementi’ ve ‘genel dil sisteminin elementi’ olmak üzere iki sistem şeklinde ele alır: [3, 12-13].

Türkiye’de ve Kazakistan’da terim çalışmaları ve terim yapma yolları.

Türkiye’de terim çalışmaları farklı dönemler içerisinde ele alınmaktadır. “Klasik dönem”, “Tanzimat dönemi”, “Meşrutiyet dönemi”, “Milli edebiyat dönemi”, “Cumhuriyet dönemi”. Cumhuriyet dönemindeki çalışmalar da kendi içinde genellikle 1923-1945 arası, 1945-1980 arası, 1980 sonrası şeklinde ele alınmaktadır [6, 1289-1307].

Kazak Türkçesindeki terim yapma çalışmaları da farklı dönemler halinde ele alınır: 19. yüzyılın ikinci yarısı ile 1910’lu yıllar arasını içine alan dönem; 1910-1930 arası; 1940-1950 arası; 1950-1970 arası; 1970’li yıllarla 1990’lı yılların ikinci yarısına kadarki dönem; 1990’lı yıllar sonrası [7, 68-84].

Türkiye Türkçesinde de Kazak Türkçesinde de terim yaparken bazıları sıklıkla bazıları daha seyrek olarak başvurulan yollar şunlardır:

1. Dil içi terim yapma yolları.

A. Dilin var olan kaynaklarının kullanılması yoluyla terim yapma. Bu başlık altında şunlar yer almaktadır.

a. Çok anlamlılık: cep telefonu, döner kavşak,

b. Anlam aktarımı: fizikte: dalga, biyolojide: çekirdek.

c. Benzetme.

ç. Düz değişmece: *teker-araba, Brüksel’den sesler-Avrupa Birliği*.

d. Eğretileme: fare ‘bilgisayar’, köprü ‘diş hekimliği’.

e. Eş adlılık: yüz ‘matematik: sayı; anatomi: yüz, çehre; spor: yüzmek; deri yüzme işi.

B. Dilin var olan kaynaklarının değişimi yoluyla terim yapma.

a. Dönüştürme: sıra dağ ‘coğrafya’, temel sayı ‘matematik’, kıkırdak doku ‘biyoloji’. Sıra, temel, kıkırdak sözcükleri sıfat olarak kullanılmıştır.

b. Sıkıştırma: *ba. Sözcüklerin ilk harflerinden terim oluşturma yoluyla*. T.C. (Türkiye Cumhuriyeti), KR (Kazakistan Respublikası), TBMM (Türkiye Büyük Millet Meclisi), TürkPA (Türk Tildes Memleketter Parlamenttik Assemblies), vs. *bb. Kısaltma*: otomobil>oto, metropolitan>metro. *bc. Kırpma/Kısalama*: Daha çok yabancı terimlerde görülür. exposition>expo, motor + pedal > moped. bç.

c. Türetme: İşlek yapım ekleri ile kök ve gövdelerden terim yapmaktır. Örnek: ölüm, öl-im; aç-mak, aç-uv, vs.

ç. Özel adlardan terim yapma. İcat veya keşifte bulunanların adlarıyla yapılır: Behçet sendromu, Holter cihazı.

d. Birleşik sözcüklerle terim yapma. Tek sözcükle ifade edilemeyen durumlarda daha sık kullanılır. akçaağaç, atardamar, yerçekimi, çekyat, tutkal.

C. Yeni kaynakların kullanılmasıyla terim yapma:

a. Oluşturma: Bilim ve teknolojide yeni ortaya çıkan kavramları adlandırmak üzere terim yapma yoludur. Terimler yeniden oluşturulabildiği gibi genel dilden ya da başka dillerden ödünç de alınabilir. *buvın* (sözlük anlamı: eklem, terim anlamı: hece), *jalğav* (sözlük anlamı: ip parçası, terim anlamı: bağlama edatı), vs [8, 46-58].

2. Diller arası/çeviri odaklı terim yapma. *Piston*>*itenek*, *computer* > bilgisayar, *virüs* (*viroloji*)>*virüs* (bilgisayar),

3. Halk ağzından sözcük aktarmak yoluyla terim yapma. *alka* (sözcük anlamı: halka, gerdanlık; terim anlamı: kurul, heyet).

4. Tarihi Türkçe metinlerden sözcük aktarma yoluyla terim yapma. *Az* kullanılır. *jasavıl* (sözlük anlamı: bekçi; terim anlamı: yüzbaşı).

5. Çağdaş Türk lehçelerinden yararlanma yoluyla terim yapma. *acı taş* (TT), *aşuvtas* (KazT), *aççiktâş* (ÖzT), *açutaş* (TaT), *açuu taş* (KırT).

6. Dilin dış kaynaklarını kullanarak terim yapma. Doğrudan yabancı bir dilden veya uluslararası diye kabul edilerek bir yabancı dilden alınan terimler: **a.** *termo+metr* ‘termometre’, *gidro+statistika*; **b.** *Avto+kötergiş* ‘oto vinci’, *avto+turak* ‘otobüs durağı’; **c.** *salyarka*>*sälerki* ‘mazot’; **ç.** *Kal*’ka yöntemi ile: *jarılıs* (*vzrıv*), *şögindi* (*osadku*); *buralkı suv* (*stoçnaya voda*); *kötergiş* (*asansör*); *kurak gaz* (*suhoj gaz*) [9, 5-37; 3, 12-13].

Ahmet Baytursınulı’nın terim yapma çalışmaları ve izlediği yollar.

Ahmet Baytursınulı, Kazak terimbiliminin temelini atan dilbilimcidir. Onun türettiği terimler bugün de Kazak dilbilimi, edebiyat bilimi ve birçok bilim alanında hala kullanılmaktadır [10, 182-185]. O, sadece terim türetmekle kalmamış, bu terimlerin tanımlarını da vermiştir.

Baytursınulı, Orenburg’da 1912 yılında yayımlanan “*Oquv quralı*” adlı eserinde ilk defa “*buvın* “hece”, *dıbis* “ses”, *nükte* “nokta”, *davıstı dıbıstar* “ünlüler”, *jartı davıstı dıbis* “yarı ünlü ses”, *däyekşi* “alıntı”, *jiñişkelik belgisi* “inceltme işareti”, *xärip / ärip* “harf” terimlerini kullanmış; 1914–15 yıllarından 1928’e kadar birkaç defa yayımlanan “*Til kuralı*” (Kazak dilinin sarfı) kitabında bugüne kadar kullanılan ve hala kullanılmakta olan “*zat esim* “isim”, *sın esim* “sıfat”, *san esim* “sayı sıfatı”, *esimdik* “zamir”, *etistik* “fiil”, *üstev* “zarf”, *qosımşa* “yapım eki”, *jalğav* “çekim eki”, *jurnağ* “ek”” gibi yüzlerce terimi önermiş ve bu terimlerin Kazak dilbiliminde kullanılmasını sağlamıştır [11].

O, az da olsa uluslararası terimleri de kullanmıştır: *batareya* “topçu karargâhı”, *doktor*, *grammatika* “gramer”, *korpus* “gövde”, *telefon*, vs.

Baytursınulı, millî terminolojinin temelini atarken aşağıdaki kuralları sıralar:

1. Terim olarak kullanılacak sözcüğün anlamı açık olmalıdır.

2. Bu tür sözcükler Kazakçada olmadığı zaman diğer Türk lehçelerinden alınmalıdır.

3. Uluslararası terimler dilde kullanılıyorsa kalabilir, ancak onları Kazakçanın yapısına uygun hale getirmek daha iyi olacaktır.

4. Hangisi olursa olsun yabancı dillerden alınan kelime ve terimler, Kazakçanın yapısına ve Kazak telaffuzuna uygun hale getirilmelidir [4, 39-40].

Baytursınulı'nın aşağıdaki yolları kullanarak terimler türettiği görülmektedir:

a. Dilin iç imkanlarından faydalanarak yapım ekleriyle kök ve gövdelerden yararlanarak [12, 301-304]: *esim+dik* ‘zamir’, *lep+ti* (söylem) ‘ünlem cümlesi’, *köp+tik* ‘çokluk’, *kosım+şa* ‘ek’, *basta-ma* ‘giriş’, *kıstır-ındı* (söylem) ‘ara cümle’;

b. Kelime birleştirme (sintaktik) yolundan yararlanarak [12]: *bolımdı* söylem ‘olumlu cümle’, *karatpa söz* ‘hitap sözü’, *lep belgisi* ‘ünlem işareti’, *bas katırğış* ‘bulmaca’;

c. Genel dilden kelime aktarma içerisinde yer alan metafor yoluyla terim yapma yolundan yararlanarak: *jalğav* (sözlük an.: ip parçası, ekleme) > *jalğav* (terim anlamı: çekim eki), *ray* (sözlük an.: tavır, davranış, durum) > *ray* (terim an.: dilek kipi, tasarlama kipi);

ç. Tarihi Türkçe metinlerden sözcük aktarma yoluyla terim yapma yolundan yararlanarak: *köl>köl* ‘göl’, *tag>tav* ‘dağ’, *eb>üy* ‘ev’, *til>til* ‘dil’, vs. [13, 3];

d. Günümüz Türk lehçelerinden yararlanma yolundan yararlanarak: O, ‘dili birin, dileği bir’ diyerek bu tür kullanımların Türk lehçeleri arasında ortak terim hazinesini zenginleştireceğini ifade eder: ‘*ölketanuv* (KazT), *ölkö taanuu* (KırT)’.

e. Yabancı dillerden alınan kelimeleri Kazakçanın kurallarına uygun hale getirerek terim oluşturma yolundan yararlanarak [14]: *halğa* (Ar.) > *alka* ‘kurul, heyet’, *keyf* (Ar.) > *keyip* “tip”, *fütürist* (Fr) > *putırşı* “gelecekçi”, *vekil* (Ar.) > *ökil* “vekil”, *lift*: *kötergiş* ‘asansör’, *structura*: *qurılım* ‘yapı’, *hâcet* (Ar.) > *qujat* [14], vs.

O, bazen de uluslararası terimleri, alındığı şekilde kullanmaktadır. Bunların örnekleri azdır: *deputat* ‘milletvekili’, *duma* ‘Çarlık Rusyasında meclis’, *fraktsiya* ‘hizip’, *fonetika* ‘ses bilgisi’, *grammatika* ‘gramer’, *morfologiya* ‘şekil bilgisi’, *proyekt* ‘proje, tasarı’, vs.

Türkiye’de Cumhuriyet dönemindeki çalışmalar ve terim yapma yolları.

Burada üzerinde duracağımız konu, Türkiye’de özellikle Cumhuriyet döneminde temeli atılan terim çalışmaları ile Ahmet Baytursınulı'nın terim çalışmalarını değerlendirmek olacaktır. Cumhuriyet dönemi terim çalışmalarını kendi içinde de dönemlere ayırarak kısaca anlatmak gerekecektir.

1923-1932 arasında mecliste resmi yazışmaların Türkçe ile yapılması, terimlerin Türkçeleştirilmesi kararları alınır. Bununla ilgili olarak ‘Türkçe Kurulu’ ve ‘Terim Kurulu’ oluşturulur. Mevcut terimlerin yukarıda da bahsedilen yollarla ve halk ağzından yararlanarak Türkçeleştirilmesi çalışmaları başlatılır.

Türkçeleştirme konusunda Tunalı Hilmi 26 Ağustos 1923'te TBMM'ne 'Türkçe Kanunu' adlı teklifini sunar. Böylece konu resmi ortama taşınmış olur. Resmî yazışmalarda Türkçe kullanılması, terimlerin Türkçeleştirilmesi ile ilgili kanun teklifinin ilk maddesine göre Milli Eğitim Bakanlığı'nda alfabe, yazım (imla), dilbilgisi ve sözlük alanındaki çalışmaları yürütecek bir Türkçe komisyon kurulacak, her bilim dalı için bir terim kurulu/komisyonu oluşturulacak ve bu kurul, kullanılan yabancı terimleri halk dilinden de derlemeler yaparak Türkçeleştirmeye çalışacaktır. Ders kitapları da bu kurallara göre hazırlanacak, gazete ve dergiler türetilen terimleri yayımlamakla yükümlü olacaklardır (Levend, 1972: 391;TDK, 2007: 20-39).

1931'den itibaren sadece Türkçe kural ve terimlerle yazılan kitapların kullanılabilceği kararı alınır [15, 354-370; 16, 11]. 1924'te Arapça'yla eğitim öğretim yapan medreselerin kapatılması, 1929'da Arapça ve Farsçanın ortaöğretim müfredatından kaldırılmasıyla bu dillerin işlevi azaltılır. 1928'de harf devrimi yapılır. Bu, daha sonra yapılacak dil devriminin yolunu açar. 'Alfabe Encümeni' kurulur ve sonraki süreçte 'Dil Encümeni' adıyla 1931'e kadar çalışmalarına devam eder. Sözlük şeklindeki 'Türk Söz Kitabı' yayımlanır [17]. Bu dönemde Atatürk'ün 'Ülkesini ve yüksek istiklâlini korumasını bilen Türk milleti, dilini de yabancı dillerin boyunduruğundan kurtarmalıdır.' sözü dildeki bağımsızlığın da bir işareti olmuştur [18, 190]. 1932'de Dil Encümeni, 'Türk Dili Tetkik Cemiyeti'ne dönüştürülür.

1932-1983 arasında dille ilgili çalışmaların odak noktası 12 Temmuz 1932'de kurulan 'Türk Dil Kurumu' olur. Terminoloji çalışmaları da o dönemde düzenli olarak yapılmaya başlar. Kurum, 'Türkçenin özleşmesini, bütün bilim, teknik, sanat kavramlarını karşılayacak yolda gelişmesini 'devrimci bir anlayışla ve bilim yöntemlerine uygun olarak' sağlamak için bilim terimleri ile ilgili çalışmalar yapar. Bu çalışmalar terim çalışmalarının temelini oluşturmuş, düzenleyici ve yönlendirici bir işlev de yerine getirmiştir [19, 20-27, 39]. "Ulus inşası" projesi diye nitelendirilen Türkiye'de Türk dil devrimiyle terimlerin Türkçeleştirilmesiyle birlikte terim listeleri ve sözlükleri planlanmış, okul terimleri Türkçeleştirilmiş, bunların eğitim kurumlarında uygulanması aşamaları da gerçekleştirilmiştir [20, 7-25, 64-65, 72]. Bu dönem, 1950'lere kadar baştan planlanan çalışmaların hızla gerçekleştirildiği bir süreç olmuştur. Atatürk'ün de emriyle Türk Dil Kurumu'nda 1932, 1934, 1936 yıllarında yapılan dil kurultaylarında konu görüşülmüş, kurumda "Lugat ve İstilah Kolu" kurulmuştur. (17, 50).

Çalışmalar 'terim kolu'nun oluşturulması ve uzmanlık alanlarının (16 adet) belirlenmesiyle devam eder. Burada *Terim Kolu*'nun görevi 'Terim bölümünün işi, bugünkü bilim dilimizde kullanılmakta olan yabancı dillerden alınmış terimler yerine bütün bu bilim kavramları için öz Türkçe terimler bulup yahut yaratıp koymaktır.' sözleriyle dile getirilmiştir [19, 173-184].

Sonrasında terimlerin çokluğu sebebiyle 'Lugat ve İstilah Kolu', 'terim kolu' ile 'sözlük kolu' olmak üzere iki ayrı kol olarak çalışmalarına devam etmiştir. Burada alınan kararlardan biri de terim sözlüklerinin yapılmasıdır [21, 50].

'3. Türk Dili Kurultayı'ndan sonra bilim ve fen terimleri Türkçeleştirilmeye başlanır. İlk ve orta öğretimin ihtiyacı olan terimleri Türkçeleştirme çalışmalarına ağırlık verilir. Atatürk bu çalışmalara bizzat kendisi katılmış, özellikle askerlik ve geometri terimlerine çok fazla katkı sağlamıştır [22]. Bu dönemde yukarıda da

bahsettiğimiz terim hazırlama ilkeleri bizzat Atatürk tarafından uygulanmıştır [23]. Buradaki ilkeleri kısaca şöyle sayabiliriz:

* İlk ve ortaöğretim programlarına ilişkin terimlerde amaç, Türk çocuğunun, derslerini kolaylıkla anlayıp öğrenmesi olduğu için, kökü Türkçeden gelenlerin yanı sıra uluslararası alanda ortak kullanılan terimleri (elektrik, dinamo, kare, vs.) olduğu gibi almak [13, 379].

* Bu hususlar dışında kalan terimleri mümkün olduğunca öğrencilerin bilip konuştuğu Türkçe sözcüklerle ve Türkçe üretmek.

* Yabancı terimleri ses özellikleri bakımından Türkçenin söyleyişine uydurarak Türkçeleştirmek. hacim>hacım, logarithme>logaritma, vs.

* Bu tür terimler dışında kalanları, öğrencilerin kolayca anlamalarını sağlayacak şekilde genel dilin sözcükleriyle ve diğer yöntemlerle üretmek: nokta (Osm)>benek, şua (Osm)>ışın, vb.

1939 yılında bu alanda ‘Türkçe Terimler Cep Kılavuzu’ adlı kitap hazırlanmış, ilk ve orta öğretim kurumlarında kullanılmıştır. Eser, 1963’te genişletilerek tekrar yayınlanmıştır. 1937-1959 arasında 42 terim sözlüğünün yayımlandığı bilinmektedir [24, 41-57]. Bu sayı, 1970’lerde 50’ye, 1960-82 arasındaki yayınlarla 102’ye, 2009’daki belirlemelere göre de 110’a çıkmıştır [27, 17; 26, 269-278; 27].

1960 sonrasında terim çalışmaları okul terimleri dışına çıkmış ve yükseköğretime yönelmiştir. Yabancı kökenli terimlerin bu süreçte çoğunlukla dilden düştüğü görülmektedir. 1960 yılı, sipariş yöntemiyle uzmanlara eser hazırlatma ve bunları TDK onayından sonra yayınlama kararı alınca çalışmalar biraz daha hızlanmıştır. Bu yıldan itibaren terimlerin Türkçeleştirilmesi yanında terimlerden sözlüklere geçiş de diyebileceğimiz tanımlarının da verilmeye başlandığı, konu ve içeriğe uygun yayınlar yapıldığı görülmektedir [20, 80].

Yapılan kurultay ve toplantılardaki görüşme ve tartışmalar yanında Terim Kolu’nun kendi raporlarının da yer aldığı tutanaklar, bu konuda elli, altmış yıllık süreçteki çalışmaları aşama aşama göstermek açısından önemli belgelerdir [15, 409-535].

1983’te Türk Dil Kurumu yeniden yapılandırılır, devletle bağları bulunan anayasal bir kuruluş haline gelir. Terim Kolu, ‘Terim Bilim ve Uygulama Kolu’ adını alır. O zamandan bugüne kurum, terimlerin Türkçeleştirilmesi ve yeni terimlerin üretilmesi konusundaki çalışmalarını Milli Eğitim Bakanlığı, Kültür Bakanlığı, üniversiteler, Türk Silahlı Kuvvetleri, Türkiye Bilimler Akademisi Türkiye Radyo Televizyon Kurumu gibi birçok kurum ve uzmanlarla iş birliği yaparak sürdürmektedir. Son yıllar TDK bu çalışmalarını sanal ortamda da yürütme kararı almıştır [28, 472, 481].

Terim çalışmalarına yön verip yol göstermesi gayesiyle Prof. Dr. Hamza Zülfikar’ın hazırladığı ‘Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları’ adlı kitap 1991’de yayımlanır. Burada ‘Terim türetirken göz önünde bulundurulması gereken ilkeler’ başlığı altında terim yapmanın ilkeleri verilir:

1. Her kavramın Türkçe karşılığı bulunmalıdır.

2. Bütün terimleri Türkçeleştirmek asıl amaç olmalıdır. Uluslararası kabul edilen batı kökenli terimler artmaktadır. Bunların yerine de Türkçe terimler yapılmalıdır.

3. Terimlere karşılık bulurken canlı kök ve canlı eklerden yararlanmak, dilin bütün imkânlarını kullanmak gerekir.

4. Kelime ve terim türetirken en büyük görev eklerdedir. Eklerin türetmede aldıkları görevler sınıflandırılmış, dilbilgisi ve terimbilim kitaplarında dizimi verilmiştir. Bunlardan yararlanılmalıdır. Ses uyumsuzlukları ve söyleyiş güçlüğü doğuran eklerden kaçınmalıdır. Bazen birleşik eklerle de türetim yapılabilir. Türk+çülük.

5. Günümüz Türk yazı dillerinden yararlanılmalıdır. Doğrudan veya Türkiye Türkçesinin özelliklerine uydurularak terim alınabilir. Bu dillerdeki yapı ve kuruluş örnekleri bize terim yapma konusunda fikir verebilir.

6. Terim yapmada dilin kendi kuralları içinde, işleyiş, yapı ve ifade gücü temel alınmalı, terimin yapısı ve kuruluşu sağlam olmalı, terim ses ve anlam bakımından yeterli ve ahenkli olmalıdır.

7. Terimler mümkünse tek kelimelik yani kısa olmalıdır. Mesela ‘network’ sözü yerine türetilen ‘ağ’ gibi. Buradan hareketle ‘bilgi ağı, yol ağı, ulaşım ağı’ gibi terimler yapılmıştır.

8. Terim üretmek, yabancı dildeki bir terimi birebir çevirmek anlamına gelmez. Esas olan kısa ve anlamı yeterli şekilde ana dilden terimi karşılamaktır. Terim yapmanın alan bilgisi, mesleki tecrübe, dil beğenisi ve estetiği ile ilgili olduğu göz önünde bulundurularak bu terimlerin Türk düşünce sistemine uyumlu, ses ve ahenk bakımından beğenilecek tarzda ve dil zevkine uygun olması gerekir.

9. Karşılık bulunamayan terimler kök olarak alınmalı, ekler muhakkak Türkçe olmalıdır. Davalı, davacı, kitaplık, virüslü, iyonlaşma, kristalleşme gibi.

10. Benzetme ve örneğe yöntemleriyle terim yaparken terimin yapısı doğru, anlamı yeterli, kapsamı belirli olmalı, yapıca örnek alınan kelimeye benzemelidir. Mesela ‘güney’den hareketle ‘kuzey’, ‘binit’e benzetilerek ‘taşıt’, ‘kurultay’a benzetilerek, Yargıtay, Sayıştay, Danıştay, vb. Bu yöntem asıl akraba diller arasında kelime ve terim alışverişinde çok yararlı olabilir.

11. Terimlerin anlamca benzerlerinin olup olmadığına bakılıp, karışıklık çıkarabilecek yapılar tercih edilmemelidir.

12. Terim türetilirken dildeki söyleyişlerden farklı bir söyleyişe, farklı bir adlandırmaya yönelme eğilimi bilinmektedir. Birçok kalıcı terimin bu yolla yapıldığı görülür.

Değerlendirme ve Sonuç

Her dil, gelişen teknoloji ve bilimin ihtiyacına göre terim türetmektedir. Bu ise genellikle o bilim dalının uzmanları tarafından yapılmaktadır. Bu sebeple bilim adamları anadilinin yapısı, kelime yapısı ve terim yapma yollarını iyi bilmeli, bu konuda bilinçli olmalıdır. Terimleri Türkçeleştirmek, Türkçe ile bilim yapmak demektir. Asıl gaye de budur.

Terimlerle ilgili çalışmalar dönemleri itibariyle de ele alındığında Türkiye’de de Kazakistan’da da 1900’lü yıllarda başladığı söylenebilir. 1920’li yıllardan itibaren de bu çalışmalar ‘ulus devlet’ yapılarının da kurulmasıyla ve bilinçli olarak terimleri Türkçeleştirme hareketi şeklinde milli bir kimlik kazanmıştır. Özellikle Cumhuriyet’in ilk yıllarındaki çalışmalarla Kazakistan’da Alaş aydınlarının ve bilhassa da Ahmet Baytursınlı’nın dil çalışmalarıyla terimlerin Türkçeleştirilmesi

yönünde bir hareket başlatıldığı ve mesafe alındığı görülmektedir. Bu süreyi terim çalışmalarının kurumsallaştırılması yönündeki ilk bilinçli ve planlı çalışmalar olarak kabul etmemiz mümkündür.

Bu dönemde her iki tarafta yapılan çalışmalar, terim yapma çalışmalarında Türkçenin iç kaynaklar yönünden oldukça geniş imkânlarla sahip olduğunu, bunun da bu alanda kullanılan yöntemlere bir hareket kabiliyeti ve zenginlik kazandırdığını göstermektedir.

Her iki ülkedeki çalışmalarda dilin iç kaynaklarından olan ekler yardımıyla terim yapma yönteminin sık kullanıldığı, kelime birleştirme ve genel dilden kelime aktarma yollarının da işlek olduğu görülmektedir. Fazlaca uzmanlık isteyen halk ağızları, tarihi Türkçe metinler ve günümüz Türk yazı dilleri ile Türk lehçelerinden yararlanma yöntemlerinin daha az kullanıldığı da dikkatimizi çekmektedir.

Terim yapımında dilin dış kaynakları da sık kullanılmakta, özellikle yabancı dilden sözcük aktarma yöntemiyle terim yapmada Arapça, Farsça ve Rusçanın hâkim olduğu görülmektedir. Kazak Türkçesinin ses ve şekil yapısına uydurularak, kal'kalav denilen aktarma yöntemiyle terim almanın dilin söz varlığını zenginleştirip anlatım imkanlarını arttırması da dikkat çekicidir.

Bu yöntemler içinde Ahmet Baytursınulı'nın halk ağzından kelime almayı çok kullanmadığını görüyoruz.

Türkiye'deki terim yapma yollarının Baytursınulı'nın uyguladığı yöntemlerle genellikle aynı olduğu görülmektedir. Anılan yıllarda terimlerdeki Türkçeleştirme hareketi her iki Türk vatanında da milli bir çizgi dahilinde birçok bilim alanında gerçekleştirilmiştir. Bu terimlerin çoğu farklı alanlarda bugün de kullanılmaktadır.

Burada kısaca UNESCO'nun yayımladığı Terminoloji Politikaları İçin Kılavuz'un konuyla ilgili önemli bir belge olduğunu, 1971 yılında, terminoloji alanındaki uluslararası işbirliğini desteklemek ve koordine etmek amacıyla kurulan International Information Centre for Terminology (InfoTerm) aracılığıyla yürütülen çalışmalarda; uluslararası, bölgesel ve ulusal terimbilim enstitüleri, organizasyonlar ve ağlar, kamusal veya yarı kamusal veya başka tür kâr amacı taşımayan enstitülerden oluşan üyelerin terimbilim etkinliklerine katılabildiğini ifade edebiliriz (7, 78-83).

Cumhuriyetin ilk dönemleri ile Kazakistan'da Alaş ve Ahmet Baytursınulı'nın temellerini atıp uyguladıkları dil politikası ve dil planlaması içinde yer alan terimlerle ilgili çalışmalar, Türkçenin bilim dili olması amacıyla ve bu yönde atılmış önemli birer adım olarak değerlendirilmelidir.

Ayrıca bugün Türk cumhuriyetlerinde artmış olan ve gittikçe de artan Türkçe terimlerin yine bu cumhuriyetler arasında kurulacak bağlar ve her birinin dil kurumu temsilcilerinden oluşan üyelerin meydana getirdiği bir üst kurul olarak bir "Uluslararası Türk Dil Kurumu" tarafından ele alınarak değerlendirilmesi, terimlerin uyumu gerçekleştirilerek bir birliğin sağlanması, Türkçenin bilim dili olması yolunda atılmış adımların gerçek hedefe ulaşması konusunda somut çalışmaların yapılması gerektiğini, bunun da bu çalışmaları ilk olarak planlayan ve gerçekleştiren bilim adamlarımızın ülküsü olduğunu unutmamak gerekir.

Kaynakça

- [1] Güncel Türkçe Sözlük http://www.tdk.gov.tr/index.php?option=com_gts&arama=gts&guid=TDK.GTS.5419dd377af117.27753695
- [2] Zülfikar Hamza (2000). *Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları*, TDK Yayınları, Ankara.
- [3] Zaň Terminderi – Qazaq Terminologiyası, (*gruppa saytov Stud.kz*), s.12-13, (e.t. 17.08.2014).
- [4] Kurmanbayulı Şerüvbay (2005). *Terminkor Kalıptastıruv Közderi Men Termincasam Tesilderi*, Almatı: Sözdik-Slovar.
- [5] Dizdaroğlu, H. (1962). *Türkçede Sözcük Yapma Yolları*, Ankara: TDK Yayınları/12.
- [6] Kahraman Mehmet (2017). “Türk Dilinin Cumhuriyet Devri Terimsel Gelişim Sürecine Tarihi Bakış (II)”. *İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi*, 6/ 2: 1298-1312.
- [7] Eker Süer (2013). “Modernleşme Sürecinde Türkiye’de Terimbilim Çalışmalarına Genel Bir Bakış”, *“Altaistics and Turkology” journal of the Turkie Academy*, 1/68-96.
- [8] Karaman Burcu İlkay (2009). “Terim Oluşturma Yöntemleri”, *TDAY-Belleten*, 57/2: 45-59.
- [9] Qurmanbayulı Şerüvbay (2012) *Qazaq Terminologiyası Damuvının Kezeñdik Sıypatı*, Astana, 2012 (16. 08.2014).
- [10] İymahanbetova Rayhan, (2010). *Ėasır sañlağı – Ahmet Baytursınulınıñ şığarmaşılıq ğumırbayanı*, Astana.
- [11] “Ahmet Baytursınulınıñ terminologiya salasın qalıptastıruvğa qosqan üleşı”, pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow/594453/80/446/512/.../2014/1 (15.08.2014)
- [12] Qurmanbayulı, Şerüvbay, “Ahmet Baytursınulı jäne qazaq terminologiyası”, <http://anatili.almaty.kz/index.php/contents/view/259> (e.t. 20.08.2014); Karabayeva, X.Ä., “A. Baytursınulınıñ terminjasam ülgisi”, *Qazaqstan Respublikası Tävelsizdiginiñ 20 jıldıǵı jäne Qazaq tili kafedrasınıñ 20 jıldıǵı mereytoyına arnalǵan “Käsibiy tildi oqıtuvdıñ özekti mäseleleri: Qazirgi jaǵdayı jäne bolaşaǵı” xalıqaralıq ğılımiy-täjiriye belik konferentsiya jıynaǵı, I. Bölüm*, s. 301-304, Almatı, 2011; <http://anatili.almaty.kz/index.php/contents/view/259> (e.t. 20.08.2014).
- [13] Ömirbek D.J.; Rayeva A.J.; Jalpıtürkilik terminqor jäne ult tiliniñ müddesi, *www.enu.kz*, s.3 (e.t. 17.08.2014).
- [14] Satıbaldiyeva Aynur Erkinbekqızı, “Termin negizderi” päninen, Almatı, 2014. (e.t. 18.08.2014).
- [15] Levend Agâh Sırrı (1972). *Türk Dilinde Gelişme ve Sadeleşme Evreleri*. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları;
- [16] *TDK. Dil Devriminin 30 Yılı* (1962). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
- [17] Özel Sevgi, Özen Haldun, Püsküllüoǵlu Ali (1986). *Atatürk’ün Dil Kurumu ve Sonrası*, Bilgi Yayınevi, Ankara.
- [18] Korkmaz Zeynep (1992). *Atatürk ve Türk Dili: Belgeler*, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
- [19] *TDK. Kuruluşundan Günümüze Türk Dil Kurumu (Nizamname, Tüzük, Yasa ve Yönetmelikler)* (2007). Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları. 20, 27, 39.

[20]. İmer Kamile (1998). *Türkiye’de Dil Planlaması: Dil Devrimi*. Ankara: Kültür Bakanlığı. s. 7-25, 65.

[21] Özdemir Emin (1980). *Dil Devrimimiz*, Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları.

[22] Geometri, ders kitabı olarak Türkçe terimlerle hazırlanmış bir çalışmadır. Kültür Bakanlığı (1937) ve Türk Dil Kurumu (1971) tarafından yayımlanmıştır.

[23] Millî Eğitim Bakanlığı (1937). Geometri, İstanbul, Devlet Basımevi.

[24] Dizdaroğlu Hikmet (1966). Türk Dil Kurumu Çalışmaları (1932-1966), Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları. 1966. – s. 41-57.

[25] TDK (1981). *Türk Dil Kurumu ve Etkinlikleri*, Türk Dil Kurumu Yayınları.

[26] Köksal Aydın (1983). “Elli Yıl Boyunca Türk Dil Kurumu Terim Kolu Çalışmaları”, *Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi*, Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları/381: 269-278.

[27] Akalın Şükrü Haluk (2003). “Türkçenin Teknik Terim Zenginliği”, *Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi*, Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları/624: 770-772.

[28] Akalın Şükrü Haluk (2002). “Bilişim Türkçesi”. *Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi Özel Sayı Dil Bayramın 70. Yılı/609: 472-481*.

ӘӨЖ 81.22

Күдерина Кұралай Бимолдақызы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛҒАН ҒАЛЫМ

Қадірлі қауым, құрметті әріптестер! Бүгінгі шара, биылғы жыл өте маңызды: ұлтын ұлықтаған шара, тұлғасын ұлықтаған жыл. Ұлы тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ еліне сіңірген сан салалы, өлшеусіз қызметінің негізгісі елді ағарту, сауат аштырып, білім алуға бастау болса, оның қажетті құралы жазу, емле мәселесі еді. Бүгінде нормалары мен емле құралдары тұрақталып, дәл осылай дайын күйінде бірден жазып, сызып кеткендей көрінетін қазақ тілінің орфографиялық ережелері Байтұрсынұлындай тұлғаның жанкешті еңбегі мен терең білімі, парасатының арқасында екенін біреуіміз біліп, біреуіміз біле бермейміз, немесе сөз жүзінде айтып, шындығында ойланбаймыз, ғылыми негізі қалай жасалғанына тереңдеп бара бермейміз. Сондықтан бүгінгі баяндамамыз – қазіргі қазақ жазуының, қазақ орфографиясының басты қағидаты, принципі қандай, ол қалай негізделді, әліпбиде таңбаланатын фонемалар қалай таңдалды, әріптердің жазылу емлесі қалай жасалды және кім жасады деген сұрауларға жауап беру үшін, еске салу үшін, айқындау үшін жасалып отыр.

Әрине, кім жасады деген сұрауға алдымен, Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі қазақ жазуы және оның негізгі категориялары, яғни әліпбиі мен емлесі және графикасының пайда болып, дамып, жетілуі және дәстүрге айналуының

ғылыми-теориялық және практикалық негіздемесін жасаған тұңғыш қазақ ғалымы деп жауап береміз.

Ахмет Байтұрсынұлының оқу құралдары мен кітаптарынан басқа 200-ге тарта мақаласы бар. Соның 30-дан астамы қазақ жазуы мен емлесіне арналған.

Ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлы – қазіргі қазақ емлесінің басты заңдылығы болатын тіл үндесімін жазу арқылы бекіткен ғалым. Ғалым ерін үндесіміне қарағанда қазақ тілінде тіл үндесімі жетекші қызметте екенін пайымдап, лингвалды сингарманизмге жазуда доминанттық сипат береді. Сөйтіп, өзге түркі тілдері ішіндегі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін анықтап, орнын айқындайды. Сөздің бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатыны басқа дыбыстық заңдылықтарға қарағанда жаппай қамтитын құбылыс екенін пайымдайды. Және ол жуан-жіңішкелікке “жетекшілік” ететін саны аз дауысты дыбыстар болады дейді. Осы белгілерді байқай отырып, ғалым 43 дыбысты мүмкіндігінше аз әріпке сыйдыруды қарастырады: “Дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар сөздің тәні есебінде. Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды сондай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да солай айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан- жіңішке айтылатындығы да айрылғаны. Дауысты дыбыстар **а, о, ұ, ы** осы тұрған күйінде жуан айтылады, мысалы: *аз, оз, ұр, сары*. Бұлардың жіңішке айтылатын орнын айыратын белгі аламыз (-)ні дәйекші. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылмағын хабарландырады, яғни бұл белгі тұрған соң, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы басқа дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жіңішке айтылады, мысалы: *арман-әрмен, тор- төр, тұр-түр, жоны-жөні*. Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады” [1, 325б.].

А.Байтұрсынұлы алғаш реті әліпбиді қазақ тілінің басты – тіл үндесімі заңдылығына негіздеп берді. Осы негіз одан кейінгі қазақ жазуы қабылдаған барлық әліпби түрлеріне негіз болды: 28-29жж. латын әліпбиі бойынша жасалған алғашқы қазақ алфавиттерінің барлығы дәйекші арқылы құрастырылған әліпбилер болды. Ал 1929 жылы дәйекшесіз алфавит қабылданып кеткеннен кейін де, мысалы, 1934ж. жаңа жазуға өзгерту енгізу керектігі көтерілгенде, бірінші болып, проф. Қ.Жұбанов өзінің әліпби мен емле жобасын дәйекші қызметін пайдалану арқылы ұсынып еді. Ғалым қолданыстағы 34 әріпті дәйекшінің көмегімен 25 әріпке қысқартып, А.Байтұрсынұлының әліпбиін қабылдауды ұсынады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының негізгі үндесім заңын тіл үндесімі деп таныды. Ғалым зерттеуінде ерін үндестігі қосалқы, жанама құбылыс қатарында.

Осы арқылы (тіл үндестігі арқылы) А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сингармонизмін қырғыз тілінің еріндік сингармонизмінен, татар тілінің жіңішке

езулік (ә) сингармонизмінен айырып көрсеткенге ұқсайды дейді белгілі ғалым Н.Уәлиұлы.

Дегенмен 1929ж. 2-4 маусым аралығында өткен емле конференциясында Т.Шонанов емленің негізіне ең бірінші дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпалы, тіл дыбыстарының диссимиляциясы және соңында дауысты дыбыстардың үндесімін алдық деп, флективті тілдердің фонемографиялық сипатына сүйенуді бастағанын көрсетеді [2, 11б.]. Яғни төте жазудан латын графикасына ауысу үндесім заңдылығынан тартынуға, аталған құбылысқа басқа қырынан қарауға болды-болмасын итермелеген деп ойлаймыз.

Екінші, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының басты принципін анықтаған ғалым. А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп [1, 361б.], жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес айтқан. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді [24, 52б.]. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерге сәйкес келеді.

Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер [3] де ғалымның осы көзқарасын растайды [4, 100б.]. Л.В.Щерба этимологиялық принцип деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан тарихи принципке жақын деген [5, 104б.]. Сонда таңба жүйелі емле (А.Б.) – тарихи принцип (Л.В.Зиндер), тарих жүйелі (А.Б.) – этимологиялық принцип (Л.В.Зиндер), туыс жүйелі (А.Б.) – морфологиялық (Л.В.Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндетті ғалым “туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін” төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.
5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу” [6].

Бұл “полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов,

комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать” деген Л.В.Щербаның сөзімен үндеседі [7, 50б.].

Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен сайкеледі. Жалпы, бәрімізге белгілі 70-80жж. фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы морфологиялық, өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз деген көзқарас орныққан болатын. Бірақ морфологиялық принципфонематикалық принципке сәйкес келеді. Тек қағидаттардың атауы әртүрлі. Оның үстіне фонематикалық принциптің түсініктемесі әлдеқайда кең, көп нормаларды түсіндіре алады: “Фонематический принцип имеет большую объяснительную силу, чем морфологический: понятие фонематический принцип полностью покрывает понятие морфологический принцип и, сверхтого, объясняет те факты, которые не могла быть объяснены в терминах морфологического принципа, а именно, неизбежные отступления от единообразной передачи морфем в случае морфологических чередований” [8, с.10].

Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі емленің басты әдісіне жатады. Бұл әдісті кезінде А.Байтұрсынұлы: “Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді”, - деген екен. Жалғаулар көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керектігін айтқан [6, 7б.].


“Туыс жүйені де, дыбыс жүйені де “аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді ... сөйтіп сөз басына ереже жасайды ... ондай емле оңай болып табылар ма” дейді А.Байтұрсынұлы. [6,6б.].

Бүгінгі емлемізде қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын түбірдің соңғы дыбысына үйлесіп, бірнеше нұсқамен жазылады: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер. Ал Байтұрсынұлы заманында бұл норма тек үнді вариант болған. Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосымшалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын (инвариантын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуы сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызуы болған күнде “туысша” жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А. Байтұрсынұлы: “Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек” [1, 418б.] деді.

Ғалымның шартты рай жұрнағы *-са, -се* ме, әлде *-ша, -ше* ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде *қонса, сепсе, келсе, құса, қанса* тұлғаларын таңдап алуы – *кешше* (кешсе), *пішше* (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтағаны [6, 7б.]. Сондай-ақ *Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай –*

Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, сеңген – сенген, күңге – күнге тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі “қорғам”, “арғым” “тасқым” емес, қорған, арғын, тасқын болады деп анықтайды. Сондай-ақ [н] дыбысын қ, з, г дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, “қоныс”, “қондық”, “жону”, “жондым”, “жанып”, “жанды”, “көніп”, “көнді”, “өніс”, “өнім”, “мініп”, “мініс”, “сеніп”, “сенім”, “күнде”, “күндік” дегенде, “ң” емес, “н” екені айқындалады [6, 76.] дейді ғалым. А.Байтұрсынұлының бұл ойлары емлені әлді позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасында енді айтылып жүр [8, 166.].

Үшінші, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әліпбиінде белгіленетін дыбыстардың санын және сапасын анықтаған ғалым. А.Байтұрсынұлының төте жазуына дейін қазақ тіліндегі <ү>, <у>, <у> дыбыстарының фонемалық мәртебесіне мән берілмеген, мағына ажырататын жеке дыбыс ретінде таңбаламаған. Бұған араб графикасындағы ұ, ү, у, о, ө дыбыстарына бір таңба арналуы себеп болды. Дыбыстардың еріндік, қысаң интегралауыш белгілерінен бөтен, өзара жуан-жінішкелік (ұ-ү, о-ө) дифференциалды белгісі және еріндік реңкі күшті, әлсіз, орта, орталау белгілері бар. Сондықтан олар сөзайырымдық, сөзтанымдық қасиетке ие фонема деңгейінде қарала алатынын айқындаған А.Байтұрсынұлы бұл бес фонемаға үш таңба арнаған. Олар жуан-жінішке белгісі арқылы ажырайды:



Ғалым: “**о** мен **ү** екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. *Қой (мал)* деген сөзбен *құй (шай құй)* деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. **Ұ** көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. **Ұ** *тұр, жұрт, құм* деген сөздерде **т**-ның **ж**-ның **қ**-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың қарпін **о**-дан айыру үшін, үстіне () қоямыз. **Ұ**-ны оқығанда һәм оқытқанда сол естілген қалыпта айтарға тиіс” [1, 326б.] деген.

“**у** - *азу, қару, жабу* деген сөздерде **з**-ның **р**-дың, **б**-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. **Ұ** сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі. *Құрау, құлақ, құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын, һәм анық айтылады. **У**-дан **ү**-ны айыру керек. Қысқасы сөздің басқы буынында **у** ұзын һәм анық естілсе, екі әріппен жазарға *тұра, тұмас, буұн, бұаз* дегендей. (у)- ды (ү) дан айыру үшін үстіне () қоямыз. Себебі, (у) менен (ү)-ның жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес” [1,383] дейді.

Проф. М.Жүсіпов А.Байтұрсынұлы ілімінде қысаң езуліктің төрт түрі (**ы**, **і**, **ы^й**, **і^й**), қысаң еріндіктің төрт түрлі (**ү**, **ү**, **ү^у**, **ү^у**) варианты бар [9] дейді. Оған А.Байтұрсынұлының “Сіздер **у** бар дерсіз, жоқ. Ол уауға сакін болады” [10, 125б.] дегені дәлел. “Ал сөз ортасында, я басында анық һәм ұзын естілетін жерлерде екі /ү/ жазуға тиіс. Мысалы, *тура, туыс* деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші **у** орнына **ғ** келеді. Мысалы, *туғра, туғыш*” [1, 325б.] деп, сөз басында екі әріппен, сөз аяғында жалғыз /у/ әрпімен беруді ұсынады [1, 383б.].

Мысалы, *ашу, ашулану, тату, татулық, татуласу*. Бұдан А.Байтұрсынұлының объектіні бір деңгейде, объективті түрде сипаттайтынын көреміз. Мысалы, *ашулану* деген сөздегі бірінші /у/ әрпі ортаңғы буын болғанмен, ол *ашу* сөзінде соңғы буында тұр.

Және <о>, <ө> қысаң еріндіктер сөз аяғында е-мен ауысады деп [10, 125б.], қазақ тіліндегі ерін үндесімінің таңбалануын сол жылдардағы халықтың аузындағы айтылымына қарап айқындаған.

Төртінші, қазақ тіліндегі қысаң езуліктердің емлесін негіздеген ғалым. А.Байтұрсынұлы <ы>, <і> фонемаларының таңбасын практикалық тұрғыда айқындап, қысқартып жазуды ұсынған: “Сөздің басында, ортасында **ы**-ны қысқа һәм көмескі естіп, бар-жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы, *қн, қр, қрн, жлм, жлтр* деген сөздердің ішінде <ы>- ның барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деп те айтуға болады. Бұл сөздерді /ы/-ны жазғанда да жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқылуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. *Қаны, жаны, малы* деген сөздерді **ы**-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сондықтан сөздің аяғында **ы** жазу қажет” [1, 327б.]. Ғалым фонемалық мәні болғанмен, жазылған сөзді оқуға зияны тимесе, үнемдеп жазу принципін осы дауысты таңбасына қатысты айтқан: “Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орында һәм жазбасақ кемшілік болып жоқтығы еленетін орында. Мысалы: *жаны – жанына*” дейді ғалым [1, 327б.]. Ал түбір ішінде, сөз басында **ы**-ны жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқылуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ деп табады [1, 327б.]. Мысалы: *қн* (қын), *қр* (қыр), *жлм* (жылым), *жлтр* (жылтыр), *мсқ* (мысық), бірақ *мсығы, қры, жлымы, жлтры*. Бұл қазақ әліпбиіндегі әріптердің атауы туралы айтқан Н.Уәлиұлының мына пікірлерінде жалғасын тауып жатады: “Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды.., біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі *-бы*” [4, 50б.]. Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз дыбысты жеке дыбыстағанда қасына **ы, і** (**к, г** – әріптерін атағанда) қосып айтамыз.

Қн, қр, жл, бл, пл, бр, тс, пс т.б. түбірлерді жуан-жіңішке оқудың (**ы**-мен, немесе **і**-мен) А.Байтұрсынұлы емлесі үшін қиындығы болмады: сөз жіңішке болса, алдына дәйекше қойылды (*‘бл, ‘тс*). Ал сөз соңына қосылған тәуелдік жалғауы таңбаланды. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы ұстанымында фонемалық мәні бар әріп таңбаланды, фонемалық мәні болса да, оқылуға қиындық келтірмейтін позицияда таңбаланбады.

Сонымен, біз бүгінгі шағын баяндамамызда Ахмет Байтұрсынұлының өз заманындағы және қазіргі ғылым-білім дамыған заманда да қазақ жазуының теориялық негіздерін айқындаған, оны практикалық тұрғыдан ұтымды қолдана білген тұңғыш қазақ ғалымы екенін дәлелдейге тырыстық. Тыңдағандарыңызға көп рақмет!

Пайдаланған әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. –414 б.

2. Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. Кзылорда, 1930.–482с.
3. Амирова Т.А. К истории и теории графемики. М.:Наука, 1977.–190 с.
4. Зиндер Л.В. Очерк общей теории письма. Л.: Наука, 1987. –111 с.
5. Щерба Л.В. Теория русского письма. Л.: Наука, 1983. –134 с.
6. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // ҚР БЖҒМ ҒА Хабарлары. 2000, №3.
7. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. М., 1957.- 189 с.
8. Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981. – 264 с.
9. Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингорманизма, Ташкент, 1995.–176 с.
10. Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

ӘӨЖ 82.82 (091)

Алмасбек Әбсадық
А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ
absaimas@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚОСТАНАЙ-ОМБЫ КЕЗЕҢІ

Орынбор мұғалімдік мектебін 1895 жылы тамадаған А.Байтұрсынұлы алдымен Ақтөбе уезі Бестамақ болысындағы Арынғазиев мектебінде, одан соң Қостанай уезі Аманқарағай болысының Әуликөл болыстық мектебінде бірнеше жыл ұстаздық ете келе Қостанай қаласына ауысады. М. Әуезовтің «...Қостанай уезіндегі Әуликөл деген жерде екінші рет оқытушы болған. Әуликөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласы...» (Әуезов, 1991: 18) деген ақпараты – осы ауыс-түйіске байланысты жазылған болса керек. Бірақ ұстаздың қай жылы Қостанайға ауысқанын нақты айту қиын. 1902 жылы арналған «Адрес-календарь Тургайской области на 1902 год» атты статистикалық анықтамалықтағы деректерден оның Қостанай уезі Мендіқара болысының №4 аулында орналасқан «Орынбаев (Урунбаев) мектебінде» және Қостанай педагогикалық сыныбында мұғалім болып қызмет атқарғанын көреміз (Адрес-календарь, 1902: 76; 80). Аталмыш оқу мекемелері туралы, яғни Қостанай педагогикалық сыныбы мен Орынбаев мектептері туралы ақпарат Ахметтанушыларға бұрын-соңды белгісіз болып келді.

Қостанай педагогикалық сыныбының ашылу оқиғасының қысқаша тарихы мынадай: 1892 жылдан бастап Торғай облысы көлемінде тез көбейіп жатқан бастауыш мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз ету мақсатында облыстық әкімшілік 1894 жылы Қостанай қаласынан екі жылдық Педагогикалық класс ашу мәселесін көтереді (Васильев, 1896: 157-158). 1897 жылы аталмыш Педагогикалық класс Ы.Алтынсаринның басшылығымен 1884 жылы Троицк қаласынан Қостанай уезінің жаңа орталығы Новониколаевскіге көшірілген 2 сыныптық орыс-қазақ мектебі жанынан ашылады. Сыныптың ашылуы туралы

«Тургайская газета» 1897 жылдың №108 санында арнайы хабарлама жазады. Онда Орынбор мұғалімдер мектебіне бөлінген 17 стипендияны Қостанайдағы Педагогикалық курсқа ауыстыру мәселесі көтеріледі (ТОВ, 1897: №108). 1902 жылдың анықтамалық ақпаратында Педагогикалық сыныптың меңгерушісі болып М.Н.Греховодов деген ұстаз қызмет атқарғандығы тіркелген. Сонымен қатар сыныпта дін сабағын жүргізушіден бөлек, екі мұғалім қызмет атқарған. Бірі – Василий Иванович Гурылев, екіншісі - А.Байтұрсынұлы (Адрес-календарь, 1902: 76). Қостанай Педагогикалық сыныбының айтулы түлектері ретінде С.Көбеев, М.Дулатұлын атауға болады.

ҚОСТАНАЙДАН ОМБЫҒА. А.Байтұрсынұлының Қостанай педагогикалық сыныбында мұғалім болған кезеңінде оның кейінгі өмірбаянына үлкен өзгеріс жасаған бетбұрыс болады. Оның мазмұндық сипаты мынадай: Қостанай қаласында А.Байтұрсынұлы Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы (1894-1902) атақты А.Е.Алекторовпен жақынырақ танысып, тамыр, жолдас-жора болады. М.Әуезов А.Байтұрсынұлы «Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып» (Әуезов, 1991: 18), көрісуге барды деп жазады. Шындығында, ол онымен Қостанайда танысып-білісіп, онымен бірге Омбыға жаңа қызметке аттанады. А.Алекторов Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы қызметін атқарған тұста Қостанай қаласын тұрақты мекен етеді. Бұл дәстүрдің бастауы тұңғыш инспектор Ы.Алтынсарин қызметі кезеңіне тіреледі.

А. Алекторов көп жылдар бойы «Оренбургский листок», «Астраханский вестник», «Московские ведомости», «Тургайская газета» т.б. мерзімді баспаларда қазақ фольклоры мен этнографиясы, тарихы туралы көптеген мақалалар жариялап тұрды. А.Байтұрсынұлы мен А.Алекторовтың алғашқы таныстығы сол мерзімді баспа бетіндегі мақалалар арқылы басталған сынды. Себебі жас ұстаз А.Байтұрсынұлының «Киргизские приметы и пословицы» атты тырнақалды туындысы жарық көрген «Тургайская газета» бетінде А.Алекторовтың «Құрманбай» атты мақаласы да жарияланады (Алекторов, 1895, №39). Мақалада А.Алекторов Қостанай уезі Кеңарал болысының Қарағайлы орманын қыстайтын Құрманбай атты әнші-ақынның таланты туралы, әсіресе, оның «Өгіз» атты әнді жануарға тән түрлі дыбыстарды сала отырып орындауын таңдана әрі тамсана жазады.

Торғай облысының халық ағарту саласындағы қарқынды істері, әсіресе, көшпелі тұрмысқа қолайлы ауылдық мектептерді көптеп ашу тәжірибесі қазақ даласының өзге аймақтарының да назарын аударып, қызығушылығын тудыра бастайды. Ауыл мектептерінің жұмыс тәжірибесі мерзімді баспа бетінде де талқыланады. Облысқа тиісті «Тургайские областные ведомости» мен оның жексенбілік қосымшасы «Тургайская газетаны» былай қойғанда, Омбыдан шығатын Ақмола облыстық «Дала уалаяты газетасы» Торғай өңірінде оқу-ағарту ісінде атқарылып жатқан игі істі үлгі етіп жазады. Айталық, басылымның 1896 жылғы №20 санында көшпелі ауыл мектептері қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы екендігі ерекше ықыласпен аталып өтеді.

«Бұрынғы уақытта, - дейді басылым, - қазақ балалары ауылдан, туысқанынан кетіп, отырықшы елді мекендердегі интернатта оқушы еді. Баратын жерлері

үшеу-ақ (шамасы, Торғай, Ырғыз, Қостанай қалалары болса керек - автор), ал облыс көлеміне бес Франция сияды. Қазақтар мектепке үрке қарады. Оларды «Қасында туысқаны жоқ жас балалар орыс ішінде өсіп шоқынып кетеді ғой» деп молдалар да қорқытатын. Қазақтардың өтініші бойынша, бес жыл бұрын көшпелі мектептер ашылып еді, Торғай облысы оқу ісінде алға озып кетті. Қазақ қауымы медресе ұстап тұруына, салуына ақша шығарып, қайсы бір кісілер де көп-көп қылып өз жанынан қаражат беріп жатыр. Бұл күнде көшпелі медресе жоқ ауыл сирек кездеседі» (ДУГ, 1994: 545).

Жұрттың ықылас-пейілін аударған іске Дала губернаторы да көңіл аударып, Халық ағарту министрлігіне Ақмола, Семей облыстарындағы ауыл мектептерінің жұмыстарын ұйымдастырып, оны жолға қоятын лауазымдық штат ашуды сұрайды. Оның өтініші министрлік кеш болса да тарапынан қолдау тауып, Халық ағарту министрлігінің Бастауыш мектептер жұмыстары жөніндегі департаменті 1901 жылдың 16 қарашасында Батыс Сібір оқу округінің басшысына (попечителіне) арнайы хат жолдайды. Онда Ақмола және Семей облыстары ауыл мектептерінің жұмысын ұйымдастыру үшін халық мектептері директоры лауазымы штатын ашу мәселесі Мемлекеттік кеңесте қарастырылатынын және оған кезінде Бөкей Ордасы, қазіргі таңда Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы лауазымындағы Стас кеңесші А.Алекторовтың кандидатурасы ұсынылып отырғандығы туралы хабардар етеді (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс 168, п.9 -9 п.с.ж.)

1902 жылдың 4 наурызында А.Алекторов жаңа лауазымға бекітіледі. Бұл Батыс Сібір округінің өкімдері белгіленетін журналдың 22 сәуір күніндегі жазбасына тіркелген (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс 1588, п.219). Наурыз айының басында шыққан бұйрық А.Алекторовқа тез арада жете қоймайды. Сондықтан болар 1902 жылдың 17 сәуірінде А.Алекторов Қостанай қаласынан Батыс Сібір оқу округінің басшысына телеграмма жолдайды. Онда ол Дала генерал губернаторынан жаңа қызметке бекітілгені туралы телеграмма арқылы хат алғанын, бірақ өз қолына бұйрықтың тимегенін хабарлайды (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс168, п. 36). Бұған Лаврентьев сол күні бұйрықтың шыққаны туралы және оның қызметке дереу келуі тиіс екенін жазып жауап телеграмма жолдайды (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс 168, п. 36). А.Алекторов жеделхатты алысымен Батыс Сібір оқу округінің басшысына атқарып жүрген қызметінің ісқағаздарын тапсырып, жаңа қызметке келу үшін 10 күн уақыт беруін сұрап хат жолдайды (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс.168, п.37). Осы аралықта А.Байтұрсынұлы 1902 жылдың 1 сәуірі күні Ақмола және Семей облысы халық мектептері директоры А Алекторовтың атына директордың ісжүргізушісі қызметіне алу туралы өтінішін жазады. Өтініштің мазмұны екі бөліктен құралған. Бірінші бөлікте Орынбаев мектебі және Қостанай педагогикалық сыныбының мұғалімі А.Байтұрсынұлы директордан ісжүргізуші лауазымына өз кандидатурасын Батыс-Сібір оқу округінің басшысына ұсынуды өтінеді. Екінші бөлікте ол өзінің білімі туралы ақпарат береді және Торғай облысында 6 жылдық ұстаздық қызметті өтелгенін хабарлайды. Құжаттың соңына «Мұғалім Ахмет Байтұрсынов» деп қол қояды (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс 385, п.2). Өз кезегінде А.Алекторов Батыс-Сібір оқу округінің басшысы растаған хабарды алысымен

А.Байтұрсынұлының өтінішіндегі ақпараттарды тілге тиек ете отырып, оның кандидатурасын Батыс-Сібір оқу округінің басшысына ұсынады. Ұсыныстың хатталған мерзімі – 1902 жылдың 17 сәуірі, құжаттың жазылған мекені – Қостанай қаласы. Ұсыныста ол мұғалім А.Байтұрсынұлының басқа мамандыққа және басқа облысқа ауысуына ешқандай кедергі жоқ, себебі ол 6 жылдық мерзімді өтеген деп жазады: «К сему считаю долгом присовокупить, что обязательный срок на должности учителя им высмержен и припятствий к его перемещению не имеется» (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс 385, п.1).

1. Өтініш жазылған уақытта (1902 жылы) А.Байтұрсынұлы Орынбаев (Урумбаев) мектебінде және Қостанай педагогикалық класында мұғалімдік қызмет атқарып жүрген;

2. А.Байтұрсынұлының Орынбор мұғалімдер мектебінің курсы аяқтаған туралы куәлігінің номерленген таңбасы - 260;

3. 1902 жылдың 26 наурызда оның Торғай облысының территориясында атқарылуға тиісті 6 жылдық мұғалімдік қызметінің мерзімі өтелген.

Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы жұмысын тапсырған А.Алекторов Омбыға келіп, 1902 жылдың 2 мамыр күні Батыс Сібір оқу округінің басшысы Лавреньтевке ауденцияға рұқсат сұрап телеграмма жолдап, оған оң жауап алады (ТОМА, қор 126, тіз.4, іс.168, п.40). А.Алекторов жаңа қызметке жалғыз келмейді, оның қасында тамыр-досы, ісжүргізуші лауазымындағы А.Байтұрсынұлы болады.

ОМБЫ КЕЗЕҢІ. А.Алекторовпен бірге Омбыға келген А.Байтұрсынұлының ғұмырнамасындағы жаңа кезең басталады. 1902 жылдың мамыр айынан бастап 1904 жылдың қыркүйек айына дейін ол Омбы қаласында тұрады. Мұнда ол Алаш қоғалысының көсемі Әлихан Бөкейханмен тығыз байланысып, бұдан кейінгі өз тағдырын саналы түрде Алаштың ағартушылық бағытындағы саяси күресінің шежіресіне байлайды. Алаш көсемінің қолындағы Абайдың өлеңдерін баспаға дайындап жүрген қолжазба «дәптерімен» танысады. «Ақмола, Семей облыстарында, - дейді А.Байтұрсынұлы 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында - Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естіген жоқ дегеніме таңырқап қараушыеді. ...1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті»(Байтұрсынов, 1991: 216-217).

Ә.Бөкейхан Байтұрсынұлының ақындық талантына тәнті болып, оның И.Крыловтан аударған мысал өлеңдерін баспа бетінен жариялау жолдарына көмектеседі. 1904 жылдың мамыр айында ол Н.Потанинге хат жазып, мысал өлеңдерді баспа бетінен шығаруға көмек сұрайды¹: «Многоуважаемый Григорий Николаевич! Одинъ мой знакомый киргиз перевёл на киргизский

¹ Ә.Бөкейханның Н.Потанинге жазған хатын белгілі алаштанушы ғалым Сұлтан-хан Аққұлы ұсынды

язык чудными стихами 41 басню, преимущественно И.А Крылова. Автор перевода по общественному положению незначительный человек - только делопроизводитель директора народных училищ Акмолинской области. Намереваясь напечатать частями переводы в «Сельскохозяйственном Листке», издаваемом канцеляриею Ст[епного]. Ген[ерал].-губ[ернатора], автор Ахмет Байтурсунов обратился к своему начальству – директору г. Алекторову. Он, продержав рукопись ½ года, вернул её автору и сказал ему, что г. Сухотин не разрешил печатать в «Сельскохозяйственном листке». Мы, я и Ахмет Б[айтурсунов], решили печатать его перевод отдельною брошюрою, но не знаем, как получит разрешение специального цензора книг, выходящих на татарско-тюркском языках. Не укажете ли способы, как и куда нужно обратиться? Не взяли ли вы сами на себя, через петербургских знакомых, представления в цензуру перевода А. Байтурсунова?» (ҚӨМ, қор 7928, тіз. 116, іс -1315. П. 116).

Хатта Ә.Бөкейхан А.Байтұрсынұлының бойында ақындықпен қоса суретшілік талант бар екендігін атап өтеді: «Он талантливый молодой киргиз, к сожалению, не получивший даже среднего школьного образования и вынужденный ныне посвящать всё время на добывание средств к жизни. При других условиях из него вышел бы полезный и заметный общественный деятель. Ахмет Б[айтурсунов] недурно рисует, что среди киргиз большая редкость, пытался поступить в какую-то в Казани художественную школу, но за неимением средств, вынужден был расстаться с мечтою» (ҚӨМ, қор 7928, тіз. 116, іс 1315, п. 116).

Бүгінгі руханият тұрғысынан қарағанда, хаттың мынадай маңызы бар. Біріншіден, Алаш көсемі А.Байтұрсынұлын «жас талантты ақын», «қазақ арасында сирек кездесетін тым жақсы суретші» деп оның қадір-қасиетін жоғары бағалаған. Абайдың шығармашылығымен жақсы таныс, білім-зердемен шындалған сыншылдық көзқарасы терең Ә.Бөкейхан А.Байтұрсынұлының аудармаларын «ғажайып өлеңдер» деп таңданады. Екіншіден, егер жас ақынның материалдық жағдайы жоғары болғанда, одан белгілі әрі пайдалы қоғам қайраткері шығар еді деген пікір білдіреді. Кейінгі уақыттарда ол оның бойындағы ақындық, күрескерлік қадір-қасиетті дамыту, жетілдіру жолына көп қамқорлық жасап, үздіксіз қолдау көрсетеді. Үшіншіден, А.Байтұрсынұлының И.Крыловтан аударған өлеңдерінің алғашқы атауы - «Қырық бір мысал». Төртіншіден, хаттың мазмұнынан А.Байтұрсынұлының аудармалары 1904 жылға дейін, яғни 1903 жылдары-ақ баспа бетінде жариялауға дайын болған.

1904 жылдан бастап А.Байтұрсынұлының «Қырық бір мысал» өлеңдер жинағын баспа бетінен басып шығаруға атсалысқан Ә.Бөкейханның ұмтылысы 1909 жылы нақты жүзеге асып, А.Байтұрсынұлының И.Крыловтан аударған аудармалары «Қырық мысал» атты атаумен Петерборда жарияланады. Сол жылы Абай Құнанбаевтың тұңғыш рет өлеңдер жинағы, М.Дулатұлының «Оян, қазақ» кітабы жарыққа шығады. Аталмыш туындыларды баспа бетінен жариялау арқылы Ә.Бөкейхан қазақ халқын рухани түлеу, өрлеу жолына қарқынмен түсіруді қалағаны анық. А.Байтұрсынұлының 1911 жылы Орынборда жариялаған «Маса» өлеңдер жинағындағы «Достыма хат» өлеңінің

жыр жолдары Алаш көсемінің жанқиярлық еңбегінің бағасы ретінде суреттелгені сөзсіз.

ҚАРҚАРАЛЫ. 1904 жылдың қыркүйек айында А.Байтұрсынұлы Қарқаралы уездік мектебіне ұстаз әрі меңгеруші болып тағайындалады. Оның Қарақаралыдағы ұстаздық қызметі Ресей империясы аумағында болған үлкен тарихи оқиғамен тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Ресей патшалығында тарихта «Қанды жексенбі» деп атанып кеткен бірінші орыс революциясы орын алады. Толқудың туындауына сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Ішкі фактор қатарына монорхиялық режимнің қыспағынан туындаған әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың күрделенуі себеп болса, сыртқы факторда Ресей империясының Жапон соғысында әбден титықтап, тиімсіз бейбіт келісім жасауы отқа май құйғандай болады. Толқуды күшпен, зорлықпен басқан патша әлеуметтің көңілін аулау, қоғамның талабын орындау мақсатында «17 қазан» манифестін жариялап, заң қабылдайтын парламент институтын құру, азаматтарға саяси құқық пен еркіндік, атап айтқанда, сөз, ар-ұят, жиналыс, жеке тұлға еркіндігі мәселеріне рұқсат беріледі.

Ә.Бөкейхан бастаған Алаш азаматтары «17 қазан» манифестін үлкен үмітпен қабылдайды. Белгілі Алаштанушы С. Аққұлының жазуынша, қазақ зиялылары манифесті қазақ арасына таратуда белсенділік пен шапшаңдылық танытады. Құжаттың мазмұнын қалың қазақтың ортасына жеткізу үшін Ә.Бөкейхан мен Райымжан Мәрсекұлы оны қазақ тіліне аударып, оны 10 000 дана етіп типографиядан басып шығарады. Тираждың барлығы қазақ даласына таратылады. Мұнымен қатар олар манифестің қазақ тіліндегі аударма нұсқасын облыстық «Акмолинские областные ведомости» газетінің қазақша қосымшасы «Дала уалаятының газетінде» жариялайды (Акқұлы, 2016: 403).

Қарқаралы уездік мектебінің меңгерушісі А.Байтұрсынұлы империя кеңістігінде орын алған аталмыш саяси өзгерістерге байланысты қоғамдық ашық қайраткерлік қызметке көшеді. Ол Қарақаралы құзырхатын ұйымдастырушылардың бірі болады. Оның Қарақаралы кезеңіндегі күрескерлік қызметі М.Дулатовтың еңбегінде былайша баяндалады: «В начале XX в. живя в Каркаралах А.Б. принимает участие в революционных движениях: работая в первое время нелегально, а затем после обнародования манифеста 17 октября 1905 г. являясь одним из видных и активных руководителей киргизских масс. Вскоре наступает реакция, революция уходит в подполье, а А.Б. продолжает работу в подпольных организациях. Однако подходит расплата: среди товарищей оказывается провокатор (Т.Чингисов), который и выдает А.Б. и других» (Дулатов, 1922: 20).

ҚР мемлекеттік орталық архивінде М.Дулатов «арандатушы Т. Чингизов» деп атаған кісінің «Жеке ісі» сақталған. Онда Қарқаралы уезі Ақсарыболысының Итаяқ Саптыаяқов деген кісінің Семей губернаторына 1911 жылдың 20 қазанында жазған домалақ арызы тіркелген. Онда Қарақарлы қаласының фельдшері Татимбет Чингисовті алаяқ, арандатушы, үкіметке қарсы кісі деп көптеген дәлелдер келтіре отырып, фельдшерлік қызметке

Ж.Ақбаевтың² көмегімен орналасқанын, оның 1904 жылы мұғалім А.Байтұрсынұлымен жақын қарым-қатынас орнатып, үкіметке қарсы насихат жүргізу үшін қаржы жинағанын, министр Булыгинның атына арыз жазғанын айтады» (ҚР МОА, қор.15, тіз.3, іс 410, п.122 п.с.ж.). Арызға қол қоюшының аты-жөніне қарап арыздың анонимдік екенін болжауға болады. Қалай болғанда да, арандатушы Т.Чингисов өзі жасаған арамдық ісіне ұқсас әрекеттің құрбаны болған сынды.

1909 жылдың 1 шілдесінде А.Байтұрсынұлы Семей түрмесіне жабылып, онда тоғыз ай бойы жазықсыз отырады (Имаханбет, 2010, 41). А.Байтұрсынұлын арашалауға Алаш азаматтары араласады. Кадет партиясының мүшесі, I Думаның депутаты Ә.Бөкейхан Санкт-Петербургтегі «Речь» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме. Из Семипалатинска.» атты шағын мақала жариялауды ұйымдастырады. Мақала басылымның 1909 жылғы 19 қарашасындағы №318 санында жарияланады. Онда. «Вздешней тюрьме томится 5-й месяц Ахмед Байтурсунов, талантливый киргизский поэт. В 1909 году он издал книгу «Крык Мысал – Сорок басен», перевод в стихах 40 басен Крылова», - деп басталған мақала түрмедегі А.Байтұрсынұлына айып тағылмағанын, оны босату жөнінде жазылған арыздар губернатор тарапынан жауапсыз қалып отырғанын хабарлаумен аяқталады (Речь, 1909, №318).

А.Байтұрсынұлын арашалауға дос-жарандарымен қатар жары Бадрисафа Байтұрсынова да белсене араласады. Оның билік органдарына жазған шағымдары архивтік мұрағаттарда сақталған. 1910 жылдың 21 ақпанындағы Ішкі істер министрлігінің қаулысымен оны қазақ даласынан тыс жерге 2 жыл мерзімге жер аударылсын әкімшілік жаза шығарылады (ООМА, қор 21, тіз.9, іс4, п.70-71 п.с.ж.). Жазаны өтейтін мекен ретінде А.Байтұрсынұлы Орынбор қаласын таңдайды. Семей облысының губернаторы Тройницкий жасырын, жалашағымды жалау етіп А.Байтұрсынұлын қазақ даласынан сыртқы кетуге мәжбүрлейді. Губернатордың қыспағымен қоныс аударған А.Байтұрсынұлының жаңа мекенде жұртына жасар қызметтің кең арнасы ашылады. 1914 жылы Семей губернаторы Тройницкий мырза қызметтен кеткенде А.Байтұрсынұлы былай деп жазды: «Өз басым Тройнитскиге алғыстан басқа неш нәрсе айтпаймын. Өйткені жалған жала, жасырын шағымға инабат етіп, бұлдаушы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Оренбургқа қуылмас едім. Оренбургқа қуылмасам, Қарқаралыда тұрып, осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін» (Қазақ газеті, 2018: 61).

Түйіндей келгенде, А.Байтұрсынұлының 1895 жылы Торғай облысы Ақтөбе уезі Бестамақ болысынан бастаған ауылдық мектептердегі ұстаздық қызметі Семей облысы Қарақаралы уездік мектебінде 1910 жылы аяқталады. Мұнан кейінгі жылдары оның тұтас қазақ халқына ұстаздық еткен қайраткерлік кезеңі басталды. Оның ағартушылық майдандағы, азаттық күрес жолындағы

² Ж.Ақбаев – Қарақаралы петициясын ұйымдастырған кісі ретінде патша үкіметінен тарапынан қудалауға ұшыраған қайраткер.

шығармашылық та, саяси күрескерлік тұлғасы Омбы-Қарқаралы кезеңінде шындалып шығады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адрес-календарь, 1902 - Адрес-календарь Тургайской области на 1902 год. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Тургайская областная типо-литография, 1902.
2. Аккулы, 2016 - Алихан Букейхан. Творец истории. – Издательство «АЗИАТ», 2016 г. Т.1.-632 с.
3. Алекторов, 1895 - Алекторов А. Курманбай // Тургайская газета. – 1895. 24 сентября. –№39
4. Әуезов, 1991 - Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (юбилей) // А.Байтұрсынов. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.-Алматы: Жалын, 1991.-464 бет.
5. Байтұрсынов, 1991 - Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.-Алматы: Жалын, 1991.-464 бет.
6. Дулатов, 1922 - Дулатов М. Ахмед Байтурсунович Байтурсунов (Биографический очерк). Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III, Оренбург, 1922 г.
7. ДУГ, 1994 - Дала уалаятының газеті.-Алматы: Ғылым, 1994.-816 б.
8. Имаханбет, 2010 - Имаханбет Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. - Астана: «Педагогика-ПРЕСС», 2010.-304 бет.
9. Қазақ газеті, 2018 – «Қазақ» газеті. 1914 жыл. 2-ші басылым / Құраст. .Смағұлова, Ғ.Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: Арыс баспасы, 2018 ж. – .480 бет.
10. ҚӨМ –Қорған өлкетанушылық музейі
11. ҚР МОА- ҚР мемлекеттік орталық архиві
12. ООМА – Орынбор облыстық мемлекеттік архиві
13. Речь, 1909 - «Киргизский народный поэт в тюрьме. Из Семипалатинска» // Газета «Речь», 19 ноября 1909, №318, стр.5
14. ТОВ, 1897 - Тургайские областные ведомости, Оренбург, 1897, №108
15. ТОМА - Томбы облыстық мемлекеттік архиві

ҒТАМР: 81-512

Иманбердиева Сәуле Құрманбаевна
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
imansaule@mail.ru

**А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОНИМДЕРДІҢ ТҮРКІЛІК
ҚАБАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Аннотация: Мақалада Қазақстандағы түркі жалқы есімдердің зерттелуіне қысқаша шолу жасалған. М.Қашқариден бастап, қазақ ономастикасының негізін салуға себеп болған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқаибаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов сынды ғалымдардың, қазіргі кезде Г.Мәдиева, А.Жартыбаев, Ұ.Ержанова т.б. ономаст-ғалымдардың еңбектері қарастырылып, атау түрлеріне қарай таптастырылды. Осының негізінде Қазақстан аумағындағы топонимдердің, антропоним, этноним, т.б. түркілік қабатының зерттеу еңбектері негізінде оним түрлерінің пайыздық көрсеткіші айқындалды. Жалқы есімдері түрлерінің прагматикалық, когнитивтік бағдар бере алады. Аталғандардың негізінде кемшін тұстары анықталып, болашақ зерттеу аспектілері ұсынылды. Қазақстан ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың нақты қандай мәселелерді зерттегені сөз болды. Қазіргі кезде мағынасы күңгірттенген топонимдер құрамындағы географиялық, биологиялық терминдер анықталып, нақты қай түркі тілдеріне тиесілі екендігі айқындалған. Қазақстан аумағындағы астионимдердің түркілік қабаты диахрондық тұрғыдан зерттеліп, өзгеру кезеңдері мен себептері көрсетілді. Қазақ ономастикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық ономастикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуеті айқындалды. Қазақстандағы, басқа да елдердегі түркі халықтарының тарихи-мәдени, рухани-танымдық бірлігі мен тілдерінің сабақтастығы анықталды. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделененді.

Тірек сөздер: оним, еңбек, ономастика, негізін салушы.

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани- тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Қазақ онимдерінің ішінде топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу ономастиканың басқа разрядтарына қарағанда барынша қарқынды жүргізілген. Дегенмен де қазақ антропонимдері, этнонимдері де мүмкіндігінше зерттелген. Кісі есімдерінің түркілік қабатын айрықша бөліп қарастырған кешенді еңбек жоқтың қасы. Соның ішінде қазақ антропонимдерін

зерттеген Т.Жанұзақовты [1], этнонимдерді зерттеген Ә.Қайдар, С.Аманжолов, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов т.б. атауымызға болады [2-5]. Ру-тайпалардың атауларын азды-көпті зерттеген орыс ғалымдарының ішінде Н.Аристов, В.Бартольд, С.Кляшторный [6-8] т.б. еңбектерін мысалға келтіруге болады.

Ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани- тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы. Осы себептерден түркі топонимдері зерттеу нысаны ретінде барынша жан- жақты қарастырылған.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Ұлттық топонимияның түркілік қабатын зерттеген ғалымдардан Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов, Ұ.Ержанова, Б.Бияров [9-13] т.б. еңбектерін атауға болады.

Түркі онимдерін о баста жинастырып, зерттеп, осы күнге жеткізген М.Қашқари XI ғасырда грамматикалық сипатта жазылған «Диуани лұғат-ит-түрк» тарихи- салыстырмалы әдісті негізге алған, осы еңбегінде түрлі этнонимді атап, олардың географиялық мекенін, тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерін көрсетеді. XI ғасырда өмір сүрген филолог-түркітанушы М.Қашқаридың мұрасы түркітану ғылымының, соның ішінде түркі ономастикасының бастауы, қайнар көзі саналады [14].

Жалқы есімдерді зерттеуде үлкен мұра қалдырған, қазақилығымызды, тілімізді, ең бастысы, өзіміздің кім екенімізді анықтауда, тілімізді, ділімізді сақтау бағытында А.Байтұрсынұлының еңбегі зор. Мұны бірнеше бағыттағы жүргізілген зерттеулерінен аңғарамыз:

- ғалым жазу дағдысы туралы ой-пікірімен бөлісе отырып, «дыбыс жүйелі емлесі жоқ жазудан» аңғаруға болатындығын айта келе, жалқы есімнің жазылуынан мысал келтіреді, мәселен: “معمد” – Махмуд;

- араб графикасы мен латын графикасы негізінде жазылу артықшылығы мен кемшін тұстарын анықтай отырып, араб графикасын пайдаланудағы кемшіліктің жойылғанын айта кетеді, яғни «кемшілігі – жалғау қосылғанда сөз сүгіретінің пішіні өзгерілуі» туралы мысалды *қазақ* этнонимі негізінде сөз

еткен, мәселен, «қазақ» сөзіне жалғау қоссақ, қ әріптің пішіні «қазағдың» өзгеруі;

- емле жасаушылардың жобасының ерекшелігін көрсете отырып, «үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дүдәмәлдіктерге» Қорғамбай- Қорғанбай, Арғымбай-Арғынбай, Тасқымбай-Тасқынбай, Тұрғамбай – Тұрғанбай сияқты мысалдарды келтіре отырып, соңғы нұсқасы дұрыс екендігін түбір негіз арқылы дәлелдеген;

- күрделі жалқы есімдердің жазылуын да талдап, «есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен жазылатынын» мысалдармен дәйектеген: Қойбағар, Таймінер, Жылқыайдар, Қойайдар, Таусоғар, Көпжасар, Италмас;

- «р, л, у, и әріптерінің алдында ы әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайтынын» мысалдармен дәйектеген: Ленин, Лепсі;

- кісі есімдерінің екі не үш мүшелі жазылуы туралы сөз еткен, Мәселен, Ыдырыс Оразұлы не Нұрғали Сағызбайұлы Құлжан [15].

Қ.Жұбанов сакралды есімдердің қай кезең екендігінің белгісі және сөз позициясына қарай антропоним анықталушы қызметте екендігін атап көрсеткен [16].

С. Аманжолов этнонимдердің статистикасын, шығу төркінін, таралу ареалын зерттеп, мысалдар негізінде дәйектеген ірі еңбегін мұра етіп қалдырған [3].

Кесте – 1. Түркі онимдерінің зерттелу мәселесі

Түркітанушы	Оним түрі	Зерттеу ерекшелігі
М.Қашқари	Этноним	29 ру-тайпаның атауына фонетикалық талдау жасалып, этимологиясы ұсынылған.
М.Қашқари	Топоним	тайпалардың таралу ареалына байланысты нұсқап, атаудың шығу төркіні анықталған.
А.Байтұрсынұлы	антропоним	күрделі жалқы есімдердің жазылуы, қазақ кісі есімдеріндегі –ов; -ев; -ин қосымшалары мен екі/үш мүшелі антропонимдері сөз болған.
Қ.Жұбанов	антропоним	сакралды кісі есімдері (Зеңгі баба, Ұмайана т.б.) жиі қолданысына қарай қай кезең екендігінен хабардар етсе, күрделі кісі есімдерінің синтаксистік ерекшелігі қазақ кісі есімдерін жасаудағы шеберлігі анықталған, топонимнен жасалған антропонимдерді қарастырған, мысалы, Еділбай.
С.Аманжолов	Этноним	шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.
Ғ.Қоңқашбаев	Топоним	жер-су атауларының этимологиясы зерттелген.
Е.Қойшыбаев	Топоним	жер-су атауларының этимологиясы зерттелген.
А.Әбдірақманов	Этноним	шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.
Т.Жанұзақов	антропоним	кісі есімдерінің құрылымы, уәжі, бейонимдену үрдісі зерттелген.

0	Т.Жанұзақов	топоним	шығу тегі, таралу ареалы, түрлері қарастырылған.
1	Т.Жанұзақов	Этноним	шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.

XI ғасырдан бастау алған түркі топонимдерін зерттеу мәселесі қазірдің өзінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мысалы, М.Қашқари көтерген онимдерді қазіргі кезде диахрондық тұрғыдан зерттеу әлі де шешімін тапқан жоқ. М.Қашқари 29 этнонимнің атын атап, түсін түстеп, олардың таралу ареалын көрсеткенде, ел тұтастығы мәселесін көздесе, қазір біз осы уақытқа дейін Қазақстан топонимдерінің диахрондық даму 3D электронды картасын жасап шықпадық, аталған этнонимдер, олардың таралу ареалына байланысты топонимдер қазіргі Қазақстан жерінде қазіргі кезде қаншалықты сақталған деген мәселе де сырт қалып отыр. Топонимдерді сол М.Қашқари кезінен (мүмкін болса, одан да әріректен) бастап осы кезге дейін қалай өзгергенін көрсететін болсақ, еліміздің шекарасын тек шегелеп, нақтылай түсіп қана қоймай, сонымен бірге қазақ этнонимінің, мекендеген жерінің тарихы т.б. туралы молырақ ақпарат беретініміз анық.

А.Байтұрсынұлы қарастырған қазақ кісі есімдеріндегі –ов; -ев; -ин қосымшалары мен екі/үш мүшелі антропонимдер мәселесі қазір де көтеріліп жүр. I ғасыр көлеміндегі уақытта біз аталған қосымшалардан арылып, ұлттық танымға сай антропонимдерді рәсімдеуге белгілі бір себептермен қол жеткізе алмай келеміз. Болашақта латын қарпі негізінде қазақ кісі есімдерінің ұлттық танымға сай рәсімделу ережесін жасағанда осы мәселені ескеруіміз әбден қажет және де бұл ұлттық ономастиканы қалыптастыруда өзекті мәселелердің бірі әрі өзегі.

Қ.Жұбанов қозғаған күрделі кісі есімдерінің синтаксистік ерекшелігі мен қазақ кісі есімдерін жасаудағы шеберлігі мәселесі көптеген ономаст-ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Әсіресе, *бай, жан, гүл* т.б. компоненттерінің орын өзгеруі негізінде жасалған антропонимдер ерекше, себебі компоненттердің орын тәртібіне қарай мағыналық реңктік ерекшеліктер байқалады. Оны кесте түрінде төмендегідей көрсетуге болады.

Кесте – 2 Антропонимдер компоненттерінің орын тәртібіндегі мағыналық реңктік ерекшеліктер

компонент	антропоним	мағыналық реңк	антропоним	мағыналық реңк
Бай	Байзақ	Екінші компоненттің алдыңғы әрпі түсіп қалуына байланысты мағынасы қазіргі кезде күңгірт, алайда қазіргі кезде Байзақ батыр болғаны белгілі сонымен бірге батыр атымен аталған ауыл Жамбыл облысында	Ұзақбай	1. өмір жасы ұзақ болсын мәнінде, яғни <i>бай</i> компоненті «көптік» әрі «бақуыатты, дені сау» мағынада; 2. өмір бойы бай болсын деген тілек.

			бар.		
	Жан	Досжан	барлығына дос, бауыр	Жандос	нағыз, қимас дос
	Гүл	Гүлнұр	гүлдің әдемілігі	Нұргүл	Нұрдың гүл сияқты түрлі-түсті шуақ шашуы
	Бек	Бекболат	нағыз болат, мықты, нығыз.	Болатбек	екінші компоненті – отбасындағы өзге балалар атына ұйқастырып қою үшін қолданылған қосымша
	Нұр	Бекнұр	Нағыз шуақ, нағыз нұр	Нұрбек	екінші компоненті – отбасындағы өзге балалар атына ұйқастырып қою үшін қолданылған қосымша.
	Жол	Жоламан	бастапқы мәні: көші-қон кезінде жол бойында аман-есен өмірге келген	Аманжол	өмір бойы алды ашық, аман-есен болсын деген тілек.
	Наз	Назгүл	нәзік, сән келтіретін, әдемі гүл	Гүлназ	Еркесі жарасқан әдемі.
	Ай	Айжарқын	бастапқы мәні: жарық, толған ай кезінде дүниеге келген	Жарқынай	ақкөңіл, ашық мінезді болсын деген тілек.

С.Аманжолов этнонимдердің сөйлеу ерекшеліктері бойынша таралу ареалын анықтаған. Бұл біздің бір тайпада жоғалып, екіншісінде сақталған тарихи ұлттық дәстүрімізді түгендеуде маңызды. Дегенмен осы тұрғыдан тайпа атауының шығу тегіне байланысты генонимдердің ерекшеліктерін зерттеген кешенді еңбектер әлі де жоқ десе де болады. Бұл – болашақта мәселенің зерттеу аспектісін айқындап тұрған бірден бір еңбек, ғалымның болашақ ғылымға қсоқан үлесі.

Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов сынды ғалымдардың зерттеу объектісі болған жер-су атауларының этимологиясы қазірдің өзінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мұның бастапқы себебі бір түркі қабатына (басқа қабаттарды айтпағанда) жататын құрамында географиялық (биологиялық т.б.) терминдер бар мағынасы көмескіленген топонимдерді анықтау – көптеген мәселенің басын ашатыны анық. Мәселен, *Далқоңыр* (түркі-монғ. *дал* ~ тал – «үлкен кең дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сыңардағы қоңыр «қоңырқай түс»), *Дардамты* (түрк., монғ., ир. *дар* – (варианттары: *дара* – *дере*) «шатқал, сай», «тау аралығы», және *дам* – *том* – *томб* – «жота, төбе», «тау» мағыналы сөздеріне көне түрік, монғ. тілдеріне тән *-ты* жалғуының жалғануы арқылы жасалған), *Дүбін* (монғ. *дов* – «төбе», «төбешік», бур. *добо* – «төбе», «шоқы» мәнін білдірсе, атаудың екінші сыңарындағы *ұн* (*үн*, *ун*) – жинақтық, көптік мәнді білдіретін түрік-монғол тілдеріндегі көптік жалғау көрсеткіші) т.б. Сонау көне түркі заманынан қазірге дейін топонимдер арқылы бізге жеткен бұл

географиялық терминдер біздің тілдік байлығымыз. Бұлардың мән-мағынасы қазір көмескіленген, түсініксіз, яғни өзінің ақпараттық қызметін атқарып тұрған жоқ. Мұндай атаулардың мағынасын ашып көрсету – ұрпаққа берген құны жоғары дүние, себебі атаудың өзінде жер бедері, сулы өңір екендігі туралы ақпарат айқайлап тұр. Қазақ жерінде мұндай топонимдер жетіп артылады.

Оним құрамындағы қосымшалардың өзіндік рөлі бар. Олар арқылы біз көптеген ақпарат аламыз, сонымен бірге қай қосымша түркі тілдерінің қайсысына тиесілі екендігін де айқындай аламыз. Олардың ерекше мағыналық реңк негізінде сөздерді морфологиялық тұрғысынан да талдай аламыз. Топоним құрамындағы қай қосымша қандай мағыналық реңк тудартынын, қай тілден енгенін төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады.

Кесте – 3 Топонимдер құрамындағы қосымшалар

	қосымша	Мағынасы	Тіл		топоним
			алтай	көне түркі	
	-ті	көптік мәнде		-ты/ -ті	Белеуті Бұлдырты
	-ді	көптік мәнде		-ды/-ді	Зеренді Егінді
	-үн	көптік мәнде		-үн (үн, ун)	Дүбін
	-ек	топоним жасаушы		-ек	Елек
	- шен	сөздерді біріктіруші қосымша		-шен	Елшінбүйрек
	ық (қ)	көптік мәнде	-ық (қ)		Жайық
	-й	құрметтеу, мәнді көне қосымша		-й	Жеменей
	-ты	сын есім тудырушы		-ты	Қалдығайты
	-нақ	зат есім тудырушы		-нақ	Қарнақ
0	-па	етістік тудырушы		-па	Ұшпа
1	- ан	зат есім тудырушы		-ан	Ұштаған

Топоним тудыруда көне түркі тілінде қолданылып келе жатқан –ті/-ді/-ты/-ды/-үн/ ық (қ) сияқты реликтік қосымшалармен қатар зат есім, сын есім, етістік тудырушы өнімді жұрнақтар (–ты; -нақ; -па; - ан) қолданылғаны мысалдардан белгілі. Сонымен бірге топоним тудырушы, сөзбен сөзді біріктіруші, тіптен, сыйлау мәндегі қосымшалар да топоним құрамында кездеседі. Мәселен: -ек; -шен; -й т.б.




Диаграмма – 1 Түркі онимдерінің зерттелуі

Диаграммдан байқап тұрғанымыздай оним түрлерінің зерттелуі әртүрлі. Зерттеулердің басым көпшілігі антропонимге тиесілі – 42%; топоним - 41%; космоним - 7%; этноним - 5%; теоним – 5%. Антропонимдерді зерттеудің басымдылыққа ие болу себебі анық, әр тұлға өзін танып білуде ең алдымен Менің есімімді неге осылай қойды екен? Ол нені білдіреді? Ол қай тілдененген? деген сауалдардың жауабын іздейді, осыдан барып уәж, атаудың шығу төркіні ерекше мәнге ие болады. Сонымен бірге адамзат өзін қоршаған ортаны қабылдау арқылы өз табиғатын анықтаған, сол таным-түсінігі негізінде қоршаған ортаға атау таққан. Адамның өзі арқылы қоршаған орта туралы салыстырмалы түрде таным-түсінігі қалыптасқан. Мәселен, *Келіншек тауы, Көксор көлі, Иса төбесі, Түркістан қаласы, Есекқырған, Сүмбіле т.б.* Бұл атаулардың барлығы – адамзат өзін тану процесіндегі түйсіктен туындаған дүниелер.

Кесте – 4 Түркі онимдерінің зерттелу аспектісі

оним түрі	зерттелу аспектісі	
	прагматикалық және синтагматикалық	когнитивтік
антропоним	<p>1 «Назывные» антропонимы казахского языка в этнолингвистическом освещении. Автореф. дис...канд. филод наук. - Алматы, 1995.</p> <p>2 Қ.А.Иасауидің «Диуани хикмет» шығармасындағы антропонимдер// Түркология, 2008, № 1-2</p>	
топоним	<p>1 Шығыс Қазақстанның Оңтүстік аймақтары топонимдерінің лингвистикалық және этномәдени негіздері. Филолог, ғылымд. кандидаты диссер. авторефераты. - Алматы, 2001.</p> <p>2 М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдердің қолданылу аясы // Қазақ</p>	<p>1 Топонимиялық деректердегі аңыз бен ақиқат // Қазақ ономастикасының мәселелері. –Алматы: Ғылым,1986. –136 б.</p> <p>2 Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. –Алматы, 2009. –Б. 29.</p>

		ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. –136 б.	
этноним		1 «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы топонимдер мен этнонимдер // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. –Астана, 2004. –224 б.	
космоним		1 Қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты//Хабаршы тіл, әдебиет сер. № 5, 1992. 3-ІЗ-бб.	
теоним		1 Культ Тенгри как основа государственной идеологии Древнетюркского каганата // Восток. –М., 2006. –С. 122.	1 Жаратушы ұғымының лингвоконцептологиялық көрінісі// Ономастикалық хабаршы № 2, 2009ж

Қазіргі қазақ тіл білімінде онимдерді, әсіресе, антропонимдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу ақсап тұрғаны анық. Сонымен бірге еліміздің латын графикалы әліпбиіне көшуіне байланысты топонимдерді, антропонимдерді рәсімдеу мәселелері де зерттеуді қажет етеді. Сондай-ақ, прагматика тұрғысынан қала іші нысандары атауларын да барынша зерттеу де –өзекті мәселелердің бірі.

Кесте – 5 Қазақстанның кейбір астионимдерінің өзгеру динамикасы

	Қазіргі кездегі атауы	Кеңес өкіметі кезіндегі атауы	XV-XX ғғ. атауы	Орта ғасыр кезеңіндегі атауы (X-XV ғғ)
	Алматы	Алмата, Алма-Ата, Верный	Верный, Алмалық	Алмалық/Алматы
	Астана	Ақмола, Целинорад	Ақмола	Қараөткел
	Орал	Уральск		Жайық/Шакафни
	Тараз	Жамбыл, Әулие-Ата, Мирзоян	Тараз	Талас/
	Шымкент	Шымкент	Черняев	Шымкент
	Қостанай	Қостанай	Ордабай / Николаевск	
	Атырау	Гурьев	Атырау	
	Қызылорда	Ақмешіт/Қызылорда	Ақмешіт/Перовск	Қамысқала
	Қаратау	Қаратау	Шолақтау	
0	Талдықорған	Талды-Қорған	Гавриловка	Талдықорған
1	Түркістан	Түркістан	Иасы	Шауғар
2	Кентау	Кентау/ Ащысай	Мырғалымсай	

Атаудың барлық жүйесі – бұл қатып қалған әлем бейнесі емес, өз бастауы бар, ұзақ ғасырлар бойы адам өмір сүріп жатқанға дейін жалғасын табатын, тоқтаусыз үдеріс. Атаудың қалыптасуы – адамзат тарихындағы маңызды қадам, себебі атаулар өмір бойы әр адамның қоғаммен тығыз байланысты жеке тұлға болу құқын бекітті. Мұның дәлелін біз жоғарыда келтірілген кестеден байқаймыз. Қазақстан қалалары атауының уақыт, идеология талабына сай өзгеруі – әлемде кездесетін құбылыс.

Сонымен, түркі ғалымдардың қалдырған мұрасы біздің байлығымыз, олардың тілдің ең басты да өзекті мәселелерін қарастырғандары – көрегендіктерінің белгісі. М.Қашқари, А.Байтұрсынұлы, Қ.ЖЖұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов сынды тұлғаларымыз ұлттық ономастиканың іргесін қалаған. Олардың еңбегін жалғастырып, жаңа ақпарат беру – басты мақсатымыз әрі міндетіміз. Түркі қабатын құрайтын қазақ топонимдері тек қазақ халқының мұрасы емес, түркі халықтары үшін ортақ. Сондықтан да топонимдерді салғастыра зерттеп, ортақ, әмбебап ерекшеліктерін айқындау тарихымыздан, тұрмыс-тіршілігімізден, мәдениетімізден мол ақпарат беретіні сөзсіз. Ең бастысы – топонимдердің негізгі қызметін атқарудағы рөлін айқындау жер тұтастығын айшықтаудағымаңызды мәселе екенін сөзсіз аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. -Алматы: Ғылым, 1988. -140 б.
- 2 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. -Алматы: Ғылым, 1988. -34 б.
- 3 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. –Алматы: «Ғылым». 2002,
- 4 Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы: Зерттелу тарихынан. - Алматы: Ғылым, 1979. - 127 б.
- 5 Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. –Алма-Ата, 1958. Т1.
- 6 Аристов Н Усуни и кыргызы или кара-кыргызы: очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. –Бишкек: Илим, 2001. – 576 с.
- 7 Бартольд В. Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII века –Ташкент, 1902
- 8 Кляшторный С., Султанов Т. И. Казахстан: Летопись трёх тысячелетий / С. Г. Кляшторный, Т. И. Султанов. –Алма-Ата: Рауан, 1992. – 376 с.
- 9 Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата, 1963
- 10 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.
- 11 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965.
- 12 Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. –Алматы: Арыс, 2001. – 173 б.

13 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. –Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.

14 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-иттүрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.

15 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

16 Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алма-Ата, 1966. – 362 б.

ӘӨЖ 37.062.2

Жахина Бәрия Бадыққызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
bzhaxina@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ЖҰРТ БҮГІНШІЛ, МЕНІКІ ЕРТЕҢ ҮШІН...

***Аннотация:** Мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесі сөз болады. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы идеяларының бүгінгі білім беру жүйесімен байланысы, өзектілігі баяндалады. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ мектебі үшін ұстаздың, сауатты оқу құралының, бағдарламаның қажеттілігі туралы ойы «Мектеп керектері» мақаласынегізінде талқыланады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңалықтар Ахмет Байтұрсынұлының идеясынан бастау алатындығы дәлелденеді.*

***Тірек сөздер:** шығармашыл тұлға, жаңартылған білім мазмұны, дидактикалық принцип, тіл дамыту*

Ұлт көсемі, ұлы ағартушы А.Байтұрсынұлы – мемлекет ісіндегі сан түрлі кемшіліктің бәрі тек оқумен ғана түзелетінін өмірінің соңына дейін қазақ ұлтының санасына сіңіруді мақсат тұтқан тұлға.

Келешек – білім мен ғылымға ғана тәуелді. Уақыт көші өнер-білімі бар жұртты жаһандық аренаға шығарады, басқа жұрттан көш ілгері оздырады. Ал оқу-ғылымсыз, өнерсіз жұрт тозады.

Біз білеміз, сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы бірінші қазақ ұлтын сауаттандыру мәселесін қолға алған.

Осы орайда «Қазақ» газетінің №62 санында жарық көрген «Мектеп керектері» деп аталатын мақаласында «Мұғалім қандай болса, мектебі сондай. Бір білікті мұғалім бар мектептен мың білімді түлек ұшпақ. Солай болғандықтан, ең әуелі, мектеп ісіне қажетті – педагогика мен методикадан хабары бар мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы, әрі жұрт тегіс

сыйлайтын қадірі болуы қажет. Үшінші, ең қажет дүние – бағдарлама. Оқыту ойдағыдай іске асуы үшін, оның үлгісі, мерзімді өлшемі болуы қажет», – дейді [1].

Көріп отырғанмыздай, ғалымның ойынша, біріншіден, жаны жаңалыққа құмар, ғылым құндылығын жете түсінетін, өз пәні мен оны оқыту әдістемесін терең білетін, оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын дамыта алу мотивациясы жетілген, шығармашыл маман болуы тиіс.

Осы орайда, жаның өзгерісті қаласа, осы өзгерістің біріншісі өзін болғын дегенді айтады. Қазіргі заман талабы да – осы.

Ал «Баяншы» қазақ мұғалімдері үшін деп аталатын еңбегінде оқыту құралдарына қатысты: «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды. Оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмайды, ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп, оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады. Сондықтан әліппе кітабы оңай болып, оқытқанда балаларды неғұрлым аз қинаса, соғұрлым жақсы болмақшы», – дейді [2, 323-324].

Осы орайда ағартушы «Әліппе» оқулығын құрастыруда жүйелілік, түсініктілік, өмірмен байланыстылық сияқты дидактикалық принциптерді негізге алады. Ғалым ақпараттың белгілі бір жүйемен, ретпен беріліп, күнделікті өмірмен байланысты болған жағдайда ғана оң нәтижеге жетуге болатынын ұғындырады. Солай десек те, автор адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік болмайды. Сондықтан он төрт жыл бала оқытып, аңғарған, сезген, білген көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін. Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын деген екен.

Ал «Тіл жұмсар» деп аталатын еңбегінде осы ойын ары қарай дамытады, тереңдетеді.

Ағартушы: «Тіл – құрал», – дейді. Құрал болғанда толып жатқан бөлшектері бар. Ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы тетіктері есепсіз көп. Бір үлкен машина сияқты құрал.

Қандай құрал болса да, оны жұмсаушы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бірін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы дегенді айтады [3, 336].

Ғалымның ойынша, жалпы жұрттың құрал тұтынуы екінші жолды болады. Бұл күнде бала үйретудің табиғи жолы – тәжірибе арқылы білім алатын осы айтылған соңғы жол деп танылады. Мектеп – білімді түптеп білдіріп, мамандар шығаратын мектеп емес. Жалпы тұрмысқа жұмсалатын жалпақ түрдегі білім беретін мектеп. Сондықтан үйрету жүзіндегі қазіргі жаңалықтың негізі – үйрету, әсіресе бастауыш мектептерде үйрету, тәжірибе жолымен үйрету. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты идеясы да – осы.

Әрі ағартушының ұстанымы бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек

орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру керек.

Осы ойға дәлел ретінде британ ғалымы А.Фрейденің «Өмірмен оқып үйрену керек» [4, 47], орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің «Баланы өмір бойы жайүйрету қате, оны өмір бойы оқуға үйрету дұрыс», – деген көзқарастарын келтіруге болады [5, 36].

Себебі білім – өмірде өз орнын табатын дағды. Не үйренсек те, не білсек те өмірмен мызғымас байланыста болғаны жөн. Бұл ой қазіргі кезеңдегі өмір бойы оқу, үйрену тұжырымымен үндеседі.

Байқаймыз, ағартушының оқытуға, оқу құралына қатысты ойлары қазіргі білім беру жүйесінде басшылыққа алынып отырған жаңартылған білім беру мазмұнының мақсатына сай келеді. Ұлы тұлға ұрпақ келешегінің білімде екендігін терең түсінген. Осыған орай, оқытудың өміршең жолын қарастырған.

«Қай әдіс жақсы» деп аталатын мақаласында: «Жалғыз әліп-би үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылсақ, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік. Бүтін Еуропа әдісқойларының тұтынған әдістерін түгендемек түгіл, жалғыз орыстың ғана әдісқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзі әлденеше сан журнал бетін аларлық сөз болар еді», – дейді [6, 357].

Зерттеу барысында ғалымның Франция, Германия, Америка сияқты елдерден тиімді деген оқыту әдістерін әкелгенін байқауға болады. Мәселен, неміс ғалымы Гедикенің «жалқылау» әдісін, американдық ғалым Жакотоның «жалпылау» әдісін оқыту жүйесіне енгізеді. Әрі бұл әдістерді жалқылау, жалқылауды жалпылау әдісі (анализ-синтез) деп атайды. Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөніндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату деп атқаратын қызметін, белгілі объектіні, ғылыми пәнді, онда жүйеленген тақырыптарды қасиетіне қарай жан-жақты ашудағы рөлін көрсетеді. Сонымен қатар, осы аталған әдістерді қай жағдайда қолданған тиімді, қай жағдайда тиімсіз екендігін дәлелдейді. Алайда, мына әдіс жақсы, мына әдіс жаман деп кесіп айтуға болмайды дегенді де айтады. Бұған дәлел ретінде Лев Толстойдың мына пікірін келтіреді: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек».

Себебі ағартушының өз сөзімен айтар болсақ, әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай.

Негізінен, ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық мәселелерін айқындауда төмендегі мәселелерді көтерген.

✓ Оқыту әдістерінің маңыздылығына тоқталып, олардың шығу тарихын, әрқайсысының ұтымды жағын қарастырып, олар туралы алғаш пікір айтқан.

✓ Тұңғыш рет үлестірмелі материалдарды қолданудың жолын көрсетіп, оны оқулық бетінде жариялаған.

Әдістің бұл түрі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай, ізденімпаз, озат мұғалімдердің тәжірибесінде қолданылып жүр.

✓ Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы көрнекілік әдісіне де ерекше мән береді. Әрі оны жасауға қойылатын оқушы назарын ауытқытпау, жалықтырмау, оқушыны қызықтырып отыру, жазуға тез үйрету, оқушының сауатын ашуды жеңілдету, тездету сияқты маңызды негізгі талаптарды көрсеткен.

✓ Тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жеңілден ауырға қарай принципін басшылыққа алған. Мұнан ғалымның дидактиканың заңдарын терең біліп, оны оқулықта шебер қолданғанынан байқаймыз.

Мысалы, біріншіден, ол үлестірмелі карточканың мақсатынан көрінеді. 1-карточка ойын түрінде беріліп, сөзді шырпымен жазу ұсынылады; 2-карточкада жазуға жаттығу, санақ үшін ұпай ойыны беріледі, 3-карточкада сөйлем құрастырып, сөздерді алмастырып қосып, алты сөзден оннан аса сөйлем құрастыру мақсат етіп қойылады.

Бұдан біз ағартушының тіл дамыту жолында жеке сөздермен таныстыру принципін ұстанғанын, осыдан барып жекелеген тақырыптар арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуды мақсат еткенін байқаймыз [7, 10].

Екіншіден, А.Байтұрсынұлы бала тілін дамытуға аса қажетті материалдар: жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды береді де, осыдан кейін сюжетті мәтінге көшеді.

Жаңылтпашты жаттап, мақал-мәтелдің мазмұнын ашып, жұмбақтың шешуін таба білген балаға одан кейін берілген өтірік өлең, сюжеті қысқа мәтіндердің мазмұнын түсіну қиындық келтірмесі сөзсіз.

Үшіншіден, ғалымның бала тілін дамытуда қолданған әдістерінің бірі – сөз ұқсастығын пайдалану, яғни дыбыстардың алмасуынан сөз мағынасының өзгеретінін таныту, мысалы, ол, олар, орлар, шаш, шаша, шашақ, керек, кезек, елік, есек, зор, Ораз, ор, ора, т.б.

Бұл жерде қайталау әдісінің материалды есте сақтауда маңызының зор екенін, сөздерді ұмытпай есте сақтауы, жеке қолданыста, сөйлемде, жаттығу кездерінде қолдана білулері үшін ең керек әдіс екенін байқаймыз.

Әрі оқушы дыбыс алмасқан сайын сөз мағынасының өзгеретінін, сонымен қатар, кез келген дыбыс тіркесі сөз жасамайтынын, оның өзінің заңдылығы бар екендігін берік есте сақтайды.

Сонымен қатар, ғалымның балаға сөз өнерін тіл заңдылықтары мен әдебиет заңдылықтарын қатар, бірлікте үйрету керек деген пікірі өте құнды. Себебі, тіл дамыту мәселесін тек қана лексика-грамматикалық заңдылықтарды үйретіп қана емес, сөзді қызмет ету аясында көрсету барысында ғана шешуге болатындығы белгілі. Ғалымның сөзімен айтқанда: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жараяу. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» [7,11].

А.Байтұрсынұлы оқу құралдарында тілдік материалдарды оқушылардың эмприкалық, теориялық, шығармашылық ойлауын қалыптастыру мақсатында жүйелейді. Себебі теориялық ойлау мен шығармашылық ойлау – ең жоғарғы ойлау сатысы. Ол эмприкалық ойлаудың негізінде қалыптасады.

Баланың шығармашылық қасиеті кішкентайынан көріне бастайды. Себебі шығармашылық – бала дамуының қалыпты жағдайы. Шығармашылықпен тұрақты және саналы айналысатын және өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын адам өмір талабына, өзгермелі еңбек шартына, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге бейімделеді. Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, өмірі қызық, мақсаттарын жүзеге асыру барысында өз жолын өзі ашып, кедергілерді жеңе алады, үздіксіз алға жылжып отырады. Сонымен, шығармашыл тұлға болу дегеніміз – дүниені тану және жаңарту арқылы тұлғаның болмысқа деген өз көзқарасын айқындауы.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенге саяды. Демек, «жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу» деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «Шығармашылық – қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», – деп түсіндіріледі. Психолог Л.Выготский шығармашылық деп жаңадан ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтердің бірі – Я.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе, интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді. Бұл пікір бүгінгі педагогиканың талаптарына сәйкес келетіндіктен, көңілге қонымды.

Қоғам талабына сай білім беру жүйесінде үздіксіз өзгерістер мен жаңалықтардың болуы шарт. Осы мақсатта Қазақстанның білім беру жүйесі жаңартылған білім беру мазмұнына көшті. Мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, нақты қызмет түрлеріне бейімдеу. Әрі ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады. Бұл дәстүрлі мектеп моделінен рациональды модельге, әрі қарай феноменальді модельге ілгері аттау дегенді білдіреді.

Жаңартылған білім мазмұнының жаңалығы ретінде Блум таксономиясы бойынша оқу мақсатының иерархиясы, *тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым* деп аталатын сөйлеу әрекетінің төрт түрі танылады.

Аталған Блум таксономиясының алты түрлі ережесі арқылы оқушы кез-келген ақпаратты түсінумен қатар өзіндік анализ жасап, әр жақты пікірлерді жинақтай келе, өзіндік ой қорытындысын шығару мүмкіндігі болады.

Ал осы аталған жаңалық Ахмет Байтұрсынұлының 1920 жылы жарық көрген «Баяншы» қазақ мұғалімдері үшін деп аталатын еңбегінде көрсетіледі. Ғалымның ойынша, кез-келген тілдік тақырыпқа оқушы анализ, синтез жасай алу керек. Бұл Блум түймедағының төртінші және бесінші шарты, яғни талдау, жинақтау бөлімімен сәйкес келеді.

Жаңартылған білім мазмұнында көретілген оқылым әрекетінің төрт түрі А.Байтұрсынұлының оқу құралында тыңдалым – есте сақтап оны жатқа жазу, айтылым – берілген тақырып бойынша өз ойын айту, оқылым – сөзді буынға

бөліп оқу, тұтастай оқу, жазылым – сөздерді тасымалдау, көшіріп жазу, бір сөзден екінші бір сөзді құрастыру деп беріледі.

Ғалымдар педагогикалық жаңалықтарды үшке бөліп қарайды:

✓ Жаңалық ретінде бұрын еш жерде, еш уақытта қолданылмаған білімдік идеялар. Мүлде жаңа идея. Практикада ондай жаңалық өте сирек кездеседі.

✓ Белгілі бір кезде, белгілі бір ортада көкейтестілігімен ерекшеленген, қайта орын алып отырған, жаңа жағдайға бейімделген идеялар. Бұл қазіргі педагогикалық жаңалықтардың көп бөлігін құрайды.

✓ Практикада бұрын болған, тек мақсатын өзгертіп пайдалану негізінде жаңа нәтижелер беретін жаңалықтар.

Байқаймыз, қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңалықтар Ахмет Байтұрсынұлының идеясынан бастау алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. «Мектеп керектері». «Қазақ» газетінің №62.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 448 б.
3. Байтұрсынұлы А. «Тіл жұмсар». I-кітап. Қызылорда, 1928.
4. Фрейд А. Психология «я» и защитные механизмы. – М., 1993.
5. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – М.: О.К.Б. 1945. – 345 бет.
6. Байтұрсынұлы А. «Қай әдіс жақсы» – Алматы, «Ана тілі», 1992. - 357 б.
7. Жахина Б. Оқушы тілін дамытудың методологиясы. – Көкшетау, 2014. – 114 б.

ӘӨЖ 82-43

Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

www.s_jambek@mail

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ КӨШБАСШЫСЫ

Аннотация: Мақалада әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық әдебиеттануға енгізген жаңалықтары сараланады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі теориялық тұжырымдар мен терминдер байыпталады.

Тірек сөздер: әдебиеттану, «Әдебиет танытқыш», ғылыми мұра, «Қазақ» газеті

Ахмет Байтұрсынұлы – ғалымдық, ақындық, көсемсөзші қайраткерлігі мен өз дәуірінде аса жоғары бағаланған тұлға. Ол тек қазақ ортасы ғана емес, барша түркі әлемі мен орыс ғалымдарына да танымал талант. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұралары туралы орыс ғалымдары проф.

А.Самайлович (Литература турецких народов, «Литература Востока», вып.І.П.1919), Е.Поливанов (о киргизского-казахской орфографии. Бюллетень СГУ, вып.7.Ташкент,1924) құнды да бағалы пікірлер білдірген. Ахмет Байтұрсынов жөнінде Орынбор қаласында орыс тілінде екі мақала жарияланды. «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов» (биографиялық очерк)мақаласында сөз болатын тарихи дерек, өмірбаяндық фактілер ғалым ғұмырбаянын зерделеуде әлі күнге дейін өзінің ғылыми маңызын жойған жоқ деуге болады. Жоғарыдағы аталмыш екінші мақалада Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектеріне тоқталып, көбіне тіл саласындағы еңбектері саралап, зерделейді.

«Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын» оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі-Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. «Қырық мысал», «Маса» кітаптарын, «Қазақ» газетіне редакторлық еткен еңбектерін, Алаш кезеңін артынан Компартияға кіргенін түгел шалып айта келіп, мынандай түйін түйеді: «Қалай болса да, жазушысы азғана, әдебиетінашар қазақ жарлыларына оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай... Елуге келген Ақаңды шын көңілден құттықтап, өмірінің ұзақ болуын тілеймін» [1,5].

Ұлттық қазақ лингвистикасының атасы ретінде «Әліпби», «Тіл құралы» сияқты іргелі құнды ағартушылық еңбектер тудырған Ахмет Байтұрсынұлы алаш баласына қоғамдық-саяси мәселелерді көтерген ақын, көсемсөзші, публицист ретінде танылды. Оның «Маса», «Қырық мысал» шығармалары Патшалық Ресей отарлауында езілген туған халқының азаматтық, саяси рухын көтерген ірі патетикалық туындылар еді. Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің үні «Ақжол» газеті 1923 жылғы 4 ақпанда шыққан 270 санында:

«Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді»-деп жазылған.

«Қазақстанда Байтұрсынов есімін ауызға алуға да, жазуға да тыйым салынған уақыттарда түркологтар тарапынан оқта-текте ол туралы бірен-саран пікірлер айтылып қалып жүрді. Әсіресе академик А.Н.Кононов еңбегі көпшілікті елең еткізді. Аты шартарапқа мәлім, беделді тілші-ғалымның редакциясымен және алғы сөзімен Москвада 1974 жылы шыққан «Отандық түркологтардың биобиблиографиялық сөздігі» кітабында Ахмет Байтұрсыновтың туған жылы, өскен ортасы, ата-бабасы, білім алған мектептері, қызмет еткен орындары, әлеуметтік-қоғамдық қызметі басты еңбектері нақты айтылып, ол «араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы,

қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, сол сияқты әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазды» [1,5-6]-делінген.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттану саласындағы алғашқы іргелі зерттеуі ретінде «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» мақаласын атауға болады. Мақала «Қазақ газетінің 1313 жылғы №43 санында жарияланған. Ахмет Байтұрсынұлы Абай өлеңдерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан екен. «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда біз білетін ақын болған жоқ. Заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады»-деген құнарлы ойын білдіре отырып: «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын ұғу үшін «сөз түзелді, халқым-ау, сенде түзел» деп ақынның өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттілігіне тоқталып, алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп атап көрсетеді.

Ғалым Абай поэзиясының поэтикалық қабаттарын терең зерделейді. Түр мен мазмұн сипаттарына тоқталады. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысының» теориялық сипаттарына тоқтала отырып, өлең құрылымының тармақ, бунақтарына ерекше мән береді. Өзі кемшілік деп тапқан тұстарға ғалым былайша тоқталады: «Енді бунақтар орын талғайды дегенді баяндайық. Бунақтардың талғайтын орындары тармақтардың басында және ортасында болады. Шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында иә ортасында бырыңғай болып келуі тиіс. Мәселен, бір тармақтың басында үш буынды бунақ келсе, басқа тармақтар да солай келуі тиіс. Әйтпесе өлең өлеңдігінен айырылмағанмен, жорғағынан жаңылады, айтуға ауырлық келтіреді. Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды. Мұндай кемшілігі бар өлеңдерді сол күйінде өзгертпей әнге қосуға болмайды. Бірақ бұл жоғарыда таңдау орын туралы айтылғандай, түзеуге келмейтін кемшілік емес, көбінесе бұл түзетуге келетін оңай кемшілік» [1,388-389]

Ғалымның тұжырымдауынша қазақ өлеңі әнге қосылып айтылу керек. Ал әнге қосу үшін жорғағы болу керек, жорғақты келтіретін бунақтардағы буын саны тармақтың басында, ортасында, аяғында біріңғай келуі қажет. Жорғақты бұзатын-бунақтың орын таңдағандығы, яғни бунақтар табиғи тілеген орнына қойылмағандық деп есептейді. Қазақ өлеңіндегі басты нәрсе- оның жорғағы дей отырып, ғалым Абай өлеңдерінің жорғағына да сын айтады. Мысал ретінде оған Абайдың атақты «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін ала отырып осы өлеңнің жорғағы орнында болуы үшін барлық бунақтардың орнын ауыстырып, буын сандарын бірдей қылуы – қызық тәжірибе.

Абай ақындығының құнарлы тұстарын дөп басқан ғалым: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуіде болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең

сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ бір мәні бар: ол мін өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық. Оныоқығанда я әнге салып айтқанд кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп, желіп келе жатып, текіректен кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады [2,301], – дейді.

Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиетінің тарихын да парықтап, әдеби зерттеу еңбектерін де тудырды. «Ахмет Байтұрсынов қаламынан шыққан «Жоқтау», «Ер Сайын» сынды зерттеу кітаптары-ежелгі әдеби мұраларды ұлттық мүдде орайында танудың үздік үлгісі. Кітапша жинақталып, талданған жиырма үш жоқтау, әсіресе, Қазыбек би мен Абылай ханды, қазақтың асыл ұлдарын жоқтаған әдеби мұралар – ел тарихының қазыналы парақтарын айқара ашқан асыл дүниелер. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Алтыбас, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір, Мұрат, Шернияз, тағы басқа ондаған тұлғалы жыраулар мен шешендік сөз зергерлері қазақтың Бас ғалымы Ахмет Байтұрсынов талдаулары арқылы тұңғыш рет кәсіби білікті әдеби зерттеу нысанасына ілінді» [3.26-27].

Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттану саласындағы күрделі еңбегі-Қызылорда-Ташкент қалаларында 1926 жылы басылып шыққан «Әдебиет танытқыш» кітабы. Бұл кітап – сөз өнері, әдебиет теориясы жайында жазылған қазақ тіліндегі тұңғыш зерттеу еңбек. Академик, әдебиеттанушы ғалым З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» сипатына байланысты төмендегі тұжырым жасайды: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру» (метафора), алмастыру (метонимия) шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады [4,92]. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышының» өлең құрылысына арналған бөлімі әйгілі түрколог, әдебиеттанушы ғалым Жирмуынскийдің академиялық сипаттағы күрделі еңбегі «Теория стиха» еңбегінен мәні де мағынасы да бір де кем емес екендігін айта кеткеніміз жөн.

«Әдебиет танытқыштың» сипатын толық байыптай келгенде аңғарғанымыз, біздің ұғымымызша ол тек таза әдебиет теориясы мәселелерін ғана сөз етіп қоймай, біріншіден лингвистика стилистикасын, одан қала берді поэтика стилистикасын сөз етіп, бүгінгі таңда тіл білімінің ерекше саласы болып отырған лингвопоэтика мәселелерін мол қамтып, ерекше нысанға алады. Сонымен бірге бұл еңбекте ғұлама ғалым шешендік өнер мен ауыз әдебиеті түрлеріне де кең тоқталады. Ғалымның шешендік өнерге қатысты саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, ділмар шешен сөз, уағыз көсем сөз, деп жіктеуі, ауыз әдебиеті түрлерін: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ,

жаңылтпаш, бас қатырғыш-бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме-бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз, тарпақ, мақал, мәтел- бұлар үшінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр-бұлар бесінші топ. Ал қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай екі салаға 1)сауықтама, 2)сарындама-дегендері шешендік өнер ғылымы, фольклористика ғылымдарының принциптерімен тоғысса, ал шешен сөйлеу актісі, шешен сөз процесін: бастамасы, ұсынбасы, мазмұндамасы, қыздырмасы, қорытпасы деп беске бөлуі Еуропа риторика ғылымының көзқарас, тұжырымдарымен үндесіп, Ахмет Байтұрсынов сөз өнерінің ғылымын екіге бөледі: 1)шығарманың тілінің ғылымы, 2)шығарманың түрінің ғылымы. Ғалым сөз өнерінің ғылымы дегенде филология ғылымын айтып отыр. Ал филология ғылымдары екі салаға 1)тіл білімі 2)әдебиеттану салаларына бөлінетіндігі белгілі. Сонда шығарма тілінің ғылымы-лингвистика, шығарма түрінің ғылымы-әдебиеттану болып шығады. Ал ғалым: «шығарманың екі жағыбар: 1)тысқы тіл жағы, 2)ішкі пікір жағы» – дегенде көркем әдебиеттегі мазмұн мен пішін сипаттарын айтып отыр [1,348].

Ғалымның шығарманың тысқы тіл жағы дегені-пішін, ішкі пікір жағы дегені-мазмұн болып шығады. Ал ғалымның көркем өнерді көрнек өнері деп атап, оны бес тарауға бөлуі қазіргі еуропа эстетика іліміндегі көркем өнерді бес түрге жіктеуімен үйлеседі. Яғни сол кездегі еуропа және орыс әдебиеттануындағы көркем өнердің түрлері туралы принциптер Ахмет Байтұрсынұлының теориялық зердесінен толық өткендігін бағамдаймыз.

Ғалым қара сөз бен дарынды сөз жүйесі бар дей келіп: «Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы даралық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айырылады: дарынды сөз адамның ойына оң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады.

Арабша қара сөзді шығарманы насыр деп, дарынды сөзді шығарманы назым деп атайды; арабша айтқанда, біз де солай дейміз, қазақша айтқанда, қара сөз, дарынды сөз деп жүгінеміз-деген пікір түйеді. Бұл жерде ғалым қара сөз деп прозалық тұрпаттағы ғылыми стиль тілін, дарынды сөз деп көркем әдебиет тілін айтып отырғанын аңғарамыз.

Қара сөзді 1)Әуезе 2)Әліптеме, 3)пайымдама деп үш салаға бөледі. Әуезе негізінен 1)мәлімдеу, 2)мазмұндау, 3)қорытудан тұратынын айта келіп, оның өзін алты тарауға бөледі. Олар:1)Шежіре 2)заман хат 3)өмірбаян, 4)мінездеме, 5)тарих 6)тарихи әңгіме. Осы жүйелеудегі қазақы ұғыммен алынған заман хат атауы біздің бүгінгі әдебиеттегі тарихи-көркем жанр болып есептелетін мемуармен сәйкеседі. Ғалымның әліптеме ұғымын әдебиеттегі образдылық, бейнелілік ұғымымен түсіндіруге болады. Пайымдама академиялық стильдегі ғылыми шығармаларды түсіндірсе керек. Пайымдаманың өзі төртке бөлінеді. Олар: пән, сын, шешен сөз, көсем сөз.Ғалымның осы жерде көсем сөз деп отырғаны бүгінгі түсініктегі публицистика жанры болмақ.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыштағы» дарынды сөз деп отырғаны көркем әдебиет, ертеректе Аристотель заманында поэтика, бертініректе поэзия аталды. Осы дарынды сөзді 1)Әуезе, 2)толғау, 3)айтыс деп

үшке жіктейді. Ол біздің бүгінгі түсінігіміздегі эпос, лирика, драма жанрлары. Ғалым әдебиеттің, поэтиканың болмысын: «Қара сөз көбінесе ғалымдардың, шешендердің сөзі болатындығы қара сөз түрлерінен анық көрінеді, дарынды сөз олай емес, ақындардың, арқалылардың сөзі болады.

Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша сезіп, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» -деп тұжырымдайды [1,406].

Бұл жерде ғалымның бұл пікірі: «Тарихшы тек қана анық болған жағдайды, ал, ақын болуы мүмкін жайды айтуы мүмкін. Сондықтан поэзия тарихқа қарағанда фәлсапалы да, бәтуалырақ болмақ. Өйткені, ол барынша жалпы жайды, ал тарих жекелеген жайды әңгіме өзегі етеді»-деп жазған «Поэтика» трактатының авторы Аристотель пікірімен үндесетіндігін байқаймыз. «Әдебиет танытқыштағы» Ахмет Байтұрсынұлының көркем шығармадағы мезгіл мен орын туралы тұжырымдары бахтиннің хронотоп туралы тұжырымдарынан көп бұрын айтылған [1,400].

Ғалым ауыз әдебиетінен бұрынғы алғашқы қауым адамдарының мифтік санасынан туындаған адам мен табиғат бір деген түсінікті, яғни мифопоэтикалық мектеп өкілдері алғашқы космогониялық танымнан туындайтын анимизм құбылысы деп жүрген жайды: «Адам анайы шағындабала сияқты жанды, жансыз нәрсені айырмаған. Жандысы да, жансызы да бірдей тіршілік ететін, бірдей өмір сүретін сияқты көрінген. Қуырмағын, басқа ойыншық нәрселерін жанды нәрседей көретін балалар сияқты болған. Табиғаттан ұзап кеткен әсері болмаған соң, адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас, өзектес күйде өмір шеккен. Жансыз нәрселерді жанды деп таныған ол заманның адамы өлімді өлу деп білмеген. Өлгенін тірісіндей көрген, қару-жарақ сияқты тұтынған нәрселерін өзімен бірге қойған. Ішуге басына тамақ қалдырған»-деп сипаттайды.

Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиет теориясының үздік білгірі, академик З.Қабдолов Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» жөнінде: «Егер Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік. Мұның мәнісі-екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы «әліп-билері». Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады»-деп жоғары баға берген [5,383].

«Әдебиеттанытқыштың ең құнды, маңызды бөлігі- әдебиет теориясының маңызды саласы-өлең жүйесін ұлттық өлең жүйесі негізінде талдап, зерделеуі дер едік. Қазақ өлең жүйесін теориялық зор біліктілікпен талдай келіп, ұлттық

өлең жүйесіне тармақ, шумақ, ұйқас, бунақ, буын сияқты теориялық атауларды қалыптастырды.

Кеңестік тұстағы қазақ әдебиеттанушыларының қазақ әдебиет теориясының басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрғанын айтуға мүмкіндіктері болмады. Осы бір жайттарға байланысты академик Зейнолла Қабдолов: «Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр тауып қосып, құбылтып, құлтыртып әкетеді»-дейді де: «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де кітаптарымызға кіргіздік.

Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахмет Байтұрсынов екенін кезінде ашып айта алмай, Қажым Жұмалиевке сілтеме жасауға мәжбүр болдық. Бұл-бұл ма? Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, кейіптеу, ауыстыру, алмастыру, түйіндеу, түйдектеу, айқындау, айшықтау...-осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр»-деп ашығын жазады [5,384-385-386].

«Әдебиет танытқышта» ғалым кәсіби сыншыға керек қасиеттерді де атап өтеді. «Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек. Бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек. Бұған ғылым білімнен көрі өнер білімі көбірек керек. Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ақ дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек. Бірақ ұста ғана істеген нәрсенің мінін ұстаның бәрі көре бермейді. Жақсы ұста ғана ұста істеген нәрсенің мінін көре алады; жаман ұстаға өзінен артық ұстаның істеген нәрсесінің бәрі де жақсы көріне береді. Ондай ұстадан да жақсы ұстаның істеген нәрсесін тұтынып, көзі үйренген жай адам ұстаның ісін артық сынайды. Сол сияқты дарынды сөзді ақындығы шамалы адамнан да жақсыақындардың сөзін оқып, әдемілігінен әсер алып үйреніп қалған, оқыған жай зейіні ашық адамдар дарынды сөзді артық сынауы ықтимал. Сондықтан дарынды сөзді сынауға ақындық керек болғанмен, ақын емес адамның да қолынан келмейтін іс емес. Сөйтіп, ғылым сыны ғалымдықсыз жасалмайтын сын да, дарынды сөз сыны ақындықты керек қылғанмен, ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын сын» [2,221]. Бұл жерде ғалым дарынды сөзді көркем шығарманы сынайтын сыншыға тек әдебиеттанушылық, филологиялық, гуманитарлық ілімді игерумен ғана шектелмей, оның үстінде ол қаламгер не ақын болу керектілігіне болмаса көркем шығарма заңдылықтарын игерген, шығармашылық, өнер иесі болуы керектігін де ескертетін сияқты. Сосын көркем шығарманы сынауға тек қана кәсіби сыншы емес, былайғы көркем әдебиетті көп оқыған, тоқыған, одан көркемдік жоғары әсер ала алатын көкірегі ояу, көзі ашық білімді дебілімдер жай қарапайым оқырманның да құқы бар екенін сездіреді.

Қазақ әдебиетінің алыптарының бірі, ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов сонау 25-26 лардағы балаң кезенің өзінде: «Ақан ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал»,

«Маса» еңбегі «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қанжылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер –білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды»-деп зор бағасын беріпті.

Сөз соңында айтарымыз, біз үшін Ахмет Байтұрсынұлы қашанда қазақ әдебиеттануының алып бәйтерегі, ұлы тұлғасы болып қала берері сөзсіз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. А.,1991
2. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары.А.,1989
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 том.А.,2006
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия.А.,2017
5. ҚабдоловЗ.Таңдамалы шығармалар. 2 том. А.,2003

I СЕКЦИЯ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДС

ӘОЖ 85.01 (5 Қ)

Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ., Көкшетау, Қазақстан
asya_2309@mail.ru

МҰХТАР МАҒАУИН МЕН ЯНН МАРТЕЛ РОМАНДАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Аннотация: Мақалада М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романы мен Я.Мартелдің «Жизнь Пи» шығармасы салыстырылады әрі салғастырылады. Екі шығармадағы авторлық шеберлік мәселесі, сюжет және образ жасаудағы өзара ұқсастықтар мен айырмашылықтар, қаһармандар іс-әрекеттеріндегі және ішкі жандүниелеріндегі арналыстар үндестігі зерделенеді.

Тірек сөздер: роман, үндестік, табиғат, адам тағдыры, жалғыздық

Табиғат қасіреті – адам қасіретімен тең дәрежеде болуы тиіс. Мұхтар ағамыз романда әлсіреген, тозған табиғат күйін адамның қаңқа сүйектерімен теңеу арқылы осы ойға оқырманды тереңірек бойлағысы келетіндей: «Жер-Ана өз перзенттерінен біржола жеріп, бар тілек Көк-Атада ғана қалғаны айқын аңғарылады. Бір заманда, бәлкім, су деңгейі астыда, арқан бойы төменде ғана тұрғанда қақ ортаға бірнеше түп қатын сексеуіл біткен екен,

жер астындағы су біржола қашқан соң ол да аптапқа шыдамай, тұқым-тұяғымен омырыла құлапты, қожыр-қожыр қара томар, жуан, бозғыл күрең, иірмек діндер жансыз ағаш емес, жапырыла жығылған адам – **осы өлкені жайлаған, алапат апатқа ұшырап, қырғын тапқан кісілердің қаңқа сүйектері сияқты**»[1].

Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романы М.Әуезовтің «Көксерек» романы мен Ш.Айтматовтың «Жан пида» романдарымен ұқсас болып келеді. «Көксерек» пен «Жан пидадағы» қасқыр, «Шақан-Шерідегі» жолбарыс. Бірі қасқыр, бірі жолбарыс, бірі адам, бірі хайуан. Бірақ үшеуінің де тағдырлары ұқсас, қайғы-қасіреті бір. Ақ – табиғаттың бейнесі, адам оған зиян келтіруші- қоғам бейнесі.

Романды басқа шығармамен салыстыру мақсатында қазақ, қырғыз әдебиетімен емес, шетел әдебиетімен салыстыруды жөн көрдім. Ол әйгілі Канадалық жазушы Янн Мартелдің «Пи өмірі» атты романы. Роман жайлы бізге қажет қысқаша ақпаратты айтатын болсақ: Писин Молитор Патель атты 16 жасар үнділік бала өзінің әкесі – Сантуш Патель зообақшасында жануарларды бақылап жүреді. Мектептен кейін көптеген діни кітаптар оқып, индуизм, христиан, мұсылман діндерін қатар ұстанады. Үнді елінде саяси төңкеріс болып, Писин әкесі жаңа билікке шыдай алмай, Канадаға көшуді шешеді. «Цимцум» жүк кемесі апатқа ұшырап, Писин 40 аптадай құтқару қайығында жолбарыспен бірге күн кешеді[2].

Романдар арасында **айырмашылықтар көп емес:**

Біріншіден, Шақан жолбарыстар тұқымын жоюды көздесе, Писин керісінше 40 апта бойы жалғыз өзі емес, қасында тірі жан болатындығына әуел бастан-ақ қуанған болатын.

Екіншіден, Писин теңізден балық аулап, жолбарысты тамақтандырып, онымен бейімделуге тырысады. Жолбарысты өзімен қатар тірі жан ретінде қабылдайды.

Үшіншіден, Шақан психикалық бұзылыс кезінде өзін жолбарыс ретінде санап, «жолбарысша» сөйлесе, Писин жолбарыспен адам тілінде сөйлесе бастайды.

Төртіншіден, Писин ет тағамдарын жемейтіндіктен, оның алғаш суда тіршілік ететін тіршілік иелерін қорек үшін өлтіруі ол үшін қиын болады. Шақан болса үлкен жолбарыстар түгілі, шөнжіктерді де аямастан жоя бастайды.

Бесіншіден, Писин жолбарысқа іштей риза болады. Сол ауыр кезде жалғыздықта қалса теңізден шыға алмасын өмірінің соңына дейін есте сақтап жүреді. Шақан керісінше жолбарыс кесірінен өмірінің соңына дейін дерлік жабайы, өлі өмірмен тірлік құрады. Әрине, екеуінің тағдыры бірдей емес, сонда да жақын. Ол жайлы біз романдар арасындағы **ұқсастықтар арқылы көз жеткізе аламыз:**

Қазақ әдебиеті	Шетел әдебиеті
«Шақан-Шері» М. Мағауин	«Жизнь Пи» Янн Мартел
Ұқсастықтары:	
Байлыққа бөккен, дәулетке масайған жұрт құдайын ұмытады.	Навязчивая убежденность в том, что человек – пуп земли, беда не только богословов, но и зоологов.
Құдайым адамға өзгеше туыс берген... Қайраты кем болар, қажыры артық. Айласы кем болар, ақылы артық. Аңның тісі мен тырнағы ғана бар. Сенің бойыңда бес қару. Алыстан атасың, жақыннан шабасың. Күш пен құрал, парасат пен амал өз алдында, адаммен айбар таластырар махұлық жоқ. Кісінің қаһарынан ықпайтын жыртқыш көрмедім. Адамның аруағы асқар таудан да биік. Ойлап тұрсаң, хайуанат атаулы жан үшін, тамақ үшін алысады, ал кісі ұлының керегі басқа. Пенденің қасиеті де, қасіреті де осында болса керек...	Побеждает разум, не физическая сила. Цирковой дрессировщик одерживает психологическую победу. Чужая обстановка, прямая осанка, невозмутимость, пристальный взгляд, наступательная тактика, предостерегающие команды (например, щелчок кнутом или резкий свист)- вот не многочисленные уловки дрессировщика, что ввергают зверя в смятение и страх и ставят его на место, а зверю только того и надо. И вот уже «второй» безропотно пасует, а «первый» оборачивается к публике и возглашает: «Представление продолжается! А сейчас, дамы и господа, прыжки через настоящие огненные кольца...».
Жолбарыс қатерлі қолдың суық қаруға қашан жетерін күтіп тұрмады. Басын шайқап, мойнын бұра бере қоңыр белдеулі, қызықл тарғыл, сабау құйрығымен бүйірін соғып, көкке қарап, іші тартыла өксіді. Содан соң салқау қимылмен Шақанның үстінен түскен. Баяу бұрылып, қырындай шегінді. Бөгелмей, артына да қайрылмай, балпаңдай басып ұзай берді. Шолақ құйрық қызыл арлан.	Я смотрел на него со страхом и изумлением. Но ведь он совсем не угрожал – и вот я уже задышал спокойнее, сердце перестало рваться из груди, и от души отлегло.
«Жоқ! Мен- тірімін!»- деді Шақан ышқынып. –«Мен- тірі адаммын!» Онысы рас еді. Тірі. Адам. «Менің үйім бар! Елім бар! Жерім бар!»	Я понял – страдания мои ничего не стоят. И смирился с этим. Так оно и было. Только при свете дня душа моя зароптала: «Да нет же! Нет! Мучения мои стоят многого. Я хочу жить! Так, чтобы жизнь моя слилась с жизнью вселенной.

<p>Адам, нә хайуанаттар әлемі табиғатқа кері әсер ететін жағдайлар бар. Қалың ормандар ысыраппен қиылып, өрттеліп, біржола жойылады, шөл пен бұта мал аяғында тозады, нәтижесінде жердің қыртысы бұзылады, осыдан соң бүкіл өмірді құрғақшылық жайлайды; егер әлгі орман, тоғайлар шөл мен жазира шегінде тұрса, тамыры сөгілген, тиянақ, тіректен ада жылжыма құм сырғи көшіп, тіршілік атаулыны жалмап жұта береді, жұта береді. Африкадағы Сахара шөлі сияқты, Іленің төрт тармақ, бес тармақ ескі аңғары-бір заманда Жетісудың ең шұрайлы пұшпағы болған Сары-Есік-Атырау да осындай апатқа ұшыраған...</p>	<p>Как-то раз мы наткнулись на плавучую свалку. Сначала на воде заблестели жирные пятна. А вскоре показались отходы, бытовые и промышленные, – главным образом пластиковый мусор всевозможных расцветок и форм, но попадались и деревяшки, пивные банки и винные бутылки, какие-то лохмотья и обрывки веревок, и все это плавало в облаке желтой пены</p>
<p>Ағайын ортасына бара алмады, әуелде тындамай кеткен болатын. Кіммін, немін деп барады. Пана тілеген кембағал кімге керек. Әуелі Ілені құлдап, Көкше теңізге түседі. Тар бұғаздан сал буып өте шығады. Өз елі. Өз ағайындары. Мүмкін, онда да тұрақтамас. Бірақ амандығын, барлығын білдіреді...</p>	<p>Оставалось одно – положиться на волю ветра и волн. Им и решать, куда меня нести. Время стало для меня расстоянием, как и для всех смертных, – я плыл себе по течению жизни, не желая лишней раз и пальцем шевельнуть, а если и шевелил, то вовсе не ради того, чтобы измерить какую-то там широту. Только потом я узнал, что меня несло по узкой стезе – Тихоокеанскому экваториальному противотечению.</p>
<p>Тарлан шері де табиғаттың бұла перзенті болатын. Тіршілік заңымен, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өмір жорасымен тиесілі несібесін жеп, тоғай аралап, қамыс кезіп, жер басып жүріп жатқан. Кісі жолын кеспеген, адам баласына жамандық ойламаған. Күндердің күнінде түрлене құбылған тарғыл теріге қызыққан бір жауыз баспалап келіп, қапыда жаралаған болатын. Жазылмас жара машықты өнерінен айырған, аштық пен ызалы кек қатарынан қысқан жолбарыс</p>	<p>Для тигров, как, впрочем, и для всех остальных зверей, кровожадность – далеко не самый излюбленный способ сводить счеты. Когда звери дерутся, то стремятся поразить противника насмерть лишь постольку, поскольку понимают, что иначе их самих ждет смерть. Любая схватка обходится дорого. Потому-то у зверей и существует целая система предупредительных сигналов, чтобы избежать драки, – и при первом удобном случае они живо отступают.</p>

<p>тайғақ жолға түсті, әуелде қорқақтай бастап, оңайолжа, тәтті тамақ тапқан-адамның қылуын шалса жыны құрысатын, кісі етін жеуді әдепкі кәсібіне айналдырған жалмауыз болып шықты. Кек-кекке жетелейді екен, жауыздық-тек жауыздық қана туғызады екен.</p>	<p>Тигр редко нападет на хищника, равного ему по силам, без предупреждения. Прежде чем напасть, он начинает грозно рычать и реветь. Но в самый последний миг, когда отступить, казалось бы, поздно, он вдруг застывает как вкопанный и буквально проглатывает угрозу. Тигр оценивает положение. И если поймет, что никакой угрозы для него нет, то просто отворачивается, ограничившись одним лишь предупреждением.</p>
---	---

Әрине, адам тіршілік иесі ретінде басқа құдайдың жаратылыстарынан бір сатыға биік тұрады. Алайда, соңғы кездері адам баласы жаны үшін, тамағы үшін күреспейді, жай ғана қызық үшін, көңіл көтеру үшін жануарларды, табиғатты өз керегіне қолданады.

Екі романда да жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз кейіпкерлер жоқ. Біз Шақанды не жолбарысты кінәлай алмаймыз. Шақанды осы халге жеткізген Жалтақ-Жантай сынды өз елін сатып кеткен кісілерді кінәлаймыз.

Шақан жолбарыстарды құрту барысында Балқаш пен Алатауғадейінгі аралықтың барлығын шарлап шығады. Шақанның жортуынан біз тек оның аңшылық біліктерін ғана көрмейміз, сонымен қатар, табиғаттың да ауыр халімен танысамыз. Аңызда суреттелген пейзажға үлдем ұқсамайтын, оған қараа-қарсы көрініс: азып-тозған, шөлге айналған, жан-жануары азайған жаралы табиғатты көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Шақан-Шері. Роман, хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2005 ж. – 288 б.
2. Жизнь Пи : [перевод с английского] /Мартел Янн. —Москва: Белая Птица, 2020. – 432 с. (Всемирная литература: новое оформление).

ӘӨЖ 82.033

Демесинова Акерке Алтаевна

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау қ.
филология мамандығының докторанты

d.akerke1978@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨПҚЫРЛЫЛЫҒЫ

Аннотация: Ғылыми мақалада Ахмет Байтұрсынұлының саяси және қоғам қайраткерлігінен бөлек көпқырлы ғалым-ағартушы ретіндегі қызметінің негізгі бес бағыты ашылып көрсетілген. Алдымен шығармашылығына қысқаша шолу жасалып, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретіндегі еңбегі қарастырылды. Әдебиеттанушы ғалымның негізгі

еңбектеріне талдау жасалды. Мақаланың екінші бөлігінде Ахмет Байтұрсынұлының аудармашылығы мен түркітанушы ғалым ретіндегі еңбектері зерделенген. Бұл ғылыми мақаланың басты тұжырымы – қазақтың осы бір ұлы қайраткерінің көпқырлы еңбегі біз тоқталған бес бағытымен шектелмей, одан әрі зерттеу барысында ғалымның басқа да қырларын ашуға мүмкіндіктің бар екендігі шегелеп айтылды.

Тірек сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, көпқырлы, шығармашылық, әдебиеттану, аудармашы, түркітанушы, тіл білімі, әліпби, сөз өнері, термин жасау.

Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдағы, жалпы қазақ тарихындағы өшпес ізі мен мұрасын қалдырған қоғам және саяси қайраткер ғана емес, әлі де көпқырлы ғылыми, ағартушылық, зерттеушілік қызметі толық зерттеліп бітпеген аса ірі қайраткер. Біз Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған мол мұрасын зерттеген сайын қазақ халқының маңдайына біткен көрнекті қайраткердің көпқырлы қызметіне көз жеткіземіз. Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қайраткерлігін, ұлт ұстазы ретіндегі еңбегін айтпаған күннің өзінде, ғылыми-ағартушылық қызметін бес негізгі бағытта жіктеп зерттеген дұрыс деген пікірдеміз. Ол бағыттарға: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретіндегі еңбегі, әдебиеттанушы, аудармашы және түркітанушы сықылды бес бағытта зерттелуі тиіс деген тұжырымға келдік. Біз Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын кең ауқымда шолып, зерттеп көру барысында алтыншы бағыты – өз диссертациялық зерттеу жұмысымыздың негізгі тақырыбы, қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының сол кезде қалыптаспаса да, мифология, халық ертегі- аңыздары, эпостық жырлар негізінде белгілерін, элементтерін іздестіріп көрдік. Бірақ әзірше бұл талпынысымыз өз жемісін бермей тұр, болашақта да беретініне күмәнмен қарап отырмыз. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-ағартушылық қызметін жоғарыда аталған бес бағытқа бөдіп зерттеуді жөн деп таптық.

Бірінші бағыты – шығармашылық қызметі. Өзімізге белгілі, көптеген ақын-жазушылар сықылды Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады[1]. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған

ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, сол кездегі қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т. б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы аталған еңбектерімен шектелмейді, бұл тек ұлы қайраткердің мол мұрасының бір парасы, бастамасы ғана іспетті.

Ахмет Байтұрсынұлы қайраткерлігінің екінші үлкен және біздің ойымызша, негізгі бағыты - қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретінде қарастыруымыз керек. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сол 1911–1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады [2]. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретіндегі еңбегі әлі де дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақтың мүддесіне қызмет етіп келеді. Себебі, қазіргі Қытай жеріндегі және басқа бірқатар елдерде қоныстанған қазақтар осы күнге дейін Ахмет Байтұрсынұлының жасап беріп кеткен «төте жазуын» қолданады.

Ахмет Байтұрсынұлы сонымен қатар ірі әдебиеттанушы ғалым, тіпті қазақтың әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы десек артық айтпаймыз. Әдебиеттану Ахмет Байтұрсынұлының көпқырлы ғылыми-ағартушылық қызметінің үшінші қыры. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Ахмет Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Москвада шығарды. Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде

Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар ментармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т. б. сөз етіледі. Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары — шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі — мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері — пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. Еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте маңызды. Онда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады. Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады. Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білетінін осы еңбегінен айқын көреміз [3]. Сөз өнерінің көне дәуірдегі үлгілері, 15–17 ғ-лардағы жыраулар поэзиясының біразы ақын назарына іліккен. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т. б. ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер бар.

Ахмет Байтұрсынұлы қайраткерлігінің тағы бір, төртінші қыры — аудармашылық еңбегі. Ахмет Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның дербес саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты [4]. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И.Хемницердің «Атпен есек», А.С.Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я.Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының бұрын аса үлкен мән берілмей келген қайраткерлігінің бесінші қыры — түркітанушы ғалымдығы. Ахмет Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926 ж, Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды [5]. Қазақ грамматикасына қатысты

категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Мысалы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.к., профессор А.М.Фазылжанованың пікірінше, Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі қазақ тілі мен ғылымында кеңінен қолданылатын «көсемше», «күрделі» және басқа ғылыми терминдерді қазақ халқының күнделікті өмірінде, мал шаруашылығында, егін шаруашылығында, тұрмыс-тіршілігінде қолданатын қарапайым сөздерінің негізінде жасап, ғылыми айналымға енгізіп жіберген. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстанды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы қайраткерлігі мен шығармашылығын мақаламызда қарастырған бес бағытпен шектелмей, тереңдете зерттеу барысында одан да көп бағыттарға жіктеп, сыныптап қарастыруға болады деген ой түйеміз. Мысалы, жоғарыда аталған бағыттардан басқа терминжасаушы, терминтанушы, сөзтанушы, ежелгі қазақ ауыз әдебиеті мен қазіргі жазба әдебиетін жалғаушы сықылды шығармашылық бағыттарын атап көрсетуге болады. Яғни, Ахмет Байтұрсынұлының қазаққа қалдырған мол мұрасын әлі де тереңдете, жан-жақты зерттеуді жалғастыру керек деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Телжан Шонанұлы. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. Тіл әлемі порталы. <https://tilalemi.kz/article/1081-.html>, 2017 жыл;
2. Машқан Н.Т. А. Байтұрсынов - қазақ жазуының реформаторы: монография / әл-Фараби атын. ҚазМҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2002.
3. Ұлттық рухтың ұлы тіні: [Ғылыми мақалалар жинағы] / [Б. Қапалбеков, А. Бексейітова]; ҚР Білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; Жауапты ред. Е. Жанпейісова. - Алматы : Ғылым, 1999.
4. Исмакова А. С. Возвращение плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтұрсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева М. Дулатова и М. Ауэзова: монография / Отв. ред. С. Кирабаев; М-во образования и науки РК, Ин-т лит. и искусства им. М. О. Ауэзова. - Алматы : Ғылым, 2002.
5. Әбдиманұлы Ө. Ахметтану: оқу құралы / Ө. Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

Жайлауова Гульнар Умирбековна

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің әдіскері,
Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы
kgu_2701@mail.ru

Шарипова Назгуль Жанабаевна

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің әдіскері,
Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы
Nazgul-79kz@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

***Аннотация:** Мақалада ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың лингвистикалық мұрасы «Тіл-құрал» еңбегінің негізінде анықталады. Тілші-ғалымның тілдің фонетика, сөзжасам, грамматика саласындағы ғылыми тұжырымдары, енгізген терминдері қарастырылады. Ғалымның ғылыми пікірлері қазіргі қазақ тілінің теориялық негіздерін анықтайтын «Қазақ грамматикасымен» салыстыра қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** қазақ тілі, дыбыс, әріп, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, сөз таптары, сөйлем.*

Ұлт жанашары, ғалым-ұстаз А.Байтұрсынұлы ұлттың тұтастығы мен рухани құндылықтар жүйесіндегі ана тілінің маңыздылығын ерекше бағалады. «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларында үнемі тіл мен оның тазалығын сақтау, тілімізді дамыту, өркениетті елдердің көшінен қалмау мәселелерін көтеріп отырды. Тіл ұлттың жан дүниесі, сонымен бірге халықтың саяси-әлеуметтік өміріндегі пәрменді құрал ретінде оған айрықша мән берді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімі, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының негізін салушы. Ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор.

Ғалым-ұстаз: «Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздік жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне мақсат етіп, «Тіл – құрал» еңбегін мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытуға арналған оқулық ретінде жазған.

Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» атты еңбегі – қазақ тіл білімінің алғашқы теориялық негізі. Зерттеу нысаны болып отырған «Тіл-құрал» оқулығы үш жылға арналған үш кітаптан тұрады.

Бірінші кітабы – «Тіл танытқыш». Тіл танытқыш 1914 жылы жарық көрді. Бұл оқулықта қазақ тілінің дыбыс жүйесі, дыбыс түрлері туралы жан-жақты түсінік беріледі. Қазақ тілінің фонетикасындағы әріп (харіф), дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қатаң, ұяң, буын сияқты қазіргі қазақ тілінің фонетикасындағы арнайы ұғымдардың терминдері жасалған [1, 11-17]. Бірінші

кітапта әріптер, буындар туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар оқулықта қолдануға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықта теориялық материал оқытудың дидактикалық қағидатын сақтап, қарапайымнан күрделіге қарай оқытуды көздейді.

Екінші кітабы – «Сөздің жүйесі мен түрлері» деген атпен 1915 жылы жарық көрді. Оқулықта берілген грамматикалық ұғымдарды білдіретін терминдер қазақ даласында қазақ мектебінің негізін салған тұңғыш ағартушы Ыбрай Алтынсариннің «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» атты оқулығындағы терминдермен үндеседі: орыс тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы» десе [2,227], А.Байтұрсынұлы оны «Зат есім» деп атады [1,160]. Ал «Имя прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына тұңғыш ағартушы «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп балама берсе [2, 238, 243], ғалым-ұстаз «Сын есім», «Сан есім» деген атау-ұғым берді [2,162]. «Местоимение» деген орыс терминіне алғашқы ұстаз «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» деп аударса [2,248], Ахмет Байтұрсынов «Үстеу», «Демеу» деп дейді [1,165-166]. Бүгінде бұлар қазақ тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдарды білдіретін лингвистикалық терминдер.

А.Байтұрсынов атауыш сөздер ретіндегі зат есімді былайша анықтайды: Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды. Зат туралы кім? не? деп сұраймыз. Кім? деп сұраймыз адам туралы. Не? деп сұраймыз басқа заттар туралы [1,24]. Көріп отырғанымыздай зат есімді анықтай келе, зат есімдердің сұрақтарын көрсетеді. Бұл қазіргі адамзат және ғаламзат зат есімдердің анықталуына негіз болған. Одан әрі зат есімнің деректі және дерексіз түрлерін көрсетеді: Зат есім – нәрселердің атын көрсететін сөздер. Нәрсе деп не түрлі де болса бар заттарды айтамыз. Зат тегінде екі түрлі. Біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіс келетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар. Екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім – дей келе, одан әрі: Зат есім екі түрлі болады: біреулері – нәрсенің дербес өз басына ғана қойылған: Жалқы есім. Екіншілері – нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған: Жалпы есім [1,38].

Ал 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» зат есім: Айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жан-жануар атаулыға, баршақұбылыс пен уақиға – болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер Зат есімдер тікелей сезім арқылы тануға болатын дүниедегі нақтылы нәрселерден (су, жылқы, тағам, жел, дауыл, жейде, тал, терек, у-шу, айқай, қойын, қоныш) бастап, адамның тек ақыл-ой қабілетінің жәрдемі нәтижесінде ғана түсінілетін түрлі абстракт ұғымдардың (наным, шама-шарық, ынсап, нарық, мінез-құлық, кәде-жора, ырым, пікір, тентектік, ұялшақтық, ырыс) аттарын да білдіре алады, – түрінде анықталады [3,421]. Көріп

отырғанымыздай, қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің анықталуы мен терминдердерінде еш айырмашылық жоқ.

А.Байтұрсынов сын есімді: Сөздің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Мәселен: жақсы, жаман, биік, зор, аласа, ұзын, қысқа, терең, тайыз, қатты, жұмсақ, қою, сұйық, бай, жарлы, жақын, алыс, аш, тоқ арзан, қымбат, қалың, жұқа, зерек, кешше, өткір, топас, семіз, арық, қараңғы, жарық, тұнық, лай, кәрі, жас, қиын, оңай, ауыр, жеңіл, сау, ауру, ақылды, ақымақ, есті, есалаң, ескі, жаңа, ұсақ, ірі, таза, тентек, жуас, сараң, жомарт, мырза, жылы, суық, тар, кең, бұзыр, тегіс. Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есімдер деп аталады. Сын есімнің сұрауы: қандай? Мәселен, жаман төре жан алар. Арық атқа қамшы жүк. Қандай атқа қамшы жүк? – Арық атқа қамшы жүк. «Жаман», «арық» деген сөздер «қандай» деп сұрағанға жауап нәм өздері нәрсенің сынын көрсетеді. Осындай «қандай?» деп сұрағанға жауап болатын сөздердің бәрі де сын есім болады, – деп анықтайды [1,25]. Ғалым сын есімнің лексика-грамматикалық ерекшелігін мысалдар арқылы дәйектеп, сұрақтарын қоса көрсетеді. Сын есімнің анықтамасы «Қазақ грамматикасында»: Сын есім – семантикалық жағынан заттың, құбылыстың түрлі сапа, белгісін, түсін, кклемін, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөздер [3,439].

Сан есім туралы А.Байтұрсынов: Кей сөздер нәрсенің санын атайды. Мәселен: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз, мың, он мың, жүз мың, миллион. Нәрсенің санын сұрағанда неше? деп, яки қанша? деп сұраймыз. Неше? деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге, мәселен: неше кісі келеді?» – үш кісі келеді. Қанша? деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге емес, шамасын ғана білуге, мәселен: «қанша күн жүресің?» – «үш-төрт күн жүремін»[1,26]. Ғалымның сан есімді анықтауын қазіргі грамматикамен салыстырайық: Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер – заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сөз табы. Тек Мағашты үш күндей оңаша алып отырып, арманын есітті(Әуезов). *Жеті* атасын білген ұл *жеті* жұрттың қамын жер (Мақал)[3,448]. Екі еңбектегі сан есімге берілген анықтамасы бір-бірімен үндеседі. Айырмашылығы соңғы анықтамада сан есімнің барлық мағыналары ашылып көрсетілген.

А.Байтұрсынов есімдік терминін енгізіп, есім сөздерінің орнына жұмсалатын сөздерді: Кейбір сөздерді зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүргендіктен, есімдік дейміз. Мәселен, «Нұрман отыр» дегеннің орнына «ол отыр» деп айтамыз. «Мұғалім» дегеннің орнына «мен» деймін, «шәкірт» дегеннің орнына «сен» деймін. Мұндай сөздер көбіне өзге есімдердің орнына жүретін болғандықтан, есімдік деп аталады. Мәселен, есімдік сөздер: Мен, сен, ол, біз, сіз, олар, кім, не, қайсы, қандай, өзім, өзің, өзі, бұл, ол, мынау, анау, бірі, бәрі, менікі, сенікі, оныкі, өзімдікі, өзінікі, өзімдікі, басқанікі[1, 27-28], ғалым есімдіктің бес түрін көрсетеді: жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, жалпылау есімдігі, танықтық есімдігі. Тілшінің есімдіктерді анықтауы және есім сөздерді саралауы қазіргі қазақ тіліндегі ғылыми тұжырымдарға негіз

болғаны анық байқалады. Ерекшелігі белгісіздік, болымсыздық, өздік есімдіктерінің аталмауында. Ғалым есім сөздердің жекеше, көпше, тәуелдік, септік формасында түрлену жүйесін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілі грамматикасындағы есім сөздерді саралауы А.Байтұрсыновтың ғылыми пікірімен үндесетінін көреміз.

Ғалым-тілші қазақ тіліндегі сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) Түбір сөз; 2) Туынды сөз (туғын сөз; 3) қос сөз; 4) қосалқы сөз; 5) Қосымшалар. Ал сөз таптарының 9 түрін белгілейді: Сөздер мағанасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: 1) Зат есім; 2) Сын есім; 3) Сан есім; 4) Есімдік; 5) Етістік; 6) Үстеу; 7) Демеу; 8) Жалғаулық; 9) Одағай[1].

«Тіл – құралдың» үшіншісі – «Сөйлем жүйесі мен түрлері» деген атпен 1923 жарық көрді. Бұл оқулықта сөйлемді: Сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой, – деп анықтай келе, сөйлем түрлерін болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, жалаң және жайылма сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем деп, сөйлем мүшелері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, бастауыш, баяндауыш, бастауыш пен баяндауыштың жақ-жағымен байланысуы, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, аталған сөйлем мүшелері болатын сөз таптары қарастырылады [1]. Тіл – құралдағы ғылыми пікірлер, тіл білімі терминдері түсінікті, дәлідігімен ерекшеленеді.

А.Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» бірінші кітабі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі 6 рет басылып шыққан. «Әліп-би. Жаңа құрал». Әліппе Қызылорда баспаханасына 1926 жылы бұрынғы «Оқу құрал. Қазақша алифбаға» жалғасты құрал ретінде қайта жазылған. Кітап 14 жылдан соң қайта өңделіп, 1926 жылы басылып шыққан. 1928 жылғы оқулық ішкі мұқабасында 3-інші рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапхананың сирек қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927 жылдары жарық көргендігі туралы ақпарат бар. 1926 жылғы нұсқа 1992 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді. 1998 жылы ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай, әр соңғы басылымның жетпіс жылдығына арнап, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен жарық көрді. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов. Бұл кітаптың бүгінгі оқушыға берер зор көмегі сол – ғасыр басындағы ұлт зиялылары қолдаған жазуды дөп басып, нақ тануға мүмкіндік береді.

Ұлт ұстазы «Тіл құралдың» сөз басында оқулықтың ерекшелігін көрсетеді: «Тіл- құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұнды да әуелгі кездесондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат». «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының қалыптасуына негіз болды.

Ел есінде ұлт ұстазы болып танылған Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдары» атты еңбектері қазақ тіл білімін қалыптастырды, кейінгі зерттеу еңбектеріне негіз болды.

Қазақ тілтаным тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны айрықша.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.

2Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер // Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

3Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

ӘОЖ 8.82 -1/-9

Айсенова Назгүл

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, E-mail:nazgul_28kz@mail.ru

Кажобаева Гүлден Кенесовна

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, E-mail:guldenkgk@mail.ru

Жукенова Сұлушаш Кәкенқызы

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, E-mail: sulu6721@mail.ru

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ТАРТЫС МӘСЕЛЕСІ

Аннотация: Мақалада әдебиеттегі тартыс мәселесі, соның ішінде балалар әңгімесіндегі тартыс мәселесі қарастырылды. Көркем тартыс теориясына әдебиет зерттеушілері: А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдоловтардың ғылыми еңбектеріндегі көзқарастарын дәйек ете отырып, балалар әңгімелеріндегі тартыс мәселелері талданды.

Тірек сөздер: қазақ прозасы, қазақ балалар әңгімелері, тартыс, сюжет, кейіпкер.

XXI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ халқы біршама жаңалықтарды бастан өткерді. Әлеуметтік, тарихи, мәдени жағдайлардың өзгеріске ұшырауына байланысты қазақ прозасы да жаңа идеялық бағыт алды. Өтпелі кезеңдегі түрлі құбылыстар, құндылықтарды бағалау бағытындағы өзгерістер, ауыспалы қоғамдық жүйеге тән болып келетін кемшіліктер қаламгерлерді толғантпай қоймағаны анық. Аумалы-төкпелі кезеңнің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік жағдайдың төмендігі ел болашағы, ұлттық мүдде, азаматтық парыз деген келелі ұғымдар турасында ойлануға, мұндай ауқымды мәселелердің өркендей түсуіне өз үлестерін қосуға мүмкіндік туғызбады. Әлеуметтік жағдайдың келеңсіздігі, қиындығы әсерінен адамзат баласының ішкі әлемі, оның жан дүниесіндегі арпалыстар, сыртқы бет-бейнесі мен іс-әрекеттері, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына дейін белгілі бір дәрежеде өзгерістерге, құбылуларға ұшырап отырды. Мұның бәрі де оның дүниетанымына әсер етіп, адамның жан әлемін алдыңғы орында суреттейтін, ішкі дүниесіндегі сан түрлі құбылыстарды көркемдей, әсерлі түрде жеткізетін сөз өнерінде орын алып келеді.

Қазақ прозасы, соның ішінде әңгіме жанры мазмұн, түр (форма), пішін жағынан үлкен белеске көтерілді. Көтеретін проблемалары батыл да өткір, ашық та нақты қойылуымен ерекшеленеді. Жалаң өндірістік мәселелер

ысырылып, адамның өмірдегі орны, ісі мен табиғатына үңілуге бетбұрыс жасалды. Осының нәтижесінде лиризм мен психологизм күшейе бастады. Нақтылыққа, аз сөзділікке, дәлдікке бет бұруда көркем деталь мен штрихқа көп көңіл бөліне бастады. Бүгінгі таңдағы әңгіме жанрындағы негізгі ерекшеліктер символдық, лирикалық, проблемалық, әлеуметтік талдаумен көрінді. Қаламгерлер әлеуметтік талдаудың негізінде ұлттық характерді ашуға, адам табиғатын психологиялық тұрғыда танытуға ұмтылды. Қазақ халқының тарихынан орын алған өмір шындығы шағын жанрда шынайы да шымыр бейнеленді.

Әрбір халықтың ежелден сақталған рухани-адамгершілікке тәрбиелер дәстүрі бар, ол – ел мен жердің ғасырлар бойы дамуы барысында қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жетіп отыратын бай мұрасы. Осы мұраны кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңгі күнге жеткізіп отыратын әр дәуірдің данышпандары, сөз өнерін ұстанған зергер-шеберлері болып табылмақ.

Қазақ прозасы осы кезеңге дейін сан тараптан кеңінен қарастырылып, оның ішіндегі ең қысқа саналатын әңгіме жанрының қыр-сыры тереңнен талданып келгенімен, жаңа ғасырдың әлі де болса танылып үлгермеген әңгіме үлгілері бұған дейін жеке зерттеу еңбегінің нысаны етілмеді. Ауыл жайын жазса қойшыдан, қала өмірін сөз етсе зауыт жұмыскері мен партия хатшысынан әрі аса алмайтын тар шеңбердегі кеңестік үлгідегі туындылардан теріс айналып, әбден таптаурын болған тақырыптардан бас тартқан, адамның ішкі әлемін сан қырынан ашуға ұмтылған, жаңалықтарға жол ашқан жаңа ғасыр туындылары жоғары бағаға лайық.

Жаңа ғасыр прозасының бағыт-бағдарын айрықша эстетикалық критерийлердің, гуманистік ұстанымдардың қалыптасуы мен суреткерлердің әлеуметтік талдауға тереңдеп баруынан, тақырыптың сонылығы мен көкейтесті, заманауи мәселелерді адамзаттық мұраттарға сай қарастыруға деген талпыныстан, өткен тарих пен қазіргі өткір тақырыптарды қабыстыра үйлесімде қарастырудан, қоғамның шынайы бейнесі мен адамзат баласының рухани-адамгершілік тұлғасын тереңнен тануға бағытталған тенденциялардың белең алуынан көре аламыз.

Көркем әдебиеттің басты міндеті адамзат баласы және оның болмыс-бітімні, ортасын, өмір шындығын бейнелеп көрсету болып табылады. Бірақ бұл киелі міндетті шешу тек қана кейіпкердің келбеті, белгілері, қасиеттерін сипаттаудан ғана тұрмайды. Қаламгер адам бейнесін толыққанды суреттеп, оның бойындағы немесе ол өмір сүріп отырған қоғамдағы, адамдар арасындағы қарама-қайшылықты, өткір проблемаларды танытқан кезде ғана көркем шығарма өз деңгейінде көрінеді. Әдебиеттің негізгі ұстанымы- шындықты көрсету. Бірақ өнердегі шындық кейіпкер өмір сүретін ортаны, күреске түсетін күштерді көркемдік тұрғыдан толық зерттелуі қажет. Жазушы тек тартысты ғана көрсетпеуі керек, оның табиғатын, шығу тегін, дамуын түсіндіруі керек. Себебі сол кезде ғана көркем тартыстың қалай шешілетіні анық болады.

Кез келген әдеби терминдердің сөздігін ашып, тартыс – кейіпкерлер арасындағы немесе кейіпкерлер мен орта арасындағы қақтығыс, ақырында, кейіпкер санасының ішіндегі күрес екенін оқимыз. Ал негізінен әдебиеттегі

тартыстың мәні - бұл өзара байланыс, бірлік және ортақ өзара іс-қимыл. Кез келген көркем шығармада басқа адамдармен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін кейіпкер бар.

Адам өз өміріндегі немесе айналасындағы тартыстың бәріне қатынасады: ойлар, әрекеттер, басқа адамдармен қарым-қатынас. Тартыс арқылы кейіпкердің рухани, адамгершілік қасиеттері көрінеді. Тартыс кейіпкерді таңдауды болжайды, ал кейіпкер өз кезегінде тартысты дамыту мен шешуде жетекші рөл атқарады. Сонымен қатар, тартыс қаламгердің көркем сюжеттегі адамдарды таңдауды, оларды орналастыруды, олардың атқаратын функцияларын, олардың қайшылықтарды шешудегі рөлін болжайды.

Көркем тартыс теориясына әдебиет зерттеушілері А. Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов өз ғылыми еңбектерінде көзқарастарын білдірді.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде А.Байтұрсынұлы тартыс категориясына: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйсініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғаламның шарттары тура келмей екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» [1,294] деп сипаттама береді.

Көркем тартыс немесе көркем коллизия (лат. *collisio*-қақтығыс), әдеби шығармада қолданылатын әр бағыттағы күштердің-әлеуметтік, табиғи, саяси, адамгершілік, философиялық қарама-қайшылықтары деп аталады. Сондай-ақ шығарманың көркемдік құрылымында идеялық-эстетикалық нысанында көрініс алатын жалпы мінез-құлықтың, жекелеген мінез-құлықтың немесе бір сипаттағы әр түрлі жақтардың бір-біріне, қарама-қарсы болуы екені анық.

Әдебиеттану ғылымында көркем тартыс сюжет пен характерге байланысты қарастырылып келген теориялық проблемалық мәселелердің бірі. Әдеби үрдісті айқындауға мүмкіндік беретін көркемдік категорияның бірі осы көркем тартыс болып табылады. Себебі тартыс әр жазушының болмысын танытатын көркемдік мәселе екені даусыз. Әр ұлт әдебиетінің қоғамдық-саяси өмірінде болатын тарихи жағдайлар әдебиетке жаңа міндеттер, мұрат-мақсаттар жүктейді. Сондықтан кезеңіне қарай тартыс жаңа мазмұнға, жаңа сапаға ие болатыныны анық. Ұлт әдебиетінің әрбір кезеңінің мәні мен маңызын, өзіндік ерекшелігін терең түсіну үшін сол кезеңдегі қарама-қайшылықтың табиғатын анықтау қажет.

Кезінде М.Әуезов өзінің ғылыми еңбектерінде тартыс мәселесі тек қана драмаға қатысты емес екеніне ерекше мән беріп, тартыстың әдеби жанрдың барлығына қатыстылығына, оның өнер құбылысы екенін танытуға бар күш жігерін салған. М.Әуезовтің драмадағы тартыс жайлы ойлары, айтқандары өзге жанрлардағы тартыс табиғатын тану, оның сюжетке, характерге қатыстылығын анықтау үшін аа құнды ой болып табылады. Демек көркем тартыс мәселесін

30-50 жылдарда алғаш көтеріп, құнды теориялық ой-пікірлерді бірінші айтушы Мұхтар Әуезов болды.

Әдебиеттану ғылымында эпикалық шығармалардағы әсіресе лирикалық шығармалардағы тартыс мәселесі өте күрделі теориялық мәселе екені анық. Әдебиеттанушы ғалым К.Г. Шаззо көркем тартыстың үш типін бөліп көрсетті: 1) драмадағы тартыс; 2) эпостағы тартыс, 3) лирикадағы тартыс [2, 22]. Ғалым эпикалық шығармалардағы тартыстың көпсатылылығы оның ең үлкен сапалық қыры екенін ескере отырып, мынадай пікір білдіреді: «Эпический конфликт выводит на первый план события и личность героя, предоставив ему возможность самостоятельно действовать. В эпическом конфликте резкого поворота в сюжете и композиции, как правило, не бывает. Все подчинено в нем естественному ритму самой жизни» [2, 25]. Ал лирикадағы тартыс туралы ғалым: «Задача лирической поэзии - передать настроение индивидуума, вызванное его соучастием в происходящем. В силу этого художественный конфликт в лирической поэзии включает в себя меньше компонентов, нежели в эпической. Но степень драматизма событий и обстоятельств в личности выше уровня эмоционального начала в герое эпического произведения. Главное и в эпосе, и в лирике - отношение субъекта к миру» деп атап өткен [2, 34].

Тартыстың ерекшеліктері әдебиеттің тегі мен түріне байланысты. Эпоста және драмада тартысты бейнелеудің үлкен мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ драмаға әдетте кейіпкерлердің диалогында жиі көрінетін өткір қақтығыстар тән. З.Қабдолов: «Тартыс – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі, мақсат-мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі» деп атап өтеді [3, 176].

Лирикадағы тартыс туралы айту қиын, онда қарсы бастауларды сирек көруге болады. Бірақ өлең, мысалдардағы антитеза кейде сезім қақтығыстарын танытуы мүмкін. Нәрсенің бәрі қозғалысқа негізделеді. Лирикалық кейіпкердің сезім құбылыстары, эмоциясы, жалпы ішкі әлемі – лирикалық өлеңнің ішкі қозғалысы, динамикасын құрайды. Ішкі әлем ақын жасаған астарлы образдармен астасып жатады. Ақынның ішкі дүниесіндегі құбылыстар ол–өмір құбылыстарының әсері. Лирикадағы тартыс, драматизм, психологизм өзге жанрлардағыдай сюжеттік ситуация, оқиға арқылы көрінбеуі мүмкін, бірақ ақынның яғни лирикалық «меннің» күйініш-сүйініші, ой-сезімі арқылы көрінеді.

Әдебиеттануда қарама-қарсылық пен екі шектік көрінісі, яғни сыртқы кеңістіктегі және кейіпкерлердің ішкі әлем кеңістігіндегі күштердің қарама-қарсы күресі негізінде тартыс қалыптасады. Көркем мәтіндегі тартыстың сипаты мен ролі осы мәтіндегі шындық және жалғандықтың көрінуіне дәлел болып табылады. Әлемдегі қараңғылық пен жарық, жақсылық пен зұлымдық, жер мен аспан, дос пен жау тартысы адамзат баласының өмір сүру ұстанымдарына айналған.

Өмірдегі осы атаулы құбылыстарды көркем әдебиетте бейнелеу мақсатында көркем тартыс ұғымы пайдаланылады. Тартыс туралы әдетте

батырлардың күресінде пайда болған өткір қайшылықтар болған кезде айтылып жатуы да әбден мүмкін. Сондай-ақ, бұл күрес кейіпкердің санасында болуы өмірлік шындық. Тартыс әдетте туындының сюжетінде көрінеді, ол оны мына тұстарда бағамдауға болады: кейіпкерлердің қанағаттанбауы, бірдеңе алу немесе бірдеңе алудан қашу, оларды белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға мәжбүр ету сияқты. Әрбір шығармада аз, кейде көп қабатты тартыс жүйесі қалыптасады, бұл сюжетті неғұрлым күрделі етеді.

Тартыс-сюжеттің жаны, оның қозғаушы күші, сюжетте баяндалатын оқиғаның да, характер тағдырының шешімі де осы тартысқа, оның сипатына тікелей қатысты екендігі зерттеу еңбектерде айтылып жүр. Тартыстың, оның дамуы мен осы даму нәтижелерінің арқасында көркем мәтінде қарсылас күштердің соқтығысуы салдарынан туындайтын іс-қимылдың кернеуін немесе әлсіреуін, үдеуін немесе бәсеңдеуін деп атайды. Көркем мәтіндегі тартыс мінез-құлықтың қалыптасуының, дамуының, ашылуының басты көзі болып табылады, ол өз кезегінде, ол үшін де оның көзінің, "ұйымдастырушының" рөлін атқарады.

Көркем мәтін-сюжетке қалыптасатын жағдайлар мен оқиғалардың белгілі бір санының авторлық жеке көрінісі. Оқиға мен жағдай арасындағы айырмашылық-біріншісі сюжеттің динамикалық элементі, ал екіншісі оның статикалық элементі. Әдеби шығарманың сюжеті-бұл оқиғалар мен жағдайлардың орналасуы мен сипаты, және мұндай орналасу мен кезектестіктің мақсаты мәтіннің мағыналық ядросын құру, білдіру, екпін түсіру қажеттілігіне байланысты.

Сюжетті өрістетудің көзі және басты себебі болып табылатын тартыстың сипатына, әңгіме сюжетінің шиыршық атуы, өсуі немесе әлсіреуі, оның дамуын тежейтін элементтердің болуы немесе болмауы (мысалы, кейіпкердің, автордың, баяндаушының сипатталуы, портреттері немесе пайымдаулары) байланысты.

Тартыс және оның сюжетті құрудағы, дамуындағы рөлі туралы мәселеде бір жақты, бір қарағанда, бұл ерекшелікті алмастыруға болады. Көркем шығарманың қайталанбас ерекшелігі бұл сюжеттің көптеген ғасырлар бойы көркем әдебиетке танымал даулы схемалар негізінде құрылуы, олар тарихи қайталанатын, жиі қайталанатын, әр жолы жаңа авторлық өзіндік ұстанымы болады.

Сюжет пен тартыстың басталуы, дамуы, аяқталуы бар. Бұдан шығатын тұжырым тартысты сюжеттік құрылым, композиция, шиеленіс, әрекет дамуы, шарықтау шегі, шешім сияқты бөліктерге бағындырудың қажеті жоқ. Көркем туындының идеялық-тақырыптық қуаты негізінде сюжеттік компоненттер белгілі бір жүйе арқылы өрістеп, дамып, көркемдік шешімге келеді. Дегенмен кей тұстарда сюжет пен тартыс бір-біріне сәйкес келмейтін тұстары да кездеседі. Сюжет пен тартыстың үнемі бір арнада өрілуі міндетті емес екені анық. Қаламгердің авторлық позициясы, шығарманың идеясы тартыстың түпкі қабатынан орын алуы, ал сюжет теке сыртқы жамылғы қызметін атқаруы көркем тартыстың көпқабаттылығын танытады. Сондықтан да көркем

шығарманың бойынан сюжет пен тартысты қатар іздеу, сол арқылы талдау мен бағалау үнемі нәтижелі бола бермейді.

Сюжет пен тартыс адамның динамикадағы, дамудағы, адамның белгілі бір идеологияның иесі ретіндегі бейнесіне бағынады. Материалдық әлем үздіксіз қозғалыста, адам және қоғам – сондай-ақ әдеби шығарма жасау процесінде жазушы осы трансформацияларды көркемдік кеңістікке көшіру қажеттігімен, көркем туындыны шығармада бейнеленген тірі өмір тартысын туғызатындай етіп ұйымдастыру қажеттілігімен бетпе-бет келеді, сюжет, мінез-құлық, тартыс, дәуірдің, адам тағдырын, қайшылықтарды ашып көрсетеді.

Сюжеттің негізінде-типтік тақырыптар, әдеби үдерістің әртүрлі даму кезеңдерінде айтарлықтай өзгертін өзекті мәселелер жатады. Қазіргі заманғы сюжеттік желілер туралы айта келе, олар өткен және қазіргі ғасыр шындығының әсерінен пайда болатынын атап өткен жөн, олар заманауи шығармалардың негізіне жататын бірқатар сипатты жағдайларды қалыптастырды. Атап айтатын болсақ, кеңес өкіметінің орнауының алғашқы жылдарында болған зұлым репрессиялар, қуғындар, террор-оқиғалар. Сонымен қатар, өткен жүзжылдықта қазіргі заманғы трагедияны түсінудің өзге тәсілі табылды. Атап айтқанда, жазушылар мейірімділік пен зұлымдық, азап шегушілік, сондай-ақ өткен жүзжылдықтың «қорқынышты сәттерінен» халықты оятудың мәңгілік проблемаларына жиі жүгінеді. Қазіргі қазақ прозасында Құдайға құлшылық жасауға байланысты сюжеттер жиі пайда болады, ол болмыстың мәнін іздеу ретінде қабылданады. Болмыстың мәнін іздеу туындының сюжеттік желісінің негізі ретінде әлемдік постмодернистік әдебиетте де ұсынылған.

Қазақ прозасының көркемдік даму сипатын бағамдай отырып, доминанттық идея философиялық пікірлер болып табылатын туындыларда көп жағдайда сюжет екінші қатарға кетіп қалады. Себебі бұндай туындыларда сюжеттің аңыздық желінің деңгейіде алынуы оның дамуына әсер етеді. Кейіпкерлердің ішкі халіне, рухани толғанысына негізгі басымдылық беріледі де, осыған байланысты бірінің орнына бірі тез ауысады. Осыған орай, кей жағдайда дәстүрлі реалистік проза үлгілерін көркемдік тұрғыда талдау шығарманың терең қабатты идеялық нысанын ашуға мүскіндік бере алмайтыны даусыз. Туынды бойындағы ішкі драмалық жағдайлар сыртқы әрекетке айналуы немесе бір қалыпты дамып келе жатқан сюжеттің шиыршық атып шырығуы, өмірлік тосын жағдайлардың тартысқа айналып отыруы бүгінгі әдеби үрдіске тән екені анық. Кей жағдайда бұл мәселе көркемдік ұстанымға айналғанын да баса айтуға болады.

Әдебиеттегі тартыс – бұл өте кең түсінік. Тартыстың классикалық ұғымы бар. Классикалық тартыс – бұл мейірімділік және зұлымдық бастаудың, қараңғы және жарық, әдемілік және сұрықсыздық, биік және төмен, қадір-қасиеті мен кемшіліктерінің, күнәлар мен мейірімділіктің қақтығысы. Қарама-қайшылықты жағдайдың көмегімен автор тек сюжетті құрастырып қана қоймай, сонымен қатар оның дамуына мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оны жақсылық пен жамандық, жоғары және төмен, рухани және рухсыздықтың бір-біріне қарсы тұруы деп қабылдайды. Бұл құбылыстар мен

функцияларды туындының кейіпкері немесе "автордың көзі", яғни сюжеттен тыс жатқан, бірақ оған түсініктеме беретін, баяндаушы автордың пайымдаулары жүзеге асырады. Қақтығыстар және одан да күрделі, мысалы, автор тұлғасының шынайы сыртқы әлеммен қақтығысы бар, ол оған көндіге алмайды. Мұндай туындыларды осы тартыстан тыс қарауға болмайды, себебі олар мағынасын жоғалтады.

Әдебиеттегі тартыс түрлі қақтығысқа қатысатындар бойынша жіктеледі. Нақты тоқталатын болсақ, "тұлға – сол тұлғаның басқа қыры", "тұлға – басқа тұлға", "тұлға – орта", "тұлға – мән-жайлар т.б.". Әдеби шығармадағы ішкі тартыс – бұл оппозиция бойынша "жеке тұлғаның өзіндік қыры-тұлғаның басқа қыры" қақтығысы. Жалпы әдебиеттану ғылымында тұлғаның «екіге жарылуы» деген ұғым бар. Бір адамның бойындағы екі түрлі тұлғаға тән көзқарас. Т.Әбдіктің «Оң қол» туындысындағы Алма образы осындай қырда бейнеленген. Сондай-ақ жеке тартыс деген тартыс түрі бар. Бұл "тұлға – тұлға" оппозициясы бойынша тартыс түрі. Тартысқа нақты адамдар мен адамдар топтары кіреді. Әдебиеттегі тұлғааралық тартыстың типтік мысалы ретінде кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы ескі мен жаңаның арасындағы тартыста алуға болады. Тұлғааралық қақтығыстар арасында «әкелер мен балалар» қақтығысы бөлек түр. Ұрпақтар арасындағы мәдени және идеологиялық алшақтық тым үлкен болған тұстар кездеседі. Мұндай қақтығыстар өмір бойы тым тез және түбегейлі өзгергенде үлкен әлеуметтік күйзелістер дәуірінде пайда болады. С.Мұратбековтың «Ата», Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімелеріндегі әке мен бала арасындағы дүниетанымдық қайшылық осы тартыс түріне әкеледі. Ішкі тұлғалық тартыс түрі көп көріне бермейтін бірақ тартыстың маңызды түрі болып табылады. Мұнда кейіпкер нақты біреуге немесе өзіне қайшы келмейді. Ол тағдырмен, өмірлік жағдайлармен, жүйемен, қалыптасқан заңдылықтар күшімен ымырасыз күреске түседі. Бір шығармада қақтығыстың бірнеше түрі кездеседі. Оқырман назарын аударатын жақсы шығармада, тартыс түрлері әдетте бірнеше. Әдебиеттанудағы дәстүрлі тартыс түрлерінен басқа әдеби тартыстардың басқа түрлері де кездеседі. Әдеби тартыстың мынадай түрлерін атап көрсетуге болады: психологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық, махаббат, символдық, философиялық және идеологиялық. Бұл жіктеу әрине шартты түрде. Шығарма табиғатында ол саналуан болуы мүмкін. Психологиялық тартыс бұл ішкі қақтығыс. Тартыстың бұл түрі романтизм әдебиетінде және қазіргі интеллектуалдық романда жиі қолданылады. Әлеуметтік-тұрмыстық тартыс - бұл қоғамдық қатынастардың қақтығысы. Махаббат қақтығысы — бұл бір-бірін сүйетін екі кейіпкерлер арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері немесе олардың махаббатына бүкіл әлемнің оларға қарсылығы негізінде көрінеді. Символдық тартыс — бұл бейне мен шынайы әлем қақтығысы. Философиялық тартыс - дүниетаным қақтығысы. Идеялық тартыс философияға жақын, бірақ заттардың мәнін ұғынуға емес, өзін білгілі бір топқа жатқызуға бағытталған. Бір шығармадағы қақтығыстардың түрлері, түрлері сияқты бірнеше болуы мүмкін. Бірақ мұнда әр түрлі тақырыптарды қозғаушы жан-жақты шығарма және автор өзіне белгілі барлық әдеби

ресурстарды тиімді деп санамай іске қосуға тырысады. «Көркем шығарма қаһармандарының арасындағы қайшылық, тартыс олардың қарым- қатынасынан, іс-әрекеттерінен, әр қилы көзқарастарынан да көрінеді» [4, 196 б.].

Әдебиеттану ғылымында жарық көрген көптеген еңбектерде тартыс категориясына қатысты мәселелер азды-көпті айтылғанымен оны бағалауда тың нышан байқала қоймады. Бұрыннан қалыптасқан қағидалар басшылыққа алынып жүрді. Социалистік реализм әдісіне негізделіп жазылған көркем шығармалар тартыс категориясына берілетін сипаттаманы да белгілі бір қағидаға негіздеп тастағаны белгілі. Дегенмен, әдебиеттегі сапалық өзгерістер тартыс категориясымен тығыз байланысты. Себебі қоғамдағы, адам санасындағы өзгерістерді жан-жақты, терең таныту үшін суреткер өткіртартыстарға барары сөзсіз.

Ұлттық прозада соңғы жылдары дәстүрлі дағдылардан оза шығып, тартысқа жаңа мән беретін үрдіс байқалып жүр. Жаңа қоғамдық ой-сана, дәуір тынысы күрес аренасына қандай тартыс түрлерін алып келгендігін бүгінгі қазақ жазушыларының туындыларынан байқауға болады. Осы орайда қаламгерлердің әлемдік әдебиетте болып жатқан сан алуан ізденістерге құлағы түрік екенін есте ұстау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. 320 б.
- 2 Шаззо К.Г. Художественный конфликт и эволюция жанров в адыгских литературах. – Тбилиси: Мецниереба, 1978. – 238 с.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

ӘОЖ 85.2 (5Қ)

Карбай Жанэль Жанбырбайқызы
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» ҚеАҚ
zhanelkarbaeva03@mail.ru

Тлеубердина Гүлден Токатовна
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» ҚеАҚ

ТАРИХИ ЖЫР, ДАСТАНДАРДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН ТҰЛҒАСЫ

Аннотация: Мақала XVIII ғасырдың 30 жылдары ішінде қазақ хандығын басқарған ең ірі де бірегей тұлға саналатын Абылай ханның тарихына көз жүгіртіп, тарихта алатын орны мен қалыптасқан тұлға ретіндегі сипатына арналады. Үш жүздің келешегін ойлайтын, соңынан ер азаматы түгел еретін, дұшпанының бақытын байлайтын, көрші елмен татуласып, тіл табысатын, өзі шешен, сардар, данышпандығы баяндалады. Азаттыққа жаңа өмірге бастаған хан Абылайдың жарқын бейнесі халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, көптеген тарихи жыр, дастандардың, ауызша әңгімелердің

сүйікті де тұлғалы кейіпкеріне айналады. Ауыз әдебиетінің өзге салаларының ішінде тарихи жыр, дастандардың ерекшелігі ондағы оқиға тарихи шындыққа сәйкес жырланады. Тарихи жыр мен дастандардың тағы бір қыры Абылайдың тұр-тұлғасы, келбетінің берілуі. Абылайдың соғыстағы, саясаттағы, ел билігіндегі алуан істеріне баға беріледі, заманының ерекшеліктері сипатталады.

Тірек сөздер: *Абылай хан, тарихи жыр, ауызша халықтық үлгілер.*

Тарихи өлең өмірде болған, нақты оқиғалар мен белгілі істермен ел есінде қалған адамдарға арналған шағын әрі эпикалық сарыны бар шығармалар болып табылса, сол замандағы ірі тарихи тұлғалардың ерліктері, қайраткерлік істері жайлы туған шағын өлеңдер, әңгімелер біртіндеп арада біраз уақыт өткен соң, не көз көргендердің ішіндегі мықты бір ақын немесе басқа бір талантты ақын баяғы шағын өлеңдерді өзінше жиыстырып, бұрынғы мазмұны бойыншы сюжет құрап, кейде жанынан қосып, көркемдеп қайта жырлайды. Сөйтіп тарихи жыр туады. Тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі сол заманның оқиғаларынан туып өрбіп жатады [3. 18-19].

Ұзақ тарихи толғау, өлең-жырлардан кейін тарихи оқиғалардың ізін ала туғандығы мәлім. Мұнда үлкен оқиғалардың жекелеген фактілері ғана қамтылмайды, сол оқиғаның басы-қасында жүрген, ерлік істермен, ерекше қасиеттерімен, ақыл-қайратымен танылған тұлғалар жырланады. Сондықтан кейіпкердің болмыс-бітімін терең ашу үшін кейде бірнеше оқиғалар желісі алынып, түрлі поэтикалық тәсілдер қолданылады және кейіпкеріне, заманына деген жыршы, ақын көзқарасы, бағасы қоса берілетінін де байқау қиын емес. Қалай деген де, дер кезінде туған тарихи шығармалар бергі кездің әртүрлі қоғамдық жағдайларына, ой сананың өсіп ұлғаюына байланыстыр жаңарып, жаңғырып отырған. Тарихи туындылар – халқымыздың басынан кешкен әртүрлі әлеуметтік оқиғалардың негізінде, тарихта болған адамдардың батырлық істтерінің негізінде туған, елдің ерлік салтын, әдет-ғұрып, рухани күшін бейнелейтін құнды қазынаның бірі болып саналады [12, 157-158].

Абылай хан тұлғасы тарихи өлең-жырларда, толғауларда XVIII ғасырда билік басында болған кезеңдегі жыраулар поэзиясында қандай да бір тарихи оқиғалар негізінде, ешқандай қоспасыз, әсірелеусіз, бар шындығымен көркем жырланса, кейіннен жаңа оқиғалармен байытылып, мазмұндық құрлымы бөлек, көркем тілді, өткір сюжетті эпикалық үлгідегі тарихи жырларға, дастандарға да өзек болған. Бұлай болуы әрине заңды. Себебі, тарихи жырлар тарихи құбылыстардың сыры мен шындығын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Абылай заманынан кейінгі мұралардың көбісі бірден бірге ауызша жырланып жеттікен бай мұралар деп есептейміз. Бағалы болуының бірден бір себебі, «Тарих пен ауыз әдебиеті бір-бірін толықтырушы, дамытушы». Халқымыздың ауыз әдебиетін дұрыс түсіну үшін әлбетте тарихқа үнілүміз керектігі мәлім. Осы тұрғыдан келгенде Абылай туралы тарихи жырлардағы кейбір оқиғалар сол уақыттағы тарихи шындықпен үйлессе, екінші жағынан, онда Абылайдың қайраткерлік, қолбасшылық, дипломатиялық қызметтері шынай көрініс тапқан. Сол кезеңде өмір сүрген айтулы би батырлар жайындағы тарихи жырларда да – Абылай басты қаһармандардың бірі. Жырды шығарған ақын, жыршы сол дәуірдің жақсылықтарын Абылай атымен астастырады.

Абылай тұлғасын сомдауда ақындар жасандылыққа бармайды, кейіпкердің ерлік істеріне, жеңісті жорықтарына, адамгершілік қасиеттеріне, халқы үшін атқарған ұланғайыр қызметіне ерекше мән береді.

Біздің заманымызға біраз тарихи жырлар жетті. Соның бірі – Шоқан Уалиханов жазып алған «Абылай туралы жыр» Абылайдың қырғызға жорығын баяндайды. Мұның басқа тарихи жырдан ерекшелігі, «фольклор дәстүрінде жасалуы» [5,4.10]. Жыршы Абылай образын жасауда, эпикалық дәстүр үлгісін ұстана отырып, жаңа көркемдік тәсілдер қолданғаны байқалды. Мұны тарихи жырлар өзінің тіл кестесі, көркемдік бейнелеу жүйесі бойынша ежелгі эпикалық дәстүрді дамытып отыратындығын аңғарамыз. Сондай-ақ батырлық эпосқа тән әсірелеу бар. Мысалы:

Көк бөрідей желді хан,
Ителгідей ілді хан.
Қаршығадай қақты хан,
Тұрымтайдай қонды хан [4, 265].

деп ханның ұрысқа аттанысын аң-құстың әрекетімен шендестіреді.

Енді бірде:

Абылай ханым жүруші ең,
Қаздай болып қаңқылдап,
Бөрідейін бұрқылдап,
Сай суындай сарқылдап,
Жай тасындай жарқылдап [4,266].

деп ханның бойындағы ерекше қасиеттері Керей Тұрсынбай батыр мадақтауы арқылы дәріптеледі. Абылайдың ұрысқа кіруі фольклорлық үрдіспен беріледі:

Сүйегінде бар Абылай,
Қарт бурадай шабынды...
Абылайдай тақсыр хан,
Айыл тұрман тағындай
Арғымағын оздырып [4,266].

деген жыр жолдарына назар аударсақ, Абылай батырларын жігерлендіріп жорықтың алдыңғы сапында жүргені аңғарылады. Абылайдың Сәдірге Жауғашты жіберіп, екі елді жауласып, табысып, бітімген келуге шақыруы, Талас пен Келесті бірге жайлауды ұсынуы – адамгершілігі, парасаттылығы. Абылайдың қырғыздармен келісімге баруы шындық болса керек. Жырда бірқатар тарихи шындықтар ашылады.

Абылайдың Еділ қалмақтарымен соғысы М.Ж.Көпейұлы жазып алған Қүдері қожа Көшұлы жырында шынайы суреттеледі [17,88]. Жырда Абылайдың ұрыс жүргізу тактикасы әбден меңгерген, мол тәжірибе жинап, жау әскерінің ерекшеліктерін жетік білген қолбасшылық қыры танылады. Атап айтқанда: соғыста айқайлап ат салмауды, аттан түсіп жатпауды, қараңғыда от жағып, темекі тартпауды, ат үстінен мылтық атпауды, ондайда жаудың жай жатпай, қарсы оқ ататынын айтып, сарбаздарын сақтандыруы, дұшпанының амал-айласын білуі – осыған дәлел. Бұл Абылайдың Еділ қалмақтарын бір жолата талқандаған соңғы ұрыстарының бірі екендігі даусыз.

Жырау сондай-ақ Абылайдың елі мен жерін азат етудегі әділетті күрес жолын ұстанғанын, бұл жеңіске құдай жақ болғанын атап өтеді. Әрі Абылайдың Еділ қалмақтарын талқандаудағы қолбасшылық дарынын мақтанышпен көрсетеді.

Кешегі өткен Ғазизлы,
Ер Абылайды айтайын.
Ер Абылай аруақты,
Дұшпанына салмақты [1,80]

деп қолбасшылық қасиетін, жеңісті жорығын аруақтылығымен, батырлығымен астастырады. Жырау «Атадан артық туған жер ер Абылай», «аруақты Абылай» деп ардақтайды. Қалмақтардың жеңілуін Абылай аруағының асқандығынан деп түсіндіреді.

Абылай жайындағы тарихи жыр-дастандардың біразы сақталса, біразы жоғалып кеткен. Ауыздан ауызға тараған туындылардың бәрі де қағаз бетіне түсіп үлгермеді. Солардың бірі – «Абылай хан» тарихи жыры (авторы белгісіз). Бұл жыр «бастағы үй, асқан қазан жұртта қалып, тау асып, қайың сауып» тоз-тозы шыққан қазақтың «Ақтабан шұбырынды» заманында Абылайдай хан болмаса, қазақ халқы да жер бетінде жоғалар еді деген ойды меңзейді. Әкесі ел азаттығы үшін жау қолынан қаза болғанда, іште қалған алты айлық бала Әбілмансұрдың он төртке толғанда қалмаққа кеткен кегін қуып, елін іздеп, Төле би ауылына келуі қызықты баяндалады.

Құс болса ақсұңқардың балапаны,
Адам болса, заты артық, асыл жаны.
Ержетіп аман-есен атқа мінсе,
Ел-жұрттың болатындай арыстаны [1, 184].

деп оның болмыс-бітімін тектінің тұқымы екенін, болашақ ел билеушісінің қасиеттерін байқайды. «Шудаланып өсіп кеткен шашынан» Сабалақ атанған баланың ерекше қасиеттері де біртіндеп таныла бастайды.

Сабалақтың қой, түйе бағумен бірге, отын әзірлеп, от жағып, іркіт пісіп, құлын байлап, бие сауғызуға көмектесіп, жасынан шаруақор болып өскені айтылады, Төле би оның екі қолын, екі аяғын екі жаққа керіп жатысынан, төрт тарапты меңгерем деген ел билеушілік қасиетін, басының биік жатуынан «ел – жұрттың кемеңгері» болар қасиетін, «ел тұтқасын» сезеді. Абылайдың алғашқы есте қаларлық ерлігі – Шарышпен жекпе-жегі – жырдағы ұтымды эпизоттардың бірі. Алдымен Шарыштың дене бітім таныстырылады:

Зор дене, түсі суық, шойын қара, Байқасаң
жүз кісілік бардай шама [1,193].

Сондай-ақ оның күш-қуатының «таңдаулы бес қаруы өзіне сай», «мың пұттық қара тасты өңгергендей», «білектей бел ораған айдары дуылғалы мұнараға ұқсайды» деп ерекшеленуі де – эпостарға тән кейіптеу, әсірелеу. Жыршы бір жағынан Сабалақтың мықты жаумен айқасқа қаймықпай түсуін жүрекжұтқандық, батырлық деп көрсете, оның «Абылайлап» ұрандап, жекпе жекте Шарыштың басын кесіп алуын ерен ерлік санайды.

Жырда Абылай ханның кескін-келбетін сомадауы және әр батырға сипаттама ұтымды берілген:

Жан еді жазық маңдай, дөңгелек көз,
Ат жақты, қыр мұрынды, алкүрең жүз.
Ақ тісті, қара қасты, қою сақал,
Қайраттық белгісінен бетінде із.

Қабағы қатуланып түйсе кімге,
Кіреді ия інге, иә дінге.
Батырдың азығы – ет, сусыны – құрт.
Ішпейді қызыл шайды ұқсап бізге [1, 222].

Ақын Абылайдың түр – тұлғасын суреттеумен бірге, мінез бітіміндегі ерекшелікті атайды, қандай тағамды ұнататындығын білдіреді.

Жырда Абылай – даңқты хан, абыройлы мемлекет басшысы ғана емес «қылышынан қан сорғаланған» қайсар батыр, қаһарлы қолбасшы.

«Абылай хан» атты тағы бір тарихи жыр «Қазақ әдебиеті хрестоматиясында» 1944 жылы Қ.Бекхожин көшіруімен жарияланған. Бұл жыр сирек қолжазбалар қорында сақтаулы. Жырды М.Әуезов «Қазақ әдебиеті тарихында» жеткілікті талдаған. Ғұлама ғалым «жырда тарихтық фактілер көп, тарихи оқиғалардың болған кезі, себебі, тарихи кісілердің аттары, істері көп кездеседі. Көбінесе тарихи шындыққан жақын көрсетіледі» деп баға береді. Біздің де мақсатымыз – жырдағы оқиғаның тарихи шындықпен қаншалықты қабысатындығы, жырды шығарушының тарихи дерек көзін қалай пайдаланғандығы, Абылайдың бейнесін сомадаудағы ерекшелігі жайында болмақ.

Дастанда түйе, жылқы бағып, тындырымды ісімен, ақыл-қайратымен Төле биге ұнаған Сабалақ бейнеленеді. «Төле би құл да қылды, ұл да қылды» деген жолдар дана бидің Абылайды әр істе сынап, бойындағы адамгершілік қасиеттерін жете танығанын аңғартады. Сабалақтың қалмақпен соғысы, Шарышпен жекпе-жегі жайлы кейінен айтылады. Ақын Абылайдың ел билігіне зор ақыл-парасатымен, ерлік істерімен келгенін мәлім етеді.

Шырағым, сенен жақсы халық епті,
Үш жүз болып бас қосып барғаныңда,
Қалмаққа күшің асып болдың мықты,
Абылай, болды сенің көңілін ақ,
Жүргенде таза болып құдайға жақ [10, 305].

деп Төле би Абылайдың жоңғармен соғыстағы ірі жеңісін, оның қолбасшылық ісін шынайы бағалап, ел билігінде таза, әділетті хан болуына тілектестік білдіреді.

Абылай – елдің ынтымақ-берекесін ұйыстырушы, жеңісті жорықтар мен даңқты істердің көшбасшысы, ұлы қолбасшысы деп дастанда оның ел билегіндегі қызметі айрықша аталады.

Абылай өзі болып тұрғанында,
Қай жердегі патша да мойын бұрды.
... Абылай барда ұрлық, қорлық, сөз жойылған,
Билерге жеті жарғы ат қойылған.
Өзі білген ғадалатын аяған жоқ,

Өзі өлгенше тайған жоқ сөзі орнынан [10].

«Абылай хан» жырының кейбір тұстарының Көкбай ақынның «Сабалақ – Абылай хан» дастанымен ұқсас келуі де үлкен шығарма нұсқаларының ауызекі айтылып бізге жеткен үзінділері болар деген ой жетелейді.

Қорыта келе, Абылай жайлы тарихи жырлар мен дастандардан түйеріміз: ақындардың, жырды жеткізушілердің қайсысы да Абылай өмірінің ерекше кезеңдеріне, ерен ерлік істеріне, тұлға бойындағы өнегелі қасиеттеріне тоқталып өткен. Ондағы белгілі бір сюжеттік қайталаулары, оқиғаның мазмұндық жақындығы Абылай өмірінің күрделі кезеңдерін көрсетуде аңғарылады. Абылайға деген шексіз сүйіспеншілік ақын-жыршылардың образды ашуда көркемдік бейнелеу үлгілерін ұтымды қолдануынан да көрінеді. Абылай біржақты, жадағай мақталып, дәріптеледі. Түрлі бейнелеу үлгілері арқылы образы ашылады.

Тарихи жыр мен дастандардың тағы бір қыры Абылайдың түр-тұлғасы, келбетінің берілуі. Хан ордасының сән-салтанаты да көзбен көргендей әдемі суреттеледі. Абылайдың соғыстағы, саясаттағы, ел билігіндегі алуан істеріне баға беріледі, заманының ерекшеліктері сипатталады, яғни оны «еркін өмір», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «жауы мұқалған заман», «тыныш та берекелі заман» – деп бағалайды.

Жыр-дастандардағы сюжет негізінен Абылай басынан өткен оқиғаларға құрылған, композициялық құрлысы қызықты, көбінесе Абылай өмірінің елеулі кезеңдері жырланады. Әсіресе Шарыш пен Абылай жекпе-жегі әсерлі, өткір сюжетпен дамытылып, оқырманды қызықтырып, баурап әкетеді.

«Ел тарихында сол заманның пікір жолындағы басшысы, табалдырығы Абылай заман болатұғын. Соңғы заман адамы ойы суатын, саяси бағытын артқы дәуірден алды. Сондықтан бір заман толғау айтқан кейінгінің ақыны мен ақылшы басшысына қадірлі аруақ, қасиетті ұран сияқты болды» деген М.Әуезов пікірі. Абылайдың тарихи жыр, дастандарда негізгі кейіпкерге айналуының ерекшелігін сипаттайды. Сондықтан «Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры» деген Шоқан сөзі дәл де биік баға. Абылай елдіктің, ерліктің ұраны, батырлықтың өнегесі, ел билігінің жүрегі, ел үмітінің тірегі. Сондықтан ол өз дәуіріндегі және одан кейінгі ғасырдағы ақын-жыршылардың шығармашылығының алтын өзегіне айналған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абылай хан. - Алматы: Жазушы, 1993. - 416 б.
2. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым. – 1993.
3. Абылай хан. Тарихи жырлар. 1 том. - Алматы: Білім, 1995. – 415 б.
4. Уәлиханов Ш. Абылай хан туралы өлең жырлар және тарих. – Алматы: Білім, - 1995.
5. Толыбаев Қ. Хан Абылай. «Шалқар», №221. - 991 б.
6. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
7. Бабалар сөзі.Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 215 б.

8. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 175 б.
9. Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы. /Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым. – 1993. – 82 б.
10. Абылай хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). – Алматы: Ғылым, 1993. – 9-10 бб.

ӘОЖ 8.82.02

Курманаева Алтыншаш
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
dreamaltynshash@gmail.com
Кажибаяева Гүлден Кенесовна
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
guldenkgk@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАСТАР ПРОЗАСЫ

***Аннотация:** Мақалада әлем әдебиетінде кеңірек тараған жастар прозасы жанрының қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісі экзистенциялық көзқарастар негізінде дәлелденді. Сонымен қатар, жастар прозасында шығарма жазатын жазушылардың шығармаларына аналогиялық талдаулар жасалынды.*

***Тірек сөздер:** проза, субстанция, стиль, роман, экзистенция.*

Бүткіл әлем әдебиеттану ғылымында «жастар прозасы» деген когнитивтік көзқарас бар. Зайырында, жастар прозасы – ғылыми еңбектерде жастар өміріне арналған әдеби жанр әрі бағыт ретінде түсіндіріледі. Аталмыш бағыт көрші Ресей әдебиетінде 1950-інші жылдары пайда болса, қазақ әдебиетінде 1910- 1925 жылдардан бастау алады. Өйткені дәл осы жылдары Міржақып Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романын, Спандияр Көбеев «Қалың мал» романын, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» романын, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Әділ мен Мария» романын, Мағжан Жұмабаев «Шолпанның күнәсі» әңгімесін, Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романын, Бейімбет Майлин «Раушан-коммунист» повесін, Сәбит Мұқанов «Мөлдір махаббат» туындысын және т.б. бірқатар жазушылар шығармаларын жарыққа шығарған болатын. Ендеше, қазақ әдебиетінде «жастар прозасының» субстанциясы 1910-1925 жылдардан тамыр тартады деуге толықтай негіз бар. Бұдан кейінгі «жастар прозасының» прагматизациясы қайта құру жылдарына саяды. Қайта құру жылдарында қазақ қаламгерлері жастар тақырыбында көбірек қалам тербеді. Атап айтқанда, Бердібек Соқпақбаевтің «Өлгендер қайтып келмейді» романы, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдары», Төлен Әбдіковтің «Оң қол», «Қонақтар» әңгімесі, Бексұлтан Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үміті», Зейін Шашкиннің «Доктор Дарханов» романы – қазақ әдебиетіндегі жастар прозасының мәңгі алтын қазығы іспеттес. Қазіргі қазақ әдебиетінде де аға буын өкілдерінің ізін қуған жас прозашылар жоқ емес. Өткен ғасыр мен жаңа заман әдебиетінде де қазақстандық жазушылар жастар прозасы жанрында

қалам тартқан һәм әлі де жауһар шығармалар жазып, еліміздің мәдениеті мен өркениетіне өзіндік өлшеусіз үлестерін қосып келеді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жастар прозасы – жас жазушылар мен сыншылардың басын біріктерген киелі қарашаңырақ. Бұл ұядан талай мұзбалақ шыңдалып, қанаты алты құлаш сұңқар болып ұшып шыққан. Олар қазақ әдебиетінің көк байрағын ашық аспан кеңістігінде желбіретіп қана қоймай, алтын сабын Тянь-Шань тауының мұнар басында қалдырған. Бірақ сайып келгенде, әуелде жас қаламгер ретінде танылған прозашыларымыздың жартысына жуығы – бүгінде бірталай кемел жасқа келіп өзіндік жазу стильдерін қалыптастырып үлгірген кілең тарлан жүйріктер. Сондықтан, біздің пайымдауымызша, қазіргі қазақ әдебиетіндегі прозашыларды «тәуелсіздіккезеңдегі» және «тәуелсіздіктен кейінгі» деп бөлу қажет сияқты. Өйткені тәуелсіздік алғанан кейінгі жылдардағы прозашылардың қатары едәуір артқан. Әрине, қазақ қаламгерлерінің сан-сапалық жағынан толығы – көңіл қуанттарлық жағдай. Алайда қазақ прозашыларын жүйелеу де – қазіргі заман әдебиетінің басты міндеті болмақ. Міне, осы, мәселені жадымызда мықтап ескере отырып, біз әдебиет додасында мыңнан тұлпар атанған қаламгерлерді жарияланым мерзімі бойынша кезең-кезеңге бөліп қарастыруды жөн көрдік. Мәселен:

- 1) Тәуелсіздікке дейінгі қазақ прозасы. XX-ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың I-інші жартысында әдеби-көпшілік журналдарда үздіксіз жарияланып отырған жазушылар: Әкім Тарази, Дүкенбай Досжан, Заман Төлеуов, Нұрдәулет Ақыш, Толымбек Әбдірайым, Қуандық Түменбай, Таласбек Әсемқұлов, Тұрысбек Сәукетай, Дидахмет Әшімхан, Жүсіпбек Қорғасбек, Талаптан Ахметжан, Асқар Алтай және т.б. талантты жазушылар.
- 2) Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ прозасы. XXI-ғасырдың II-інші жартысында шығармалары жарық көре бастаған жазушылар: Думан Рамазан, Нұрлыбек Саматұлы, Сәуле Досжан, Роза Мұқанова, Ерболат Баятұлы, Дидар Амантай, Қойшыбек Мүбәрак, Ділдер Мамырбаева, Зира Наурызбаева мен Лиля Клаус және т.б.
- 3) Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ прозасы: Ербол Бейілхан, Дәурен Қуат, Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Аягүл Мантай, Бейбіт Сарыбай, Мақсат Рамазанұлы, Қанат Әбілқайыр және т.б.
- 4) Қазіргі қазақ прозасы. Жаңа заман әдебиеті. Қазақ әдебиетіндегі жас прозашылар: Рүстем Сауытбай, Зәуре Төрехан, Бақытбек Қадыр, Өлішер Рахат, Есбол Нұрахмет, Жәудір Нартай, Мейіржан Жылқыбай, Нұрбек Нұржанұлы, Разия Акпар, Алтынай Берік және т.б. жас қаламгерлер жатады.

Қазіргі жаңа заман әдебиетіндегі жастар прозасы жайында ауыз толтырып айтар жайттар көп. Жиырма бірінші ғасырдағы жастар прозасы – жазу тенденциясымен һәм қарқынды даму сипатымен ерекшеленеді. Жастар прозасында жазуға деген құштарлық пен қуат бар десек еш қателеспеспіз. Сөзіміз «абсурд» болмас үшін бір-екі жас жазушының шығармасына қысқаша талдау жасап көрерлік.

Футурология – болашақты болжау туралы жанр. Ғаламтор деректеріне сүйенсек, футурология терминін 1945 жылы әлеуметтанушы ғалым Осип Флехтхайм өзінің «Олдосу Хаксли» жазбасында ұсынған. Кейін терминнің танымал болғаны сонша, оны жазушылар да қолдана бастады. Бірақ жанр болашаққа бағытталған деп футурология мен фантастиканы бір тек ретінде қарастыруға мүлде болмайды. Фантастика автордың қиялынан туған болашақ туралы жанр болса, ал футурология таза ғылыми фактілерге негізделген гипотеза. Көрнекті шетелдік ғалым Ю. Шкурко «Ғылыми фантастика мен футурологияның әлеуметтанулық сәйкессіздігі» атты мақаласында: футурологияның басты мақсаты болашақты болжау екендігін айта келіп, футурологтарға Станислав Лемді жатқызады. Қазақ әдебиетінде футурологиялық жанрдың жазушысы – Бақытбек Қадыр. Жазушы Бақытбек Қадырдың «Жасыл шатырлар» әңгімесі – бүгінгі қоғамның әлеуметтік жағдайын танытатын тың туынды. Туындыда аспанан түскен адамдардың қилы тағдыры, бас кейіпкердің іс-әрекеті тартысты суреттеулермен баяндалады. Мәселен: *Көше шырағы бұлыңғыр ғана түсіп тұрған, бажайлап қараса, кәдімгі аспаннан адам жауып тұр. Денесі дір етті. Әрі таңырқап қалған, өне бойы мұздап қоя берді [2]*, – деген жолдарға назар салсақ, футурология жанрына тән белгілерді көреміз. Дәлірек айтқанда, аспанан адам жауу мотиві – футурологиялық концепцияның негізін құрағандығын һәм оның мәнісін ашқандығын ұғынамыз.

Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ әдебиетінің тума талант жазушысы Аягүл Мантайдың «Қабір гүлі» әңгімесі – таза мистикалық жанрында жазылған шығармалардың бірі. Шығармада «өлім» өлшемі ауыр суреттеулермен беріледі. Жазушы қабір гүлінен қаза тапқан Бұрым өлімі арқылы қабір басына себепсіз жоламауға, бар өмірді бағалай білуге үйретеді. Мәселен: *Мен ол кезде ағаларымды ұйқысынан оятатыныма сенуші едім. Қаншама жылдар өтті. Көкелерім ұйқысынан оянар емес... [3]*.

Қорытындылап айтқанда, қазақ әдебиетінің сахнасын бағындырған дарынды жазушылардың творчествосы әлі де зерттеле түсуі керек демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (Повестер мен әңгімелер): филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.01.02 мамандығы бойынша / Балтабаева Ғауһар Саядылқызы, – Алматы: [Б.ж.], 2010.
2. Бақытбек Қадыр. Жасыл шатырлар[Электрондық ресурс] / Қадыр Бақытбек. – Қазақ әдебиеті газеті: <https://qazaqadebieti.kz/25292/ba-ytbek-adyr-zhasyl-shatyrlar>
3. Аягүл Мантай. Қабір гүлі [Электрондық ресурс] / Аягүл Мантай. – Ақжелкен журналы: <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34109>

Каблашева Айсулу Умирзаковна
 «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ
Aisulu-zhamalieva@mail.ru

А.БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

***Аннотация:** Мақала қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалымы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі психологизм элементтері мен мысал, өлеңдеріндегі, әңгімелеріндегі психологиялық көзқарас туралы. Мақалада зерттеуші ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі «Дарынды сөз» тарауында кездесетін «толғау» сөзіне берілген анықтамасы талданады. Оған мысал келтіріледі. «Сөз өнері» тарауында автордың «ақыл», «қиял», «көңіл» ұғымдарына қатысты айтқан ойы беріледі. А.Байтұрсынұлының «Қазақша оқу жайынан», «Мектеп керектері» атты мақалаларындағы психологиялық көріністер жайлы пікірлер айтылады. Кей өлеңдері мен мысалдарының, әңгімелерінің мазмұны ұсынылады. Ондағы адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеті сыналып, тәрбиелік мәні ашылады.*

***Тірек сөздер:** толғау, ақыл, қиял, көңіл, психологиялық көзқарас, мінез-құлқы*

Жылдар бойы дамып келе жатқан психологизм ұғымы қазақ әдебиетіне ХХ ғасырдың басында көзге айқын көріне бастады. Оны біз Ж.Аймауытовтың, А.Байтұрсынұлының, М.Әуезовтың, М.Жұмабаевтың, т.б. еңбектерінен көреміз.

А.Байтұрсынұвтың 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Дарынды сөз» деген тарауында көркем шығармалардағы ішкі әлемнің көрінісін «толғау» деп атай келіп, оған былай деп анықтама беріп өтеді: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілдің күйіне түсіріп, халын түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасын айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі, ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [1, 104]. Яғни, жазушының ойынша, толғау дегеніміз – адамның ішкі дүниесі, түрлі эмоциялық сезімдердің көрінісі: ғашықтық, сағыныш, қайғы, күйініш, кейістік, кіжініс, өкпе, наз. Толғаушы ақын өзінің ғана көңіл-күйін толғамай, басқа да адамдардың хал-жағдайын түсініп, оның күйіне түсіп толғайды. Бұған мысал ретінде «Күнім-ай» атты қазақтың халық әнін келтірсек болады:

Көзіме көріндің де кетіп қаддың,
 Кәдірі болмайды екен қолда бардың.
 Әйдем де болмай жатып сағынғаннан,
 Өлеңмен атыңды атап, әнге салдым.

Сағындым, жаным, сені бір күн болмай,
 Жолыңа көп қарадым шыдай алмай.
 Кетіппін, жаным, саған қатты үйреніп,

Көңілім басылмайды бір жыламай.

Шырағым, жүзің раушан, сөзің балдай,
Жолыңа қараймын деп көзім талды-ай.
Бір себеп ойлағанға бола ма деп,
Иіскеймін сағынғаннан орамалды-ай.

Жан еркем, мен жүремін мұндай күймен,
Бар ма екен ашық жарын мендей сүйген?
Сен бір шам, айнала ұшқан мен паруана
Айналып аламын деп отқа күйген.

Есімнен еш кетпейді сүйген жаным,
Білмейді ешбір адам менің халым.
Құдай-ау, ырзалықпен айрылмадым,
Көңілімде бұл турада көпті арманым.

Басымнан еш кетпейді қара бұлт,
Құдайдан етуші едім қатты үміт.
Япырым-ай, бұ не деген істер болды?
Көргенім, ойнағаным, бәрі де ұмыт.

Барады ішім толып қайғыменен,
Детуші едім айрылмаспын сүйгенімнен.
Бар қайғы дүниедегі басымда тұр,
Айтамын өлең қылып күйгенімнен.

Қапалық көңілімдегі әлең болған,
Ойласам, еске түсер өткен заман.
Бар ма екен дүниеде мендей адам
Көңіліне қапалық пен қайғы толған?! [1, 121].

Бұл өлең шумақтарынан, «сағындым, жаным, сені бір күн болмай», «жолыңа көп қарадым», «көңілім басылмайды бір жыламай», «иіскеймін сағынғаннан орамалды-ай» деген секілді өлең жолдарынан толғаушы ақынның ғашықтық, сағыныш күйін сезіп отырмыз. Қолда бардың қадірін білмей, жақындарымыздың қадірін бағаламай, жоғалтқанда оған зар болу, оны сағыну – барлық адам баласына тән нәрсе. Адам баласының тіршілігі сондай.

А.Байтұрсынұлының айтуынша, «ақынға дүниенің әдемілігі көрік пен махаббат екеуінде ғана» [1, 170]. Бұл екеуі көңілді не сүйінішті күйге түсіреді, не күйінішті күйге түсіреді. Осыған байланысты толғаудың бірнеше түрі болады: сап толғау (көңілдің таза күйінен шығатын сөз), марқайыс толғауы (көңіл шын ырза болып, марқайып өскен шақта шығатын сөз), налыс (ақынның көңілсіз күйінен туған мұңды, шерлі толғаулар), намыстаныс (намысқа тигізіп, қанын қыздырып сөйлеу, яғни қайрау сөздің өлеңмен айтылуы), сұқтаныс (бір нәрсеге артықша назар түсуі), ойламалдау (мұңды толғаулар). «Жамандық адамды кейітеді, қайғыртады, мұңайтады, ренжітеді, кемшілік пен мін

адамның күлкісін келтіреді. Осыған қарай толғаудың ойламалдау түрі көбінесе не сөгіс толғауға, не күліс толғауға айналып кетеді» [1, 172]. Автордың түсіндіруінше, сөгіс толғау жамандықты жариялап, бетке басу ниетпен шығарылады, ал күліс толғау – шаттық үстінде, көңіл қоштанғанда келетін шын күлкі немесе нәрсе көңілге күдікті, ерсі көрінген уақытта келетін сын күлкі.

Бұдан шығатын қорытынды – толғау (толғаудың түрлері) адамның көңіл-күйіне тікелей байланысты. Ол – автордың түрлі сезімдерін, эмоциясын жеткізетін сөз. Сол арқылы автор оқырманды не рух беріп, жігерлендіреді, не мұңайтып, жылатады.

Сонымен қатар автордың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Жан жақтау», «Жан қоштау», «Зейіндеме», «Ес ұғымы», «Көріктеу», «Сана», «Ақыл», «Қиял», т.б. ұғымдар кездеседі.

А.Байтұрсынұлы «Сөз өнері» деп аталатын тарауында сөз өнері адам санасының үш негізіне тірелетіндігін айтады. Олар: 1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Көңілге. Бұған қатысты автор: «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау» [1, 10] дей келе, ойдағы, қиялдағы, көңілдегі нәрсені тілмен жеткізу өте қиын және ол үлкен шеберлікті талап ететіндігін айтады.

А.Байтұрсынұлы – педагог. Ал әр педагог психолог болуы тиіс. Себебі ол балалармен жұмыс істейді. Бұл жайында А.Байтұрсынұлының біршама мақалалары бар. Мәселен: «Қазақша оқу жайынан», «Мектеп керектері», «Бастауыш мектеп», т.б. Автордың 1913 жылы шыққан «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласынан үзінді келтіріп өтейік: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенінше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Судья судьялық ғылымды оқығаннан болғанда, доктор докторлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болу тиісті» [2]. Яғни, мақала авторының айтуынша, балаға білім беретін, оны оқытатын адам, біріншіден, өзі білімді болуы керек, үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екіншіден, баланың ішкі халін түсінетін, оның табиғатын, психологиясын білетін адам болуы керек. Сонда ғана бала сапалы білім алып, өз еліне адал қызмет жасай алады.

«Біз болысымыз басқа жұрттың болысындай елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде судьядай әділдік жоқ мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доктордай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз – халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда, бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі» [2], –

деп, надандықты, әділетсіздікті жоятын нәрсе – ол оқу екендігі және «жоғары жақты» түзеуді бала тәрбиесінен, оны оқыту ісінен бастау керектігін айтады.

1914 жылы шыққан «Мектеп керектері» атты мақаласында мектепке ең алдымен педагогикадан, методикадан хабардар білімді мұғалім керек, содан соң оқу құралдары және белгіленген программа керектігін айтады. «Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуірірек школа һәм медресе бітіргендер аз. Ол аздың үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндері аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек» [3], – деген сөздерімен халықты оқу-білімге шақырады. Сонда барша қазақ жұмылып, білім алып, бала оқыту ісіне, қазақша кітаптар шығару ісіне атсалысса, нұр үстіне нұр болар еді. Бірақ «оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайын» «үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде» [3] шыға бастағандарына кейбіреулер сын да айтқан. Бұл туралы мақала авторы былай дейді: «Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынаймын деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір нәрсенің білетін, білмейтіндігі істегенде ісінен көрінеді», «Біздікі жаман болса, жақсысын шығарыңдар. Жақсы шықса, жаман қалатын» [3]. Осылайша өзінің ойын ашық айтады.

«Назаров кеңесінде қазақта ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс» [3], – деп, қазақтың намысын оятып, оған сенім, рух беріп, жігерлендіргендей болады.

А.Байтұрсынұлының мысалдарынан да психологиялық көзқарастарды байқауымызға болады. Оның мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Ол өзінің аудармаларын қазақы қалыппен баяндап, соңғы шумақтарында ғибраты бол түсінік беріп отырады. Мәселен, И.А.Крыловтан аударған «Аққу, Шортан һәм Шаян» мысалын талдап көрелік:

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.

Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,

Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін [4, 22], – деп бірлесіп, күштерін біріктіріп, бір бағытта, бір командада жұмыс істей алмайтын адамдар жайлы айта келе:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [4, 23], – деп, халықты ауызбіршілікке, ынтымаққа шақырады.

Ал «Үлес» өлеңінде:

Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,

Таласып, бір-бірінің жүзін жыртқан.

Алданып арадағы дау-шарына,

Қатерден қапері жоқ келер сырттан [4, 79], – деп, бір-бірін тыңдамай, жанжалдасу, өз қатесін мойындамау деген секілді жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады.

«Маса» жинағында:

«Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?» [4, 84] – деген жолдар арқылы ызыңдап ұшқан маса болып қалың ұйқыдағы енжар халқын оятпақ болады. Бұл жинақтың басты идеясы – халықты білім мен еңбекқорлыққа, мәдени және рухани жаңғыруға баулу. Ақын надандықтан, немқұрайдылықтан және енжарлықтан арылуға шақырады.

Шағын әңгімелерінде де адам мінезі туралы айтылады. «Екі балықшы» әңгімесінің мазмұнына назар аударайық:

Екі балықшы балық сүзді. Сүзекті сүйреп шығуға таянғанда сүзегі ауырлай бастады. Бір балықшы тұрып:

– Сүзгі жаман! – деді. Екінші балықшы:

– Сүзек жақсы, сен өзің бос тартасың! – деді.

Сөйтіп екеуі керісе түсті. Олар керісіп тұрғанда сүзегіндегі балықтар кетіп қалды.

Бұдан шығатын қорытынды: сөз таластырып, ұрсысып тұрғанша, тіл табысып, жұмысты дұрыс атқарса, нәтижесі берекелі болар еді.

«Ата насихаты» әңгімесі:

Әкесі балаларына тату тұрындар деп талай айтыпты. Балалары тілін алмай, араздаса беріпті. Бір күні бір байлам сабау шыбықты алып келіп, балаларына беріп:

– Сындырындар! – дейді. Балалары бірінен соң бірі алып, сындырайын деп еді, сабаулар сынбайды.

Әкесі сабауларды алып шешеді де:

– Бір-бірлеп сындырындар! – дейді.

Балалары оп-оңай сындырады. Сонда әкесі айтады:

– Араздасып, араларын ашылса, сендер де сабаулар сықылды боласындар, – деп, автор «тірліктің күші – бірлікте» екендігін айтады, татулыққа шақырады.

Осылайша А.Байтұрсынұлы өзінің тілге жеңіл өлең-мысалдарында, әңгімелерінде адамның жағымсыз мінез-құлқын сынап, іс-әрекетін әңгімелеп, жақсыға жақын болып, жаманнан алыс болуға шақырады. Ал өлеңдерінде ақын махаббатты, әйелдерді, табиғатты жырламайды, ол халыққа қарапайым әрі ұғынықты тілмен бостандықты жырлайды, езілген қазақ ұлтын ағартушылыққа, еңбекке және ғасырлар бойғы ұйқыдан арылуға шақырып, әрбір қазақта азаматтық сезімін оятады. Оның өлеңдері, мысалдары сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі мен біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде алғашқы орындардың бірін алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. — 208 бет.
2. Байтұрсын А. Қазақша оқу жайында. KAZBILIM орталығы, 2014.
3. Байтұрсын А. Мектеп керектері. KAZBILIM орталығы, 2014. («Қазақ» газеті, 1914 жыл, 17 май, № 62.)
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. –384 б.

ӘӨЖ 82-94

Нуржаксина Махаббат Каратаевна
Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті,
Көкшетау, Қазақстан
makosya_06@mail.ru

Маханбет Ұлжан 2-курс студенті,
Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы

НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВТИҢ «ҮМІТ ҮЗГІМ КЕЛМЕЙДІ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙШКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Аннотация: Жазушы Немат Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді» деп аталатын хикаят-монологында ауыр науқасқа шалдығып, көп жылдар бойы төсек тартып жатқан мүгедек жанның өмірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, мөлдір махаббаты сөз болады. Науқас адамның сын сағаттағы сан қилы ой-толғаныстары бас қаһармандар Ержан мен Гауһардың монологтары арқылы берілген. Кітапты оқи отырып, образдарды талдай отырып ойнап-күліп, жақындармен емен-жарқын араласып өтіп жатқан күндердің бақыт екенін түсінуге болады. Мақалада хикаят-монологтың идеясы қарастырылады.

Тірек сөздер: хикаят-монолог, роман, сыр шерту, өмірге құштарлық.

«Үміт үзгім келмейді» атты хикаят-монологы, Қазақстан Республикасының белгілі жазушысы Немат Келімбетовтің өмірі туралы жазылған. «Үміт үзгім келмейді» романы – бір адамның сөйлеуі сыр шертуі, ішіндегі жан дүниесіндегі болып жатқан сезімдерінің барлығын монолог ретінде жеткізуі жағынан баяндалады.

Осы тұста Ги де Мопассанның мына бір ойын мысалға келтіруге болады: «Өмір шыңға шыққанмен бірдей. Асықпай шығасың, зымырап түсесің».

Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологы осы нақыл сөздің тақырыбын ашатындай. Немат Келімбетовтің 35 жасында омыртқасына жасалынған операция салдарынан төсек тартып, аяқ-қолының жаны кеткен еді. Өмірлік жары Қуанышқа, туған балаларына деген ыстық махаббат, өмірге деген құштарлық, туысқандарының, достарының көмегі мен жамандықтары бұл хикаятта әдемі әдеби тілмен көркемделіп жеткізіліп оқырманын өзіне тартары сөзсіз. Бір рет қана берілетін бұл өмірде қандай да болмасын ауру дертке

қарамай, еліне, жанұясына пайда көрсету, үміт шамын сөндірмеу қазақ елінің азаматына сай іс екенін хикаят-монологтан айқын көруге болады [2,125].

«...Сонау ауылдан анаңыз өмірден өтті деген хабар келгенде мен жұлын омыртқама аса күрделі нейро-хирургиялық операция жасатып, төсекте шалажансар болып жатыр едім. Екі аяғым бірдей жансызданып, сал болып, екі қолымнан саусақтары дірілдеп, әрең қимылдайтын, өмірден әлі дәмем болса да, қозғалуға дәрменім жоқ. Алыстағы ауыл түгілі, мені дәл мына күйімде осы қала ішіндегі ауруханаға жедел жәрдем машинасымен жеткізудің өзі қиямет еді. Алайда қазақ өлікті де көп түнетпейді. Міне сол үшін мен анама дәл бүгін жетуім керек деген тас түйін шешімге келдім. Ақыры мен шалқамнан жатқан күйімде жедел жәрдем машинасының зембіліне салып алып әуежайға жеткізді. Не керек сол күнгі жол азабы маған көр азабынан кем болған жоқ. Ақыры өлдім-талдым дегенде ауылға да жеттік. Анам марқұм табытта жатыр екен. Бетін жауып қойыпты. Туыстарым маған арнайы бөлме дайындаған екен. Дегенмен анамның жанына жатқызуды өтіндім. Содан анамды алып кеткенше жанында болдым. Бала күнімде осылайша анамның жанында жатуды ұнатушы едім. Ал қазір біріміз табытта, біріміз табыт секілді зембілде жатырмыз. Арадағы бар айырмашылық мен сөйлеймін, анам үнсіз ұйықтап жатқан сияқты. Сол жылы мен анаммен емес, өмірімнің оралмас тұтас бір кезеңімен қоштасқандай болып қайттым. Тағдырыммен егескендей күйге түстім. Енді анам үшін де, өзім үшін де өмір сүргім келді. Өмір үшін, тіршілік үшін, бала- шағаны асырау үшін іштей тістеніп алып, қасірет кітабын жазуға кірістім. Менің «Үміт үзгім келмейді» романым осылайша өмірге келген еді, – деп аяқтайды өз сөзін.

«Үміт үзгім келмейді» романын мақтауға да мақтануға да тұрарлық кесек дүниеге теңесек болады. Немат Келімбетов басынан өткен қиыншылықты тақырып тосындығы болса, соған орай көркемдік ізденістің авторлық таныммен шебер қиылысуында жатса керек. Көркем шығарма арқылы адамның жанының небір тылсым сырлары шертіледі, өмір құпиялары ақтарылады. Шығармада суреттелініп отырған замандағы тірлік пен күреске, қарым-қатынас пен күрделі қайшылықтарға әлеуметтік өмірдің өзіне сырттай болса да араласып, соған куә бола аласың. Автор бас кейіпкері Ержан арқылы адам санасындағы үздіксіз жүріп жатқан құбылысты, үрей мен қорқынышты, өмір мен өлім арасындағы арпалысты, жан толғанысын көркемдік пен кестелей жеткізе білген.

Сондай-ақ қаламгер хикаят монологында кейіпкерлер бейнесін айқын ашып өмірде кездестіруге болатын адам бойынан табылатын ізгілік, мейірімділік қасиеттерімен қоса, адам мінезіндегі олқылықтарды көре алмаушылық, тәкаппарлық сынды қасиеттерді де көрсете білген. Әр кейіпкерін жан-жақты ашып талдап көрсетеді.

Шығарма арқауы – екі аяғы бірден сал болып, ауруханаға түсіп, бірнеше жыл ауруханада жатқан жанның өмір сүруге деген махаббаты сөз етіледі. Романның әрбір бөлімінде Ержанның аурухана табалдырығын аттаған сәттен бастап, сол ауруханадағы жан-тебіренісі, өмірге деген сүйіспеншілігі, қиыншылығы, науқасын жеңген күнге дейінгі бүкіл болмыс-бітімі, хикаят монолог түрінде суреттеледі [1,20].

Алғашқы бөлімінен-ақ оқырманын баурап алатын бұл хикаят монолог былай бастау алады: Ержанның ауруханада еріксіз тұтқын болып, төсекке жіпсіз байланып қалуы, ой-қиялға шырмалып жатқаны, мұндай қатерлі науқас адамның ойына ғана емес, сондай-ақ ақыл ойына запыран зәрін құйып, аяусыз улап тастағаны, ауруының өте қатерлі екені суреттеледі. Келесі бөлімінде: Ержан мен Гаухардың монологты түрде сыр шерткені жайлы жазады. Мысалы:

«Гаухар! Мына алма ағаштарының да адам сияқты кейде жаны қиналады дегенге сенесің бе? Оларда құмды қалың ұйқыдағы адам тәрізді қыс бойы маужырап, бусанып, толықсып жатады дегені ше. Көктемгі найзағайдың құдіретті гүрілі бір түнде ақ сол ұйқыдағы тіршілік атаулының апай-топайын шығарып, бәрін ұйқысынан оятып жіберетіні рас па деп қалдым...» Осы үзіндіден-ақ көктем мезгілін суреттеп, адам жанын, ағашпен теңеу арқылы көрсетеді. Ержан осылай монологты түрде сыр шертіп отырып, өзінің ойындағы ажал үрейінен құтылудың жолын іздейді. Профессордың ертеңгі отаға дайын бол деген сөзі есінен кетпейді. Бұл операция маған не сыйлар екен?

– деген сұраудың қарамағында жауап іздейді. Оның барлық қорқынышы Гаухар екеуінің арасындағы шексіз махаббаттың үзіліп қалып, аяқталып қалуынан шаңырағының ойран болуынан қатты қорқады. «Мына өмірдің қызығына тойған ба адам, сірә?! Жаман айтпай жақсы жоқ. Күні ертең қан жылап, қара жамылып жылап қалсаң, онда бәрін өзің-ақ түсінерсің. Мені кешірсен онда Гаухар...» [1,35] – деген сөзімен жалғасын табады.

Үшінші бөлімінде: Ержанның палатасындағы Ақылбек ағай мен Қайсар жайлы баяндалады. Бұларда Ержан секілді өмірге деген үміттерін үзбейді. Ержан палатасындағы кісілерге де жан ашырлық көзбен қарап, шіркін-ай адам баласы туылып, мына жарық дүниеге келген соң қайғы-қасірет көрмей-ақ өтіп кетсе ғой. Адам ауырмаса қартаймаса өлмесе не болар еді? Онда мүмкін, мына өмірдің шексіз рахатын, бар қызығын жан тәнімізбен толық сезе алмас па едік. Ащының дәмін татпай тәттінің қадіріне жету қиын ғой. Сол үшін тағдыр бізді кейде қинап-қинап ала ма екен? – деп, біз тек қана бұған төтеп беруіміз керек екен дей келе, жанындағы науқас жолдастарына да демеу болады.

Төртінші бөлімінде: нейрохирургия бөліміндегі Ақылбек ақсақал бойындағы ізгілікті, қаншама қиыншылық көрсе де, оның көңіліндегі шаттық, екінші рет ота жасатып аман қалғанын жазады. Ақылбек ақсақалдың екі рет операция жасатқан кездегі батырлығын ер азаматтың тірлігі жайлы сипаттап, таңданыспен жазады. Ал мен болсам ертеңгі операция қалай болады, аман қаламын ба? – деген ойдан арыла алар емеспін. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылдым. Бірақ бәрібір ертеңгі таң Ержанға не сыйлар екен деген Ержанның ішкі толғанысымен жалғасын табады.

Келесі бөлімдерінде Ержанның операция алдындағы көңіл қобалжулары, одан кейінгі мүгедек болып қалғаннан кейінгі жан күйзелістері, мейлінше шынай әсерлі етіп суреттелген. Мысалы: «...Рас, бүгінгі операцияда өмір мен өлімнің қайсысы жеңері әзірше беймәлім. Әйтсе де, менің өмірден үміт үзгім келмейді. Тірі қалатыныма профессор қолының жеңілдігіне, өзінің құлан таза сауығыш кететініне, өзіңе талай-талай қуанышты күндер сыйлайтыныма екі бірдей ұлымның алдында әкелік, елімнің алдында азаматтық борышымды кәміл

өтейтініме сенгім келеді. Басыма бұлт айналса, жанымда сенің болатынына имандай иланғым келіп тұр, Гаухар...» [1,37].

Ал соңғы бөлімдерінде Ержанның операциядан кейінгі хәлі достарының жанынан табылуы, қолдау көрсетіп, Нұрлыбек пен Алманың қаржылай да, Ержан үшін құнды сыйлық жазу машинасын сыйлауы. Райымбек, Дастан, Василий сынды достарының қиын сәттегі қолдап көмек берулері жазылған. Райымбек досының жаңа киімдер алып беруі, Дастанның әдебиет әлемінде жалғыз адаспай жазушылық дарынына дем беріп, аудармашылықты үйретуі, Василийдің Ержан үшін еміне ең қажет болған лимонды тауып алып келіп беру арқылы жалғасын тапқан.

Немат Келімбетов хикаят монолығының соңын өз сөзімен: «Иә Алла берген қос арғымаққа – екі аяғыма еркін мінбей, жер басып жүрмей өмір мұхитында балықша жүзбей ғұмыр кешіп келе жатқаным биыл отыз бес жыл болыпты. Басқа түскен таудай тауқыметті өмірлік серігім Гаухар шын есімі Қуаныш екеуіміз ұзақ жылдар бойы бірлесе көтеріп келеміз. Ойда жоқта аяқ- қолымнан бірдей айырылып, қатыгез тағдыр мені аурухана төсегіне тастай етіп байлап тастаған күні тура отыз бес жасқа толған едім. Ал осы хикаяттың соңын жетпістің жетегіне келгенімде қария кезімде жазып отырмын. Ондағы мақсатым отыз бес жылдан кейінгі тағдырыммен сіздерді таныстыру еді. Тағдыр маған ақыреттен ауыр, қияметтен қиын ғұмыр бере отырып, жанымға жалау бола алатындай, көптеген көркем туындылар, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі бойынша оқулықтар, түркология ғылымын арқау еткен ғылыми еңбектер жазуыма уақыт берген екен» – дейді қаламгер [5,250].

Қорыта айтқанда, Немат Келімбетовтің бұл шығармасы өз оқырманына шабыт бере отырып, өмірдің қиыншылығына төзе білу керектігін, басқа түскен ауыртпалықтың да бір жеңілдігі бар екенін ұқтыра біледі. Әдебиет әлемінде тосын тақырыппен, өзгеге ұқсамайтын тіл шеберлігімен келген Немат Келімбетов шығармаларының алар орны айрықша. Адамның өмірге деген құштарлығын танытып, үміт үзбеуге тарихтың жандануына өз үлесін қоса білген жазушы. Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монолығын оқи отырып жазушымыздың қос аяғынан бірдей айырылып қалған кезде ауруханада төсек тартып жатқан сәтін, жарының қандай жағдай болмасын сенің жаныңнан табыламын деп қолдау көрсеткенін, балаларының әкеге деген махаббатын, достарының шынайы ықыласын, туысы Бәкірдің олқы мінезін Ержанға айтқан ауыр сөздерін, Ержанның сол сәттегі сезімін, жан дүниесінде болып жатқан күйінішті сезіне білеміз.

Барлық қаламгер өзінің жан дүниесінде болып жатқан сезімдерді, оқырманының сезіміне әсер ететіндей қылып жеткізуі қиындық тудырары сөзсіз, ал қаламгерге бұл қиындық тудырмаған секілді, осы сезімдердің барлығын оқырманына жеткізе жазады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы: «Мектеп», 1975ж. – 172 б.

2. Алпысбаев Қ. Көркем шығармаларды талдау жолдары. – Алматы: «Мектеп», 1995ж. – 229 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 360 б.
4. Есенбеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – ҚАРМУ, 1991ж. – 369 б.
5. Келімбетов Н. Үміт үзгім келмейді. – Алматы: Раритет, 2005ж. – 440 б.
6. Елубай С. Ғаламтор сайты. – Алматы, «Санат» 2007ж. – 352 б.

ӘӨЖ 82-93

Нуржаксина Махаббат Каратаевна,
Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті,
makosya_06@mail.ru

Саттыбаева Бакыт Аманжоловна
Көкшетау қаласы, № 21 мектеп-лицейі
bahyt0969@mail.ru

Шірнебай Аружан, 2-курс студенті
Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті

ЖАДЫРА БАЙБҰЛАНОВА ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

***Аннотация:** Қазақ қоғамында өмірін өлеңге арнаған ақын әйелдер аз емес. Мәселен, соғыстан бұрын – Мария Хәкімжанова, соғыс жылдары – Зияш Қалауова, 60-жылдарда Тұрсынхан Әбдірахманова, поэзия шолпаны Фариза Оңғарсынова, поэзия аққуы Марфуга Айтқожина, Аққұштан Бақтыгереева және де Қанипа Бұғыбаева, 70-жылдары – поэзия ханшайымы аталған Күлаш Ахметова мен Ханбibi Есенқараева, 80-жылдары – Шәмшия Жұбатова, Гүлнар Салықбаева, Баян Бекетова, 90 – жылдары – Роза Қараева мен Жанат Әскербекқызы, Жанна Елеусіз сынды танымал есімдерді атасақ болады. ХХІ ғасырда да көптеген ақын қыздар әдебиет әлеміне лек-легімен келіп жатыр. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын қыз Жадыра Байбұланова шығармашылығының көркемдік қырлары сипатталады.*

***Тірек сөздер:** поэзия, поэтика, идея өлең, ақындық шеберлік, жаңашылдық, шығармашылық*

Қазақ әдебиетінің белгілі бір саласы – поэзия. Бастау бұлағы ықылым заманнан басталып, бүгінгі күнге дейін құрылымдық өзгеріп, идеялық дамып, әр ғасырдың өзінше өрнегі салынып поэзия жасалып келеді. Өзі поэзия деген сөз гректің *poeo* – шығару, жасау дегенінен шыққан. Сондықтан, адамның ой-қиялынан шыққан творчестволық кезеңді көрсететін көркем сөздердің барлығы да поэзияға жатады. Поэзияға өлеңмен жазылмаған сөздер де кіреді, себебі өлеңмен жазылмаған шығармаларда да адамның творчестволық ой-қиялының жемісі. Оған да ой, ақыл, ұғым керек, онда да көркемдік сұлулық бар.

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» деп Абайдың өлеңге қойған талабынан поэзияның тілдік һәм құрылымдық мағынасы һәм дыбыстық үйлесуі

маңызды екенін ұғуға болар[1,89]. Өйткені, өнердің бір түрі саналған өлең де мәнерлі һәм мағыналы болуы шарт.

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» – дей отырып ұлы Абай сол кезеңдегі ақындық өнердің кейін кетіп, той-томалтың ермегіне, тыңдаушы жұрттың да сауаты мол, білімі толық болмағанына күйініп айтады[1.89]. Тарихы тұрғыдан алғанда, кез келген өнердің арғы тегі халық даналығынан бастау алып туындайды: өседі, өркен жайып, дамиды; сөйтіп оның ең құнды шығармалары мәңгілік мұра ретінде ғасырлар бойы жасай береді. Әдебиеттану тұрғысынан алатын болсақ, қазақ әдебиетінің тамыры сонау ежелгі дәуірге табан тірегенімен, оның мұралық байлығын жазып, санап тауысу мүмкін емес. Сондықтан, арғы-бергі қазақтың тарихында әдебиеттің рөлі ерекше болғанын біле отырып, дәуірден дәуір озған сайын әдебиеттің заман айнасына айналып, халық өмірінің жарқын үлгісі болғанын байқаймыз. Жоғарыда айтқанымыздай, халық мәдениетінің озық үлгісі өлеңмен өрілгендіктен біз ежелгі дәуірден ХХІ ғасырға дейінгі аралықта поэзияның, өлеңнің өзгерісін көреміз.

ХХІ ғасыр поэзиясы дегенде өткен ғасырда туып-өсіп, ақындық шеберлігі қалыптасып, өлең өрнегінде ХХІ ғасырда өзгешелік туғызған ақындарды атап айтуға болады. Олардың алдыңғы легі Ұлықбек Есдаулет, Есенғали Раушан, Несіпбек Айтұлы, Нұрлан Оразалин, Исраил Сапарбай, Ақұштап Бақтыгереева, Ханбибі Есенқарақызы, Гүлнар Салықбай, Темірхан Медетбек сынды ақындардан басталады. Бұл топтың алды кеңестік кезеңде танылып, шыға бастағанымен көпшілігінің поэзия сүрлеуі ХХІ ғасырмен тұспа-тұс қалыптасты[2,5].

Дегенмен, бүгінгі күні бұл топтағы ақындардың алдыңғы легі 60-70 жасқа келіп, тіпті кейбірі дүниеден озды. ХХІ ғасыр поэзиясында өзіндік өрнектерін қашап кеткен ақындардың ізін басып орта буын жән жастар бар. Орта буын дегенде, дәл қазіргі кезде жастың да жасамыстың да қатарына кірмейтін ақындық қолтаңбасы қалыптаып, елге танылған Ақберен Елгезек, Бақытжан Алдияр, Қалқаман Сарин, Есболат Айдабосын, Бақыт Беделхан, Мұрат Шаймаран, Бекжан Әшірбаев, Бауыржан Бабажанұлы сынды ақындарды атауға болады. Бұл қатардағы ақындар поэзиясының шығармалары елге жетіп, көңілге қонып, таралды. Әр ақынның өзіндік стилі һәм өрнегі болады десек, бұлардың бір-біріне ұқсамас қолтаңбасы қалыптасты.

Қазіргі қазақ поэзиясының жаңа буыны жастар поэзиясының сөз мәйегі мен тілдік қолданысы да, поэтикалық сарыны да түрлену үстінде. Өйткені, бір ақынға бір ақын ұқсамаса ғана оның шығармашылығы мойындалары хақ. Жастар поэзиясының өкілдеріне Мирас Асан, Мақпал Жұмабай, Мерей Қарт, Ерлан Жүніс, Бауыржан Әлқожа, Асылан Тілеген, Жадыра Байбұланова, Сүндет Сейітов, Арайлым Мұраталиева және т.б. ақындарды атауға болады. Бірақ, осы бір жастар поэзиясының өкілдері дегенде тізімге тоқтау сала алмайсыз. Өйткені, уақыт өткен сайын жас ақындар легі өзгеріп, поэзияның түрленуіне, дамуына септігін тигізер қаламгерлер көбейіп келеді.

Солардың бірі де бірегейі, қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы қалыптасып келе жатқан Жадыра Байбұланованың поэзиясындағы поэтикасын зерттеу, зерделеу – қазіргі әдебиеттану міндеті. Заманға ілесе жүрген жаңапоэзия өкілдерінің шығармашылығындағы жаңашылдық, идеялық һәм тақырыптық ерекшеліктеріне тоқталу, тілдік құрылымын талдау ғылымға ден қойған жас ғалымдар қарекеті болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, студенттік курстық жұмыс ретінде зерттеп-зерделеген «Ж.Байбұланованың поэзиясындағы поэтикасы» деген тақырыпта ғылыми мақала жазуды жөн көрдік.

«Шегініп көрсем аз күнге кері,
Өмірдің мәнсіз мазмұн, дерегі.
Тағдырдың маған жазбай кеткенін,

Өлеңмен өзім жазғым келеді», - деп басталатын жыр шумақтары автор шығармашылығының тікелей өмірмен біте қайнасып жатқанын және өмірге деген құлшынысты көрсетіп тұр[3]. Сондықтан, поэзиясында өмірдің сыршыл да шыншыл келбетін суреттейтін, адамның түрлі образдарын бейнелейтін Жадыраның поэзиясы таң ізденістерге, өзгеше байламдарға толы. Сондықтан, автор қолтаңбасындағы сезім, махаббат, өмір, табиғат, құштарлық тақырыптарында жазылған шығармаларына тоқталып, талдау жасаймыз.

«Адам іздеймін.

Тірі адам...

Жанары да емес, жыласа, жаны жылаған.

Көздері жалған күлетіндерден жалықтым,

Ойлары және кіл арам» деп басталатын поэзия шумақтарынан адамшылық пен адамгершілік тақырыбының соны үлгілерін байқауға болады. Яғни, сезімталдықпен жырлай отырып, адамға тән жалған бетперделіктің бар екен еске салып отыр. «Ешкімге сенбе, ешкімге сенбе жүрегім, Көбісі арам, көбісі сараң білемін» деген Абайдың ізімен Ж.Байбұланова «Көздері жалған күлетіндерден жалықтым, Ойлары және кіл арам» деп өрнектейді.

«Соншалық биік болуы керек о кісі,

Соншалық терең – бөлектеп тұрар сонысы.

Таскереңдерге айтылған сырды қайтейін,

Тыңдағанменен, естімейді екен көбісі...», - дей отырып, адамшылықтың беткі көрінісі ғана сақталып, жаныңды ұғуға тырыспайтын тас керең қоғамның қалыптасып келе жатқанын суреттейді. Тас қорғандар мен тас үйлерде тұратын мына заманның адамдарының өзі тас кереңге айналып бара жатқанына қынжылады. Барлық ақын үлгісінде ізгілік пен жақсылыққа жаны құмар ақынның осындай суыт қарым-қатынас, адамгершілігі төмендіктен шаршайтыны, жалығатыны белгілі. Бұл тұрғысынан Жадыра адамгершіліктің биік болуын алға тартады.

Ж.Байбұланованың ең негізгі тақырыбы – махаббат жайында. Өйткені, тағдыр жолы тоғыстырған ақынның жары – ол да ақын Мирас Асан. Шығармашыл серіктеріне айналып, бірге өнер мен өлең өлкесінде қол ұстасып қатар жүрген Мирас пен Жадыра шығармашылығы. Сыршыл сезім мен шынайы махаббат үлгісін поэзияда шынайы жырлап әрі отбасылық қарым-

қатынас иірімдерін өрнектейді. Өмірлік жағдайлар мен махаббаттағы ұшырасулар жөнінен де Жадыраның қоржыны мол.

«Театрға барғанбыз.

Ең бақытты шығармыз деп барлық осы жаннан біз.

Көз алдына кіріп келді,

Бір кездегі арман қыз» деп басталатын «Ромео мен Джульетта қойылымы» атты өлеңі ақынның шынайы әрі сезімталдықпен жазылған туындысы.

«Жиып қойып маңайды,

Көз астымен сен де оған қарайсың, ол да саған қарайды.

Қасындағы ер жігітін аядым,

Мені қойшы, жарайды.

Менікі – жай бақылап...» деген шумақтармен махаббат хикаясының ең бір тәтті де тұщы болатын, жасырын да белгілі тұратын тұсын жырға айналдырады[3]. Тағдыр жолы болған соң, адамның о бастағы ғашықтық сезімі арналған көңілі жүрек түкпірінде сақталып қалатыны рас. Сол бір сезімдердің төңкерісін жасайтын күтпеген кездесулер болып қалатыны тағы бар. Міне осындай түсініксіз сезімдердің түйіні көтерілгенде көкірек көзімен көре біліп, оны жырға айналдырған Жадыра Байбұланова.

«Қайран жүрек!

Қайдағысы еске түсіп жатыр-ақ.

Тағы өтірік құшақтайсың,

Бәрін сезем, ақымақ!

Ең қиыны – жыламау,

Бірін бірі ұмытпаған екеуге – шыдау әрі шыдамау!», - дей отырып жүрек шіркіннің ішкі толқынысын жырға айналдырады. Көңілдің сезімталдығымен соны қабылдап, ақылдың сәулесімен түсініп, бойына сабыр жинап ақынға жар болу да өзі лирик ақынға оңайға соқпасы анық.

«Шын сүйгендер қосылмайды» –

Қойылымның түрі анау!

Көз алдымда сурет пе?

Әлде мәңгі жазылмайтын сезім деген қу дерт па?

Екі ғашық сендер болсаң, мен кіммін,

Ей, Ромео-Джульетта?!», - деп сезімнің шырғалаң құдығына өзінің назға толы сезім шелегін тастап жіберіп, әйелге тән нәзіктікпен туындысын тәмамдайды[3].

Махаббатты түрліше жырлаған ақындар болғанымен мұндай сезім толқыныстарын түсікті әрі суреттей отырып жеткізу, шырмалған сезім сиқырларына ой сүңгіту бірінші көп әйел затының қолынан келмейтін, екіншіден әйел ақынның жасай алмайтын әрекеті. Сондықтан, осындай саналы әрі жүректі қарекеті мен сезімтал поэзиясы Жадыраны әйел ретінде, ақын ретінде ерекшелендіретін қасиеті. Тақырыптық ерекшелігі ретінде қарастыруға болмағанымен, ақынның идеялық ерекшелігі деуге әбден лайықты бірден-бір жырлары осындай. Жадыра Байбұланова – осындай өмірдің иірімдері мен

сырларын поэзия тілінде, өзінше стилінде өрнектей білген ақын. Дара қолтаңбасын солай қалыптастырған ақын.

Ақынның поэзиясына аса қатты әсер еткені басынан өткен дертке шалдығу мен одан айығу кезеңі. Кез келген адам өмірде жеңе бермейтін кеселді ерік-жігерімен жеңіп шыққан кеселдің де адам ойын сан-саққа жүгіртетіні, көңілін қырық құбылтатыны, психологиялық түрлі күй кешетіні анық. Қазақ әдебиетінде ондай күй кешіп, тіпті айықпас кеселге ұшырап кітап жазған жазушылардың бірі Кемат Нелімбетов. «Үміт үзгім келмейді» туындысы осы бір дертті шақтың алай-дүлей кезеңдері турасында жазылған шығарма. Сол сияқты, Жадыра Байбұланованың көкейіне келген көп ойлардың, түйіндердің біршамасы осы өнбойын жаулаған дертке де тікелей байланысты. Бұл – адамның өмірі поэзия айналатынының тағы бір көрінісі.

«Сенбес, мейлі, сенерсіз –
Құрметтім-ау, бір кездері егер сіз:

Тәнді жалмап, жара қысып,

Жан дертімен тағы алысып,

Ауырмаған болсаңыз –

Кеш қуанып, кеш өкпелеп,

Сап-сау жүріп, төсекке кеп,

Таңылмаған болсаңыз –

Жалған сөзден, өсектерден,

Дүние, байлық, есептерден,

Арылмаған болсаңыз –

Ағындарға кері ілесіп,

Әлдекімді өліп-өшіп,

Сағынбаған болсаңыз –

Бал секілді бүлінбес кей,

Сәттерімнің бірін кешпей,

Шын күлмеген болсаңыз –

Көңіл – бақыт, көңіл – қайғы,

Мен сүйетін өмір жайлы

Дым білмеген болсаңыз –

Түсінбейсіз сіз мені!» деген өлең шумақтарынан ақынның бастан кешкен сезімі мен сергелдені, өмірі мен көңілі, хәл-жайы мен жан жарасы суреттеледі. Оны сезінбеген жанның ақын ретінде, тіпті адам ретінде өзін толық түсіне алмайтынын жеткізеді. Поэзияның түйінінде:

«Сіз үшін жай жылап қалды қыз кемі.

Өмір деген – жалаң аяқ кешкен жол,

Өлең – оның қанталаған іздері...» деген оймен қорытындылайды[3].

Қараңызшы, шумақталған түрлі ойлардың жетегіне ертіп отырып, жүректің ескі естеліктерін шертіп отырып, түкпірдегі түрлі ойларды түртіп отырып, ақынсөзін әдемі түйіндейді.

Қорыта келгенде, әдебиет әлемінің бір тармағы қазіргі жастарпоэзиясының өкілі Жадыра Байбұланованың қолтаңбасына, шығармашылығына, поэзиясының поэтикалық қырларының бір парасы

қаралып, талданып, сарапталды. Ақын өлеңінің идеялық тақырыптық ерекшеліктерін шығармашылығын талдау жүргізу арқылы, көркемдік қырларын тауып, тануға зерттеу жүргізілді. Поэзиясының жұмыр түйіндері мен шымыр шумақтарына зер сала отырып, көңіл пернелерін дөп басатын ізгі ойларына тоқталдық. Расымен, поэзияның романтикалық сезімін оқырманға сездіретін Жадыра Байбұланова поэзиясы – қазіргі қазақ поэзиясының лирикалық әрі көркемдік дамуының көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977
2. Абдрахманов С. Жиырмамыншы ғасыр жырлайды: Қазақ поэзиясының антологиясы. Т 1. – Алматы: Раритет, 2007. – 520 бет. – «Алтын қор» кітапханасы.
3. Ж.Байбұланова өлең шумақтары
<https://cloud.mail.ru/public/5kFR/r1c9SY2gy>

ӘОЖ 8 372.8: 811.512.122

Мамыт Амангелді Алтыбайұлы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан
amangeldi_65 @ bk.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ФОЛЬКЛОР ТЕОРИЯСЫ

Аннотация: Халықтың рухани болмысын фольклорлық мұралары арқылы танып білеміз. Кез келген ұлттың өзіндік өмір сүру салты, шаруашылық кәсібі, ғасырлар бойына қалыптасқан наным-сенімі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Соның негізінде халық шығармашылығы қалыптасып, дамиды. Әдебиет – сөз өнері. Оның теориялық ұғым-түсініктері фольклор мұраларын толық танып білуге мүмкіндік бермесі анық. Сол себептен де Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.) еңбегінде «Ауыз әдебиеті» атты жеке тарау беріп, ұлттық фольклор теориясына қатысты мәселерді тұңғыш арнайы қарастырды. Өкінішке орай, кеңес идеологиясының салдары, еуроцентристік көзқарас қазақ фольклорының теориясын қалыптастыруға кері әсерін тигізді.

Тірек сөздер: Фольклор, ауыз әдебиеті, халық шығармашылығы, теория, жанр, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, термин сөз, ұғым, түсінік.

Кез келген ұлттың рухани құндылықтары халық шығармашылығының тұнығынан бастау алатыны даусыз ақиқат. Мыңдаған жылдар көшпелі ғұмыр кешкен қазақ елінің фольклорлық мұраларына ғана тән өзіндік көркемдік бітімі мен қалыптасқан жанрлық түрлері бар. Ауыз әдебиеті үлгілерінің шығу, даму, қалыптасу, кемелдену кезеңдері сол халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, наным-сенімі, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты. Кешегі келмеске кеткен кенестік жүйе тұсында фольклорды зерттеу барысында осы мәселе көп жағдайда ескеріле бермеді. Керісінше орыс фольклорын зерттеудегі теориялық

түсініктер ұлтымыздың халықтық мұраларын тануда басты айқындауыш болды. Соның салдарынан бізде бар да өзгеде жоқ кейбір жанрлық түрлер тіпті зерттеу нысанасынан шет қалды. Мысалы этнографиялық әңгімелер, шежіре сияқты ұлт руханияты мен тарихи танымына қатысты мұралар тыңғылықты ғылыми зерделенбеді. Тәуелсіздіктің отыз жылында да бұл тұрғыдан кейбір мәселелердің орны ойсырап тұр. Осы орайда, Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық фольклор теориясына қосқан еңбегін айрықша атап өтуіміз керек [1].

Фольклор туралы ұғым-түсінік ұлттың өмір сүру салты мен рухани болмысынан туындауы шарт. Халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрпынан, наным-сенімінен бейхабар зерттеуші ғасырлар бойы ауызша қалыптасқан рухани мұраларды танып білуден тым алыс болатыны айдай анық. Сөз өнерінің теориясына байланысты ұғым-түсінік пен қағидалар да фольклорды зерделеуге толық мүмкіндік бермейтінін уақыт дәлелдеп келеді. Сондықтан ұлттық фольклор мұраларын түбегейлі тану үшін оның өзіне ғана тиесілі теориясы болуы міндетті.

Халық ауыз әдебиеті мұраларының жанрлық түрлері, көркемдік болмыс-бітімі, құрылысы мен орындалатын орны, әлеуметтік сипаты, қоғамдық қызметі деген мәселелердің барлығы осы фольклордың теориялық негізін қалыптастырады. Өткен ғасырдың жиырма-отызыншы жылдары халықтық мұраларымызды жинау біршама қолға алынды. Алайда, оны ғылыми тұрғыдан зерделеу ақсап жатты. Халық туындыларының мазмұнын кеңес заманының алғашқы кезеңінде коммунистік идеологияға сай өзгерту әрекеті болғанына да тарих куә.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.) кітабы – қазақ сөз өнері теориясына қатысты алғаш арнайы жазылған еңбек. Теориялық ұғым-түсініктер мен термин сөздердерді қамтыған бұл еңбек әр қайсысы өз алдына ғылыми жүйеленген он бес тараудан тұрады. Мұның ішінде бізге қажеті «Ауыз әдебиеті» деп айдарланған он төртінші тарау. Ғалым ұлттық фольклор теориясына байланысты байыпты байламдар, тұжырымды түйіндер жасаған. Жоғарыда атап өткеніміздей Ахмет Байтұрсынұлов қазақ ауыз әдебиеті мұраларын әлеуметтік сипатына, атқаратын қызметіне қатысты үлкен екі топқа бөледі. Бұлайша жіктеу себебіне қысқаша тоқталып өтеді: «Қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай әуелі екі салаға бөлінеді: 1. Сауықтама, 2. Сарындама.

Сауықтама саласына барша сауық үшін айтылатын сөздер кіреді.

Сарындама саласына жұрттағы келе жатқан салт-сарынымен айтылатын сөздер кіреді. Ол салалардың әрқайсысы тарауға, тараулары тармаққа, бұтаққа бөлінеді.

Сауықтама екі тарау болады: Ермектеме. 2. Зауықтама» [1,232].

Ермектеме деген терминге былайша түсінік береді: «Ермектеме деп ермек үшін сөйленетін сөздер айтылады. Мәселен, ертегі, ертексімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш сияқты сөздер» [1,232]. Онан әрі осы топқа кіретін жанрлық түрлерге ғылыми анықтама, мәтіндерден мысалдар келтіреді. Мысалы: «Ертегі – қиялмен қисынын келтіріп, қызықты

ету мақсатпен шығарған әңгімелер. ...Ертеде шыққан әңгіме екендігін ертегі деген аты да көрсетіп тұр.

Ертегілер өтірік болғанымен мағынасыз болмайды. Көбінесе ішкергі астарлы мағынасымен өнегелі келеді. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, ептілік, шорқақтық, қулық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге болу, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі. Бірақ ертегі дүниедегі қалыптың жағдайына қарамай, бәрінен қиял бетімен өтеді Сондықтан ертегіде жаны жоқтар жанды болады, тілі жоқтар тілді болады», - деп жанрға біршама сипаттама береді [1,233]. Сондай-ақ, қазақ етегілерінің тиянақты жиналмай жатқанына алаңдап, бұл жанр елдің өткенін танып білуге аса қажет екендігіне баса назар аудартады: «Ертегі – халықтың ескіден қалған жұрнақтарының қордасы. Ол қорда қазірде шашылып, төгіліп, жылдан-жылға азайып, жоғалып барады. Ғылымды жұрттар бұрынғы адамның тұрмысын, қалпын жорамалдап, аз да болса білу үшін жердің астынан қазып, тұтынған нәрселерінің жұрнағын табуға қанша еңбек қылады. Біздей тарихы жоқ халыққа ертегіге қарап, ертеде болған аталарымыздың өткен тіршіліктерін жорамалдауға болады. Сондықтан елде тұрған адамдар ертегілерді жинап, жоғалмасына қам қылу борышым деп білуі керек» [1,233].

Ахмет Байтұрсынұлының «Ертегісімек» деп атаған жанрлық түрі де ерекше көңіл бөлуге тұрарлық: «Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден көрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтималы молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады.

Мәселен, «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожа-насыр», «Атымтай жомарт» сияқты адамдар турасындағы әңгімелер. Мұнда да өтірік көп. Бірақ өтірігі қисынды, шынға ұқсас» [1,234].

Әрі қарай «Өтірік» өлеңді ермектеме түрі ретінде қарастырады. Оның өзіндік ерекшелігіне тоқталады.

Осы топқа жататын келесі жанр «Жұмбақ» деп көрсетеді де мынадай ғылыми анықтама жасайды: «Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан: яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып таптырмайды. Ойда бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе. Жұмбақтың негізі тәріздеу, яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту» [1,234].

Ермектеме түріне жатқызылған жаңылтпаш жанры туралы түсінік беріп, мысал келтіреді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, я тіл келмейтін, я басқа сөз қылып бұрып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма – жаңылтпаш деп аталады.

Жаңылтпаш көбінесе жаңылғанда ерсі мағыналы сөздер алынады» [1,235].

Зауықтама деп көңіл көтеру үшін айтылатын жанрлық түрлердің тобын атағанын ескертеді. Біздің ойымызша, фольклорлық туындылардың арнайы саз аспабымен орындалып, белігілі бір мақаммен орындалуына байланысты іріктелген болуы керек. Оларға батырлық эпос, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме сияқты өлең-жырларды жатқызады. Барлық

жанрлық түрлерге ғылыми түсінік беріледі. Батырлық жырлардың көркемдік-поэтикалық сипатына мынадай тұжырым жасайды: «Батырлар әңгімесінің құны қандай деген мәселеге келсек, мұнда айтуы тиіс: бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған. Ертең жырдағы батырлар сипатына қарасақ, ол жырлар халықтың рухы нағыз көтерілген шағында шыққандығын байқаймыз. Ошақ басы, үй ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен азаматтары есептеспей ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз» [1,236].

Тарихи жыр жанры ауыз әдебиетінің зауықтама түріне жатқызылады. Бұл қатардағы өлең үлгілеріне тарихта болған оқиғалар арқау болатынын жазады. «Орақ-Мамай», «Абылай», Кенесары, Наурызбай», «Ер Назар», «Бекет» жырларын атап өтеді.

Әрі қарай «Айтыс өлеңі» деген жанрлық түрді атайды. «Айтыс екі балуан күрескені сияқты, екі ойыншы ұтысқаны сияқты, екі батыр жекпе-жек ұрысқаны сияқты, екі ақынның бірін-бірі сөз жүзінде аңдып, бірінің-бірі қапысын тауып жену үшін айтатын өлеңдері. Ақындар әдісін сөз арқылы жұмсап, бірін-бірі сөзбен шаншып, жеңеді. Әрқайсысы сөзбен шаншуға қолайлы, осал оңтай жерін іздейді. Басында, ісінде, жұртында, ұлтында болған осалдық, кемшіліктерді айтып, сөзбен ұялтып, яки сөзбен қамап, жан-жағын бөгеп тоқтатады. Сондықтан ақындар бірінің жайын бірі білмейтін болса, әркімнен әдейі сұрастырып, мағлұмат жинайды» - деп жанрдың ерекшелігіне тоқталады [1,238].

Сонан соң зауықтама түріне «Үгіт өлең» деген жанрды қосады. Мұндай өлеңдер ақыл айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағынасында болып келеді деп, жыр шумақтарынан мысал келтіреді.

«Үміт өлең» деп айдарланған келесі жанрлық түрді де осы топқа жатқызады. «Біреуден үміттен, бір нәрсе дәмете айтқан ақындардың өлеңдері үміт өлең табына жатады. Мәселен, мақтау өлең, құттықтау өлең. Ескі ақындар мақтауды, құттықтауды, сұрауды кәсіп қылған. Байды, биді, ханды, төрені, мырзаны мақтап, тойын бастап, баласын құттықтап, шапан кию, ат міну – әйтеуір нәрсе алу мақсатпен айтатын ақындар көп болған», - деп жазады [1,240]. Шернияз, Орынбай ақындардың осы жанрға қатысты өлең жолдарынан үзінді береді.

«Толғау», «Терме» жанрларын осы зауықтамаға жатқызады. Оның алғашқысын: «Толғау (яки мұңды өлең) деп көңілдің неше түрлі күйін шешетін өлеңдер айтылады. Мәселен, ғашықтық, сағыныш қайғы, күйініш, кейістік, кіжініс, өкпе, наз сияқты көңіл-күйлерін білдіретін өлеңдер», - деп сипаттайды да, екіншісіне: «Терме деп ат қойылуының мәнісі: бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді», - деп ғылыми түсінік береді [1,244].

Ауыз әдебиетінің екінші үлкен саласы «Сарындама» (сарын сөз) деп атап көрсетеді де оны іштей үшке бөледі: 1. Салт сөзі, 2. Ғұрып сөзі, 3. Қалып сөзі.

Салт сөзіне мысалдар, ділмар сөз, тақпақ, мақал деген түрлерді жатқызады. Ал, ғұрып сөзіне тойбастар, жар-жар, беташар, жоқтау, жарапазан, бата сынды өлеңдерді атап, түрлеріне қарай түсінік беріп, мәтіндерден мысал келтіреді. Қалып сөзіне жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жырын атайды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ фольклорын атқаратын қызметіне қарай екіге бөліп, түрлі жанрларға жіктеу арқылы осы мәселеге теориялық ұғым-түсініктердің алғашқы нұсқаларын жасап, термин сөздер ұсынды. Ал одан соң зерттеушілер Халел Досмұхамедұлы фольклорлық мұраларды 47 жанрлық түрге бөлді [1]. Ал, Мұхтар Әуезов халық шығармашылығын жанрлық сипатына қатысты үлкен 4 топқа жіктеді [2].

Кейінгі жылдары М.Ғабдулин [3], Б.Уахатов [4], Р.Бердібаев [5], С.Қасқабасов[6], Ш.Ыбыраев[7] тағы басқа фольклортанушы ғалымдардың еңбектерінде жекеленген жанрлардың табиғаты, шығу тарихы, көркемдік кестесі арнайы зерттеулермен жалғасты. Кеңес дәуірінде жарық көрген «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», «Қазақ фольклористикасының тарихы», «Қазақ фольклорының типологиясы» сынды ұжымдық монографиялар қазақ фольклорының теориясына тың серпін алып келді. Дей тұрғанмен кеңестік идеология тұсауындағы тар шеңбер, социализмнің сұр шинелі ішіне жасырынған орыстандыру саясатынан туған еуроцентристік түсінік қазақ фольклор теориясының адымын кең аштырмады. Ұлттық фольклор теориясының негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының сауықтама мен сарындама термині алыста қалып қойды. Ежелгі және орта ғасырларда қан сөлсіз қалып қойған еуропа елдерінің фольклорлық үлгілерін зерделеу нәтижесінде қалыптасқан теориялық ұғым-түсініктер кешегі күнге дейін көшпелі өмір сүрген қазақ ауыз әдебиетін зерттеуге негіз етіп алынды. Фольклор әр халықтың рухани болмысы дейтін болсақ, ұлттың көркемдік әлемін тану осы ауыз әдебиеті мұраларын ғылыми зерделеуден басталары айдай анық.

Қалай болғанда да Ахмет Байтұрсынұлы қазақ фольклорының теориясына қатысты алғаш рет арнайы ой қозғап, тұңғыш тамызық салды. Жазба әдебиетке қарағанда халықтық мұралардың жанрлық ерекшелігі, көркемдік болмыс-бітімі бөлек екендігіне баса назар аудартты. Алғашқы теориялық түсініктер мен термин сөздерді ұсынды. Бұл мәселе сол жиырмамыншы ғасырдың жиырмамыншы жылдар аяғында жалғасын тауып, теориялық ұғым-түсініктер түрінде дамуы керек еді. Өкінішке орай, олай болмады. Кеңестік идеология ұлттық таным-түсініктің қайнар көзі фольклор екенін біліп, оны зерттеуді қасаңқағидалармен тұсап тастады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: «Жазушы», 1989.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. -Алматы, 1991.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызылорда – Ташкент, 1927; -Алматы; 1992.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы, 1974.

5. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. -Алматы, 1983.
6. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. -Алматы, 1982.
7. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы -Алматы, 1984.
8. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. -Алматы, 1993.

ӘОЖ 8 372.8: 811.512.122

Мамыт Амангелді, Рахымбек Сабира
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан
amangeldi_65 @ bk.ru

З.СӘНІК – ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ

***Аннотация:** Ұлттық фольклорды зерттеу ісі халықтың өзіндік өмір сүру салты, шаруашылық кәсібі, гасырлар бойына қалыптасқан наным-сенімі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын ғылыми жүйелеумен бірге жүретіні анық. Қазақтың халықтық мұраларын жинап, зерттеген ғалымдардың қай-қайсы да этнографияны айналып өтпеген. Қытайдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы-ғалым Зейнолла Сәнік те фольклор мен этнографияны зерттеуге елеулі үлес қосқан. Халықтың асыл мұраларын ғылыми зерделеп, өзіндік тұжырым жасаған. Көркем шығармаларына фольклор үлгілерін арқау еткен.*

***Тірек сөздер:** Фольклор, тарих, этнография, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, шаруашылық, кәсіп, шежіре, аңыз.*

Зейнолла Мүбәрақұлы Сәнік – қытай қазақтары әдебиетінің өкілі, көрнекті жазушы, фольклортанушы, этнограф ғалым. Ол 1935 жылдың 15 сәуірінде Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ автономиялық облысындағы Тарбағатай уәлаятына қарасты Шағантоғай ауданының Барлық тауында дүниеге келген.

Фольклорлық мұраларды зерттеу халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, наным-сенімін зерделеумен қатар жүретіні белгілі. Қазақ фольклоры мен этнографиясын ХІХ ғасырдың алғашқы жартысынан бермен қарай отандық және шетелдік ғалымдар зерттей бастады. Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ақселеу Сейдімбек сияқты қазақтың ұлы ғалымдары еңбектер жазды. Осы қатарға Қытайдағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Зейнолла Мүбәрақұлын қосуға болады [1].

Зейнолла Мубәрәқұлы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынаста болған. Осы институттың Қытайдағы қазақтар арасында жүргізілген фольклорлық экспедициясына көмек қолын созып, Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасын жинауына ақыл-кеңесін айтып, өзі жинаған фольклорлық үлгілерді беріп, осы институттың қолжазба қорына тапсыруға ат салысады. Зейнолла

Сәнік мен Жанат Зейнолла қызының «Қазақ этнографиясы» атты кітабы оқырман қауымға жақсы таныс.

ҚХР мемлекеттік фольклоршылар қоғамының үздік зерттеушісі Зейнолла Сәнік пен Жанат Зейноллақызының авторлығымен шыққан «Қазақ этнографиясы» атты бұл еңбек Шыңжан қазақтары арасында тұңғыш рет жарық көрген. Кітап үш үлкен бөлімнен (I бөлім. Этнография дегеніміз не? II бөлім. Заттық этнография туралы түсінік. III бөлім. Рухани этнография, 17 тараудан, 75 тараушадан) тұрады. Авторлар этнография ұғымын кең көлемде алып, оған этностың шығу тегі, ұстанатын дәстүрі мен діні, тілі, педагогикасы жөнінде тоқталады. Этнография – ұғымы туралы жалпы шолу жасайды. Әр бөлімнің ішінен жеке-жеке тарауларды жүйелеп, тараушалармен толықтырады. Мәселен «Заттық этнография» деген бөлімді өз ішінен бірнеше тарауларға жіктейді («Қазақтар», «Қазақтың тұрғын үйлері», «Ауыл шаруашылығы», «Басқа кәсіптер», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Қазақтың ұлттық қолөнері» «Қазақтың ұлттық тағамдары», «Қазақтың ұлттық ойындары»), рухани этнографияны да жеке-жеке тарауларға бөліп қарастырады («Қазақ қоғамының құрылымы», «Ежелгі наным-сенімдер», «Қазақтың халықтық ғылымдарынан», «Қазақ заңдары», «Қазақтың бала тәрбиелеу дәстүрі», «Тұрмыс-салт тәрбиесінің нақтылы ережелері», «Қазақтың өлім ұзату дәстүрі», «Қазақтың этнопедагогикасы»). Бірінші бөлімнің бірінші тарауында этнография туралы анықтама, этнографияның сипаты мен міндеті, этнографияның мазмұны, этнографияның басты ерекшеліктері, этнографияны үйрену және зерттеу тақырыптарына жеке-жеке тоқталған. Осы тараудың алтыншы тараушасында Қытай деректеріндегі қазаққа қатысты баяндалған «Ханнаманың» тарауларына сілтеме жасап, үйсін, ғұн, қаңлы тайпаларынан жалғасып келе жатқан этностық құндылықтарға жол ашады. Сонымен бірге осы тараушада этнографияның төл тарихымыздан, түрік тайпаларына ортақ құндылықтан да бастау алатынын баса айтады. Кітаптың екінші бөлімінің бірінші тарауында «Қазақ» сөзінің шығу тегі, қазақтың ата-шежіресі, қазақ халқын құрайтын ру-тайпалар мен тайпалық одақтар, қазақ таңбалары, қазақтың саны мен орналасуы жөнінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сүйеніп, жаңаша пайымдаулар жасаған. Ал, осы бөлімнің екінші тарауында қазақ тұрғын үйлерінің пайда болуы мен дамуының тарихы тереңде екенін тілге тиек етіп, сақ, ғұн, үйсін дәуірінен бері дамып, түрліше өзгешеліктерге ұшырап, бүгінгі күнге жеткен қазақ үйі туралы сөз қозғайды.

«Қазақтың киіз үй мәдениеті» тараушасында киіз үйдің пайда болуы, киіз үйдің құрылымы, киіз үйдің сүйегі мен жабдықтары туралы тоқталып, олардың жасалуы мен безендірілуі туралы пайымдаулар жасайды. Сонымен бірге мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы жөнінде ой қозғап, егін шаруашылығының пайда болу тарихының тереңде екендігін, ҚХР Іле қазақ автономиялы облысы аумағындағы үйсін қабірлерінен табылған темір соқаның басы мен басқа да егіншілік саймандары туралы мәліметтер келтіріп, оны қазақстандық ғалымдардың егіншіліктің пайда болуы «қола» дәуірінен бастау алады деген ғылыми тұжырымдарымен ұштастырады. Осы тараудың «мал шаруашылығы» деген тараушасында қазақ төрт түлік малының (түйе, жылқы,

сиыр, қой және ешкі) қолға үйретілуі жайында сөз болады. Төрт түліктің пайда болуы туралы қазақтың таным-түсінігі, философиялық көзқарасы мен мифтік түсінігі, аңыздық, ертегілік сипаттарына да тоқталады және сол төрт түлік мал туралы халық даналығын, мақал-мәтелдерді де дәйекті түрде ұсынып отырған. Сонымен бірге төрт түлік мал туралы қолданылатын кейбір атаулар туралы да (жасына, түріне, еркек ұрғашысына, будандастырылуына, белгілі бір тұлғалардың атына тиеселі түріне, т.б. ерекшеліктеріне қарай) тоқталып өткен. Ат сыншысы, ат сыны, бәйге алатын аттың белгілерін де кең көлемде қозғаған. Қазақтың төрт түлік малға салатын ен-таңбасына, рулық белгілеріне жеке-жеке түсіндірулер жасайды.

Ауыл этнонимі туралы ой айтқан авторлар қазақ ұғымындағы ауылдың дамып бүгінгі күнге жеткені туралы да сөз етеді. Мәселен, қазақ арасындағы рулық, тайпалық, аталастық, туыстық жағынан топтасқан көшпелі өмірдегі ауыл ұғымын, ондағы тіріліктер баяндалады. Жайлау, қыстау мен көктеулік, күзеуліктің белгілі бір ру атымен, болмаса сол рудың беделді адамдарының атымен аталып кеткені де айтылады. Бұл тарауда дала жайылымы туралы да сөз болып, топырақтың құрамы, шөптің топыраққа байланысты азықтық қуатының өзгеруі жайлы ғылыми тұжырымдар ұсынады. Құсбегілікке қатысты тараушада бүркітті баптау, ұстау, бағу және оны алып жүруге, қондыруға байланысты дүниелердің (тұғыр, томаға, балақ бау, биялай, құндақ, балдақ, т.б.) ерекшеліктерін жеке-жеке таратып түсіндіреді. Ал балықшылыққа қатысты тараушада қазақ қара өлеңінде кездесетін балық өлеңді мысал ретінде келтіріп, балықөлең ішіндегі он тоғыз түрлі балықтың түрін келтіреді. бұл қазақ өмірінің бір көрінісі яғни қазақ даласында бар балық түрлері деп қабылдаған жөн секілді. Қазақтың жол-қатынас құралы туралы тараушасында ежелгі жібек жолының басып өткен іздері туралы сөз болады. Жібек жолы мәдениеті туралы да тілге тиек етеді. Шығыс, батыс мәдениетінің алмасулары туралы сөз қозғайды. Кітапта қазақтың ұлттық өлшемдері туралы да тоқталады. Ұзындық өлшем (бір елі, бір сүйем, бір құлаш, әудем жер, көз көрім жер, ат шаптырым жер, қозы көш жер, т.б.), шамалық өлшем (бір шымшым, бір атым, бір шөкім, бір қасық, бір шөміш, бір табақ, бір ұрттам, бір тістем, бір үйір, бір қора, бір үзім, бір жайым, бір шайлық, т.б.), ауырлық өлшем (батпан, зіл батпан, бір тең, т.б.), көлемдік өлшем (от орнындай, үй орнындай, шынының аузындай, жер ошақтай, оймақтай, иненің жасуындай, туймедей, табандай, т.б.), уақыт өлшемі (көзді ашып жұмғанша, бие сауым, ет пісірім, тал түс, жұлдыз шыға, үркер жамбасқа түсе, т.б.), тереңдік, биіктік өлшемдеріне (белуардан, тобық бойын, тізе бойы, ат құлағынан, шашадан, құрық бойы, арқан бойы, найза бойы, т.б.) деген түрлерге бөледі.

Алтыншы тарауда қазақтың ұлттық киімдері туралы тоқталады. онда ерлер мен әйелдер киімі туралы баяндап, әр рудың өзінің ерекшелігін көресетін киім түрлерін де айтады. Сонымен бірге бұл тарауда батырлардың киетін сауыттары мен қару-жарақтарының түрлерін баяндайды. Бірінші бөлімнің басқа тарауларында қазақтың ұлттық колөнері, зергерлік, ағашшылық өнері және қолөнер жабдықтары, қазақтың ер-тұрман әбзелдері, ою-өрнектердің мағынасы, қазақтың ұлттық тағамдары, табақ тарту және оның жосыны (бас табақ, қос

табақ, сый табақ, күйеу табақ, келін табақ, жастар табағы, жай табақ, т.б.) туралы сөз қозғайды. Сонымен бірге, сүт тағамдары, қазақтың ұлттық ойындары ат спорты туралы ойындар, т.б. түрлерін заттық этнография бөлімінде баяндайды «Рухани этнография» деп аталатын үшінші бөлімінде қазақтың рулық жүйесі, туыстық қатынасы туралы сөз болады. Туыстық жүйеге үш жұртты (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) жатқызса, рулық жүйеге үш жүзді негіз етіп баяндайды. Қазақтың отбасылық жүйесі туралы да тоқталады. Есім қою дәстүрі туралы да сөз етеді. Адам есімін қоюды жеті түрлі ерекшелік негізінде жіктеп берген. Айталық адамдардың арман-тілегі негізінде туған есімдер: Дәулетбай, Малдыбай т.б. есімдер, жақсы көрген аң-құстар мен өсімдіктердің негізінде туған, олардың өзіндік иесі мен киесі бар деген түсініктен туған адам есімдері: Жылқыбай, Қойлыбай, Қасқырбай, Шынар, Құндыз, Бұлбұл, т.б., есімдер. Белгілі бір рулардай өсіп-өнсе екен деген ұғымнан туған: Арғынбай, Найманбай, Қытайбай, Уақбай, т.б., батырлардың қару-жарағының есімдеріне байланысты қойылатын есімдер, қазақ тағамдары мен ер-тұрман әбзелдеріне байланысты қойылатын аттар: Қылышбай, Найзабек, Садақбай, Шөмішбай, Талқанбай, т.б. есімдер. Айкүн жыл қайыру есебі мен күн аттарына байланысты қойылған есімдер: Қаңтарбай, Мамырбек, Шілдебай, Қоянбай, Жетібай, Сегізбай, Рамазан, Айтбай т.б., Ислам дінінің қазаққа кіруіне байланысты қойылған есімдер: Мадина, Рахымеддолла, Шапих, Фатима, Мұхаммед, Байтолла т.б., есімдер. Халық арасында бала тоқтамағанда қойылатын есімдер: Кәдірсіз, Шылғаубай, Елеусіз, Тұрдықан, Тұрсын, Тоқтасын, т.б. есімдер. «Қазақ этнографиясы» деп аталатын бұл кітапта ежелгі наным-сенімдерге байланысты дүниелер де қамтылған (күнге, айға, жұлдызға табыну, хайуанаттарға табыну, табиғат құбылыстарына табыну, аруаққа табыну, т.б.).

Кітаптың «Қазақ бақсылары және бақсылық әдебиет» деген тараушада бақсылардың қоғамдық рөлі жөнінде тоқталады. Тарихта өткен әйгілі бақсылар туралы, олардың жын шақыру жырлары, бұлт пен жауын шақыру жырлары, арбау жырлары, дерт көшіру өлеңдері мен бәдік өлеңдер туралы айтып, нақтылы мысалдар келтірген. «Рухани этнография» деп аталатын бұл бөлімде қазақ халқының тарихтан бері ұстанған діндеріне шолу жасап, ислам діні және хадистер, ислам ғұламалары туралы тоқталады. Оған дәлел «Исламдық наным және ислам мәдениеті» деген тараушада исламның таралуы, қажыға барған қазақтар жайын және хадистерден үзінді берген. Кітапта киелі сандар мен түс туралы түсінік. Тарихта шындыққа айналған түстер, философиялық ұғымдар, халық астрономиясы (жұлдызшылар, ауа райын болжау амалдары, күн санау, ай санау, жыл санау және жыл қайыру) кең көлемде қамтылған [2]. Қазақтың этномедицинасы, қазақ заңдары (үйсін дәуірінің заңдары, Шыңғыс хан заманының заң жосындары, қазақ хандығы дәуірінің заңдары, билер ережесі, шарифат заңдары) этнопедагогика (қазақтың бала тәрбиелеу дәстүрі, жүкті әйелге қамқорлық және бала туған кездегі жосындар, бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүр, ырым-тиымдар, баланың дене бітіміне байланысты сындар мен ырымдар, тиым сөздер) тілге тиек етіледі [3]. Кітап көлемді (900 бет), кең ауқымда, әр тақырыпты қамтып жазылғандықтан көтерген жүгінің ауыр

екендігі оқырман қауымға түсінікті. Салалық бағытта, әр тақырып аясында авторлардың көп ізденіс жасағандығы аңғарылады. Қытайдың хандық дәуіріндегі, тарихи жылнамаларындағы деректері молынан келтірілген. Сондықтан бұл еңбекті қазақ фольклоры мен этнографиясы туралы мол мағлұмат, жан-жақтылы білім беретін, оқырманын қанағаттандыратындай, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, казак этнографиясы туралы білгісі келетін жалпы оқырман қауымға таптырмайтын бағалы еңбек деп айтуға әбден болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сәнік З. Тұғырыл хан. Демежан батыр. Тарихи эсселер, ғылыми зерттеулер. - Алматы: «КАЗ ақпарат», 2005 ж., - 269 бет.
2. Әлиев Н. Халқымыздың байырғы күн қайыруы // «Ана тілі». - Алматы, 1992 ж., - № 1-17.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-том. -Алматы: «Азия Арна», 2014., -840 б.

ӘӨЖ 82-941

Телейхан Мөлдір Телейханқызы
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
t.moldir55@mail.ru

Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,
Көкшетау, Қазақстан
asya_2309@mail.ru

МҰХТАР МАҒАУИННЫҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ ДИХОТОМИЯ

***Аннотация:** Қазақ әдебиетіндегі ерекше романдардың бірі- Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» туындысы. Себебі дәл бұл шығарма фантастикалық жанрда жазылған. Аталмыш роман 2007 жылы Прага қаласында жарық көрді. «Жармақ» романы қиял-гажайып пен мистикаға жақын болғанына қарамастан, шын өмірден алынған. Дихотомия терминін грек тілінің екі сөзінен шыққан. Яғни, «екіге» және «бөлу» сөздерінен құралған. «Жармақ» шығармасының сюжеті да жеке тұлғаның екіге бөлінуі салдарынан туындаған оқиғалар негізінде құрылған. Атап айтқанда, романда ұлтсыздық мәселесі, тәуелсіз мемлекет болашағы мен қазақ халқының тағдыры қамтылады. Екіге бөлінуі демекші, әр адам өз ішінде үнемі екі ойдың жетегінде жүреді, екі жолдың таңдауында тұрады. Әдетте, бұны мистикалық фильмдерде көретін «транс» жүйесі, ал бұл жерде қазақ әдебиетінің өзгешелігі болып тұр. Мақалада осы жайлы жан-жақты қарастырылған.*

***Тірек сөздер:** дихотомия, роман, ұлттық құндылық, Алаш*

Мұхтар Мағауин – қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы жазушылардың бірі де бірегейі. Оның шығармалары оқырманның жүрегінен орын алатынын сөзсіз. Жазушының шығармашылығында «Тазының өлімі»,

«Қара қыз», «Бір атаның балалары» сияқты повестер, «Көк мұнар», «Көк балақ», «Аласапыран», «Сары қазақ», «Шахан сері» романдары және «Мен» атты мемуарлары бар.

Ал жазушының ерекше туындыларының бірі – «Жармақ» романы. Себебі фантастикалық жанрда жазылған. Романда әлеуметтік-қоғамдық өміріміз көркемдік тұрғыда жанды кейіпкерлер арқылы бейнелен. Сонымен қатар, іс-әрекеттер арқылы дараланатын мінездер әлеміне көркем шығармада толық ашылған.

Қаламгердің айтуынша, романның негізгі тақырыбы – Алаш руханиятының алыптарының бірі Иман Қазақбайдың қолжазбасына негізделген романның бас кейіпкері Мұрат Бейсенұлының бейнесіне негізделген оқиғалар тізбегі. Ал шығарманың атауына тоқталатын болсақ, "Жармақ" сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде басқа бейне, бір заттың бір бөлігі мағынасында берілген. Яғни, аталмыш туынды бойынша "жармақ" сөзі-бүтіннің бір бөлігі, екінші жартысы дегенді білдіреді. Иман Қазақбайдың "Қилы тағдырлар" романының қолжазбасы жазушының өтініші бойынша "Жармақ" деп өзгертіледі. Кіріспе тарау авторға тиесілі. Қалғандары Иман Қазақбайға тиесілі. Бірақ, бұл тек автордың көркемдік тәсілі ғана. Негізінен, роман уақыттың ауыртпалығын көтереді.

«Жармақ» романында жеке тұлғаның екіге бөлінуі салдарынан туындаған мәселелер туралы жазылған. Жоғарыда атап өткендей, олар азат ел болуымыздың болашағы, қазақ халқының тағдыры мен ұлтсыздық мәселесі. Алғаш тәуелсіздік алған жылдары кетеуі кеткен қоғамда ұлттық мемлекет құру идеясы ескерусіз қалды. Тіпті, ақша мен мансапқа жаны тұрмақ арынсаудалаған қоғамнан бет бұрғызар, тәуелсіз ұлттық мемлекет құру жолына соны бағыт алуды көздеген «Жармақ» романы жайында «асығыс жазылған», «көркемдік бояуы аз, жалаң публицистика» деген сияқты сыни пікірлер де айтылған болатын[3]. Бірақ бүгінде пікір өзгергені анық.

Мұхтар Мағауиннің сипаттамасындағы «ішкі-сыртқы» дихотомияның поэтикасында үш аспекті қарастырылған. Яғни, адам бейнелерін бейнелеудің бірін-бірі толықтыратын үш аспектісі талданды. Олар:

- 1) кейіпкерлердің кеңістіктік және тұрмыстық ортасы (үйді, бақшаны суреттеу);
- 2) қарым-қатынас процесінде кейіпкерлердің пайда болуы (портреттік сипаттама, қимыл);
- 3) кейіпкерлерді қоршаған орта, макроәлем, бүкіл әлем.

Автордың сипаттамасында ұсынған кейіпкерлердің сыртқы әлемі негізінен олардың «ішкі» мағынасын білдіреді. Яғни:

- Кеңістіктік және күнделікті орта - бұл адамның алғашқы кеңістігі және оның қалыптасуының табиғи негізі. Бұл-адамның микрокосмының бір түрі. Бұл дегеніміз дәл осы жерде адамның елеулі «кодын» табуға болады;

- Қаламгердің сипаттамасындағы кейіпкерлерінің сыртқы көрінісін сипаттау (портреттік сипаттамалар, ым-ишара) олардың ішкі әлемін түсіну үшін маңызды. Адам кейіпкерлерін бейнелеуде жазушының назары табиғи «сыртқы» көріністерге - кейіпкерлердің тәндік мінез-құлқына аударылған;

• Батырларды қоршаған әлем - бұл макроәлем (табиғат, қоғам, ғалам) кейіпкердің көркем мінезді ашуда маңызды бола бастайды. Кейіпкерлер үшін сыртқы әлем - бұл тек тіршілік ету ортасы ғана емес, сондай-ақ, бірге өзін тану құралы. Оған қоса болмыстың құпияларын, жалпы болмыстың мәнін түсінудің өзіндік тәсілі.

Осы тұста жазушы Герольд Бельгер роман туралы былай деп айтады: «... «Жармақ» публицистикалық серпінді, ділгір мәселелерді қозғайды, тартысты. Мен мұндай сапаны артықшылық деп есептеймін. Мұндай сипат мені еліктіріп, қызықтыра түседі, ойлануға, кешегі өткенге мұқият үңілуге итермелейді, қайшылығы мол бүгінгі тірлік көңілге күмән ұялатып, болашақ туралы ойға жетелейді. Болмысқа ұлттық һәм жалпы адамзаттық тұрғыдан қарайсың. Бұл – роман-толғаныс, роман-эссе, роман-айтыс - тартыс. Мен осылай қабылдадым... Роман басқа тілдерге де аударылса да жүрек қылын дөп басар еді деп ойлаймын. Өйткені ол тар ұлттық құбылыс аясына сыймайды». Бұл «Жармақ» романы жазушының жан айқайы, қаншама дүрбелеңнен кейінгі кеудедегі шерін тарқатуы сияқты[1].

Басты кейіпкер өзінің екінші бетіндегі даңқ және дақпырттың табы басылған сатқындықтың қарғыс таңбасын өшіріп, бір бетті, ар-ұятты ұлтының мүддесі үшін өмір сүруді армандайды. Өзінің екінші жартысы Жармақ парламентке өтіп, тура Подонок сияқты өз ұлтын арандатып, «Қазақтарсыз Қазақстан» деген ұранды мемлекетаралық деңгейде жүзеге асыруға көшкенде, оның екінші жартысы – өзіне-өзі қол салады. Ол сол өзінің өлімі арқылы ғана Жармақты сатқындықтан арашалап қалады. Өйткені, онсыз, екінші сыңарынсыз Жармақтың өмір сүруі мүмкін емес көрінеді.

Маратымсыз – Мұрат, Мұратымсыз – Марат. Марат өзін өлімге қию арқылы Мұраттың жолын кеседі. Яғни, ұлттың мұраты үшін Марат өзін де, Мұратты да құрбан етеді. Мұндай шарасыздықты әрбір қазақ зиялысының басынан кешіп жүргені аян[8]. Тіпті, осындай амалсыз тәуекелге барған шығармашылық иелерінің тылсым тағдыры жанымызға батып жүргені де аян. Олар да Марат сияқты өз еркімен өмірден бас тартуы арқылы қалғанымызға ой салғысы келіп, жанын пида етті ме деп те ойлайсың. Ойлайсың да еркін өмірдің тұйыққа тірелуін азат қоғамды тұйық қоғамға әкеп тіреген себептерден іздейсің. Соның жауабының бір тұсы Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романында публицистикалық пафоста көркем сараланған. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетіне жаңа заманға сай тыңнан қалыптанған, тосын мінезді, ұлттық сыр-сипатқа мейлінше бай, әлемдік өредегі әсем үлгілер қосылды[8].

Бұл тұрғыдан алып қарағанда, Жармақ сынды жаңа сипаттағы хикаят-романы автордың айрықша жамалды, бірегей бітімді, жаһани шығармашылыққа бет бұрғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар, бұрынғыдан да биігірек сатыға көтерілгені мен көркем суреткерлік өріске шыққанын дәлелдеді. Бүгінгі күндер суретін кескіндеген, ұлттық діліміздің қақ жарылған қасіретін таңбалаған бұл роман ұлттық прозамыздың ұмтылар замани межені меңзейтіндей сияқты.

Әр жазушыдың өз өмір шыңдығы бар. Соған сай өз шығармашылығында әртүрлі көрсетеді. Атап өту керек, қазақ әдебиетінде постмодернистік ұғымның

да жат емес. Яғни, дәл осыны Мұхтар Мағауиннің Прага қаласында жарық көрген «Жармақ» романынан көреміз. Шығармада қазіргі Қазақ елінің екі ғасыр шегіндегі көкейкесті мәселелері көтеріледі. Одан бөлек қазақ қоғамында асқынып, қатерлі сыпат алып бара жатқан мәселелер қарастырылады. Олардың қатарында өз ұлтынан жатсыну, дүниенің бар байлығын ақшамен есептеу, тәуелсіз елдің жарқын болашағы, халық тағдырына байланысты терең толғаныстар сияқты дүниелер бар [5].

Романның тынысы күнделікті өмірде мың құбылып өзгерген заман ырқын пайымдау арқылы кеңейе түсті. Сондай-ақ, ұлт психологиясына сызат түсірген құбылыстарды суреттеу арқылы да кеңейгенін атап өту керек. Романда авторлық позицияны жеткізуде көркемдік құрал ретінде қолданған шартты, қажетті әдеби тәсілдер, шығарманың замана шындығын аңғартуда реалистік сыпат екендігіне көз жеткізесің. Осы «Жармақ» туындысы қазіргі таңдағы ұлттық діліміздің, тіліміздің қасіретін таңбалағаны хақ. Соның арқасында ұлттық прозамыздың көкжиегін кеңейте түскенін алға тартқан жөн.

Адам мінез-құлқының себеп-салдарын, «сана ағымының» екіге қақ жарылу себептерін, қос тұлғалықтың тұйыққа тіреліп жол таба алмай жолайрыққа тірелуін, кейіпкер әлеміне терең бойлау арқылы жоғары философиялық-моральдық деңгейде шешуі авторлық позицияның жарқын көрінісі «Жармақ» романында бүгінгі кеңістік және уақытты мифтік сана, аретиптік жады арқылы кейінге шегеріліп түс көру, елес, аян беру мифтік-фольклорлық тәсілдермен жаңа көркемдік формаға келтіріле суреттеледі[5]. Негізі осы көркемдік тәсілдерқазақ әдебиетінде бұрыннан бері бар. Яғни, осыған дейін де қолданыста болған үрдіс. Бұлардың түп-төркіні мифологиядағы: тотемистік, магиялық, анимистік және т.б. нанымдар мен сенімдерге барып тіреледі. Осы тұрғыда «Жармақ» романының күрделі және қайшылықты психологиялық ішкі сана тартысына құрылғаны туралы ғалым С.Қасқабасов келесідей пікір қалдырды: «Бір адамның екіге бөлінуі философиялық тұрғыдан алғанда өте күрделі құбылыс, көркем өнерде, әдебиетте өмірдегі қайшылықтарды, кейде ашық айта беруге болмайтын әлеуметтік, саяси, қоғамдық, рухани келеңсіздіктерді көрсету үшін кейіпкерді екіге жарып, суреттейтін аллегориялық тәсіл». Мұны М.Мағауиннің «Жармақ» романында тереңнен суреттелгендігінен байқауға болады.

«Жармақ» шығармасында көтерілген негізгі идеялық нысана- қазақ ұлтының тарихы және ұлттық құндылықтары. Кеңестік солақай саясаттың тоқпағынан өз тарихына, өзінің рухани байлығына ие ете алмауы кешегісі болса, бүгінгісі- жеке тәуелсіз мемлекет болғаннан соң әлі де мәңгүрттікпен, қоғамдық дертке айналған жемқорлықтан арылмауы. Яғни, автор адамдардың бірі-біріне жаны ашымайтын қатыгез, тасбауыр ниеттерінен әлі де арыла алмай санасының солғын тартқанын ашына жазады.

Жалпы алғанда жазушының суреткерлік қолтаңбасы арқылы біз кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының жалпы кескін-келбетін, ішкі иірім-ағыстарын, сондағы дала қазағының да, қала қазағының да заман ырқымен өзгеріп жатқан мінез-құлқын, психологиясын көреміз. Тағы бір ерекшелігі- автордың шығармашылығында бір мақсатты жүйе бардай. Мүмкін жазушының баяғыдан келе жатқан қазақ өнері мен ұлттық діл-дәстүрдің әрбір саласына бір-бір

сүйекті шығармасын арнауы тегін емес шығар. Қай жазушының шығармасын алсақ та олар өткенге көз тастап, сол өткенді шеберлікпен суреттеуге тырысады. М.Мағауиннің өткен ғасыр келбетін көрсететін шығармаларымен де таныспыз, бірақ бұл "Жармақ" бүгінгі күннің жаңалығы десек артық болмас...

«Жармақ» романының басты мақсаты біреуді сынау емес, қайта тұтас ұлтты сын арқылы рухани тоқыраудан алып қалу. Оған қоса ғаламдық сипаты бар апаттарды ескерту. Жазушының бұл жағынан талант-талғамы жоғары деңгейде. Оны шығармада анық байқаймыз. Бір адамның бойындағы ішкі арпалыстар, яғни, дихотомия әдісі арқылы екіге бөлінуін жіктедік. Романда бір адамның екі түрлі сипатта ғұмыр кешуі сияқты дүниелер де бұрыннан барекенін атап өттік. Бұл бүгін де, ертең де жалғаса бермек.

«Жармақ» романында оқиға қилы-қилы мінездер, түрлі-түрлі оқиғалар арқылы өрбитінін атап өттік. Бұл шығарма Мұхтар Мағауиннің шимай-шытырық жазбалары көпшілік жұрт үшін елеусіз, бәлкім мүлде белгісіз қаламгер, шын мәнінде бұрынғы-соңғы алаш руханиятындағы ең алып тұлғалардың бірі Иман Қазақбайдың архивінен табылды. “Марқұммен өжеттес дос болмасақ та, ара-кідік телефондасып тұратынымыз бар еді, азалы топырақ үстінде өкінішке әрі ризашылыққа толы екі-үш ауыз бақұл сөз айттым, жыл уағы өтпей, бейбақ жесірі де дүние салып еді, әке жолынан аулақ балалары мынау алмағайып заманда тіршілік қамында кетіпті, ала қағаз бетіндегі барлық мұрасына жанашырлық танытқан”, - деп немере інісі оның қолына әр түрлі сипаттағы, тура жарым сандық қолжазбаны жазушыға тапсырғанын айтады.

Мұхтар Мағауин «Жармақ» романын адамзаттық, ұлттық шындыққа негіздеген. Ақ және қараның айқасы етіп көрсетіп қана қоймай, шындық пен жалғандықтың аражігін ашқан. Алаш ардагері Иман Қазақбайдың атынан «Қайыр, есен-сау тұрыңыз. Иманыңыздан айырылмасаңыз, барлық Мұрат орнына келері күмәнсіз» – дейді. Шындығында, адамның үлкен тірегі иман екен. Қазақта «имансыз» деген сөз бар. Жүзіқара, сатқын деген суық сөздер де имансыз деген сөзден ауыр емес. Иманы кеткен адамның мәртебесі төмендеп, өзі әлсіреп, қасіретке ұшырайды екен. Жағымпаздық, көрсеқызарлық, сатқындық сияқты ұнамсыз қасиеттердің барлығы да иманның әлсіздігінен, тіпті жоқтығынан. Жазушы ұрпаққа, бүгінгі жастарға осындай қасіретті ескертеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 1991ж. – 221 б.
2. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1996 ж. – 342 б.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996 ж. – 211 б.
4. Жұмаділов Қ. М.Мағауин туралы сөз // Қазақ әдебиеті, №7. 20 наурыз 2020 ж. – 5 б.
5. Сейдахметова Ж. Әдеби тұлғаның адамгершілік әлемі// Ұлт тағылымы, №6.1999 ж. – 6 б.
6. Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. – Алматы, 1972 ж. – 302 б.

7. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет хрестоматиясы. – Алматы: «Ана тілі», 1993 ж. – 201 б.
8. М.Мағауин. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: «Ана тілі», 1992 ж. – 342 б.
9. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: «Алматыкітап», 2018. – 7 б.

ӘОЖ 85.03(5 Қ)

Уранова Сәния Сайрановна
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ
Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ
asya_2309@mail.ru

ПРОЗАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМДІ ДАМЫТУШЫ (БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

***Аннотация:** Мақалада қарымды қаламгер Бексұлтан Нұржекеевтің «Бейтаныс әйелдің құпиясы», «Не үшін» әңгімелері зерттеу нысанына алынады. Аталмыш әңгімелердегі кейіпкерлердің бейнесі, образдық болмысы, белгілі жағдайдың, қоғамдық фрустрациядағы экзистенциясы, тұлғалық портреті зерделенеді.*

***Тірек сөздер:** прозадағы психологизм, образ, бейсаналы күй, экзистенция, жатсыну*

Көркем прозаның адамның ішкі жан дүниесіне тереңдеп баруға, оларды жан-жақты бейнелеп, тануға, сөйтіп шығарманың эстетикалық әлемін айқындауға мүмкіндігі мол. Негізінен алғанда, психологизмнің өзіндік әлемі, яғни поэтикасы бар. Ең біріншіден, психологизмнің бейнелеу тәсіліне /прием/ психологиялық талдау /психологический анализ/ мен өз-өзін талдау /самоанализ/ жатады. Психологикалық талдауда бейтарап /үшінші жақтан/ баяндаушы әңгімелесе, өзін-өзі талдауда көбіне бірінші жақтан баяндалады. Десек те, психологизмнің ең алдыңғы қатарда тұратын тәсілі – ішкі монолог. Жалпы шынайы көркем туындыға тән өмірлік шындықты көркемдік тұрғыдан нанымдылықпен бейнелеп, тануда, шығарманың эстетикалық әлемін айқындауда әдеби психологизмнің атқарар рөлі зор. Яғни психологиялық прозада қолдылатын әдеби тәсілдер көркем туындының композициялық, статистикалық, дыбыстық, ырғақтық баяндау элементтерін ерекшелендіріп, кейіпкердің психологиялық жағдайы мен автор сөзін анықтап, нақтылайды. Сондай-ақ бұл психологиялық бейнелеу құралдары арқылы шығармадағы айтылатын ой-идеялар сюжеттік, композициялық, жанрлық, стилистикалық жағынан тұтас ұйымдастыру тұрғысынан қарастырылады.

Әдебиеттің өзі адамтану ғылымы екендігін ескерсек, көркем шығармадағы адамның есті-ессіз іс-әрекеттерін, жан құбылыстарын, сезімдік түзілістерін психологиялық талдау тәсілі ғана жете бейнелері хақ. Осы орайда фрейдизмнің алатын алатын орны ерекше. З.Фрейд жеке адам құрылымындағы (индивидуальная бессознательность) бейсаналалық әрекеттерге назар аударды және адам жанының жасырын, қозғаушы күштерін ашты. Ол адам өзінің қылықтарының туу себебін кейде түсіндіріп бере алмайды деп атап көрсетті, оларды санамен аңғаруға болмайды және бұлардың нақты себептерін түс көру, сандырақтау, ырықсыз қозғалыс сияқты бейсаналы құбылыстарды зерттеу арқылы ғана анықтауға ғана анықтауға мүмкіндік туады.

Белгілі зерттеуші, ф.ғ.д. Ш.Елеукенов З.Фрейдтің осы ілімін былайша түсіндіріп береді: «...Адамның жан дүниесі үш сатылы. Бірінші саты – Ол /ОНО/. Ол дейтіні – адамның сексуалдық және жауыздық әуейліктерінің аласұрып қанағат тілейтіндігі, оған қоғамдық тәртіп бойына сіңген күй-жай қарсы тұрады. Бұл үшінші сатыны Фрейд үстем МЕН /сверх Я/ деп атаған. Адам жан дүниесі, іші осы екеуінің айқас алаңына айналады. Міне, осы жағдайда төбе би ролін ортаңғы саты, инстанция – МЕН атқарады. Адамды нақтылы жағдайға бейімдейді»[1,59]. Жазушыларды қатты қызықтырған ессіздік күйді Ш.Елеукенов “Қамалған қазағына жол таппаққа”, “Прозаға қадам басу” атты ғылыми мақалаларында “Бейсаналы” деп ала отырып, бұл құбылыстың көркем әдебиетте көптеген шығармашылық ізденістер мен әдеби бағыттардың дүниеге келуіне себепкер болғанын, оны М.Жұмабаевтың символизмімен байланыстыра зерделі зерттеу жүргізіледі.

Шынында да бейсаналы күй адамның өзіне сезілмегенмен, сыртқа еріксіз әрекеттер арқылы болса да білінбей тұрмайды. Олар әдебиетте кейде саналы – жүйелі ой ағымы, белгілі бір іс-әрекеттер арқылы айшықталса, енді бірде автордың еркіне көнбейтін ішкі бір толқу, тебі реністің қуатты бір толқыны, қозғаушы күші – бейсаналы күй арқылы айшықталса, енді бірде автордың еркіне көнбейді. Жоғарыдағы ғалымдарының ой-пікірлерінен шығатын түйін- жүйелі ой-ағымдарына арқа сүйейтін кең мағынадағы психологизм барлықәдебиетке, оның барлық жанрларына тән болса, кейде саналы, кейде жүйесіз “сана тасқынын” пір тұтатын тереңдетілген психологизм тек психологиялық талдау тәсілдерінен тұратын, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін жан-жақты, қазбалай жазатын психологиялық прозаның еншісіндегі рухани құбылыс. Олай болса, ішкі сөз Ш.Құдайбердиев айтқандай, жан құбылысы, кейіпкер ойының тууы мен қозғалысы сол, психологиялық сәттегі кейіпкердің келбеті мен денесіндегі сезімдік қимыл қозғалыстармен тікелей байланысты.

Әдебиеттегі психологизм – динамикалық, аналитикалық және синкреттік болып бірнеше түрге бөлінеді. Бұлардың бәрі көркем шығармаға тән тәсілдер. Сол себепті де психологиялық прозаның басқа жанрлардан қандай айырмашылықтары бар деген қарапайым сауал туары сөзсіз. Және жанрдың өзі – өнердің көп қырлы, жан-жақты категориясы. Онда әдебиеттің әр түрлі әдістері мен көркемдік тәсілдері көрініс табады. Ал, жанрға тән жанрлық – шығарманың белгілі бір жанр аясында жазылатындығы.

Ғалым Г.Пірәлиеваның[17,204]тұжырымдауынша, психологиялық шығарманың өзіне тән жанрлық, көркемдік, стильдік ерекшеліктері: Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып,идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді. Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданды. Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды.

Дәл осындай теориялық тұжырымды А.Байтұрсынов дарынды сөзде былай деп береді: “Ақындар ғалымдар сияқты уақиғасын яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды... Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғарымында суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды. Сөйтіп шығарған сөзі, көркем сөзі шығарма болады дей келе, оларды

“1.Әуезеленіп айтылуына қарай.

2.Толғанып айтылуына қарай.

3.Ғаламдап айтылуына қарай” үшке бөледі.

“Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады”. «Ақын әуезе түрінде сөйлегенде уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып баяндап, уақиғаға көз салған адамша, хатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету тысқарғы түрде айту болады»[2].

А.Байтұрсынов әлемдік әдебиеттану ғылымында қалыптасқан психологиялық бейнелеу тәсілін ұлттық сөз өнерінде дәйекті түрде қолдана білген. Сөйлеу, ойлау жүйесі арқылы ішкі сезімді суреттеу – тура тәсіл (ішкергі ғалам) болса, екіншісі – жанама (тысқарғы ғалам), яғни кейіпкерлердің психикасы мен санасындағы процестер тікелей бейнеленбей, тек сыртқы іс-әрекет, дене-кескіндегі мимикалық қозғалыстар, сыртқы көріністер арқылы айшықталады. Жазушы кейіпкерінің ойы мен сезімін оқырманына жеткізудің тағы бір тәсілі – оның жан дүниесінде жүріп жатқан психологиялық процестің атын атап, түсін түстеу арқылы беру болып табылады.

Негізгі психологиялық шығарманың жанрлық, стильдік ерекшелігін ашатын көркемдік бейнелеу құралдары – ішкі монолог, монолог, ойлау, қиялдау, ой-түйсік, ес, еске алу,елес, елестету, түс-сандырақ, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі талдау т.б. психология ғылымында да тән категориялар. Алайда, көркем туындыдағы бұл категориялар әдеби тұрғыда көркемдік тәсілдер, адам жанын талдаудың таптырмас құралы ретінде қарастырылса, жантану ғылымында адамның жан жүйесінің заңдылықтарын зерттейтін категориялар болып табылады. Сондықтан да көркем шығармадағы өмір шындығының ең

жоғарғы эстетикалық әлемі мен рухани құндылық деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас.

Бұл орайда, ұлттық сипат дей келе, біз, ең алдымен, ұлттық мінез, ұлттық психология, ұлттық дәстүр, ұлт тілі деген құрамдас дүниелерді ұмытпағанымыз жөн. Қазақ әдебиетіне тән ерекшелік те жазушылар шеберлігіне, өз кейіпкерлерінің психологиясын, оның жандүниесімен астапта беруіне тікелей байланысты. Сондықтан жалпы халықтарды біріктіретін психология бар да, сол сияқты оларды бір-бірінен ажырататын ұлттық мінез бен ұлттық дәстүр бар. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары М.Мағауин, Д.Исабеков, Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Қ.Түменбай, Н.Ораз, Т.Ахметжанмен бірге зерттеу нысанымызға алған Б.Нұржекеев те прозаны жанрындағы психологизмді дамытуға орасан үлес қосты. Әсіресе, Б.Нұржекеев өз прозасында кейіпкерін өірдің жақсы- жаманын «арқалату» мақсатында емес, кейіпкерінің жан-дүниесіндегі сапырылысына орай қараған. Кейіпкерлерін әрбір қиындықпен кездескенде жеңіп шығатын, құндылықтардың сырын түсініп қана қоймай, сол үшін күресетін күрескерлік рухты бойларына дарытады. Мәселен, «Бейтаныс әйелдің құпиясы» атты жинағындағы («Күләштің соңғы көктемі», «Қыз сезім», «Кәріс қызы», «Екі қырсық» және т.б. әңгімелердің негізгі тақырыбы – әйел мен еркек арасындағы сезім сырлары, яғни махаббат мәселесі. «Бейтаныс әйелдің құпиясы» әңгімесінде жазушы аты-жөні белгісіз бейтаныс әйелдің құпия күнделігін ойда-жоқта қолына түсіреді де, үйне алып келіп бастан-аяқ оқып шығады. Бар әңгіме осы. Күнделіктегі жазбалар бейтаныс әйелдің бүкіл құпиясын, яғни жан дүниесіндегі толқыма-толқыныстарын, сезіміндегі сергелдендерін толық ашып берген: «Жаным! Әр күнім, әр түнім сізді ғана ойлауға арналатын болды. Қайда жүрсем де, не істесем де сіз миымда, көз алдымда тұрасыз да қоясыз. Тұтқыныңызға мықтап түсірген екенсіз. Торыңызға қалай, қай уақытта шырмалыш қалғанымды да білмеймін. Осынша естен айрылуға болады деп кім ойлаған?! Әсіресе менің жағдайымда. Жалғыз ғана үмітім – сіздің маған деген көңіліңіз. Сіз суып кетсеңіз, ол соққыныкөтере алмайтын шығармын. Суымаңызшы!» – деген әйел күнделігіндегі жазуларды оқиды да, оған өз ойын тіркеп, көзқарасын білдіріп отырады: «Сөз сыңайынан әйелдің жас, еркектің егде екендігі бірден аңғарылады. Оның үстіне әйелдің күйеуі, еркектің әйелі бар болу керек. «Әсіресе, менің жағдайымда»,– деуі, сірә, сондықтан [3, 53-68].

Әңгіме толықтай осындай психологиялық тәсілмен жазылған. Басты кейіпкер «ұят» экзистенциасында. Алдымен, күнделікте үзінді келтіріледі де, соңында автордың соған деген көзқарасы беріледі.

Көркем әдебиетте адамның жан адамға аша алмайтын құпия сырларынашып көрсететін көркемдік тәсілдердің бірі бұл. Осылай бейтаныс әйелдің құпия сезіміне автормен бірге біз де күә боламыз, қызыға түсеміз. Тіпті күнделікті бізге шығарма ішіндегі кейіпкер дауыстап оқып беріп отырғандай әсерде қаламыз. Шығарманың соңына дейін бейтаныс әйелдің кім екенін, түр- түсін ажырата алмаймыз. Өйткені онда не портрет, не диалог жоқ, сонда да күнделігі арқылы оның қандай ада екенін жазбай танимыз. Ішкі ойлары, сезім сырлары, санасындағы сан алуан толқыныстар арқылы жанының нәзіктігін,

тектілігін, жүрегінің нұрлылығын, бәрін аұқылға жендіре алатын парасатпайымдылығын, жалпы табиғи болмысының тазалығын, қазақ халқының менталитетіндегі әйел образын елестетеміз. Адам жанын жегідей жеген жан жарасын, ішіне запырандай жиналған құпия сырын өзіне ашпағанда кімге ашпақ? Қоғамдық экзистенция шеңберіндегі ол сырын ақ қағазға ақтарады. Сөйтіп шері тарқайды. Ендеше, бейтаныс әйелдің құпиясы күнделігі арқылы ашылуы заңды, сенімді, нанымды. Оқырманды сендіреді. Кейіпкердің жандүниесіндегі арпалыстарды Б.Нұржекеев оның сана-сезіміндегі алақұйын арпалыстар мен ар алдындағы арпалысқа қарсы қояды. Өмірде өшпейтін, ескірмейтін, мәңгілік ештеңе жоқ. Бәрі де өткінші. Сезімде суып, көңіл де қалады екен. Бейтаныс әйелдің телегей теңіздей тодқыған сезім селі аз ғана уақыттың ішінде сарқылған судай тартыла қалады. Әйел күнделігі де аяқталып қалады: «Бұдан былай менімен бос уақыт өткізіп әуре болғыңыз келмесе, өстіп жоқтан өзгені сылтауратқаныңызды күні бұрын білгенмін. Сөйтіп, сезімімді де біржолата өлтіріп тастайды-ау деп қорыққанмын. Байқаймын сол күдігім расталғандай»[3,75]. Күнделіктегі жазбалардан тек әйелдің ғана емес, онымен көңіл-хошы жарасқан бөгде еркектің де қандай адам екеніні сыр беріп қалады. Әрине, басында еркекке іш тарта қалғанымызбен, әңгіменің соңында оның да бетпердесі ашылып, секем аламыз. Міне, бұл автордың шеберлігі. Шеберлігі ғана емес, оның ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы. Тақырыбы үйреншікті махаббат тақырыбы болғанымен, соны суреттегі өрнегі өзгеше, соны, формасы жаңа. «Бейтаныс әйелдің құпиясын» тәмамдауда да Б.Нұржекеев ерекше кульминация жасайды: «Бірақ мен бәрібір бақыттымын, өйткені шын сүю дегеннің не екенін аз уаықт болса да бастан кештім: рахатын да таттым, азабын да таттым. Сол үшін сізге ризамын. Қалғанын келешек көрсетер»[3,92].

Сурет пен сезімнің астасуы, ой мен танымның шарпысуы осы екі сөйлемге сыйып кеткен. Жазушыға тән шеберліктің шендесер тұсы да осындайда анық байқалады. Жоғарыда қарастырғанымыздай, жазушы махаббаттақырыбын басты шығармаларының асыл арқауы ете отырып, әйел мен еркектің арасындағы күрделі қарым-қатынасты, ерлі-байлы жұптың қайшылықты тыныс-тіршілігін терең психологиялық мәнде ашуды мақсат тұтады. Бексұлтан Нұржекеевтің 80-жылдардың соңын ала жарық көрген «Ерлі-зайыптылар» атты көлемді романы – сол үдеден шыққан шығарма. Жазушы бұл романында да жауыр болған каноннан қашады. Күллі романды басты үш кейіпкер – Ілескүл, Зеріп, Мұқаның монологтық сырына құрады. Осы үшеуі арқылы әйел затының әркімге айтыла бермес, тіпті Тәңірі қосқан жарына да тіс жармас, тек өзімен өлгенде көрге бірге ала кететін жан сыры болатынын ішкі иіріммен, суреткерлік шеберлігін айқын танытады.

Бексұлтан Нұржекеұлының қандай шығармасын оқысақ та, барлығында терең мән-мағына, астарлы ой бар. Жазушы өзіне тән, ешкімге ұқсамайтын жазу стилімен басқа қаламгерлерден ерекшеленіп тұрады. Негізінен әңгімелері махаббат тақырыбына көптеп жазылған. Ер мен әйел арасындағы нәзік сезімді әдемі жеткізуші десек қателеспейміз. Жазушы махаббат тақырыбын ғана қозғамай, сонымен қатар ауылдағы өмір, жастар, тәрбие, адам бойындағы

адалдық, кісілік, адамгершілік сияқты мәселелерді қарастырған. Көріп отырғанымыздай жазушының шығармалары түрлі тақырыптарды қамтиды.

Қаламгер сан сырлы, алуан қырлы өмір шындығын өте керемет, көркем сөзбен кестелеп, әрін келтіріп, оқиғаны суреттеуде өзінің сұңғыла суреткерлігімен, шынайы шеберлігімен оқырманның көңілінен жол тапты. «Не үшін» әңгімесін алып қарайтын болсақ, қысқа ғана әңгімеде өте көп көркемдегіш құралдар қолданылған. Автор кейбір жерлерде ойын әсем әрі нақты жеткізу үшін тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді ұтымды қолданған. Мысалы, «Бөгде жүрісті біреуді байқап, ит арс ете қалды». Осы мысалда «ит арс» дегеніміз метафра болады. Себебі иттің үргенін жеткізу үшін автор арс деген сөзбен алмастырған. «Үйдегілер оянбады». Бұл сөйлемдегі

«үйдегілер» деп тұрғны синекдоха тәсілі арқылы жасалып тұр. Себебі автордың айтқысы келгені сол үйдің ішіндегі адамдар. Бөлшектің орнына бүтінді қолданып тұрғанын байқаймыз. «Түн өлі денедей сұлық». Мына жерде автордың теңеуді қолданғын көруге болады. Түнді өлі адамға теңеп тұр, яғни ештеңені сезбей, көрмей тұр деген мағынада қолданған.

«Қорыққан баладай түн де тым-тырыс». Бұл жерде де түнді қорыққан балаға теңегенін байқаймыз. «Жамандықты сезіп, жайдақ аттыға нән төбет жанталаса тұра ұмтылғанда бүкіл түнді өзімен бірге сүйрей жөнелгендей еді; ызалы ырыл мен атылған екпін тау қопаратындай» [3,102]. Осы сөйлемдегі «нән» деген сөз эпитет. Себебі сөйлемді әсерлі, айшықты ету үшін қолданылып тұр. «Шірене тартып жұлқып қалғанда, қарс етіп қарағай есік қақ айрылды». «Қарс етіп» деген сөз тіркесі бұл жерде эпитет арқылы беріліп тұр.

«Қозғалып, тіпті қорқып үлгергенше, қарулы қол кеп кеңірдегіне жармасты». «Қол» деп тұрғанымыз адам деген мағынада қолданылып, метонимия тәсілі арқылы жасалып тұр. Автор осы әңгімеде портретті де қолданған. «Жүмекен – жұрт сүйсінген жігіт. Ерегіс жанжалдарын былай қойғанда, балуандығы мен батылдығы – ол өз алдына әңгіме. Әсіресе аңшылығы аңыз. Мүлт жібермейтін мұндай мерген, шынында, бұл өңірде бұрын соңды болып көрмеген. Оғы атқанын қуалап жүріп тиетіндей дәлші. Жақсы атақтың астарына жаман әдет те жасырынады: Жүмекен жұт нәпсілі де жігіт. Бойдақ болғанымен, құшағы қысыр күні жоқ. Мінезіне сай түрі де тоң» [3,107].

Автордың «Не үшін» атты әңгімесі тоғыз бөліктен тұрады. Әр бөлікте әр түрлі ой айтылған. Басында белгісіз бір адамның түн ортасында жасаған қастандығы жайлы жазса, екінші бөлімінде сол адамды толықтай сипаттап қандай адам екенін, немен айналысатынын толық ашады. Үшінші бөлімінде Жүмекеннің туған ағасы Әбдікен туралы баяндап, Жүмекен екеуінің бір-біріне ұқсамайтындығын сөз еткен. Осылайша автор бір бөлімнен екінші бөлімге ауысқан сәтте, басындағы ойды оқырмаға жеткізу үшін толықтай ашу мақсатында әр бөліде жеке бір ойды қамтыған.

Әңгімені оқып отырып бұл жерде лирикалық шегіністің бар екендігін байқауға болады. Әсіресе бір бөлімнен екінші бөлімге ауысқан кезде өте қатты байқалады. Осы сәтте автордың ойы шашыраңқы ма деген де ой келеді. Сонымен қатар үшінші бөлімнің ішінде автор Жүмекеннің ағасы Әбдікен жайлы айтып келе жатып, Жаркентке бандылардың басып кіргендігі, ауыл

адамдарының мүшкіл халін суреттеп кеткен. Осы сияқты лирикалық шегіністер бұл әңгімеде кездеседі.

Егер де шығарманың басындағы ойды соңындағысымен салыстыратын болсақ, автор бұл әңгімені Әбдікеннің досы Үмбеттің көрген түсі арқылы беріп отыр. Басындағы ойды автор бізге жауыз кейіпкердің жағымсыз қылықтары арқылы көрсете отырып, келесі бөлімдерде оны тарқатып үзіп- үзіп жеткізді. Жоғарыда айтқандай автордың ойының шашыраңқы болуы осы әңгімені кейіпкердің түсі арқылы жеткізуінен деп ұғуға болады.

Қорытындысына дейін қаламгер оқырманды қызықтырып қойды. Негізгі кейіпкерді туған ағасы өлтіріп, дүниеден озғанына өзін кінәлі санап жылап жатады. Содан соң тоқсан сөздің тобықтай түйінін «Үмбетей өзінің қалай өлмегеніне аң-таң. Ұйқысынан оқ оятып жібергендей көкжиектен күн де көтерілді» деп аяқтайды. Бұл да жазушының өзіне тән ерекшелігін танытады.

Шығарманың «Не үшін» деп аталуының өзінде үлкен мән-мағына жатыр. Сайып келгенде, автор бұл шығарма арқылы оқырманға жақын адамдарға, ата-анаға қамқор болу керектігін, әрқашан үлкеннің ақылын тыңдау қажеттігін айтады. Жағымсыз кейіпкер Жүмекен арқылы қаламгер бізге арсыз қасиеттерден арылуға үн тастайды. Сен өзіңнің жаман қылықтарыңмен туғаныңды өзіңе қарсы қоя аласың дегенді айтады. Бір сәтте қолыңда бар байлығыңнан, өз өміріңнен айырылып қаласың деген үлкен ойланатындай ой тастайды. Менің ойымша қазіргі таңда да бұл тақырып өте ауқымды. Себебі қазіргі қоғамда туғандар бір-бірін көре алмайды, әрдайым қастандық жасағысы келеді.

Өзінің ағайындыларына да сенбейтіндер де кездеседі. Барлығы емес әрине, дегенмен ондай жоқ емес бар. Жоғарыда атап көрсеткен автордың көтерген үлкен мәселесі ол ата-анаға деген құрмет. Бұл мәселе де бүгінгі күні өте актуалды десем қателеспеймін. Өйткені көп жағдайда бала өзінің туған ата-анасын құрметтемейді, қолындағы асылын бағаламайды, қарттар үйіне тапсырады. Бұл әрине бүгінгі қоғамның ойланатын жағдайы. Шығармада Жүмекеннің ата-анасы өзінің баласының қандай жаман, қатыгез екенін біле тұра, оны барлығы жақтырмаса да олар онымен бірге кетуге бел буып отыр. Бұл жерден балаға деген сарқылмас махаббаты байқаймыз. Менің ойымша әр перзент өзінің қос қанатын барында бағалап, тек қана алғысына бөленуі керек. Одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

Пайдаланатқан әдебиеттер тізімі:

1. ЕлеуKENOV, Ш. Жаңа жолдан [Мәтін] : әдеби портреттер, зерттеулер / Ш. ЕлеуKENOV. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш <https://kitap.kz/book/adebiet-tanytqysh>
3. Бексұлтан Нұржекеұлы «Бейтаныс әйелдің құпиясы»: Әңгімелер. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 336 б.

Хумар Бақытгүл Келесқызы
«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ
b_keleskyzy@mail.ru
Кажибоева Гүлден Кенесовна
«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ
guldenkgk@mail.ru

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҰЛҒАТАНУ: МАҒЖАНТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация: Мақалада мағжантану мәселесіне қатысты әдебиетші, профессор, ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің ғылыми тұжырымдары қарастырылады. Тақырыпқа қатысты ғалымдардың ой-пікірлері салыстырылады. Тұрсынбек Кәкішевтің ғылыми-эссесі жан-жақты қаралып, мағжантану мәселесіне байланысты ғылыми ойлары талқыланады. Мағжан шығармашылығы көркемдік тұрғысынан А.Байтұрсынов еңбектері бойынша айқындалады. Мағжан мен Сәкен арақатынасы тарихи деректерге сүйеніп бағаланады.

Тірек сөздер: мағжантану, тарихи деректер, алаш қозғалысы, классиктер, саяси идеология

Профессор, әдебиеттанушы, ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің ғалымдық ізденісі, ғылыми еңбектері мен зерттеулері әдебиет алдындағы міндетін, мақсатын архивтік деректерге сүйеніп, нақты мағлұмат, дәлелдермен асатиынақтылықпен атқарып келеді. «Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан, бұ да сынға түспек. Мұның түрлі ісі түріне қарай сынға түседі...» [1, 403] деп А.Байтұрсынов айтқандай, Тұрсынбек Кәкішев әдебиет сынында да сынға түсіп, ғылыми адалдықтың сынынан да әділдікпен, ақиқатпен көзге түскен тау тұлға. Ақиқатты көздеген зерттеу еңбектерінің бір шоғыры – тұлғатану мәселесімен ұштасады.

Әдебиетіміздің ұлы классиктерінің өмірі мен шығармашылығының өзіөмір сүріп жатқан қоғамға байланысты дау-дамайға ұшырауы, олардың қазақ әдебиетіндегі орнының бұлыңғыр болып түрлі пікірге, талас-тартысқа ұшырауы ғалымды әр кез алаңдатады. Әсіресе, оқырман қауым, оқушы қауымның әдеби, тарихи танымын кеңейту мақсатында, тарихи шындыққа көз жеткізу мүддесінде жасаған ғылыми ізденістерінің, архивтік деректерінің, көркемдік талдауларының мәні мен маңызы ерекше. Ғалымның қазақ әдебиетіне шынжанашырлығы – оқырман қауымның әдеби, тарихи сауаттылығынқалыптастыруда, оқушы көзін ақиқатқа жетелеуде әрі қазақ әдебиеті өкілдерінің орнын айқындаудағы қажырлы еңбегінен анық көрініс тауып отыр.

Тарихи тұрғыда қазақ әдебиеттану ғылымында түйінін таппай келе жатқан даулы мәселенің бірі – Мағжан мен Сәкен. Тұлғаларымыздың ақталғаннан кейінгі халықтың рухани өміріндегі орны айрықша болғандығы жайлы пікірлер күні бүгінге дейін сөз болып келеді. Мәселен, Филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісімақова өз сөзінде: «ҚКП Орталық Комитетінің «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» (1988) қаулысы қазақ елініңрухани өміріне үлкен серпіліс әкелді. Бұл есімдерді бұрын естімеген біздің

ұрпаққа көп кешікпей осы тізімді жалғастырып ақталған Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, С.Садуақасов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қарашев, Х.Досмағамбетов, М.Тынышбаев т.б. қайта басылып шыққан кітаптарындағы тұжырымдылық пен дәлдік, мазмұндылық, көркемдік пен шеберлік ерекше әсер етті» [2, 11] деп түйіндейді. Алайда, әдебиет өкілдерінің көзі тірісінде де, ақталғаннан кейін де дауылы басылмаған мәселелері бар және оларды шешуде Т.Кәкішевтің орны ерекше. Ғалымның бұл мәселеге байланысты бүкіл қазақ қауымына кеңінен танылған, аталған ұлы классиктеріміздің өмірі мен шығармашылығын сөз еткен, «Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесі. Ғылыми эссе ұлы тұлғаларымыз жөнінде қазақ қауымының таным көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, тарихи шындыққа жетелеп, эстетикалық түсінігін арттырады.

Өз кезеңінде саяси жағдайдың әсерінен Сәкенді көш бастаушы ретінде көтеріп, ал Мағжанды қарсы тарап ретінде көріп даттаулардың болғандығы шындық. Бұл жағдай Бейімбет, Сәкен, Ілиястар оралғаннан кейін, яғни 1957 жылдары үдей түсіп, қатты бұрмалауға ұшырады. Оның себебі де солақай саясаттың салқыны екені белгілі. Ғалым ғылыми эсседе Алаш қозғалысы тақырыбы айтылғанда А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Садуақасов, С.Қожанов есімдері қатар аталғанда, Сәкен, Тұрар, Ілияс, Бейімбет, Сәбит есімдері «ілікпей» қалып отырғанын айтады. Әсіресе, ұмыт қалғандардың көбірек ұшырасатыны – Сәкен мен Сәбит. Оларды Кеңес үкіметін орнатушылардың қатарына жатқызып, «ұлтын сатқандар» тізіміне қосқандар да жоқ емес. Сол себепті де ғалымның бұл ауыр тақырыпты қолға алуы ғылым алдындағы үлкен адалдығы мен әділдік туын биік ұстар шыншылдығын көрсетіп отыр. Ғалымның сонау жылдардан келе жатқан зерттеу еңбектерінің ерекшелігі – тек құжаттарға, нақты дерек, дәйектерге негізделіп жазылуында. Яғни, дәлелі мен дәйегі дөп келетін шыншылдығында.

Қандай дана, данышпан, кемеңгер болмасын ешкімде қоғамнан тыс өмір сүре алмайтыны анық. Мағжанды біз өзі өмір сүрген кезеңнен бөліп қарай алмаймыз. Ғалым Мағжанның әдебиетке қадам басқаннан бастап, ол жөніндегі пікірлердің күшеюі 1917-1928 жылдар аралығы деп көрсетеді, бірақ бірде-бір адам Мағжанның ақындығына қатысты сын айтпағанын, әрі оның ғұмырбаянын дұрыстап зерттеген адам болмағанын айтады. Мағжантану саласында Ж.Аймауытовтың Ташкенттегі қазақ жастары клубында жасаған баяндамасы 1925 жылы «Лениншіл жас» журналында жарияланған «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында өнерпаздық қырынан ерекше талданғанына қарамастан, Мағжанның өміріне байланысты дәйектерге өте аз әрі Мағжан романтизмін қалыптастыру мүддесі басымырақ. Басқа жарияланымдарда саясат салқыны басым.

Ал Мағжан шығармашылығы өзіндік бағасын әрдайым әр қырынан ерекше танылуымен алып отырған. Мысалы, ұлтымыздың Ұлы Ұстазы, Алаш қозғалысы аталғанда қатарды бастап тұрған Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттің сан-қырын даралап көрсетуде Мағжан шығармашылығын кеңінен мысал етеді.

Арнау түрін, соның ішінде сұрай арнауға мына үзінділерді лайық көреді:
У-шу боп қыбырлаған төрт түлік мал,

Есетін солтүстіктен салқын самал.
Апырым-ай! Қандай жауыз тағдыр деген
Бұйырған тұтқын болып жат та, қамал? [2, 200]

Ал Зарлай арнау түріне Мағжаннан мына үзіндіні көрсетеді:
Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар,
Айдын шалқар көлім-ай! [2, 201]

Ахмет Байтұрсынов өрнекті сөйлемдердің біршама түрлерін көрсете отырып, шартты оралым түріне тағы Мағжан жырын қосады:
Секіріп салқын бұлақ ойнап сайда,
Батырып көмескі түсі тұманды ойға,
Шапқылап шыққан жерін әңгіме қып,
Былдырлап ақ бетінен сүйгізсе айға,
Сол уақыт жай табады асау жаным,
Ашылады басқан ауыр ой қабағым,
Шын бақты тапқандаймын осы жерде ақ
Көремін күн жүзінде, жасағаным... [2, 221]

Өлең айшығын әрі жалғыз бунақты тармақты көрсетуде Мағжанның мына жолдарын мысал етіп қолданады:
Сап-сары бел,
Еседі жел,
Еседі.
Еседі жел,
Көшеді ел,
Көшеді [2, 231].

Бұл Мағжан жырының көркемдік ерекшелігінің қаншалықты бай екенінің, нағыз жыр жауһарының хас шебері екенінің анық айғағы. Т.Кәкішев ғылыми эссесінде татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов «Қазақ қызы» романында Мағжанның бір шумақ өлеңін эпиграф етіп алып ілтипат қылғаныда біраз нәрсені аңғартады.

Шығармашылықтан бөлек дау тудырған мәселе – Мағжан мен Сәкеннің арақатынасы екенін жоғарыда айтып кеткенбіз. Оның ақ-қарасын таразылауда ғалым олардың пенделік қырынан да болған әрекеттерін баяндай отырып талқылайды. Себебі, қазақ әдебиеті өкілдерінің араздығының басталуы сонда жатқан еді. «Бірлік» қоғамының бағдарламасын жасауда Сәкен ұсынған «Бірлік» атауы мен Мағжан ұсынған «Айна» атауын талқылауда келіспей айтысқандары, бағдарламаны қабылдар сәттегі ой-пікірлерінің бірліктеболмауы, ауызбіршіліктерінің алшақтауына себепші болды. Әрі қарай қос ақынның өлең шумақтарымен тартысуы тағы бар. Алайда, Т.Кәкішевтің «...жарық жұлдыздар қаншама кереғар туғанымен өздерінше жарқырап, қазақтың рухани байлығын молайтты...» [3, 23] деген пікірі орынды айтылған деп білеміз. Қазақтың қос ақынының бір-бірін түсініп, іске келгенде бір-біріне қолғабыс еткен тұстарды да ғалым тарихи деректер арқылы көрсетеді. Мағжанның 1912 жылғы, ал Сәкеннің 1914 жылғы жинақтарының бағытынан

үндестік көреміз. Оны ғалым ұлы Абайдан, кемеңгер Ыбырайдан Ахмет пен Міржақыпқа жалғасқан күрескерлік бояуы қалың ағартушы-демократтық бағыт деп көрсетеді. Күрескерлік бағыты тізімінен Мағжанды ұшырастыру көптеген деректерде кездеседі. Мәселен, ғалым А.Д.Малдыбайдың «А.Байтұрсынов бастаған Алаш зиялыларының Әліпбиді өзгертуге қарсы күресі» атты мақаласынан «Араб әліпбиін қорғаушылар тобындағы А.Байтұрсынов бастаған М.Дулатұлы, Қ.Кемеңгерұлы, М.Жұмабайұлы, Е.Омарұлы т.б. Алаш зиялылары бұл саясаттың түпкі астары қандай саяси идеологиялық мақсат көздейтінін жақсы білді» [4, 242] деген пікірінен ақынның қоғам өмірінің күрделі мәселелерінен де тыс қалмағанын аңғарамыз.

Ал ақындықтың алғашқы сатысы махаббат лирикасынан бастау алғандығы белгілі. Мағжанның махаббат лирикасында жазған «Ләззат қайда?», «Жас қыз», «Сүйгеніме», «Құр қалыппын», «Тілегім», «Қазақ қызы аузынан», «Әдемі қыз» т.б. өлеңдері біршама. Мағжан шығармаларынан өз туындысын жетілдіруге ерекше көңіл бөліп отырғандығы байқалады. Сәкенде де «Өткен күндер» жинағында жастық сезімді аялауға арналған «...ға», «Кетпейтін естен ғашық жар», «Қоштасқан жер», «Сағыну» сынды өлеңдері кездеседі. Қос ақынның да бастамасы махаббат лирикасынан көрініс бергені қазақ әдебиетіне, қазақ поэзиясына тың бір лептің келе жатқанынан хабар беріп тұрғандай. Екі ақынның ақындық жолға келуіне 1909 жылғы Абай жинағының әсер еткені сөзсіз. Мағжанның да, Сәкеннің де Абайға арнау шумақтары бар. Мағжан 1989 жылы бір томдығын шығарғанда «Алтын хакім Абайға» деп жырласа, Сәкен 1914 жылғы «Өткен күндер» жинағында «Ақын» өлеңін Абайға арнады. Абай ұлылығын әр ақын өзінше танып, өзінше жырлады. Қазақ әдебиетіне Абай әкелген жаңалықтың бірі – пейзаж лирикасы, төрт мезгілді суреттеу, өмір бейнесін образбен жеткізу десек, қос ақынның да осы тұрғысынан шығармашылығына назар аударғанын көреміз.

Т.Кәкішевтің 1988 жылдан бері жазып, айтып келе жатқан пікірлері Мағжанның алғашқы «Шолпан» жыр жинағының атауындай Шолпан болуға ұмтылуы, бірден жарқырап шыққан жұлдыз болуы, алаштықтардың әрекеті жүрегінен жыр болып төгіліп, халық жүрегіне жол табуы оның ақындық болмысының әділ бағасы. Мағжантану мәселесінде ғалым көптеген ғалымдардың пікірлерінің үйлесімді, үйлесімсізін тарихи деректер арқылы қарап, салыстырып, негізі бар деректерді қолдап, өзі мүлт кеткен тұстарды да зерттей келе танып, көз жеткізгенін айтады. Ондағы мақсат – Мағжанды танытуда тарихи бұрмалауды болдырмай, зерттеу еңбектерін талдап, таразылап оқырман қауымға түзу ұсыну. Ғалым Мағжанды танытуда «Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетінде өмірді романтикалық арнада суреттеу амалын тауып, оны көпшілік кезде реализмнің жұртына аунатып алу арқылы ел-жұртқа хош иісі аңқыған керемет поэзия ұсынды» [3, 26] деген пікірден танбай келе жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1991. – 464 б.

2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2003. – 408 б.
3. Кәкішұлы Т. Мағжан мен Сәкен: Ғылыми эссе. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 1999. – 449б.
4. Малдыбай А. А.Байтұрсынов бастаған Алаш зиялыларының Әліпбиді өзгертуге қарсы күресі. ҚазҰУ Хабаршы. Тарих сериясы. – 2010. – №1. – 238-242 б.

II секция

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ: ҰЛТТЫҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМАЛАР

ӘӨЖ 81.2.5

Асқар Анар Сәрсенбайқызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
anaraskarova2@gmail.com

Жумагулова Өміргүл Ақанқызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
j_omirgul_a@mail.ru

ЗЕРЕНДІ АУДАНЫ БОЙЫНША ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАР

***Аннотация:** Топонимдер (жер-су аттарының) шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ел-жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып молая түсуіне тікелей байланысты болып отырады. Мақалада ономастиканың бір бөлігі саналатын жер-су аттары (топонимдер) жасырлар жәдігері, тілімізбен тарихымыздың құнды қазына байлығы туралы айтылып, ономастиканың зерттелуі мен шығу тарихы және Зеренді ауданы бойынша жер -су аттарына шолу жасалады.*

Кілт сөздер: Ономастика, топонимика, тау, көл, село, ауыл, аудан, облыс, Зеренді

Тіл тарихы халық тарихымен қоян қолтық тығыз, берік байланысты. Тіл барлық қоғамдық құбылыс сияқты әрбір қоғамдық формацияға сай өзгеріп отырады. Лексика құрамы жағынан актив және пассив болады. Бұл топтағы сөздердің бәрі де қоғамның өсу, дамуымен байланысты өзгеріп отырады. Ономастикалық лексика бойында жеке сөздер тарихы емес, азаматтық тарихтың, халық этнографиясының қат-қабат ізімен жатады.

Елімізде тіл білімінің қарыштап дамуымен байланысты ономастиканы зерттеу мәселесі де жолға қойыла бастады. Қазақ ономастикасы соңғы 30-40 жылдары бойында ғана зерттеле бастаған жас сала. 1950-1960 жылдар топонимдер мен антропонимдер диссертациялық тақырып ретінде зерттеле бастаған кезде ономастиканың басқа бөлімдері тың жатқан. Осыған орай қазақ ономастикасын тіл ғылымының бір саласы ретінде зерттеу, материал жинау, кадрлар дайындау сияқты жұмыстар жүргізіп келеді. Ономастиканы лингвистикалық, этнолингвистикалық, тарихи этнологиялық, тұрғыдан талдап зерттеудің маңызы орасан зор екені ғылымда дәлелденген. Ономастика материалдарында тарихи лексиканың, грамматикалық көне формалардың, халық тарихының қат-қабат әлеуметтік іздері, бір ел мен екінші елдің тарихи қарым-қатысын, мәдени байланысын көрсететін әрқилы бай материалдар сақталған. Бұған негіз ретінде Ф. Энгельстің: «Материя и форма родного языка становится понятными лишь тогда, когда прослеживается его возникновение и

постепенное развитие, а это невозможно, если не уделять внимание, во-первых, его собственным отмершим формам и, во-вторых, родственным живым и мертвым языкам» (Ф.Энгельс. 1966, 326) деген қағидасына сүйене отырып, қазақ онамастикасын мүмкіндігінше толық қамтып, мұқият зерттеудің маңызы зор екендігін айтады.

Ономастиканы (кісі аттарын немесе жер, су, ру, тайпа аттарын т.б) зерттеудің қажеттігін көрнекті ғалымдар: В. В. Радлов, В. В Барольд, Н.Х Катанов, А. Н Смайлович, С. Е Малов, Н.К Дмитриев, А.Н Кононов, Н. А.Баскаков, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев,С. Аманжолов т.б өздерінің жазған мақалаларында әрқашан айтып отырған. Академик А.Н.

Смайлович өзінің мақаласында: «Следовало бы составлять полные алфавитные списки с подробными указаниями, в каких случаях, в каую историческую эпоху, кому и почему давалось или дается данное имя. Впоследствии явилась бы возможность произвести весьма интересное в культурно-историческом и в этнографическом отношении сравнительное исследование личных имен всех тюркских народов» - деп жазған болатын. (Смайлович. 1911. Вып 4)

Ономастиканы зерттеуге ерекше назар аударып, барынша қолдау көрсеткен тағы бір ғалымдардың бірі Сергей Ефимович Малов болды. С.Е. Малов қазақ онамастикасын зерттеу жайлы алғаш ұсыныс жасап, ақыл-кеңес берген, ұлағатты ұстаз, түркітанушы. 1954 жылдың қаңтар айында Ленинград қаласында «Қазақ тіліндегі кісі аттары» деген кандидаттық диссертацияның тақырыбын ұсынған. Ғалым тіл білімінің бұл саласы «ономастика бізде әлі зерттелмеген, келешегі үлкен жас ғылым, оны зерттеу керек» - дейді. [1.10]

Зеренді ауданы - Ақмола облысының солтүсігінде орналасқан. 1935 жылы құрылып, 1977 жылы Көкшетау ауданымен біріктірілген. Жерінің аумағы 7,8 км² Аудан орталғы- Зеренді ауылы. Зеренді ауданы Ақмола облысына жатады. 21 ауылдық округі, 71 ауылы бар. 2019 жылғы есеп бойынша Зеренді ауданының тұрғындар саны - 38682. Тұрғындардың 67,05 % қазақтар болса, 23,71% орыстар, 2,75 % немістер және 2,34 % украиндер мен 1,17 % татарлар.

Зеренді ауданы Көкшетау қыратының солтүстігін алып жатыр. Жер бедері аласа таулы, ұсақ шоқылы, ойлы-белесті жазық болып келеді. Зеренді (587 м), Жыланды (609 м), Қараүңгір, Қаратау, Қошқарбай, Шымылдықты, Байөтер (551 м), Елікті (502 м), Нарөлген (489 м) атты тағы басқа ірі таулары бар. Кен байлықтарынан алтын, қызғылт гранит, доломит, құрылысқа жарамдытас, құм, каолин, емдік саз, т.б. кездеседі.

Климаты тым континентті. Қысы ұзақ, қары 140 – 160 күн жатады. Жазы жылы әрі құрғақ. Ауаның орташа темпепатурасы қаңтарда –18°С, шілдеде 19°С. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 350 – 400 мм. Ауданның оңтүстіктен солтүстігіне қарай Шағалалы өзен мен оның оң саласы Қылшықты өзен ағып өтеді. Оңтүстігінен Есілдің оң салалары – Жабай, Аршалы, Қошқарбай бастау алады. Аудан аумағында көлдер көп. Ірілері: Зеренді, Қарағайлықөл, Айдабол, Бірқыз, Шымылдықты, Құмдықөл (тұщы), Қараүңгір, Жамантұз, Жолдыбай, Ақметжансор.

Ауданда Куйбышев, Самарбай, Зеренді, Кіші Түкті, т.б. орман шаруашылықтары мен олардың бөлімшелері орналасқан. Айдабол, Алексеевка,

Бірлестік, Зеренді, Шағалалы, Еленовка, Викторовка, Куропаткино, Симферопольское, Ақкөл атты ірі елді мекендері бар.

Аудандағы 79 елді мекен 1 кенттік, 22 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген:

Айдабол ауылдық округі, Ақкөл ауылдық округі, Алексеев кенттік әкімдігі округі, Бәйтерек ауылдық округі, Бұлақ ауылдық округі, Викторов ауылдық округі, Зеренді ауылдық округі, Исаковка ауылдық округі, Күсеп ауылдық округі, Қарауыл Қонай би ауылдық округі, Қонысбай ауылдық округі, Қызылегіс ауылдық округі, Қызылсая ауылдық округі, Мәлік Ғабдуллин ауылдық округі, Ортақ ауылдық округі, Приречен ауылдық округі, Садовый ауылдық округі, Сарыөзек ауылдық округі, Сейфуллин ауылдық округі, Симферополь ауылдық округі, Троицк ауылдық округі, Шағалалы ауылдық округі. [2. 6]

Айдабол ауылдық округі – Ақмола облысы Зеренді ауданындағы әкімшілік бірлік. Санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1222 адамды құрайды. Құрамына Айдабол ауылы кіреді.

Ақкөл ауылдық округі. Құрамына Ақкөл, Ивановка, Қазақстан, Молодежное, Туполевка ауылдары кіреді. Орталығы – Ақкөл ауылы. Округтегі халық саны 2497 адамды құрайды. Алексеев кенттік әкімдігі округі. Құрамына Алексеевка, Жаманашы, Шағалалы ауылдары кіреді. Орталығы – Алексеевка кенті.

Бәйтерек ауылдық округі Құрамына Бәйтерек, Ермаковка, Красный Кардон, Өндіріс, Үлгілі ауылдары кіреді. Орталығы – Бәйтерек ауылы. Бұлақ ауылдық округі. Құрамына Еленовка, Жаңаауыл, Жылымды, Қарағай, Қарлықөл ауылдары кіреді. Орталығы – Еленовка ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 2297 адамды құрайды.

Викторов ауылдық округі. Құрамына Викторовка, Красиловка, Бөгенбай би ауылдары кіреді. Орталығы – Викторовка ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 2057 адамды құрайды.

Зеренді ауылдық округі. Құрамына Айдарлы, Зеренді, Көктерек ауылдары кіреді. Орталығы – Зеренді ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 7695 адамды құрайды.

Исаковка ауылдық округі. Құрамына Исаковка, Костомаровка, Ұялы ауылдары кіреді. Орталығы – Исаковка ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 955 адамды құрайды.

Күсеп ауылдық округі. Құрамына Азат, Айғыржал, Жамбыл, Өркен, Теректі, Өзен ауылдары кіреді. Орталығы – Өркен ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 2608 адамды құрайды.

Қарауыл Қонай би ауылдық округі. Құрамына Қарауыл Қонай би, Желтау, Жамантүз, Игілік ауылдары кіреді. Орталығы – Қарауыл Қонай би ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 953 адамды құрайды.

Қонысбай ауылдық Құрамына Қонысбай, Васильковка, Гранитный, Дүнгілағаш ауылдары кіреді. Орталығы – Қонысбай ауылы. Қызылегіс ауылдық. Құрамына Қызылегіс, Қарашілік, Ортағаш ауылдары кіреді.

Орталығы – Қызылегіс ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 809 адамды құрайды.

Қызылсая ауылдық округі . Құрамына Қызылсая, Биіктесін, Қызылағаш ауылдары кіреді. Орталығы – Қызылсая ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 833 адамды құрайды.

Мәлік Ғабдуллин ауылдық округі Құрамына Мәлік Ғабдуллин, Дороговка, Кіші Тұйықты, Серафимовка, Қойсалған ауылдары кіреді. Орталығы – Мәлік Ғабдуллин ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1244 адамды құрайды.

Ортақ ауылдық округі. Құрамына Ортақ, Қайыңды, Қызылтаң ауылдары кіреді. Орталығы – Ортақ ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 919 адамды құрайды.

Приречен ауылдық округі. Құрамына Приречное, Павловка ауылдары кіреді. Орталығы – Приречное ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1063 адамды құрайды.

Садовый ауылдық округі. Құрамына Садовое, Елікті, Заречное ауылдары кіреді. Орталығы – Садовое ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1401 адамды құрайды.

Сарыөзек ауылдық округі. Құрамына Ақан, Баратай, Уголки ауылдары кіреді. Орталығы – Ақан ауылы.. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 895 адамды құрайды

Сейфуллин ауылдық округі. Құрамына Сейфуллин, Бірлестік, Жаңатілек, Қараөзек ауылдары кіреді. Орталығы – Бірлестік ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1473 адамды құрайды.

Симферополь ауылдық округі. Құрамына Симферопольское, Бұлақ, Жолдыбай ауылдары кіреді. Орталығы – Симферопольское ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1438 адамды құрайды

Троицк ауылдық округі. Құрамына Троицкое, Кеңөткел, Қарсақ, Қошқарбай ауылдары кіреді. Орталығы – Троицкое ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 1402 адамды құрайды.

Шағалалы ауылдық округі . Құрамына Шағалалы, Ақадыр, Еңбекбірлік, Ескенежал, Ұялы ауылдары кіреді. Орталығы – Шағалалы ауылы. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша округтегі халық саны 3199 адамды құрайды. [3]

Зеренді жайлы аңыздар да баршылық. Аңыз – қазақ фольклорлық прозасының жанры, елдің, тайпа рудың шыққан тегі, кешкен жолы халқындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар -хан, батырлар, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су сол жерде өткен оқиғалар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, халықтың тарихи жайында сақталған, әйтсе де, уақыт өте көркемдік сипат алған әңгіме.

ЗЕРЕНДІ. Ел аузынан тараған аңыздарда ертеде жас жігіт өзінің қалыңдығымен сапарда келе жатқанда жолда қалжырап, айдын көлдің жағасында отырып, дем алмақшы болады. Қалыңдық (қыз) жағадағы тасқа шығып, қолын суға малып жуына бастағанда алтын зерені (сақина, алқа) суға түсіріп алады. Қанша тырысқанмен судың тереңдігінен күйеу жігіт зеренді таба алмайды. Содан көл Зеренді атаныпты-мыс.

КАРА ӨГІЗ — көл атауы. Ертеде бір қарт адам өмір сүріпті. Оның жалғыз өгізі бар екен. Өгіз мал орнына мал болыпты, бала орнына бала болыпты. Қарт қуанышын да, ренішін де сол өгізімен беліседі екен. Бірде өгізі өрістен келмей қалады. Қарт шаршамай - талмай ана жерді шарлайды, мына жерді шарлайды, бірақ өгізін таба алмайды. Сөйтіп сары уайымға түсіп жүргенде ауыл адамдары көлдің жағасынан қара өгіздің терісі табылғаны жөнінде айтады. Қарт дереу көлге барып, өгіздің терісін көріп, өз малын тани кетеді. Сәлден соң (басында) өгіздің басын да тауып алады. Қарт өгізін қимай көп жылайды. Күн сайын көлге барып мұнын шағып қайғырады да отырады. Жұрт содан көлді "Қара өгіз" атап кеткен екен.

ҚЫЛДЫ ҚАРАУЫЛ— Қызылтаң ауылынан жеті шақырымдай жерде орналасқан " Жамбыл" деген ауылдың бұрынғы аты. Жамбыл ауылын Қарауыл руы мекен еткен екен. Бірде Атығай руының жігіті Қарауыл еліне қонаққа барады. Атығай руының жігіті мен қарауыл жігіттеріні арасында дау туып қалады да қарауылдар жігітті мұқатпақ болып, піскен етті бірінен сон бірін қылға тізіп береді. Атығайлық жігіт етті жеп отырып: - Ал, жарайды, мен етті жейін, бірақ бұдан былай мен сендерді «Қылды Қарауыл » атаймын деген екен.

ҰЯЛЫ АУЫЛЫ. «Неге ауыл Ұялы деп аталады ? » - деген сұраққа ауыл ақсақалдары әр түрлі жауаптар айтты. Оның бірден - бір себебі Ұялы қонысының көнеден келе жатқаны, бірақ нақты деректі ешкім де айта алмады. Сұраған адамдардың жауаптары үш түрлі мазмұнда болды: Кенес Укіметі орнағаннан кейін, кішігірім ауылдарды біріктіру қызу жүрген кезде бұл төңіректегі он - он бес үйлі елді - мекендер бір жерге ұяласқан, яғни бір жерге біріккен, содан болар ұяласқан жер Ұялы деп аталып кету себебі.

БАЙЖІГІТ. "Қызылтаң" ауылының сыртындағы қамысты алқап. Байжігіт атауы туралы Рамазан ата былай дейді. "Аңыз бойынша ертеде бір палуан өмір сүріпті. Оның күштілігі, алыптылығы сондай, ең күшті деген палуанның өзі оның бір жамбастап алғанынан қалмайды екен. Ел арасында палуан жігіттің атын атамай "Дәу жігіт", "Күшке бай жігіт", "Байжігіт", аталып кетеді. Сол жігіт ел қалың ұйқыда жатқанда, айналада жым-жырт тыныштық орнаған түннің бір уағында ауыл сыртындағы көлге суға кетіпті. Бұлай еткен себебін ешбір адам білмепті. Аяулы азаматынан айырылған халық көлге өкпелеп, іргесін көлден аулақ салып, дереу қоныс ауыстырған екен. Сондықтан болар, қазір де "Байжігіт"-ауылдан мүлдем шалғайда. Әрі қазір бір кездегі мөлдір сулыкөлдің орнын қалың қамыс жайлаған. Көл де өзін тастап кеткен елге өкпелегендей. Содан көл палуан жігіттің атымен байланысты. "Байжігіт" аталып кеткен екен.

ТҮЛКІҚАЗҒАН. «Қызылтаң» ауылы мен «Трофимовка» селосының аралығында орналасқан орманды жер. Орманның «Түлкіқазған» аталуы мына оқиғаға байланысты: Бірде қарт жұмысшы орман арқылы өтетін жолмен келе жатады. Міне, ғажап дәл алдында ойнап жүрген түлкінің күшіктерін көреді. Өздері сондай сүйкімді. Дереу ауылға барып, жанына ауыл адамдарын ертіп (ішінде балалар да бар) түлкі күшіктерін көрген жерге келіп, ін бар деген жерді қаза бастайды. Іннен алты-жеті түлкінің күшіктерін алып шығады. Ін қазуға

келген адамдар түлкі күшіктерін бөлісіп алады. Тіпті, солардың ішінде түлкі күшіктерін жазға дейін асырап шыққандары да бар екен.

Содан орман «Түлкі қазып алған жер», «Түлкіқазған» аталады

БЕСАҒАШ ТУРАЛЫ АҢЫЗ. Баяғы өткен заманда, қазақ елі аманда қазіргі Ұялы ауылының маңында калың ну орман болыпты - мыс. Бұл үлкен орман екі ауылдың жерін бір - бірінен бөліп тұрған екен. Екі ауыл жеті атадан туыс екен, бірақ белгісіз себептермен араз екен деседі. Орманның сол жағындағы ауыл малға да, жанға да бай болған екен, сондықтан оны Бай ауылы деп кеткен. Ал оң жағындағы ауыл аң аулап, ау қойып өмір сүріпті, сол себепті Кедей ауылы деп аталып кетіпті. Кедей ауылы ау қойған жерге, яғни көлдің маңына алтыбақан орнатып, от жағып сауық - сайран құрады - мыс. Оған осы ауылдың бар жастары жиылып, қонақ келсе, алдарына алып отырады екен. Күндердің күнінде кедей ауылға аты шартарапқа аян ақын әрі әнші келген екен. Ауыл жастары әдетінше кешке қарай әншіні ортасына алып, ән мен күй тыңдайды. Әншінің үнін естіген бірнеше бай ауылының жігіттері шыдамай сауық - сайранға қосыла кетеді. Ақсүйек ойыны да басталып кетеді. Сол ойында Байжігіт пен Айша кездеседі. Күн өтеді, ай өтеді, ай артынан жыл етеді

. Байжігіттің әкесі мен Айшаның ата - анасы бұл әңгімені естиді. Екеуінің кездесуіне екі жақ та қарсы болады. Себебі «жеті атадан қыз алуға болмайды» деген қазақта шарт бар. Бұған шыдамаған қос ғашық қара орманда қараңғы түскенде кездесіп, қашуға бел буады. Мұны естіген Байжігіттің әкесі орманды өртеп жібереді. Қыз бен жігіт қорқады, себебі жан - жағы отқа оранады. Екеуі және бес ағаш қана қалады. Құдайдан жалбарынып, күдерін әбден үзген кезде, қатты нөсер жауып басталып кетеді. Екеуі жасырынған орманның бес ағашы ғана қалады. Ал қыз бен жігіт тағдыры белгісіз. Біреулердің айтуынша, олар қосылып, көп ұрпақ сүйген екен, басқалардың айтуынша, екі ауыл екеуін қатаң жазалаған деседі. Бір анық - сол бес ағаш ауылдың шетіндегі Бесағаш. Өкінішке орай, бұл қайыңдардан қазіргі таңда ештеңе қалған жоқ, бірақ бұл жерді ешкім ешқашан ұмытпайды.

ЕКІАЙҒЫР ОРМАНЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗ. Бұл оқиға тарихпен тығыз байланысты, себебі халқымыздың басына түскен қасіретті күндермен тікелей байланысты деуге болады. Әрқашан да бұл жерлердің егіні бітік, шөбі шүйгін, малы семіз болған және де бола бермек. Бірақ көп жылдар бұрын үлкен жұт болғаны кұпия емес. Мал түгіл адам да қырылған екен. Жергілікті халықтың үйір - үйір жылқысы болған десед, олар ауылдан алшақтау жерде жайылып жүрген. Ол жердің шөбі жылқыға өте қолайлы болған екен. Кез - келген малға қолы жоқ адамның өзі таңдай қағулы еді - ау, шіркін! Бірақ сол ғаламат жұтпен қатар құрғақшылық та болыпты - мыс. Малдардың бәрі ауруға шалдығып, сортаң шөпті жеп өліп жатқаны өте көп болған еке. Қанша екені белгісіз, әйтеуір әжептәуір мал опат болыпты. Бір табын жылқы түгелдей дерлік құрып кеткен екен, бірақ сол табынның екі айғыры аман қалған екен. Ол екі айғыр орманда адасып жүріп, қайыңның жапырағын қорек еткен деседі. Соның арқасында жұтты аман-есен өткізіпті. Сондықтан да бұл орманды «Екіайғыр» орманы деп атап кеткен деседі жұрт. Сол жылқылардан жылқы малы қайта көбейген деген де халық аузында сөз бар. [4.192]

Туған жер Жер-Ана тұнған қазына, ен байлық, таңғажайып тарих. Қортындылай келе халқымыздың абзал ұлы Шоқан Уәлихановтың: «Көне түркілік салт-сана, әдет-ғұрыптың, қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан жалғасып жаады», -деген болса, Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», -деп орынды да нақты суреттеген. [5.11].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3.-Алматы:-Дайк-пресс, 2007.-524-б
2. Ақмола облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш анықтамалығы, 2009
3. Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. Астана 2011. 1 том
4. Көкше өңірінің халық жауһарлары/ Б.Б. Жаһина, С.Н. Жәмбек, А. Ы Ысмағұлов, Р.Ж Қияқова, А.О Жұмагулова, Л.К Мусин, А.М Бекмагамбетова-«мир печати» Ж. К. - Көкшетау, 2014.-275 б
5. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). -Алматы: «Өнер», 2011- 496 б.

ӘӨЖ 81-114.4

Жумагулова Өміргүл Ақанқызы,
Каирбекова Ибагүл Сүлейменқызы,
Мусин Лайс Қапезұлы.
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,
Көкшетау, Қазақстан
j_omirgul_a@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ГРАММАТИКАҒА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аннотация: Мақалада А.Байтұрсыновтың функционалды грамматикаға негіз болған ғылыми тұжырымдары қарастырылады. Ғалымның тілтанымдық пікірлері сын есімге қатысты айтылған ойлары негізінде сараланады. Ғалым ойлары қазақ тілінің ұлттық корпусынан алынған күміс сөзінің тіркесімділігіне арналған тілдік деректер негізінде анықталды. Қазіргі қазақ тілінде күміс сөзінің тіркесуі арқылы жасалған қолданыстардың функционалды мәні талданды.

Тірек сөздер: сын есім, тіркесімділік, мағына, метафора, метонимия, жеке қолданыстағы метафора, функционалды грамматика, тек сыны.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А.Байтұрсынұлының тілге қатысты айтқан: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [1, 141] деген тұжырымы – тілді қазіргі лингвистикалық зерттеулерде басымдыққа ие болып отырған тілдің қызметін, сөйлеуді антропоцентристік бағытта қарастыру, тіл мен адамды өзара тығыз бірлікте алып қарастыратын тілдегі функционалды бағыттың алғашқы ғылыми негіздері. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің функционалды сипаты қазақ тілтанымында ХХ ғасырдың басында тілші А.Байтұрсыновтың назарынан тыс қалмағанын байқатады.

Тіл бірліктерін функционалды аспектіде қарастыру тілдің коммуникативтік қызметі және тіл бірліктерінің семантикалық әлеуетін бірлікте саралауды көздейді. Бұл туралы А. Байтұрсынұлы «біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз» деп түйіндейді. Бұл тұста да ғалымның тұжырымы сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына сәйкес қолданылуы тұжырымдалады. Демек, тілдің функционалды сипатына қатысты тұжырымдар тілдегі функционалды бағыттың негізін құрайды.

А.Байтұрсынұлы 1915 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінде сын есімді саралауда олардың семантикалық сипатын негізге алған. Қазақ тілінің грамматикасында «тұлғадан – мағынаға қарай» ұстанымын басшылыққа алатын дәстүрлі грамматикада сын есім сапалық және қатыстық болып бөлінетіні белгілі. Ал ғалым «мағынадан – тұлғаға қарай» ұстанымы бойынша сын есімдерді саралап көрсетіп, нәрселердің сынын көрсететін сөздерді сын есім деп анықтайды да сын есімді тек сыны және сыр сыны деп екіге бөлген. Тек сыны нәрсенің тегін көрсететінін айтып, *ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, киіз қалпақ, мақта жіп* сияқты тілдік деректер негізінде дәйектейді.

Ал сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсететінін тілге тиек етіп, *биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік, арық, семіз, тоқ, аш, шебер, шорқақ, ақ, қызыл, күрең, шабдар, бурыл, зерек* сияқты мысалдар келтіреді [2, 62-63].

А.Байтұрсыновтың бұл тұжырымдары түркітанушы В.В.Катаринскийдің сын есімдерді сапа және қатыстық сындар деп екіге бөлген ғылыми пікірімен үндеседі. Ғалым қатыстық сын есімдерге тілдегі сын есімнің орнына қолданылатын *ағаш аяқ, алтын сағат* сияқты зат есімдерді жатқызады [3].

Тілші Ахмет Байтұрсыновтың функционалды грамматикаға қатысты алғашқы ғылыми ұстанымдары С.Аманжолов, І.Кеңеспаев сынды ғалымдардың анықтауыш қызметіндегі зат есімдерді сын есімдер деп түсіндіріп, сын есімдерді мағыналық сипатына қарай тек сыны (*ағаш үй, алтын жүзік*); функционалды сын (*шай қасық*) деп топтастыруына негіз болса, тілші Қ.Жұбановтың сын есімді зерттеудегі ғылыми тұжырымдарымен үндеседі: заттың не істің тұрақты белгісін сан белгі және сипат белгіге бөліп, заттың не істің сипат белгісін көрсететін түбірді сын есім деп атайды. Тек сыны жөнінде

ғалым сөз таптарының бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар екенін айта келе, ағаш, темір сияқтылар тек зат есім, жақсы, ұзын тек сын есім болып, шекараларын түгел ашып болған топтар ретінде таниды да сын есімге жатқызылған кейбір зат есімдердің аражігін бөліп көрсетеді [4, 50-51].

2002 жылы жарық көрген Қазақ грамматикасында сын есімді сөз табы ретінде анықтау дәстүрлі құрылымдық аспектіде сараланған: «сын есім – семантика, грамматикалық жағынан, яғни морфологиялық ерекшелігі мен сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесіп қолдануы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі».

Ал сын есім болатын сөздерді функционалдық тұрғыдан анықтайды, мағынасын нысанға алып, сын есім болатын сөздерге тән белгілерді көрсетеді: «Сын есім – семантикалық жағынан заттың, құбылыстың түрлі сапа, белгісін, түсін, көлемін, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөздер». Аталмыш еңбекте сын есімнің функционалдық-семантикалық сипаты анықталады:

- заттың түр-түсін білдіреді (*қызыл, сары, көк*);
- заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді (*мол, ауыр, жуас*);
- заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді (*әдемі, надан, асыл*);
- заттың дәмі, иісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді (*қалың, жұмсақ*);
- затқа, қимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді (*нұрлы, атақты, биылғы*);

Қазақ грамматикасында сын есімнің түрлену жүйесі мен грамматикалық қызметі құрылымдық аспектіде анықталады: сын есімнің табиғи қызметі – ешбір өзгеріске түспей-ақ зат есіммен тіркесіп, заттың әр алуан қызметін, сындық белгісін анықтау. Морфологиялық жағынан сын есім – түрленбейтін сөз табы.

Қазақ грамматикасында сын есімнің мағыналық топтарын анықтауда тілдік бірліктердің семантикасы негізге алынып, сапалық сын есім және қатыстық сын есім деп топтастырылады. Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді, шырай тұлғаларымен түрлене алады. Қатыстық сын есімдерге бір заттың белгісін басқа заттың, қимыл, іс-әрекетің, сынының қатысы арқылы білдіретін сөздер жатады. Қазақ грамматикасының А.Байтұрсыновтың «Тіл-құралынан» ерекшелігі сын есімге қатысты терминдердің өзгеше аталу үрдісі және ол қатыстық сын есімдердің екі түрлі жасалу жолымен анықталады. Бұл тіл білімі ғылымының дамуы, жаңа тілдік қолданыстардың тууымен түсіндіріледі [5, 461].

Сын есімнің грамматикалық категориясын зерделеу де қазақ тілтаным тарихында А.Байтұрсыновтан бастау алғандығы байқалады. Ғалым сын есімнің шырай категориясы сыр сынына қатысты болатындығын дәлелдеп, үш

түрлі шырай формасын көрсетеді: 1) жай шырай; 2) талғаулы шырай; 3) таңдаулы шырай.

Жай шырайды анықтауда қазіргі сын есімнің түбір формасымен сәйкес қарастыратын көреміз, ал талғаулы шырай қазіргі қазақ тіліндегі салыстырмалы шыраймен сәйкес келеді, ғалым бұл шырайдың нәрсе сиқының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсететінін айта келе, -рақ, -рек қосымшалары арқылы және -рақ, -рек қосымшаларынсыз талғау шырайдың жасалатынын да атап өтеді. Дәлелі ретінде *сиырдан жылқы биік, қарағайдан қайың аласа, темірден ағаш жеңіл, айраннан қымыз жақсы, бүлдіргеннен ише қызыл* деген тілдік деректерді келтіреді. Мысалдардан көріп отырғанымыздай заттар арасындағы салыстыру мәні тілдік бірліктердің тұтас мағынасынан туындап, функционалдық сипатымен анықталатыны қазіргі ғылыми еңбектерде ескерілмей жүргендігі байқалады.

Таңдаулы шырай бүгінгі күшейтпелі шырайға сәйкес келіп, жасалу жолында айырмашылық байқалмайды. Тілші таңдаулы шырайды анықтауда нәрсенің сиқы өте артық екенін көрсететінін атап, ең, нақ, тап, тым, бек, хас деген сөздер қосылып айтылатынын ескертеді: *ең жақсы, нақ шешен, тым қорқақ, бек нәзік, хас батыр*. Ғалымның тілдік дәйек ретінде келтірген мысалдарында нақ, бек, хас деген тілдік бірліктердің қазір қолданыстан шығып қалғаны мәлім, алайда бұл сөздерде нағыз қазақи таным мазмұны беріледі. Өкінішке орай, аталған бірліктер бүгінде тек поэзия тілінде ғана қолданыс табады. Стильдік жағынан шектелген.

А.Байтұрсыновтың сын есімді функционалды аспектіде тек сыны тұрғысынан зерделеуін негізге ала отырып, **күміс** сөзінің қолданыстық аясын саралайтын болсақ, қазақ тілінің ұлттық корпусында 3400 рет қолданыста болғандығы анықталған. Біздің тұрғыдан, күміс сөзінің мағыналық жұмсалу өрісі сараланады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде үш түрлі лексикалық мағынасы көрсетілген: КҮМІС зат.1. Сапа жағынан құнды ақ түсті қымбат металл, химиялық элемент. 2. Мөлдір, тұнық. 3. Ауыс. Сақал-мұртқа, шашқа түскен ақ [6, 309].

– *Қатер болса бір жақта, (Соғыс па я әлде не, болсын мейлі не бәле) Қарап әтеш со жаққа, Күдірейіп дауыстар, Ол дегені – қауіп бар!» Риза болып, айтар хан: Бұйым алтын, күміс пе? (Ахмет Байтұрсынұлы «Алтын әтеш»).*

Бұл қолданыстағы күміс сөзінің мағынасы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілмеген. Қымбат металдар ерте кезде осы күнгі ақшаның қызметін атқарғаны белгілі, сондықтан метонимияланып, зат пен оның ішкі мазмұны арасындағы шектестік негізінде, бірінші сөйлемде заттың құны деген мағынады жұмсалған

«Бәрің бірдей таласпай, бөліп ал!» деп, бір теңгелік күмісті лақтырды (Абай Құнанбаев «Вадим»). Бұл қолданыста теңге – ақша, бір теңгелік күміс – күміс ақша. Бұл сөйлемде **бір теңгелік күмісті** - күміс ақша мағынасында жұмсалған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: **Күміс ақша**. Күмістен жасалған ұсақ, майда тиын, – деп көрсетілген [6, 309].

– *Отырып алтын, күміс ортасында, Тоймайтын несі, дейтін, мал мен баққа?! Бір күні соң демін алып, Отырып, Бір күн ой жібереді әрбір жаққа* (Ахмет Байтұрсынұлы «Қайыршы мен Қыдыр»). – *Қанша алтынды күміспен салса дағы, Бір кішкентай сүйекті аудармады* (Абай Құнанбаев «Ескендір»).

Бұл қолданыстардағы күміс сөзінің мағынасы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілмеген. Бұл сөйлемдерде күміс сөзі метонимияланып, байлық, қазына мағынасында жұмсалған. Демек, біз күміс сөзінің қазіргі қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде көрсетілмеген **заттың құны, байлық, қазынасы** мағынасын анықтадық.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұған дейінгі түсіндірме сөздігінде көрсетілмеген жаңа мағынасы бар: Күміс сөзінің мағынасында **күмістен жасалған** деген мағынасы көрсетілген [7, 483-484].

Қазақ халқы ежелден күмістің адам ағзасына пайдасы бар деп сеніп, күміс ыдыстан тамақ ішіп, күміс әшекейлер тағып, сәби дүниеге келгенде нәрестені күміс теңге салынған суда шомылдырып, «Баланың күні күмістей жарық болсын» деген жоралғы жасаған. Металдың өзінің әдемілігімен қатар, таңғажайып емдік қасиеті қазіргі медицинада дәлелденген. Сондықтан да қазақ тілінің мәдени кеңістігінде күмістен жасалған деген мағынада жұмсалатын метонимиялық қолданыстар көптеп кездеседі: – *Малдырып саф алтынга үзеңгіңді, тағаңды шын күмістен қақпадым ба? .. Соқтырған шын күмістен тағаларды Суырып аяғымнан олжаланар* (Ахмет Байтұрсынұлы «Ат»). Бұл қолданыстағы күміс таға – күмістен жасалған деген мәнде жұмсалған. – *Күміс жүген айшықты ер, зерлі жабу Мұрапаға ап қалған ел өнері* (Есенғали Раушанов «Қол шебер»). – *Сол өнер талай жерді аралатты, Жорғаны күміс тұрман тағалатты* (Ақұштап Бақтыгереева «Боздәурен»). – *Күміс ердің қасы мен болат үзеңгі күн нұрына шағылысып, Әміршінің онсыз дасуық жүзін одан бетер сұстандыра түседі* (Әбіш Кекілбаев «Аңыздың ақыры»).

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, ат әбзелдері күмістен жасалған: күміс таға, күміс жүген, күміс тұрман, күміс ер. Халқымыз «Ер қанаты – ат» деп, жылқы малын ерекше қастерлеп, ат әбзелдерін күміспен әшекейлеген. Оны тіл-көзден және жын-шайтаннан сақтау әрі сұлулық үшін жасаған.

Келесі мысалдарда **күмістен жасалған** деген метонимия күміс белбеу, күміс білезік, күміс сақина қолданыстары арқылы көрініс тапқан: – *Күміс белбеу, тақты екен ару қандай* (Ақұштап Бақтыгереева «Музейде»). – *Кеш соңында қадыр ақынның аяулы жары Салтанат апайға сый-сияпат жасалып, қолына күміс білезік тағылды* (Қаншайым Байдулет «Нағыз қазақ – домбыра»).

– *Оған да қоймаса, қолына ұсталмаған жаңа күміс сақина сал* (Әбіш Кекілбаев «Елең-алаң»). Күмістен жасалған бұл әшекей бұйымдары әйелдерге арналған. Бұл бұйымдардың да күмістен жасалуы халық санасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан түсінік негізінде болса керек.

Осы мақсатта ыдыс-аяқ, басқа да тұрмыстық заттар, тіпті билік атрибуты мөрдің күмістен жасалғаны байқалады. Мысалы: – *Күміс пияламен жиегі зерлі Боза ұсынғаны жадымда қалды* (Есенғали Раушанов «Осы ауылда бір құдаша

бар-ды»). – *Тойы тарқап кеткен соң, Күмістен бесік идірді..* (Есенғали Раушанов «Сайын батыр»).

– *Полковниктің қасына келіп беліндегі кісеге мықтап байланған кішкентай әмияннан күміс мөрін алып, Еделев көрсеткен тұсқа нығырлап басып біраз тұрды* (Әбіш Кекілбаев «Елең-алаң»). Демек, күміс сөзінің тіркесімділік қабілеті мол, **күмістен жасалған** деген метонимиялық мағына барлық күмістен жасалған заттарға қатысты жұмсалады.

Күміс сөзі метафоралық қолданыста жұмсалады: – *Келе жатыр күміс шолпы, теңгедейін, Өңірі жасыл орман көлге бейім* (Мұқағали Мақатаев «Алтай – Атырау»). Бір қарағанда, бұл мысалда күміс шолпы – бүтіннің орнына бөлшек қолданып, әйел мағынасында жұмсалғандай, алайда мәнмәтінге зер салсақ, Алтай мен Атырау өңіріндегі күміс шолпыдай сылдыраған, таза, мөлдір өзен мағынасы ашылады. Бұл күміс сөзінің мағыналық және тіркесімділік әлеуетін тағы бір қырынан айғақтайды.

Күлкің де күміс қасық сыңғырындай (Сәкен Иманасов «Қымызханадағы келіншек»).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Күміс күлкі. Құлаққа жағымды, ақ жарқын күлкі, – деп көрсетілген [6, 310]. Күміс күлкі тіркесі кей қолданыста, мамыражайлық, көңіл шаттығы мағынасында қолданылады. Мысалы, – *Күміс күлкі ме десем, күн жыры екен, айдын екен Айдан Күміс күлкі ақ сүт десем* (Есенбай Дүйсенбайұлы «Мамыражай»). *Мамыражайлық, көңіл шаттығы* мағынасы: – *Кесе толы шарабыңда Күміс сыңғыр күйкеп тұр зой* (Әбіш Кекілбаев «Жаз, түн ортасы, ауыл, есектер»). Өлең жолдарда күміс сыңғыр шарапқа қатысты айтылып, көңіл шаттығын тудыратыны түспалданып берілген.

Кілттің сыңғыр-сыңғыр ашылуы күміс қоңыраудай тіркесі арқылы беріледі: – *Ән болып әсем ағылар бұралған кілттің сыңғыры, Қағылып күміс қоңыраудай Алысқа кетер күмбірі* (Әбділда Тәжібаев «Сарыарқа»).

Күміс сөзі үн сөзімен тіркесіп, поэтикалық қолданыста сыңғырлап аққан бұлақ мағынасында жұмсалады: *Қош бол енді, күміс үн таспа бұлақ, кәусарыңнан шөл бассын басқа құрақ* (Есенғали Раушанов «Мен осынау жүрегіммен, жаныммен»). – *Әлдилейді тербетіп сылдыр сұлу күміс үн* (Галжауһар Сейітжан «Табиғат менің сырласым»).

Қазіргі қазақ тілінде күміс сөзі көл, бұлақ, өзен, дария сөздерімен тіркесіп: мөлдір, тұнық [6,309], мөлдір, тұнық, жарқыраған, көзге шағылысқан, жылтыр деген мағынады жұмсалады [7,484]. Мысалы, –*Күлмейді күміс бұлақ, Күндегі мінезі жоқ жасып ақты* (Әбіш Кекілбаев «Әке»). Бұл мысалда бұлақтың тазалығы, мөлдірлігімен қоса сылтырап ағып жатқандығы да байқалады. Мөлдір, тұнық, жарқыраған, көзге шағылысқан, жылтыр деген мағына күміс көл деген қолданыста жұмсалады: – *Жүзеді алтын балықтар Толқыған күміс көлінде; балқыған гажап таулар бар, Құздары толы темірге* (Әбділда Тәжібаев «Сарыарқа»). – *Екпінінен батырдың Жер дірілдеп ыңыранды, Күміс дария шайқалды, Көмір таулар қозғалды* (Әбділда Тәжібаев «Сарыарқа»).

Күміс сөзі ғалам сөзімен тіркесіп, қымбат мағыналық бөлшегі негізінде ауыспалы мағынада жұмсалады. Метафораланған күміс сөзі қараңғылықта қалған жарық дүниеге зар зағип жандардың қалпы айтылады: – *Көше бойлап, көктеммен тыныстаған, Зағип кемпір келді гүл ұстаған, Көзіндегі қап-қара айнегіне, шағылысып қояды күміс ғалам* (Ұлықбек Есдаулетов «9-мамыр»). Күміс сөзі жарқыраған мәнде, күннің кірпігі сол жарық дүниеге кедергі ретінде жұмсалады: – *Қараңғылық қымтап алып бір күні Жұмылып қап күміс күннің кірпігі* (Әбіш Кекілбаев «Қараңғылық қымтап алып бір күні»).

Сабыр деген мағына күміс шынжыр тіркесі арқылы метафораланып, поэтикалық қолданыста жұмсалған: *Күміс шынжыр тастайды ақыл маған, Мен еркіммен алысып жүрмін құлап* (Фариза Оңғасырова «Бойым дел-сал қалғандай жайрап денем»). Бұл метафоралық қолданысты түсінуге қазақ тілінде «Сабыр түбі – сары алтын» мақалы да негіз болады. Бағалы, құнды қасиет дегенді білдіреді. Осы құнды, маңызды, мазмұнды деген мағына күміс сөз тіркесі арқылы Ұлы Абай шығармасында да қолданылған: – *Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, сонда да солардың бар таңдамасы. Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, Қазақтың келістірер қай баласы?* (Абай Құнанбаев «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»).

Қазіргі қазақ тілінде күміс сөзі бейнелі мағынады сақал-мұртқа, шашқа түскен ақ [6, 309], ақ шалған, ағарған мәнде жұмсалады [7, 484]. Мысалы: – *Ақ күміс шаш жалтырап самайында...* (Қадыр Мырзалиев «Аңқау»). – *Күрішішілер қосында ақңыз екеу: күміс сақал «капитан», сосын мен ем* (Есенғали Раушанов «Капитан Байдашев»). Қазақ тілінде ақ күміс, күміс сөздері шаш, сақал, мұрт сөздерімен тіркесіп, ағарған, егде жастағы деген мағынаны білдіреді.

Қазақ тілінде күміс сөзі жүлде, медаль сөздерімен тіркесіп, спорттағы жетістікті білдірсе, алқа сөзімен тіркесіп, алты бала туып, тәрбиелеген аналарға мемлекет тарапынан берілетін марапатты білдіреді. Мысалы: – *Осылайша қос балуанымыз Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды* (Ғалым Қожабеков «Астаналық балуандар азияны бағындырады»). – *2010 жылы Шымкент қаласында өткен Қазақстанның ашық біріншілігінде астаналық шабандоздар бір алтын, бір күміс және бір қола медаль жеңіп алған* (Ғалым Қожабеков «Астаналық шабандоздар арыны»). – *Есептік кезең ішінде аудандағы 19 көп балалы ана «Алтын алқамен» және күміс алқамен» марапатталған* (Роза Әрен «Көкейтесті мәселелер көтерілді»).

Күміс жүлдегер. Спорт жарыстарынан екінші орын алған спортшы [7, 484].

Күміс алқа – көп балалы аналарға арналған награда. Қазақстан Республикасының Президентінің 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жарлығымен бекітілген. Алқамен – 6 балалы аналарды, бірақ алтыншы баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған ретте марапатталады. Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау кезінде қылмысқа қарсы күресте немесе өзге қызметтік міндеттерін өтеу кезінде қаза болған немесе хабарсыз кеткен балалар ескеріледі. «Күміс алқа»

ҚР ордендерінің мәртебесіне ие болған. Дөңгелек пішінді алқаның жиектері өрнекпен көмкеріліп, ортасында алақанда аяланған сәби бейнесі және шуақты күн бейнесі бедерленген [8].

Күміс сөзі той сөзімен тіркесіп, жаңа атауыштық қызмет атқарады. **Күміс той**. Ерлі-зайыптылардың үйленгеніне 25 жыл толуына арналып өткізілетін той [7, 485]. – *Күміс тойы тойланған ата-анамның Күрішші ауылы түсіме жиі енеді* (Есенғали Раушанов «Жағада оқылған өлең»).

Күміс сөзі көмей сөзімен тіркесіп, фразеологизмнің бірінші сыңарында жұмсалады: Күміс көмей, жез таңдай. – *Бүгін «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының Үлкен залында халқымыздың күміс көмей жезтаңдай әншісі, қазақстанның күміс көмей еңбек сіңірген, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Майра Мұхамедқызының «шырқа әнім Астана көктемі» атты концерті өтті* (Аманғали Қалжанов «Астана көктеміндегі кеш»). Қазақ тілінде күміс көмей, жез таңдай бейнелі мағынада жұмсалып, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде тілінен бал тамған шешен [6, 310], ал қазақ әдеби тілінің сөздігінде әнші, таңдай қақтыратын табиғи дауысы бар деген мағынасы көрсетілген [7, 484]. Берілген мысалда әнші, таңдай қақтыратын табиғи дауысы бар деген мағынада жұмсалған.

Қазақ тілінде күміс сөзі әйелдерге берілген есім ретінде жұмсалады. Бұл туралы профессор М.Оразов: Қыз аттарының этимологиясын талдап қарасақ, олардың мағынасында нәзіктік, сұлулықты білдіретін мағыналық реңк бар [9, 55]. Мысалы: – *Мен Күмісін гой, деп құшақтай алды* (М.Жағыпарова «Көркем шығармадағы бейбервалды амалдарды пайдалану»). Күміс есімі тазалықты білдіреді, ал қазақ қоғамында әйел затының тазалығы, адалдығы құндылық ұлт ретінде танылған. Сондықтан да қазақ халқы «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деп текке айтпаған.

Күміс сөзі қанат құс сөздерімен тіркесіп, авторлық қолданыста ақ ұшақ мағынасында қолданылады. **Күміс қанатты**. Қанаты тегіс, жылтыр, ақ [7,484]. – *Күміс қанат құсыңды қондыр, ұшқыш, Көкшенің бауырында дөңгелейін* (Мұқағали Мақатаев «Алтай-Атырау»).

Поэтикалық қолданыста күміс шық тіркесі ауыспалы мағынада жасқа толған жанарды білдіреді. Адамның баласының бақыттан да, қайғыдан да жылайтынын айтып, көз жасын күміс шыққа балап, метафоралық мағынада қолданған: – *Бақыттылықтан жанарымда менің қалды гой Күміс шық тұнып* (Фариза Оңғарсынова «Біз екеуміз біргеміз»).

Күміс сөзі тер деген сөзбен тіркесіп, адал еңбек, елге адал қызмет ету деген бейнелі мағынада жұмсалады: – *Жас шағында малышынып күмістерге, Үлесіңді қоса біл ұлы істерге* (Күләш Ахметова «әке сөзі»). Қазақ тіліндетер сөзі арқылы жасалған ащы тер, арам тер деген тіркестер бар. Күміс тер – жаңа бейнелі мағынада жұмсалған арам тер болу тіркесіне қарама-қарсы мәнде жұмсалатын тіркес.

Күміс сөзі табиғат құбылыстары атауларымен тіркесіп, таза, жарқыраған, мөлдір деген мағыналарда жұмсалады. Мысалы: – *Жауған еді күміс қар түні бойы Мен осынау сапарға шығар күні* (Есенғали Раушанов «Құп ал мұны»).

Қазіргі қазақ тіліндегі күміс сөзі – тіркесімділік қабілеті және мағыналық әлеуеті өте жоғары лексикалық бірлік.

Күміс сөзі тұрмыстық заттар, ат әбзелдері, ыдыс-аяқ атаулары мен әшекей бұйымдардың атауларымен тіркесіп, күмістен жасалған деген мәнді білдіреді.

Күміс сөзі бұлақ, өзен, дария, көл сөздерімен тіркесіп, мөлдір тұнық, таза дегенді білдіреді.

Күлкі, үн сөздерімен тіркесіп, ақ жарқын, көңілді деген мағынада жұмсалады.

Күміс алқа екі түрлі мағынада жұмсалады, бірінде күмістен жасалған әшекей бұйым, екіншісі – мемлекеттік марапат атауы. Күміс сөзі поэтикалық қолданыста троп қызметінде жұмсалып, әр түрлі мәнге ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 бет.
2. Байтұрсынов А. Тіл-құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348б.
3. Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка, фонетика, этимология и синтаксис. – Оренбург, 1897.
4. Сыздыкова Г. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. - Алматы, 2012.-160б.
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-том, К-Қ. –Алматы:Қазақ ССр-інің Ғылым баспасы, 1980. – 640 бет.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 8-том, К-Қ. –Алматы:Арыс, 2007. – 744 бет.
8. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
9. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. –Алматы: Рауан, 1991. – 216 бет

ӘОЖ 801.55 (5к)

Қияқова Раушан Жексенбайқызы

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

Raua_05@mail.ru

Берикбол Таслима

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

Berikbol_taslima@mail.ru

Шахманова Гүлшат Шамелевна

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

gulshat.shakhmanova@gmail.com

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАСТЫҢ БІР ТҮРІ – ІРГЕЛЕС СӨЙЛЕМ.

Аннотация: Бұл мақалада құрмалас сөйлемнің бір түрі іргелес салаластың ерекшеліктері қарастырылады. Ғалымдардың зерттеулерінің, іргелес сөйлемдер коммуникативтік талаптар бойынша орын алатын стильдерде жиі жұмсалады. Жалғаулықты салалас құрмаласқа да, сабақтас құрмаласқа да жатпайтын, салалас пен сабақтастардың арасындағы категорияны «іргелес құрмалас» деп атайды. Жалғаулық қатыспай ұйымдасқан сөйлемдерді құрмалас конструкцияларын дара типі ретінде бөліп, оны іргелес салалас деп арнайы атаудың бірнеше себептері көрсетіледі.

Тірек сөздер: іргелес сөйлем, аралық категория, эллипсистену, сыйысу, қисынды қиысу, предикативтік бөлік, компонент.

Ғылыми еңбектерде құрмалас сөйлем дәстүрлі немесе логика-грамматикалық, құрылымдық-семантикалық және функциялық таптастыру принципі бойынша қарастырылып жүр. Құрмалас сөйлемге тән басты белгілер: екі не одан да көп предикативтік бөліктен құралады. Екіншіден, мағыналық және құрылымдық тұтастықта болуы керек. Үшіншіден, интонациялық тұтастық қажет. «Предикативтік бөліктердің баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, компоненттері тең дәрежеде байланысқа түскен құрмаластың түрі салалас құрмалас сөйлем деп аталады» [1,217].

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, М.Серғалиев т.б. ғалымдардың пікірінше, салалас құрмалас сөйлем құрылымдық-семантикалық таптастыру принципі бойынша жалғаулықты салалас және жалғаулықсыз салалас болып екіге бөлінеді. «Қазақ жазбалар тілінің синтаксисі» деген Т.Қордабаевтың еңбегінде «Тілдің алғашқы даму сатысында құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдердің өзара іргелесе, тіркесе айтылуынан жасалған салалас құрмалас сөйлем деген түрі ғана болғандығы туралы деректер берілген [2,3].

Профессор Н.Сауранбаев жалғаулықсыз салаласты «іргелес құрмалас» деп атап, оны салалас құрмаласқа да, сабақтас құрмаластың да қатарынан шығарып, салалас пен сабақтастардың арасындағы категория [3,64] деп қарайды. Тіл білімінің негізін қалптастырған А.Байтұрсынов «сөйлемдерарасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Ішкі жақындық – мағына жүзіндегі жақындық. Мағына жақындығынан басқа, қисын жақындығы бар сөйлемдер құрмалас сөйлем болады деп ойын тұжырымдайды [4,300]. Ғалым-ағартушы А.Байтұрсынов құрмалас сөйлемдерді екіге бөледі: бірі – «сыйыса» құрмаласу, екіншісі – «қиыса» құрмаласу. Сыйысулы құрмалас сөйлемнің өзін сыйысулы құрмаластың шұбалаңқы түрі және ықшам түрі деп тағы жіктеген.

Белгілі ғалым С.Аманжолов «Сыйыстыру проблемасында» сыйысуға баяндауыштары шартты райлы етістіктен болған сабақтас құрмалас сөйлем және жақ жағынан, шақ жағынан үндес келетін, бірыңғай баяндауышқа құрылған салалас сөйлемдерді жатқызуға болатындығын атайды [5,212].

Ал қиысулы құрмаласқа келсек, бұлар бір-біріне тең болып та, бір-бірінен кем болып та қиысады. Қиысулы құрмалас салалас тең болса, салалас құрмалас делініп аталады. Тең болмай, кем қиысса, онда қиысулы сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады [4,312]. Басқаша айтқанда, құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен екі жақты әрі мағыналық, әрі тұлғалық байланыста болады делінген. «Бұл құрмалас сөйлемнің синтаксисіне байланысты қазақ тілінде айтылған алғашқы пікір еді, бірақ соған қарамастан компоненттері арасындағы бірлікті байланысты дұрыс көрсеткен» [6, 14-15].

Соңғы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» бойынша құрмалас сөйлем жүйесінің үш құрылымдық түрі бар.

1. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер.

2. Іргелес салалас құрмалас сөйлемдер.

3. Сабақтас құрмалас сөйлемдер.

Іргелес салалас құрмалас сөйлемдердің өзіне тән қызметтері болады.

1. Іргелес салалас сөйлемдер сөзді эмоциялы етіп, айту қажет болғанда жұмсалады. Әрі бұл сөйлемдер осы коммуникативтік қызметке бейімделген.

2. Іргелес салалас сөйлемдер сөзді үнемді, жинақы құрап айту қажет болғанда қолданылады. Сөздің осы бағытын ауыспалы іргелес салалас сөйлемдер өтейді.

Жалғаулық қатыспай ұйымдасқан сөйлемдерді құрмалас конструкцияларын дара типі ретінде бөліп, оны іргелес салалас деп арнайы атаудың бірнеше себептері бар.

1. Іргелес салалас сөйлемдердің өзіне тән ұйымдасу заңдылықтары, сол заңдылықтарды іске асыратын амалдарының болуы.

2. Іргелес салалас сөйлемдерді байланыстыруға анафористік сөздер қатысады. Анафористік сөздер деп отырғанымыз - екінші компоненттің құрамына функционалдық мүше ретінде орын алып, ілгері сөйлемнің мазмұнын қатыстыратын сөз.

3. Іргелес салалас сөйлемдердің басты ерекшелігі оның грамматикалық құрылысында. Оның грамматикалық құрылысының сипаты компоненттерді байланыстыру үшін жалғаулықтарды қатыстыру үшін қажет етпейді.

Салалас сөйлемдердің жалғаулықсыз байланысуын қамтамасыз ететін мынадай екі жағдай бар. 1. Салалас құрмаласқа қатысатын бірінші компоненттің құрамына арнаулы формадағы баяндауыштардың қатысуы. Осы баяндауыштың формасы құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы мағыналық қатынасты білдіріп, оларды байланыстырады.

➤ «жедел өткен шақ етістік + бар ғой» түрінде құрылған баяндауыш іргелес салалас компоненттерін байланыстыру қызметін атқарады. Мысалы: Егер аналарға еріп кететін болды бар ғой, онда біз де аянбаспыз.

➤ «Жедел өткен шақ + ма» түрінде құрылған баяндауыш та осындай қызметке бейімделген. Мысалы: Шешім қабылдадың ба, өкінбе. Бурабайдағы Абылай хан алаңына бардың ба, суретке түсір.

С.Аманжоловтың пікірінше, «баяндауыштары бір сөйлемнен қайталануынан жасалған салаластың ішіндегі жай сөйлемдерді ықшамдап, сыйыстыра айтуға болады. Мысалы: 1. Жақсы адамның желкесінде періште тұрады, жаман адамның желкесінде албасты тұрады. 2. Алтын тісті ауыздан аса жаман сөз шығар, жаннан безген жауыздан жазығы жоқ көз шығар. 3. Біреуге басыңмен қадірлісің, Біреуге асыңмен қадірлісің. Аққа қара жоқ, Қараға шара жоқ. 4. Екі сөйлеген ерден без, Еңбегің жанбаған жерден без. 5. Өсер жастың алдын кеспе, Өскен ағаштың басын кеспе. 6. Сырласуға жарымаған, Сыйласуға да жарымайды.

Сөйлем сыйыстырылса:

Жақсы адамның желкесінде періште, жаман адамның желкесінде албасты тұрады. Бүтіндей бір іргелес салалас құрмаластың алдыңғы сөйлеміндегі баяндауышы эллипсистеніп ықшамдалған. Сөйлем құрмаластың қасиетінен

айрылады да, жай сөйлемге ауысады. Нақтыласақ, бірыңғай мүшелі жай сөйлем болады.

2. Бастауыштары бір сөздің қайталануынан, баяндауыштары әртүрлі сөзден құралған салаластарды да сыйыстыруға болады [5,212]. Мысалы: 1. Қара қыпшақ Қобыландыны дүйім жұрт көзсіз батыр деп біледі, Қобыландыны таниды. Мысалы: Қара қыпшақ Қобыландыны дүйім жұрт көзсіз батыр деп біледі, таниды. (Іргелес құрмалас сөйлем → бірыңғай баяндауышты жай сөйлем). 2. Құнанбай бұған суық қарады, Құнанбай жақтырмады. Проф. Т.Қордабаевтың еңбегінде бұдан басқа да жалғаулықсыз салалас немесе аралық категорияға жататын сөйлемнің жеті түрінің ерекшеліктері толық көрсетілгені белгілі. Олар:

1. жай сөйлемдер бір-бірімен байланысып, іліктес болып келу арқылы құрмаласады;

2. интонация тұтастығы арқылы;

3. компоненттерінің бәріне бір ортақ мүшенің болуы арқылы;

4. бірыңғай бастауыштың ортақтасып келуі;

5. бір сөздің компонент сай қайталанып келуі арқылы;

6. бірінші компонентте айтылған сөздің екінші компонентте есімдіктердің қолданылуы арқылы;

7. баяндауыштардың бірыңғай жақтық, шақтық тұлғада жұмсалуды арқылы құрмаласады.

Тіл жүйесінде мұндай заңдылыққа А.Байтұрсынұлынан басқа Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Қ.Есенов, Т.Қордабаев, Р.Әмір т.б. ғалымдар назар аударған. Аталған ғалымдар өз еңбектерінде А.Байтұрсынұлынан «сыйысқан» деген терминді қолданған.

Солардың ішінде іргелес құрмалас салаласқа тән тағы бір ерекшелікке тоқталсақ, іргелес сөйлемнің бірінші компонентінің қызметінде қолданылатын – еді, екен, емес көмекші сөздерге аяқталған конструкциялар да фольклорлық әрі көркем шығармаларда жиі қолданылады. Бұл сөйлемдер мағыналық бірлігін, күрделілігін байқату үшін ауыз әдебиетіне жататын шығармаларға тән қасиет. Сол сияқты бір бастауышқа ортақтастырып құрмаластырудың көлемді түрі де ертегі, аңыз, жыр-дастандар да жиі қолданылған. Мысалы: Ертөстік беліне садақ байлайды, қолына таяқ алады, аяғына темір етік киеді, ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды.(Ертөстік) 2. Мен көргенде Шахизат шағын ауылда әншілігімен танылған еді, қазір ол Қазақстанға танымал болыпты. Бұл үлкен орман екі ауылдың жерін бір-бірінен бөліп тұрады екен, екі ауыл жеті атадан туыс екен. Ақырғанның бәрі арыстан емес, сіз осыны санаңызға тоқыңыз (Бұқпа!).

Байқасақ, осы сияқты сөйлемдер жайында: «Іргелес құрмаластасаластың да, сабақтастың да белгісі бар», – дейді Н.Сауранбаев және Қ.Есенов. Шынында да, сөйлемнің өн бойынан аталған белгі байқалады.

Сонымен қатар жұмбақтарды да ықшамдап, сыйыстыруға болады.

1. Екі құлағы бар,

Бір бұлағы бар (Самауырын).

2. Тіріден өлі туады,

Өліден тірі туады (Құс балапаны).

3. Түрі шар сияқты,

Түсі қан сияқты,

Дәмі бал сияқты (Шие). Осы жұмбақты қарастыратын болсақ, іргелес салалас сөйлемнің қайталанған баяндауыштардың бірі, яғни бірінші сөйлемнің баяндауышы – шар сияқты, – қан сияқты эллипсистеніп сөйлем сыйысады. Сөйтіп құрмалас сөйлем жай сөйлемге ауысады. Нақтыласақ, (Түрі шар, түсі қан, дәмі бал сияқты) бірыңғай бастауышты жай сөйлемге ауысады [7, 263].

Ал ғалым О.Сапашев қазақ тілінен басқа да : «Көне түркі тілінде ешбір жалғаулықсыз салаласа байланысқан сөйлемдер өте жиі ұшырасады. Сөздердің осылайша салаласа байланысуы сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қалыптастырады» – дейді [8,23].

Қазақ тіл біліміндегі пунктуацияға қатысты еңбектерде тыныс белгілері ажыратушы және бөлуші болып үлкен екі топқа бөлінеді. Ажыратушы тыныс белгілері сөйлем мүшелерінің, құрмалас сөйлемнің әр предикативтік бөлігінің құрамындағы жай сөйлемдердің аражігін анықтау үшін қолданылады. Ажыратушы тыныс белгілерінің жиі қолданылатын екі түрін атап көрсетсек: біріншісі – сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер. Олар: нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте, бұлардың қабаттаса қолданылған түрлері демәтін ішінде қолданылады.

Екіншісі – бірыңғай мүшелерді және құрмалас сөйлем компоненттерін ажыратушы тыныс белгілер. Олар: үтір, сызықша, қос нүкте, нүктелі үтір.

Біз талдаған сөйлемдеріміздегі іргелес салалас құрмалас сөйлемнің бірінші предикативтік бөлігінен кейін тыныс белгілердің бірі – үтір (кіші тыныс), ал сыйыстырылған сөйлемнен соң А.Байтұрсынұлынша айтсақ, «ұлы тыныс», яғни нүкте қойылады.

Ғалым-ағартушы А.Байтұрсынұлының тілге қатысты айтқан: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың мезгеуін мезгегенше, көңілдің түюін түйгенше айтуға жарату. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды» [4,141]. Осы ойды М.Жолшаева бүгінгі лингвистикалық зерттеулерде басымдылық танытып отырған антропоцентристік бағыт бойынша, тіл мен адамды біртұтастықта қарастыруда негізделгендігін, тіл мен сөйлеу мәселесі, тілдің функционалдық сипаты өткен ғасырдың басында ғалымның назарынан тыс қалмағандығының белгісі деп біледі [9].

«Қазақ грамматикасында» [10] тұрақты іргелес салаластардың қатарына: қарсылықты сөйлем, себептік сөйлем, шарттық сөйлем, теңдік қатынасты білдіретін сөйлемдер, айқындауыштық қатынастағы сөйлемдер, объективті қатынастағы сөйлемдер, телінбе компонентті сөйлемдер және ауыспалы іргелес салалас құрмалас сөйлемдерді жатқызады. Соның ішінде қарсылықты салалас құрмалас сөйлемге тоқталатын болсақ, бірінші компоненттің баяндауышы бұйрық райлы етістіктен болады. Мысалы: Мейлі ақын бол, мейлі әнші бол емтиханды дайындықсыз тапсыра алмайсың.

Бірінші компоненттің баяндауышы -атын, -етін тұлғалы есімшеден жасалып, болатын, болған оқиғаны баяндайды. Мысалы: Тездетіп киін, кешігетін болдық. Іргелес салаластардың қатарында шартты қатынасты білдіру үшін, төмендегідей мысалдарға тоқталуға болады. Мысалы: Келген екенсің, қондырмай жібермейміз. Монографияны оқығаным сол, жаңалықтарын жаза бастадым.

Осы сөйлемдердегі іргелес салалас сөйлем компонентінің баяндауышы жедел өткен шақ + екен, есімше –ған + екен формасында құралып, шарттылық қатынасты білдіреді.

Ойымызды қорытындыласақ, «жұмсай білетін адам табылса, тіл шама-қадірінше жарайды» дегендей, жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем мен іргелес салаластың (жалғаулықсыз) өзіндік айырмашылығын тілдік материалдарға сүйеніп, анықтауға тырыстық.

Десе де, қазіргі тілтаным тұрғысынан талдағанда, сыйыстырылған бірыңғай мүшелі жай сөйлем деп танылғанмен, бұл сөйлемдер құрмалас сөйлеммен сәйкес келеді. Ол тілдік заңдылықтар бойынша қалыптасқан.

Оған себеп – сыйысулы құрмаластың шұбалаңқы түрінің ықшамдалуы. Бұл не үшін қажет десек проф. Р.Әмір бірде іргелес салалас, бірде жалғаулықсыз салалас деп аталып жүрген сөйлемнің функциясына көңіл бөліп, оның басты қызметі – іргелес салалас сөйлемдер сөзді үнемді, жинақы құру үшін қажеттігін атайды [3,65]. Яғни, коммуникативті қатынаста сөйлеу талабына сай заңдылықты ескерілгені деп түйіндеуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Серғалиев М. Айғабылов А. Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Зият-Пресс, 2006.-256б.
- 2 Қордабаев Т. Қазақ жазбалар тілінің синтаксисі. – А:1966.–163б.
- 3 Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі. – Алматы:Фолиант, 2001. – 244б.
- 4 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448б.
- 5 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы:Санат, 1994. – 320 б.
- 6 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы: Санат, 1995. – 176 б.
- 7 Жахина Б., Жәмбек С., Есмағұлов А., Қияқова Р., Жумагулова О., Мусин Л., Бекмағамбетова А. Көкше өңірінің жауһарлары. – Көкшетау: Мир печати ЖК. 2014. –272 б.
- 8 Әділбек А. С.Сейфуллин прозасындағы бірыңғай мүшелердің стилистикасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған автореф. – Астана, 2010.
<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/572>
- 9 Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. –Астана. 2002 ж.

Молгаждаров Қасиет Какенұлы
Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
kasiet_k@list.ru

ҚАЗАҚ ЖАЗУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЛАТЫН ӘЛПБИІ

Аннотация: Мақалада қазақ елі латын негізді әліпбиге көшудегі маңыздылық мен қажеттілікті сөз етіп, бекітілген әліпбидің кемшін тұстарын болдырмаудың және емле-ережелердің дұрыс жазылуына назар аудартады.

Тірек сөздер: латын, әліпби, қазақ, емле-ереже, саясат, әріп, таңба, жазу

Бүгінгі күні елімізде және әлемде болып жатқан әртүрлі оқиғалардың салдарынан туындаған күрделі жағдайларға байланысты кирил әліпбиін латын әліпбиіне көшіру мәселесі сәл саябырлаған тәрізді. Қазіргі қоғамда бұрынғыдай емес, тіпті жастар арасында да «латын әліпбине көшудің не қажеті бар» деушілер саны артып келе жатқандығы жасырын емес. Енді бір орта, ол – ештеңеге қызықпайтын, ешнәрсемен жұмысы жоқ, не болса да соған немқұрайлы қарайтын, «латынға көше ме, көшпей ме маған бәрібір» дейтін пікірде жүргендер. Олардың алға тартатын мәселелері де түсінікті: ең бастысы халықтың әлеуметтік жағдайы мен экономикалық даму тұрақтылығын жақсартпай және сыртқы саяси ахуалдың қауіпсіздігін орнықтырмайынша басқа мәселелерді кейінге қалдыра тұрсақ та болады дегенді айтады. Сонымен қатар «латын әліпбиіне көшкен басқа туыстас түркі елдері сияқты біз де тездетіп көшіп алуымыз керек еді» дейтін ортаның да барын білеміз. Асылында қоғамда мұндай әртүрлі көзқарастардың қалыптасу себептерінің бірі, ол – бастапқыдай түсіндіру үгіт-насихатының белсенді болмауынан туындап отырған тәрізді. Жалпы алып қарағанда латын әліпбиіне көшу – өзінің маңыздылығы мен қажеттілігін жоя қойған жоқ. Ең басты негіздемелерін бере кетсек мынадай:

- Мемлекеттік тіліміз халықаралық сипат алу үшін;
- Кеңес дәуірінде қалыптастырған басы артық әріптерден арылу және емле-ережелерімізді қалпына келтіру үшін;
- Түбі бір туыстас түркі елдерімен қарым-қатынысты нығайту үшін;
- Инновациялық техникалық құралдардың тілін меңгеру үшін т.б.;

Негізінен елімізде жаңа қазақ әліпбиіне көшу мәселесі 1990 жылдан басталғанымен, жаппай қоғамдық тұрғыда белең алуы, ол – Н.Ә.Назарбаевтың ұлу жылғы Тәуелсіздік күнімізге орай (14.12.12) «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан кейін десек орынды шығар. Шыны керек, әлемдік дағдарыс пен бақталастық саясаттың өршіп тұрған кезінде және жас тәуелсіз мемлекетіміздің алдында талай қыруар істері тұрғанда «жаңа қазақ жазуына қолымыз жете ме жетпей ме, саяси тұрғыдан бағаланбай, билік тарапынан қолдау болмай қалады-ау» деген сенімсіздіктің жүректе ұялағаны да жасырын емес. Әрине, қандай да бір үлкен істерде болмасын сын көзбен, сақтықпен, түсінбестікпен қарайтын оң-теріс пікірлердің қалыптасуы заңдылық. Бұқаралық ақпарат тарату көздерінде

(теледидар, ғаламтор, газет-жорнал, ғылыми жинақтар т.б.) жаңа әліпбиімізге қатысты әртүрлі көзқарастағы пікірлер мен даулы мәселелер біршама орын алғаны ақиқат. Мәселен, 2012 жылдан былай жаңа әліпби мәселелеріне қатысты мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттерінің пікір-сайыстарында, ғылыми конференция материалдарында, газет-жорнал беттерімен телеарна бағдарламаларында қазақ тілі мен әдебиетінен беретін ұстаздар, зейнеткерлер, сенаторлар, мәдениет пен қоғам қайраткерлері, журналистер мен әдебиетшілер, лингвист және информатик-программист мамандар, шетелдегі қандастарымыз бен елімізде тұрып жатқан басқа ұлт өкілдері тағы басқа көпшілік қауым өз ұсыныстары мен көзқарастарын, қуаныштары мен өкпе-наздарын, парасатты ойлары мен ескертпелерін ортаға салып, талқыдан өткізіп, арнайы жинақ кітап етіп шығарып, түсіндіру насихаты белсенді түрде жүргізілген еді. Тіпті «Хабар» телеарнасынан өтіп жатқан «Жігіт сұлтаны» сайысында да жаңа әліпбиге қатысты нұсқалық жобасын ұсынған үміткер де болды (27.04.2013ж. сағат 24:45-те). **Бірақ, жаңа қазақ әліпбиін жасаушылар, мұрындық болып, нүктесін қоятындар тілші-фонолог ғалымдар мен әлемдік дәрежедегі техниканың тіліне бейімдей алатын информатик- программист мамандардың болғаны жөн деп ойлаймын.** Мұны айтып отырған себебім, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген және баспасөз беттеріндегі жаңа қазақ әліпбиіне қатысты жазылған теріс пікірлердің көбі *«тілмен таңбаны немесе дыбыс пен әріпті»* шатастыруы салдарынан кейбір ортаға әсер еткендігі анық. Сөздің айтылуы мен жазылу мәселесін айыра алмайтындардың пікір білдіруге құқы болғанымен, жөн сілтеп, кесірі тиетін, әсіресе, ғаламтор арқылы бекімеген қате әліпби жобаларын ұсынбағандары дұрыс (АймагановЖ.Н. www.burabay.com). Біз ылғи да көпшілік қауымға **қазақ тілін, ана тілімізді өзгерткелі жатқан жоқпыз, тек шартты түрде жазуымызды, таңбамызды, әрімізді, әліпбиімізді** қазіргі жаһандану заманына сәйкес жаңартып, қисынсыз емле-ережелерімізді түзеткелі жатырмыз деп айтумен келеміз. Егер әлемдік ғаламтор мен техника тілі «кирил жазуы» болғанда, онда басқа әліпбиге көшу мәселесі сөз болмай, тек кейбір әріптерге байланысты жазу емле-ережелерді қайтадан қарап, түзетулер енгізумен шектелуге болушы еді. Өкінішке орай, бұның мүлде іске аспайтына көзіміз жеткен соң латын жазуына көшуді қолдап отырмыз. Сол себептен егеменді еліміздің болашағы үшін, дамуы үшін латын жазуына көшудің маңыздылығы мен қажеттілігі артып отыр. Сонымен қатар латын әліпбиі – дүниежүзіне кең тараған әліпбилердің бірі. Кезінде қазақ халқы да латын әліпбиімен жазған болатын. Осыған орай тарихи деректерге сүйене отырып, сол кезден қысқаша мәлімет бере кеткен жөн шығар.

Латын жазуының таңбалары тарихи тұрғыдан сонау финикий, грек, көне түркі тағы басқа жазулармен байланысты екенін тіл тарихын зерттеуші ғалымдар жақсы біледі. Біз оның тарихи тереңдігіне бармай, көпшілікке түсінікті қазақ жазу тарихындағы латын жазуына қатыстысын сипаттап өтелік. Ең алғаш латынға көшу мәселесін ХІХ-ғасырда иран ғалымы Малкомхан ұсынғанмен, иран жерінде мұны іске асыру мүмкін емес еді. Оны әзербайжан жазушысы Мирза Ахундов қолдаған, кейін 1917 жылғы қазан төңкерісінен

кейін қайта көтеріліп, В.И.Ленин «Латындастыру – күншығыстағы революция» деп ұрандаған соң, Ағамалы оғлы Әлиев, Наджаф оғлы Наримановтар 1924 жылы Бакуде конференция ұйымдастырып, нәтижесінде Әзербайжан елі латынға көшірілген еді. XX-ғасырдың 20-30-жылдары аралығында Кеңес үкіметі тарапынан да қолдау тауып, А.Луначарский, Н.Яковлев, Н.Юлдашевтар т.б. латын жазуын бүкіл Ресей территориясын мекен еткен бұратана халықтар үшін жаппай енгізуді ұсынды. Қазақ елінен латын әліпбиіне Нәдір Төрекұлов, Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Әбілқайыр Досов, Нығмет Нұрмақов, Ғаббас Тоғжанов, Телжан Шонанов, Ораз Жандосовтар т.б. белсене атсалысты.

1926 жылы 26 ақпанда Бакуде өткен І-ші Жалпы одақтық түркітану съезіне Солтүстік Кавказ, Сібір, Якутия, Татарстан, Қазақстан, Орталық Азиядан 111 өкіл және арнайы шақырту бойынша Иран, Германия, Түркия, Австрия, Венгрия, КСРО және Украина ғылым академиясы, Шығыстану ғылыми ассоциясынан 20 ғалым қатысты. Мұнда 38 баяндама талқыланып, «латыншылар» мен «арабшылар» арасында біраз айтыс-тартыс болып, дауысқа салған кезде 131 делегаттан 101-і латынды қолдайды. Осыдан соң латын әліпбиіне қатысты әр жерде бірнеше жиылыстар мен конференциялар болады. Мысалы, 1928 жылы желтоқсанда Қызылордада І өлкелік конференция ұйымдастырылып, оның жалғасы Қазан қаласында 18-23 желтоқсанда пленумға ұласып, онда 15 ұлттық республикадан 25 ұлт өкілдері қатысады. Съезд қортындысында Қазақстанның атынан сөз сөйлеген Халық ағарту комиссары Ораз Жандосов жаңа әліпбиге көшудің мынадай мерзімдерін белгілейді: а)1929 жылы 1 қаңтарда ЖТӨ мемлекеттік әліпби ретінде жариялау. б)1931 жылы 1 қазанына дейін барлық мекемелер мен кәсіпорындарда іс жүргізу жаңа әліпбиге көшеді. в)1930 жылдың 1 қаңтарына дейін бүкіл баспасөз жаңа әліпбиге көшеді. с)1931-32 оқу жылынан бастап бүкіл оқу орындарында, жалпы араб әліпбиі тоқтатылады. Осы шешім негізінде 1928 жылы 19 желтоқсанда Жаңа латын әліпбиін енгізу туралы заң қабылданып, мемлекеттік әліпби ретінде жарияланады.

Қазақстан латынға 1929 жылы көшкенімен арагідік толықтырулар мен өзгерістер болып тұрды. Мәселен, 1930 жылы бас әріптері бекітілсе, 1938 жылы әріптің саны 32-ге жетті. Одан әрі 1940 жылы 10-қарашада Кеңес одағындағы халықтардың бәрі дерлік бірыңғай кириллицаға көшкені белгілі. Бұл жазуға да толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, (Қазақстанда) 1957 жылы ғана 42 әріп болып нүктесі қойылды. Жалпы қай жазуды алып қарасақ та мейлі өткен кезеңдегі болсын, қазіргі көшіп жатқандары (Әзербайжан, Гагауыз, Өзбекстан, Түркіменстан) болсын, қабылданған әліпбиге толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп тұрады. Мысалы, 1993 жылғы қабылданған жаңа өзбек әліпбиіне толықтырулар мен өзгертулер қажет болғандықтан мерзімі 2005-тен 2010- жылға ұзартылғанын, Азербайжан елі 10 жылдан соң 2001-жылы 1-тамызда толық көшкенін білеміз. Сонымен қатар әр ұлттың әліпбидегі әріптік саны да біркелкі емес. Мысалы, 1940 жылғы кириллицаға көшкен өзбек тілінде – 35, ұйғыр мен қарақалпақ тілдерінде – 41, қырғыз тілінде – 36, түркімен тілінде –38 әріп, қазақ тілінде – 42 әріп. Сол сияқты 1993 жылғы көшкен әзербайжанның жаңа әліпбиінде 32 әріп пен 1 апостроф, өзбекте 29 әріп пен 1 апостроф,

түркіменде 30 әріп, гагауызда 31 әріп, қазақ әліпбиінде (2018.19.02) 32 әріп болып әртүрлі қабылданған. Жалпы БАҚ-да және газет-журнал беттерінде ұсынылған жобаларда жаңа латын әліпбиінің әріптік саны 26 мен 36 аралығында болып отыр. Солардың барлығын мұқият қарап, талдаулары мен түсініктемелерін оқып шықтым. Соның ішінде кейбір әріптерді таңбалаулары ойға қонымды болғанымен, конвертор қызметіне жарамсыз болып қалады. Соның салдарынан болу керек көшелер мен тасжолдар, әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес нысандарда, сауда орталықтарында т.б. өз беттерінше әртүрлі латынша жазылған атаулар орын алуда. Елімізде мұндай сан түрлі жазудың алдын алу үшін нақты бір дұрыс деп тапқан әліпбиімізді қабылдап, соған сәйкес емле-ережелерімізді жасап, көп кешіктірмей қолданысқа енгізуіміз қажет. Әйтпеген жағдайда Ана тілі газетінде Дәлен Кішкентайұлының «Ұлт атауының латын таңбасындағы құбылмалылығы» атты мақаласында көрсеткеніндей «қазақ» сөзінің ағылшын-латын таңбасында 25 түрі жазылғаны сияқты дүбәра күйге түсетініміз анық.

Негізінен қазіргі қолданылып жүрген кириллицаның жартысына жуығы – латын (А, В, Е, К, М, О, Р, С, Т, У, Х, Ы, І) әліпбиі құрамында бар. Латын әліпбиі б.з.д. VIII ғасырда 21 этрустик символдан пайда болып, б.з.д. I ғасырда Грецияны жаулап алғаннан кейін бұған 2 әріп қосылып, б.з. 100 жылы қазіргі күні қолданылып жүрген 23 әріп қабылданған (Л.Қ.Шотбақова «Көмекші тарихи пәндер». Қарағанды, 2003. 11б.). Кириллица деп аталуы – славян жазуының негізін салған Константин Кирил есімімен байланысты болып, Ресейге X-XI-ші ғасырларда христиан діні арқылы енгізілді деп айтылады. Тарихи деректерге жүгінсек, кирилді түркі халықтарына енгізу мерзімі латыннан бұрын 1861 жылдан басталғандығы мәлім және оған мұрындық болған миссионер Н.И.Ильминский еді. Ол қазақ тілі мен әдебиетін кириллицамен жазды. Кейін В.Радлов, Ы.Алтынсариндер де қолдап, еңбектерін жазғаны белгілі. Бірақ, бұл жазуды сол кезде елімізде толық түрде іске асырып, қалыптастыруына мүмкіндік болмады. Араға 79-80 жыл салып, 1940 жылы Кеңес үкіметі іске асырған болатын.

Сонымен қазақ халқы бір басынан бірнеше жазу түрлерін өткерген. Мысалы, *көне түркі руника жазуы* мен *көне ұйғыр жазуын* былай қойғанда, ислам діні арқылы орныққан *араб жазуы* 1924 жылға дейін, А.Байтұрсыновтың араб емлесіндегі *«Төте жазуы»* 1929 жылға дейін, 1940 жылға дейін *латын жазуы* болса, 1940 жылдан бүгінгі күнге дейін *кириллицамен* жазып келеміз. Мұндай өте қысқа мерзімде солақай саясаттың әсерінен 16 жыл ішінде үш рет жазуымыздың өзгертілгені бізге сабақ болу керек. Ал енді осыны екінші бір жағынан алып қарайтын болсақ, ол – дүниежүзінде тап осындай күрделі жазу тарихы бар, 16 жыл ішінде 3 рет жазуы өзгертіліп, соны мойымай көтере де меңгере білген ұлы қазақ халқымен тең келер ешбір ел жоқ екенін мақтанышпен айтуымызға да болады.

2018 жылы 19 ақпанда бекітілген латын негізді қазақ әліпбиіне қатысты мәлімет бермес бұрын, алғаш рет парламентке ұсынған әліпбиден бастап соңғы әліпбиімізге дейін мынаны ескерте кеткенді жөн көрдім. Сөздің ақиқатын айтқанда бекітілген әліпбилердің қайсын болмасын тілші-филолог мамандар

жасап ұсынған емес. Соның салдарынан болу керек бүгінгі таңға дейін 2017 жылдан бері қабылдап жатқан әліпбилеріміз сәтті болмай, тек комиссия құру арқылы эксперимент жасап, түзетумен, жетілдірумен келеміз. Ұлт перзенті ретінде Қазақ ұлтының жазу мәдениетінде болып жатқан жаңалықтарына қатысты өз ойымды білдіруді міндеттерімнің бірі деп санаймын. Ендеше 2018 жылғы 19-ақпанда бекітілген әліпбиіміздің сипаттамасына назар аударалық.

2018 жылы 19 ақпанда бекітілген Қазақ әліпбиі

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ń ń	[ң]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[ө]
4	D d	[d]	20	P p	[п]
5	E e	[e]	21	Q q	[қ]
6	F f	[ф]	22	R r	[р]
7	G g	[г]	23	S s	[с]
8	Ĝ ĝ	[ғ]	24	T t	[т]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ұ]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[ү]
11	I i	[и], [й]	27	V v	[в]
12	J j	[ж]	28	Y y	[ы]
13	K k	[к]	29	Ý ý	[у]
14	L l	[л]	30	Z z	[з]
15	M m	[м]	31	Sh sh	[ш]
16	N n	[н]	32	Ch ch	[ч]

2018 жылғы 19-ақпандағы әліпби базалық жүйедегі 32 латын әріптен тұрады. Диакритикалық белгімен 8 (á, í, Ń, ó, ú, ý, ĝ) әріп берілген. Бұл әліпбиде де қазіргі қазақ тіліндегі *Ii, И, Ы* дыбыстары Бас әріптерінің таңбалануы бірдей болып келеді. Бұл кемшілікке қоса *У* дыбысына берілген әріп (**u**) *У* дыбысына, ал *У* дыбысына берілген әріп (**y**) *Ү* дыбысына берілу керек еді. *У* дыбысының фонемалық көрінісі әр тілде өзгеше болғанымен, көбінде таңбасы ортақ болып келеді. Мысалы: ағылшын, француз, неміс, испан т.б. және латын графикасына бізден бұрын көшкен туыстас түркі тілдес азербайжан, өзбек, гагауыз, түркімен, түрік тілдерінде *У* дыбысы **U** таңбасымен беріледі. **У(U)** таңбасымен аударуға

келмейтін, қазақша баламасы жоқ қаншама қолданыста жүрген шеттілдік сөздер мен халықаралық (*университет, институт, уезд, ультрадыбыс, урология, училище, т.б.*) сан мыңдаған терминдеріміз бар. Сол себептен жаңа әліпбиіміздегі **У** дыбысын **U** таңбасымен берген өте тиімді болмақ.

2018 жылы 19-ақпанда бекітілген жаңа әліпбиімізде 2 дыбыс диграфпен, яғни бір дыбыс екі таңбамен (диграфпен) берілген. «Бір дыбысқа – бір әріп» деген принципке 2 әріп (sh, ch) сәйкес алынбаған. Шындығында, қазақ әліпбиі «бір дыбысқа – бір әріп» принципіне сүйенетін болса, әліпбиден диграфтардың орын алуы жөнсіз екені айдан анық. Мысалы: **Ashana (асхана, ашана), Ashat (Асхат, ашат), Doshan (Досхан, дошан), Barshan (Барсхан, баршан)** т.б. тәрізді сөздердің әртүрлі оқылуларына мән берілмеген. Нәтижесінде бір дыбысты диграфпен таңбалау тиімсіз болып, бекітілген әліпбиіміз тағы да сынға ұшырап, қайтадан қарастырылып, сарапталып жетілдіру үстінде. Сонымен диграфты **Sh-Ш** дыбысына мынадай негіздер ұсынылып жүр: **Ш** дыбысын таңбалау үшін **Ś** ақутпен және дауыссыз дыбыстарға арналған әріпасты **Ş** седилмен беру бар. Біздіңше, 2-ші нұсқаны алған дұрыс. Себебі, теріп жазуда ыңғайлы: бір таңба, бір басу және жазу көркемділігі үшін деқолайлы болып келеді. Жазу көркемділігі үшін деп отырғанымыз, ол жоғарыда көрсетіліп кеткен диакритикалық белгілермен алынған 8 әріптің бәрі әріптің үстіне қойылады. Егер осы әріптердің үш-төртеуі бір сөзде немесе барлығы бір сөйлем бойында (жыпыр-жыпыр) жазылған кезде көркем жазу болмай қалатын тәрізді. Мысалы: *kúnúláy, máńgi, kóníliń, jínishke, óńir, eńisi, ańgary, úkiley* т.б. Сондықтан әріптің үстіне қойылатын диакритикалық белгідегі әріптерді алабермей, көркем жазу үшін кейбірін әріптің астына қойылатынын да алған дұрыс. Екінші сөзбен айтқанда әріптердің жазылу көркемділігі ескеріліп, теріп жазуда ең тиімді де ыңғайлы деген әріптерді және диакритикалық белгілерді таңдап алуымыз керек. Яғни, әліпби құрастыруда дыбыстарға әріп-таңба жетпеген жағдайда тиімділігі мен жазудағы көркемділігі ескеріліп, әріп-таңба санын көбейтпеу мақсатында (әсіресе, жұптасып келетін дыбыстарға) және дыбыстарды бір-бірінен ажырату үшін де көп тілдерде әртүрлі диакритикалық белгілерді қолданады. Біз де осы айтылғандарды ескере отырып, диакритикалық белгілердің тек тиімдісі мен жазу көркемділігіне сәйкесін алуымыз қажет. Қалай дегенмен де ақутты барлық жағдайда немесе кез-келген әріпке теле беруге болмайды және бір сөзде немесе бір сөйлемде олар бірнеше рет қолданылған кезде жазу көркемділігі болмайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен қатар қазақ тілінде **-ш** дыбысының бір сөзде 3 рет қайталанып келуі жиі кездеседі. Кейбір сөздерде қатар тұрып та қолданылады және **Щ** дыбысын таңбалауда да тиімді. Мысалы: **шашыратшы – şaşıratşı** (shashyratshy емес), **шошытпашы – şoşıtpaşı** (shoshytpashy емес), **қашшы – qaşşı** (qashshy емес), **көшші – kóşşı** (kóshshi емес), **тұщы – túşşı** (túshshy емес), **кеңше – keşşe** (keshshe емес) деп жазғанда тиімді болар еді. Ал келесі диграфты **Ch-Ч** таңбасын қазақ тілінің әдеби нормасымен алып қарайтын болсақ, **Ч** дыбысымен айтылатын сөз жоқ, тек диалект негізде ғана айтылуы кездеседі. Сондықтан **Ч** таңбасын әліпби жүйесіне енгізбей, емле-ережеміздегі «Шет тілдерінен енген сөздердің жазылуына» **Ч** дыбысының қалай жазылуын көрсетсе жеткілікті. Сол

сияқты дыбысы жоқ жуан-жіңішкелік Ъ,ь белгілері қазақ сөздері үшін қажет емес. Себебі, қазақ тілінде жуан-жіңішке сөздерге қатысты үндестік заңы бар. Енді бір ұсыныс ретінде келесі бекітілетін латын негізді әліпбиіміздегі әріптерді қалай болса солай орналастырмай, жүйелі түрде реті-ретімен және жұптарымен (жуан-жіңішке) берген тиімді. Яғни, кирилл әліпбиіндегі әріптердің орналасу тәртібі бойынша берген дұрыс. Мысалы: *Аа, Әә, Бб, Вв, Гг, Ғғ, Дд, Ее, Жж, Зз, Йй (Ии), Кк, Ққ, Лл, Мм, Нн, Ңң, Оо, Өө, Пп, Рр, Сс, Шш, Тт, Уу, Ұұ, Үү, Фф, Һһ (Хх), Ыы, Іі.*

Қай елдің жазу мәдениеті болмасын қандай да бір жаңа әліпбиге көшкен кезде оның емле-ережелері бірге жасалынады. Жоғарыда берілген әліпбидің де емле-ережелері жасалынды. Бірақ, мұнда да көңілге қонбайтын емле-ережелердің орын алғандығын айта кеткенді жөн көрдім.

1957 жылдан бастап, бір дыбысты 2 әріп болып дауысты *и, у* мен дауыссыз *й, у* қалыптасқан болатын. Содан бері «қыйын, жыйын, тыйын, сыйпат, қый, мый т.б..» деген сөздерді «қиын, жиын, тиын, сипат, қи, ми» деп қате жазып келеміз. Себебі, «Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді» деген ережемізге сәйкес жазылмайды. Екіншіден «Сөзді тасымалдағанда дауысты дыбыстан басталатын буын келесі жолға тасымалданбайды» деген ережемізде қайшы келеді. Яғни, буынға бөлген кезде де осындай қателерге тап боламыз. Сонымен бірге мұндай негіздегі сөздердің айтылуы дұрыс болғанымен, жазылуында қате жазып жүрміз. Мысалы (жоба ретінде): *сипат – syipat (сыйпат), қиын – qyіyn (қыйын), ки – kіi (кйй), и – іi (ій), қиямет – qyіamet (қыйамет), ұят – ūiat (ұйат), ащы – aşşy (ашишы), күю – kūiу (күйіу), тыю – tyіуу (тыйыу)* сөздері курсив нұсқаларындай жазылуы керек (кейінірек толық беріледі). Өкінішке орай бұл мәселе қанша айтылса да әлі емле-ережелер қатарынан дұрыс шешімін тапқан жоқ. Осы мәселе түсінікті болу үшін оған кеңірек тоқталуды және нақты деректерді бере кетелік. Мәселен, Орхон-Енисейжазба мұраларымызда дауысты болсын, дауыссыз болсын *И* дыбысы жоқ, таңбасы да жоқ. Ал дауыссыз *Й* дыбысы жуан-жіңішкелігіне қарай 2 түрлі таңбамен таңбаланады. Кейбір дыбыстардың 10-12ге дейін әріп-таңбалары да бар, керсінше 2 немесе 3 дыбысқа ортақ 1 ғана әріп-таңба арналғаны да кездеседі және 4 қос дыбысты (лт,нт,нч,рт) бір-бір әріп-таңбамен берілетіндігін де білеміз. Бұл осы заманғы түркі-қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі болып саналады. Көне ұйғыр әліпбиінде де дауысты *И* дыбысы да, таңбасы да жоқ. Бұл дыбыс араб әліпбиінен (ХІғ.) бастап қазақ жазу тарихымыздан орын алып отыр десек болады. Сонымен бірге 1303 жылы көне латынмен жазылған

«Кодекс куманикусте» (Қыпшақ тілінің сөздігі) *И* дыбысы бар, оның басты себептері италян, неміс, парсы тілдерінде аудармалары қатар берілгендіктен және латын графикасында жазылғандықтан болып отыр. Жалпы орта ғасырда тілімізде *И* дыбысы болғандығы анық. Алайда біздің тілімізге орыс тілі арқылы енген кірме дыбыс *И* мен араб тілі арқылы енген кірме дыбыс *И*-дің фонемалық қызметі, мағынасы, орын тәртібі тең дәрежеде емес. Сонымен А.Байтұрсынұлы, С.Аманжолов, Е.Омаров, С.Мырзабеков, Р.Сыздықова, Ә.Жүнісбеков т.б. сынды лингвист ғалымдарымыздың қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес емес екендігін, кейбірі тіпті кеңес заманында орыс тілінің әсерінен жіберілген қате

екенін мойындап, түзететін күн туғанын, мүмкіншілік барын жазып, біздерге аманат ретінде айтып отырса да түзете алмай қиянат жасалынып отыр. А.Байтұрсынұлының 1928 жылы (Қазағыстан Білім ордасы мектебте қолданыуға ұйғарған) 3-рет баспадан шыққан «ӘЛПБ-БІЙ» жаңа құралында қазіргі жазуымызға үлгі болатындай мысалдары жеткілікті берілген. Мысалы: *оқыйды, сыйақты, айырықша, жыйнал, ійлейді, кійіу, кійім, кійіз, ійт, ійлеген, ылғый, таниймын, тій десем тіймейді, тійме десем тійеді, сыйыр, жыйылыс, жійі, үрпійіб, жасатыу, оқыу, қойдырыу, сұуық, сұуат, ұлыу, сұлыу, жайау, қойыу, шұулау, айтыу, бойау, жеткізіу, ашыу, болыу, зыйанды, шарыуасын, жылыт, аяақ, іреті, жайа, дайар т.б.* [1]. А.Байтұрсынұлының бастапқы жазған еңбектерінде у-ға қатысты басқаша пікірі кездесетіні бар, бірақ кейінгі жазған еңбектерінде жіберген кемшін тұстарын өңдегенін байқаймыз. Сонымен бірге төте жазуынан кирилл жазуына ауыстырып көшірген кезде кейбір сөздерді қате жазғанын түпнұсқамен салыстырған кезде ап-айқын аңғарасыз. Қ.Жұбанов жоғарыда берілген А.Байтұрсынұлының жазу негіздемесіне қосылмағанын еңбектерінен білеміз. С.Аманжолов басында Қ.Жұбановтың пікірін қуаттап, кейін қателескенін мойындайды. Ғалым былай дейді: *«1939- 1940 жылы қазақ жазуын орыс алфавитінің негізіне көшірумен байланысты қазақ тілінің емлесін (орфографиясын) де өзгерттік. Мұнда латын алфавитіне байланысты жасалған соңғы (1938) ережеден бірсыпыра өзгерістер бар. Соңғыны (орысша алфавит пен орфографияны) да жасаушы мен болғанымен, ертеректегі қатені соңғы кезде түзеу айып емес, қайта керекті іс деп білдім. Сондықтан да, сөз басындағы, сөз ортасындағы ый, ій жөнінде көп қарастырудың нәтижесінде, осы күнгі ережелер қабылданған болатын. Қазақ тілінің емлесі негізінде сөздің естілуіне қарай жасалған. Бұл құрғақ сөз емес, принцип, жол. Сондықтан «ый» естілген жерде жазбасқа болмайды»* деп кезінде жіберіп алған қатесін түзеп, енді қыйын, жыйын, қыйсын, сыйқым, сыйық, тыйын, сыйын, қыйқым, қыйық болып жазу керектігін айтқан болатын [2]. Қазақ тілінің емле-ережесін жасаушылардың белді де беделдісі академик Р.Сыздықова осы мәселеге қатысты А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Ә.Жүнісбектердің оң пікірлерін айта отырып, кезінде қателік жіберілгенін мойындап, былай дейді: *«Бұрынғы емлемізде жансақ танылған тұстар бар. Яғни Й,У дыбыстарын бірде дауысты, бірде дауыссыз деп танып келдік. Орыс тілінің үлгісімен Й дыбысын әрдайым жіңішке, У әрдайым жуан айтылады деп келдік. Сондықтан жіңішке айтылатын Й-дің алдынан Іі әрпін жазбай келдік: би, тиек, киім, биік, имек, ирек, иіс, ине. Алайда Й үнемі жіңішке айтыла бермейді: мый, сый, қый, жый т.с.с. Ій,ый, үу,ұу дыбыстарын жалаң и,у таңбаларымен беріп, оқыту ісінде, морфемалардың жігін ажыратуда, сөздерді буынға бөлуде, тасымалдауда елеулі қиындық келтіріп келді Ендеше*

тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілінің емлесін жасауда қазақ тілінің табиғатын, шынайы болмысын танытуымыз керек. Сондықтан жуан болып келген жерде БІЙ (мый, мыйық, оқыйды, тасыйды, сый, сыйлау, сыйады, тый, тыйады, тыйылды т.б.), жіңішке болып келген жерде ІЙ (жібійді, ерійді, кемійді, тійеді, бійлейді т.б.) жазуымыз керек. Сол сияқты жуан айтылатын сөздерде ҰУ (сұу, сұуық, тұуыс, барұу, жұу, жұуық), жіңішке айтылатын

сөздерде *ҮУ* түрінде (*гүу, гүуледі, келуу, жүрүү*) таңбаланады» деп, *ЙЫ,ЙІ* дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің *-ый, -ій* жұрнағы жалғанғанда, *Й* әрпі (*байы+й – байый, байыймын, байыйсың байыйды; кейі+й-кейій, кейіймін, кейійсің, кейійді, ійійді, ұйыйды*) жазылатындығын ескертеді [3]. С.Мырзабековтың 1999 жылғы «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі» атты оқуқұралында *И* мен *У*-ға қатысты пікір-ойы жоғарыда айтылғанмен үндеседі [4]. Тұңғыш қазақ лингвисті А.Байтұрсынұлының негізін жалғастырып, ғылыми тұрғыда *И, У* мәселесін ғылыми негізде оңтайлы шешкен, қазақ тіл білімінің фонетикасына қомақты үлес қосқан, ана тіліміздің жанашыры болған, латын негізді әліпбимізге қажырлы еңбек еткен белгілі фонетист ғалымымыз Әлімхан Жүнісбек екенін айта кеткен орынды [5]. Кезінде ғалымның ұсынысын қазақ орфографиясының, емле-ережесінің майталманы академик Рабиға Сыздықова қолдаса да, Ұлттық комиссияның жанынан құрылған Орфографиялық топтатолық қолдау таппаған еді. Өз басым бүгін болмаса да ертең ғалымның ұсынысы келешек ұрпақ үшін ана тілімізге қиянаты жоқ емле-ережелер мен жазуға ыңғайлы, тиімді де тәуелсіз "қазақы" әліпби жасауда ескеріледі деген үміттемін. Бұдан ары қарай басқа да ғалымдарымыздың пікірлерін келтіруді жалғастырмай, жоғарыда айтылған пікірлердің негізінде жаңа емле-ережеде кеткен кемшілікті түзетуге жеткілікті деп қанағаттанайық.

Қорыта келе «Жаңа әліпби негізіндегі Қазақ тілі емлесінің ережелері» атты жобаның 7-параграфына қатысты мынадай негізді ұсынамыз: Осыған дейін *И*-мен жазылып келген «қиын, жиын, тиын, тиін, ми, ки, би, ти, и, жи, ши т.б.» төл сөздер жаңа емле-ережеде «**қыйын, жыйын, тыйын, тійін, мый, кій, бій, тій, ій, жій, шій, сый, тый т.б.**» деп жазуылуы керек. Себебі, орыс тілі арқылы енген «*сироп, символ, синтез, синоним, синолог, синоптик, митинг, минерал, министр, минус, мирас, мизам, тир, титан, тиран, иран, икон, т.б.*» тәрізді кірме сөздердегі *И* мен қазақ тілінің төл сөздерінде қате жазылып жүрген «*қиын, қигаи, қиқ, қиқым, қилы, қиыр, қию, сипат, сиқыр, сирақ, сирек, сию, жиын, жиде, жинақ, жиі, жию, тиын, тиін, тиек, тию, тиянақ, тиіс, мизұла, мият, мипалау, киім, киік, киіз, шипа, ширақ, ширек, шикі, шимай, шыыршық, бипыл, бикеш, билік, бие, биыл, ине, имек, ирек, игі, иір, иіс, ми, қи, ки, би, ти, и, жи, ши т.б.*» тәрізді сөздердегі *И*-ді қазақ тілінің заңдылығымен салғастырып қарағанда бірдей емес, сәйкес емес, тепе-тең дәрежеде емес. Мысалы: «*қыйын, қыйғаш, қыйық, қыйт (етсе), қыйқым, қыйлы, қыйыр, қыйыу, сыйпат, сыйқыр, сыйрақ, сійрек, сыйыу, жыйын, жйіде, жыйнақ, жйіі, жыйыу, тыйын, тійін, тійек, тійіу, тыйанақ, тійіс, мыйғұла, мыйат, мыйпалау, кійім, кійік, кійіз, шыйпа, шыйрақ, шійрек, шійкі, шыймай, шыйыршық, быйпыл, бйікеш, бйілік, бйіе, ійне, іймек, ійрек, ійгі, ійір, ійіс, мый, қый, кій, бій, тій, ій, жйі, шій т.б.*»

Сонымен бірге аталмыш параграфтың Ескертуіне де мынадай негіз ұсынамыз: *Йу, йі* әріп тіркестеріне аяқталған етістіктерге көсемшенің *-й* жұрнағы жалғанғанда, Р.Сыздықтың жоғарыда ұсынған ережесі бойынша жазылғаны дұрыс: *байыду, кейіуді, тоіуду*.

Келесі бір мәселе, ол «Реттік сан араб цифрымен берілсе, оның түсірілген **-ыншы (-інші)** қосымшасының орнына дефис (-) қойылады, **рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды**» деген ережеге қатысты мынадай ұсынысым бар:

Егер контексте: «Ел болғанымызға ХХ ғасыр болды» деп келсе, онда қойылмайды. Ал егер «ХХІ-ғасыр еліміздің өркендеуіне маңызды міндеттер жүктейді» деп келсе, онда дефис қойылғаны дұрыс. Егер ережеге сәйкес дефис қойылмайтын болса, онда мына тәріздес сөйлемдердің қайсысы қандай мағынада берілгенін бірден айыру қиынға соғады. Мысалы: **ХХІ ғасырда еліміз қандай болмақ? ХХІ ғасырда еліміз қандай болмақ?** Яғни, берілген сөйлемдерді **ХХІ ғасыр өткен соң** деген мағынада ма әлде **ХХІ-ғасырда** ма? Міне, осы сияқты сауатсыздық болмас үшін ережеге сәйкес реттік сан есімнің - **ыншы (-інші)** қосымшасының мағынасында келсе дефиспен жазуымыз керек. Сол сияқты араб цифры да контекстік мағынасына қарай бірде дефис қойылады, бірде қойылмайды. Мысалы: «**Мектеп бітіргеніме 20 жыл болды**» дегенде қойылмайды. Ал «**Мен мектепті 2015-жылы бітірдім**» деген сөйлемде қойғанымыз дұрыс сияқты. Сонымен бірге реттік сан есімдер «**том, тарау, тармақ, тарауша, бөлім, рет, секция, параграф т.б.**» сөздермен келгенде де, дефиспен жазылу-жазылмауы контекстік мағынасына қарай ескерілгені жөн. Жалпы Цифрды грек немесе араб деп бөліп-жармай, ортақ ереже ретінде «**Реттік сан есімнің -ыншы (-інші) қосымшасы түсірілген немесе жазылмаған жағдайда оның орнына дефис қойылады**» деп беруіміз керек [6].

Сөз соңында айтарым жоғарыда латын негізді әліпбиіміздің әріптері мен емле-ережелеріне қатысты айтылған кемшіліктер қоғамда қызу талқыға түсіп, бұл әліпби де сынға ұшырап, әлемдік және қазақ қоғамында өзінің қызметін атқара алмады және тағы да жетілдіре түсуді қажет етті. Соның нәтижесінде әліпбилер қайтадан қаралып, жетілдіріліп мемлекет басшысына умлаут нұсқадағы латын негізді әліпби ұсынылған көрінеді. Өкінішке орай, бұл әліпби қоғамда болып жатқан жағдайларға байланысты бекітілмей кейінге шегеріліп келеді. Қалай дегенмен де соңғы бекітілген 2018 жылғы 19-ақпандағы латын графикалы Қазақ әліпбиіне және жасалған емле-ережелеріне қатысты кемшін тұстары ортаға салынып, пікір-ұсыныстарымыз дәйектеліп, мысалдармен түсіндірілді. Жалпы латын графикасына көшу: біріншіден еліміздің алға қарай дамуындағы басты қадамы, болашағы, екіншіден жер шарының жартысына жуығы латын графикасында жазатынын ескерсек, ғаламтор арқылы ақпараттану көзі кеңейіп, ана тіліміз халықаралық сипат алатыны сөзсіз. Сонымен қатар басы артық әріптерден арылып, емле-ережелеріміз біршама жақсаратын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы Ақымет. Әліб-бій. Алматы: Рауан баспасы. 1998ж. 14-99 бб.
2. Аманжолов С. Тіл және жазу. Өскемен, 2005. -360 б.
3. Қазақ әдебиеті. 2018 жыл, қыркүйек айы. Сайт: qazaqademietі.kz.
4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. Алматы, 1999ж. -6-80 бб.
5. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы, 2009. -312 б.
6. Жаңа әліпби негізіндегі Қазақ тілі емлесінің ережелері. Астана, 2018. -30 б.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Аннотация

Аннотация: Мақалада қазақ халқының ықылым заманнан бүгінгі таңға дейінгі қолданылған жазу мәдениетінен тарихи тағылым ретінде мәлімет беріледі. Ғылымда қазақ жазуына қатысты ғалымдар тарапынан айтылған оң-теріс пікірлерді талқыға сала отырып, тұжырымдамалары жасалынады. Қазақ халқының алғашқы руника жазуы өзінің құрамындағы ру-тайпа таңбаларынан қалыптасқанын және жалпы жазудың шығу тарихынан түсініктеме негіздері сөз етіледі. Келешек ұрпақ ата-бабаларының мұрасын мақтан етуіне, қастерлеуіне бағытталады. Тәуелсіз қазақ елі латын негізді қазақ әліпбиіне көшіп жатқандығы жайлы да мағлұмат беріледі. Жалпы қазақ жазу тарихының қалыптасу, даму барысы жалғасып жатқандығы айтылады.

Кілт сөздер: орхон, енесей, жазу, ру, тәуелсіздік, көне түркі, руника, тарих, ұлы дала

Ұлы дала атанып отырған қазыналы жеріміз бен қат-қабат тарихи оқиғаларға толы әдеби жазба мұраларымыз – қарға тамырлы қаймана қазақ елінің үкілеп отырған қастерлі де қасиетті, қымбат та асыл құндылықтары. Тарих бедерінде қазақ елі тәуелсіздік жолында сан мәрте тауқымет көрсе де, келешек ұрпағы үшін, елі үшін, жері үшін «күн демей, түн демей», «білектің күшімен, найзаның ұшымен» қорғап, «ат жалында, түйе қомында» өмір сүре жүріп, жанын пидә еткен қайсар халық екендігіміз бүгінде жер бетінетәуелсіздігіміздің арқасында мәлім болып отыр. Ендігі кезекте жоғалтқанымызды іздеп-тауып, өшкенімізді жаңғыртып, ата-бабадан мирас болып қалған мұраларымызды зерделеп, жинақтап, тәуелсіздігімізді ту етіп, мәңгілік елдігімізді желеу етіп, жаңғырту, жаңарту, даму үстіндеміз. Келешек ұрпағымызды қастерлі құндылықтарын мақтан етуіне, көзінің қарашығындай сақтап қорғауына, құрметтеуіне және ең дамыған елдердің санатында болу үшін тарихи-танымдық тағылымы мол ұлттық құндылықтармен ұлтжанды, білімді етіп тәрбиелеуге тиіспіз.

Жалпы ұлы көшпелілердің төл жазуы, рухани қазынасы, көне түркі өркениетінің руникалық жазба мұраларының алғашқы деректері ХІІІ-ғасырдың ІІ-жартысында (*шығыс зерттеушісі Ата Мәлік Жувейни*) хатқа түскенімен, ғылым әлемінде оның құпиясын ХІХ-ғасырдың аяғына қарай 1893-жылдың 25-қараша күні Дания ғалымы В.Томсен ашқанын білеміз. Бұл жазба ескерткіштер – өзіне дейінгі және өзінен кейінгі түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын, тілі мен әдебиетін, тұрмыс-тіршілігі мен өмірін, қағанаты мен қағандарын, ақылгөй даналары мен батыр қолбасшыларын, мекені мен қоныстарын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін баян ететін әдеби мұра, асыл қазына және қазіргі түркі тілдеріне ортақ тілдік материал ретінде ең құнды дереккөз болып саналады. Алайда әлемдік ғылым тарихында мұндай тұжырымға келу бірден қалыптаспаған еді. Жаһандану ғылым негізінде жазу тарихымызға қатысты

айтылған ғалымдардың ой-пікірлерін бере отырып, танымдық бағытта қысқаша шолу жасасақ артық болмас.

М.Рахышова тарих сахнасында бар 7 жазу жүйесі адамзат мәдениетінің өркендеуіне түрткі болды дейді: 1.Шумер жазуы (*Месопотомия, Тигр, Ефрат өзендері аралығында б.э.д. 3100 ж. – б.э. 75 ж.*); 2.Ежелгі элам жазуы (*Эламда б.э.д. 3000ж. – б.э.*); 3.Ежелгі үнді жазуы (*Үндістанда, б.э.д. 2200 ж.*); 4.Қытай жазуы (*Қытайда б.э.д. 1300 ж.*); 5.Египет жазуы (*Египетте б.э.д. 3000 ж.*); 6.Крит жазуы (*Крит, Греция жерінде б.э.д. 2000 – 1200жж.*); 7.Хет жазуы (*Анадолы, Сирияда б.э.д. 1500 – 1700 жж.*). Сонымен бірге жазу тарихына шолу жасағанда тоқтала кететін тағы бір жазу жүйесі ол араб графикасын қосады [1, 40]. Егер Ұлы дала жерімізден әлем деңгейінде табылып жатқан археологиялық зерттеулердің нәтижелері мен О.Туна, А.Аманжолов, О.Сүлейменов, А.Бахти, Г.Қосымова т.б. ғалымдарымыздың зерттеулеріне сүйенсек, онда түркі руника жазуын да жоғарыда аталған жазулардың қатарынақосуға болады. Бұл, әрине өз алдына жеке әңгіме. Жалпы руника жазуы негізінен магиялық, сакральдық, мемориальдық т.б. тақта жазуларында қолданылған және тек қана түркі руникасы емес германдық, скандинавтық, англо-саксондық, кавказдық т.б. түрлері де бар. Қысқаша айтар болсақ, Еуропа халықтары да көне түркі руника жазу таңбаларына ұқсас әріп-таңбаларды қолданылған. Ал көне Кипр жазуының таңбалары түркі жазуына тым ұқсас. Ағылшын-саксон руникасының таңбалары да көне түркі әріптеріне жанасады. Бұл Негау деген жерден табылған бір көне дулығаға бедерленген жазу таңбалары екен. Сол сияқты Герман руникасының таңбалары да көне түркіәріптерінің сұлбасын еске салады. Осының барлығы руника жазуы тек түркілерде ғана емес, көшпенділер атының тұяғы жеткен жерлердегі елдердің бәріне мәлім болғанын айғақтайды. Біз Еуропа халықтары көне түркі жазуын қабылдап алды деген ойдан аулақпыз. Алайда, Еуропаның ежелгі руника жазуыкөне түркілер жазуына ұқсас екенін, олардың арасында қандай да бір байланыстың, сабақтастықтың барын байқау қиын еместігін айтқымыз келеді.

Барша әлемге «Орхон-Енисей, Талас жазуы» атанған әдеби мұраны ғалымдардың біразы фин-угор халықтарының жазуы, солардан қалған мұра деп тұжырымдады. Енді бір тобы кейбір таңбаларының сыртқы ұқсастығына қарап, бұл жазуды Герман халықтарының ескерткіші деп дәлелдеуге тырысты. Мәселен, Байер – кельт жазуы, Тихзен – гот жазуы, Ремюзе – үйсін, индогот, скандинавия елдерінің жазуы, Клопорт – грек жазуы деп, славян жазуы деп – Спасский, фин жазуы деп – Аспелин, ал Ксенофонов – якут жазуы деп жорамалдаған сан алуан пікірлер болды. Әйтеуір қисынсыз ой-пікірлерін ұсынып, түркілерге жолатқысы келмеді. Өйткені, Европа ғылымында көшпелі түркілерде ешқандай мәдениет жазу-сызу болған емес, мал соңында жүрген деген астамшылықтан туған дарақы ұғым мықтап орныққан және осындай түсініктен бертінге дейін арыла алмай келгендігі ақиқат. Дүниежүзілік дархан ғылым жолында алғаш болып, пайымсыз дау-дамайға нүкте қойған данышпан ғалым В.Томсен нақты бұлтартпас деректермен Түркі жазуы деп дәлелдеген соң, жоғарыда айтылған жансақ пікірлер сап тыйылды. Ғалым құпия жазу таңбаларының дыбыстық мағыналарын анықтап, жазудың оңнан солға қарай

оқыланынын және ең алғаш *түрік* және *тәңір* сөздерін оқыған соң, жазудың толық құпиясы ашылып, В.Томсеннің оқу әдісімен 1894 жылдың қаңтарында В.Радлов Күлтегін ескерткішінің тұңғыш аудармасын жасайды. Осыдан соң Европа, Ресей, Монғолия, Қазақстан елдерінің бірлескен және жеке ғылыми экспедициялары археологиялық тұрғыдан жан-жақты (суретке түсіру, көшірмелерін алу және жариялау, аудару, ғылыми талдау т.б.) зерттеу, жәдігерлерді жинау, лингвистикалық жағынан оқылу теориясы мен грамматикасын жазу, сөздігін құрау, философиялық, этнопсихологиялық тұжырымдамаларын жасау, саяси баға беру тәрізді жұмыстары түркітану ғылымында кең құлаш жайғандығы мәлім. Бұл салада, әсіресе батыстан (В.Томсен, Н.Витсен, Н.Спафарий, Д.Мессершмидт, П.Паллас, Ф.Страленберг, А.Ремюза, М.Кастрен, И.Аспелин т.б.) гөрі орыс түркітанушылары жан-жақты ғылыми зерттеу жағынан жемісті еңбек етті: В.Радлов, Г.Байер, Г.Спасский, П.Мелиоранский, А.Самойлович, В.Бартольд, Ю.Тугушева, С.Малов, В.Котвич, А.Кононов, И.Батманов, В.Насилов, В.Кондратьев, С.Киселев, С.Кляшторный, Д.Васильев, Е.Убрятова, И.Стеблева т.б. Моңғол ғалымдары да атсалысты: Н.Сэр-оджов, Д.Баяр, Ц.Доржсүрэн, Г.Сүхбаатар, М.Шинэхү, Г.Менэс т.б. Түркі ғалымдары да зор үлестерін қосты: Х.Оркун, Т.Текин, Г.Абдурахманов, К.Аширалиев, Л.Кызласов, М.Ахметов, А.Юлдашев, К.Сартаев, Н.Гаджиева, Ғ.Айдаров, Ғ.Мұсабаев, А.Аманжолов, Қ.Сартқожаұлы, М.Жолдасбеков т.б.

Соңғы кездегі статистика негізінде көне түркі руника жазба ескерткіштерінің ұзын-ұрға саны алты-жеті жүз (*Н.Базылхан пікірінше мыңнан асады*) шамасында көрінеді. Көлемі жағынан олар әр қилы. Мәселен, Енесей өзені мен аңғарынан табылған ескерткіштердің ең көлемді дегені 10-15 жолдан тұратын шағын болып келеді. Кейбіреулері 2-3 жолдан ғана тұрады. Талас жазбалары да осы тәрізді шағын болып келеді. Бұларға қарағанда Орхон, Селеңгі өзендері бойынан табылған мұралар едәуір көлемді: Білге қаған ескерткіші – 80 жол, Күлтегін ескерткіші – 79 жол, Могилян құлпытасындағы жазу – 20 жол т.б. Сонымен бірге қағаз бетіне жазылған Ырық бітіктен басқа көлемі шағын жазба мұраларымыз жеткілікті екені бүгінде құпия емес. Жазба мұраларда көптеген тарихи, мәдени, жағрапиялық, саяси деректер, сол кездегі халықтың өмірінен, тыныс-тіршілігінен, таным-болмысынан, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар беріліп қана қоймай, сол кездегі ел қорғау барысындағы тарихи оқиғаларын, Ұлы даладағы білгір қағандар мен батыр қолбасшылардың тәуелсіздік пен береке-бірлік үшін жасаған жорықтарын баяндау үлгіде әдеби, көркем тілмен жеткізген. Сол себептен көптеген зерттеушілер оларды көркем шығармаларға жатқызады. Поэзия түрінде жазылған деушілер де жоқ емес. Біздіңше, әдеби жазба мұраларымыздың жанрын жылнама немесе шежіре немесе поэзия дегеннен гөрі, бұлар – сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен тұрмыс-тіршілігін т.б. біздерге өсиет-естелік ретінде жазып қалдырған прозалық жазба мұралар тәрізді.

Көне түркі руника жазуы түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, соның ішінде үндестік заңдарын жақсы сақтайды және жазудың ерекшелігі оңнан солға қарай оқылады, жазылады дедік. Тағы бір ерекшелігі, негізінен консонант (дауыссыз) дыбыстар таңбаланады (*консонантты жазуға б.э.д I мыңж.*

египет, батыс-семит жазуы жатады) және олардың «жуан-жіңішке» деген түрлері болады. Көне түркі руника жазуының жалпы әріптік формасы бізге тасқа қашалған түрде, «баспа әріптерімен» жетті. Оның бас не кіші әріпі немесе жазбаша түрі дегені жоқ. Алғаш көрген адам бұл жазуларды бір қарағанда-ақ қазақ руларының таңбаларына ұқсататыны сөзсіз. Яғни, жазулар *жебе, ай, тұмар, көз, аша, балық, тарақ, сырға* т.б. тәрізді таңбалардан тұрады. Осы орайда С.Аманжоловтың «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» атты еңбегінде қазақтың ру таңбаларының біразы жинақталып берілген. Ғалым кейбір таңбаларға қатысты өзінің түсініктемесін береді [2, 11-17]. Мақала соңында қазақтың ру таңбаларының көне түркі жазба әріптерімен салыстырылып берілген кестесін ұсынамыз. Ғылымда түріктанушылардың бір тобы көне түркі руника жазуын ешбір бөгде алфавиттің ықпалынсыз-ақ түркі-қазақ ру-тайпаларының ен-таңбалары негізінде қалыптасқан түркілердің төл жазуы деп санайды (Н.Аристов, И.Батманов, Қ.Молгаждаров т.б.). Шындығында, көне түркі руника жазуы ешқандай халықтан ауысып келген де емес немесе басқа бір елдің жазуының әсерінен қалыптасқан да емес. Ол – ежелден, ата-бабаларымыздан келе жатқан ру-тайпа таңбаларынан қалыптасқан жазу және мұны естен шығармағанымыз жөн.

Қазақ жазуына қатысты ғаламторда болсын, баспа беттерінде болсын әртүрлі қарама-қайшылықта көзқарастар айтылып жүр. Мысалы, Әбдеш Дайырбаевтың ой-негізін бере кетелік: «Біріншіден, Орхон-Енесей – жазудың аты емес, өзендердің аты. Екіншіден, руника – ең соңғы сына жазуы. Карелиядаерте кезде Рун дейтін тайпа болған. Соның атымен аталған сына жазудың бұл соңғы түрін Палестинадан алып Еуропаға таратқан – осы тайпаның адамы болған. ...Ал Орхон-Енесей жазбаларын, «жырларын» жазу деп шатасып жүргендер аз емес. Ол – жазу емес. Олар – сына жазумен жазылған жазбалар. Түрік хандарының ғұмырнамалық жырлары. Олардың өзін де қытай мамандары жазғандығы әбден анықталған ақиқат. Ал қытай мамандары оларды қытай сынажазуымен жазған. Сына жазулары немесе жартылай буындық, жартылай дыбыстық жазулар ертеде ең алдымен екі елде: араб және қытай елінде пайда болған. Шын мәнінде сына жазулары дегеніміз қазақ пен түрік халықтарында ешқашан да болған емес. Оны түрік қағанатына әкелген қытай мамандары. Қытайлар сол жазумен тасқа түрік (түркі емес) қағандарының, қолбасшыларының ғұмырнамалық дастандарын жазып берген. Сонымен ол жазудың да саудасы біткен. Ол жазуды түрік пен қазақтың өзі өмірде ешқашан қолданған емес. Ол жазуды түрік пен қазақ түгілі қытайдың өзі де толық мағынасында қолданбаған» деген пікірі біржақты ұғымнан туындаған жансақ пікір болып отыр [1, 64-65].

А.Сейдімбектің руна жазуы жайлы айтқан пікірін бере кетелік: «Байырғы түркілік бәдіз (рун) жазуы – исі түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да ең ұлы тарихи мұраларының бірі. Бұл жазудың тек-тамыры туралы, пайда болу тарихы жөнінде осы уақытқа дейін үш түрлі пікір қалыптасқан. Біріншісі – түркі руникасы Алтай алабында, Монғолия даласында, Енесей өлкесінде пайда болып, батысқа қарай тараған деген пікір. Екіншісі – түркі руникасы Талас өңірінде пайда болып, екі бағытқа тараған,

яғни шығыс пен батысқа тараған деген пікір. Үшіншісі – түркі руникасы, яғни дыбысты жазу батыстан шығысқа қарай тараған деген пікір. Осы үш түрлі пікірдің ішінде қазір ғылым жүзінде бел алып отырғаны – батыстан шығысқа қарай тарады деп келетін еуро-орыстық ой-тұжырым...» дейді [1, 71-72]. Ғалым ары қарай Батыс-семит жазуымен байланыстыратын пікірді сынға алып, оның төрт түріне сипаттама береді де, мұндай хронологиялық сәйкессіздік ғалымдар арасында бірауыздан мойындалмай келетіндігін ашық айтады. Сонымен қатар соңғы жылдары табылған байырғы түркілердің бәдіз жазуы түскен археологиялық олжалар (Есік қорғанының табақшасы, Монғолиядан табылған алтын найза т.б.) жаңаша жыл санауға дейінгі II-I-мыңжылдықтар мұрасы екенін де алға тартады

Нәпіл Базылханұлы мен Мехмет Түркелі пікірлеріне назар аударалық: «...Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштері орнатылғалы 1300-дей жыл өткен. В.Томсен түрік жазудың «кілтін тапқалы» 130 жылға аяқ басса да, түрік қағанатының тілі бүгінгі түрік жұртының, елінің тілінен бір адым алыстап кеткен жоқ. Тіпті Мөде орнатқан қағанат халқының тілі де солай деп батылайта алатындығымыз осыдан. Түрік жазуын арабша немесе бүгінгі кириллица тұрғысынан түсінуге болмайды. Көне түрік жазуы негізінен тасқа оңнан солға қарай жазылған. Алайда тік жазылған деген негізді де айта кетуіміз керек. Қазіргі Моңғол мемлекетінің қолданып отырған ресми ұйғыр жазуы тік жазылып, тік оқылатын жазу. Бұл көшпелілердің заттың басы аспанда, аяғы жерде болады, яғни Күлтегін жазуындағы «жоғарыда көк аспан, төменде қара жер, ортасында адам баласы пайда болды» деген ұғымдағы көшпелілердің дүниетанымдағы ойлау жүйесі бойынша өмірге келген әліпби болса керек. Ал бұл тас жазуларды қағазға түсірген еуропалықтар түрік бітігін көлденең пішіндетірген. Мінеки, биік тастарда тік жазылған жазуымыз әлемге осылай «көлденең» тізіліп танылды. Біз әлі сол көлденең күйінде қате пайдаланып жүрміз. Ал балбалдарда баба жазуымыз сол баяғы жоғарыдан төменге қарай, яғни тік бағытта жазулы тұр. Әрбір мәдениет туындысының алғашқы кебінде болғаны оңды. Шынтуайтына келсек, біз тік бітігімізді білместікпен құлатып жүрміз. Түрік ғалымдары көне жазуымызды түп нұсқадағыдай тік қалыпта жазып пайдаланғаны орынды. Өйткені, көне түркінің тік жазуының бүтін тұлғасы түгіл әрбір нүктесінде күрескер халқымыздың терең тарихы жатыр» деп тұжырымдайды [1, 74-75]. Біздіңше, бұл мәселеге қатысты ойымыз субъективті болмас үшін, жазудың жазылу бағытын анықтау үшін көне түркі руника жазуымен жазылған барлық естелік ескерткіштер мен әртүрлі заттарға (тас, темір, ағаш, қыш, қағаз, тері, сүйек) жазылған жазу бағыттарымен салыстыру нәтижесінде ғана қорытынды түйіндеме жасауға болады. Әрине, үлкен тас ескерткіштерге ең бірінші жатқызылған күйі естелік жазуды жазып алған, содан соң жазып болғаннан кейін тік тұрғызып қойғаны анық. Алайда осыған қарап немесе сол кездегі түркілердің дүниетанымына, наным-сеніміне қарап жазудың жазылу бағытын, жазылу тәртібін жоғарыдан төмен «тік жазылады» деп айту ойға қонымсыздау сияқты. Егер Көк түріктерше көкке, аспанға, тәңірге табыну тұрғысынан пайымдайтын болсақ, онда керсінше жоғарыдан төмен емес, төменнен жоғары жазылу керек болады. Өкінішке орай

жазу бағыты бұл мифтік ұғымға сәйкес келмейді. Себебі, біздің зерттеу, зерделеуіміз бойынша жазу бағыты оңнан солға қарай жазылған.

Белгілі ғалым Қ.Сартқожаұлы 3-ші түркі қағанатын орнатушы Ел-етмішБілге Тұр-айын қағанның 3-ші ескерткішіндегі «*түрік-қыпшақ еліг он йыл олурмыс – түркі-қыпшақ бес жүз жыл (таққа) отырды*» деген тұжырымына сүйене отырып, «...*Орхон ескерткіштері қыпшақ тайпасының тілінде жазылғандығына куә боламыз. ...III-XIV ғғ. аралығындағы «Түркі тілі» деп аталған жазба әдеби тілдің іргетасын қалаушы, ол тілді алып жүруші қыпшақ тайпасы болмақ*» деген пікірі көңілге қонымды [3, 71-75]. 2004 жылғы Парасат журналына «Ешкім таласа алмайды» тақырыбына арқау болып, тілші сыр-сұхбатына М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлы өте байыпты да құнды ой-пікірлер қалдырған. Шындығын айтар болсақ, осы айтылған заңды қағидалық негізге дейін ешбір түркітанушы ғалым ашық түрде мәлімдей алмаған еді. Авторлар түркі мұраларына қатысты зерттеулерін, жазба мұрадағы түркілердің қағанаттығын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын, жерлеу рәсімдерін, киелі орынға күзетші тұрғызуын, наным-сенім ырымдарын, тәңірге сыйынуын, қонақ кәделерін қазақ халқында жоғалмай толық сақталғандығын және көне түркіжазба мұраларының тіліне қатысты зерттеушілердің жіберген кемшін тұстарын қарапайым тілмен түсінікті етіп баяндап берген. Әсіресе, М.Жолдасбековтың тілшіге берген мына жауабы өте маңызды және ата-бабаларымыздың әдеби мұрасына, қазақ халқының жазу тарихына қатысты айтылған теңдесі жоқ әділ бағасы деп ұққанымыз жөн. Ғалым былай дейді: «Қырғыздар бұл мұраға таласа алмайды. Өйткені мәтінде Көгмендегі жұрт (Саян жотасы) – қырғыздар делінеді. Түрік-қыпшақтар билік еткен тұста Көк түріктер оларды жаулап алып отырды. Анкара мен Стамбул түріктері мен азербайжандар таласа алмайды. Олар Хазар (каспий) теңізінің оңтүстік және солтүстік жағындағы отыз- оғыздар. Кейін Селжүк хандығы атанды. Одан соң батысқа қарай бет бұрды. Татар ағайындар таласа алмайды, олар – байырғы бұлғарлар алтайлықтар, олар моңғол үстіртінен батысқа қарай ұлы көш өткенде жолда қалған біздің қандастарымыз. Олардың ішінде төленгіт, қыпшақ, найман, көбек, қаракас деген шағын рулар бар. Оның барлығы бүгінгі қалың қазақ ішінде жүр. Ал өзбектер жасанды ұлт қой. Олар бізден оңтүстікке қарай шығындап шығып кеткен қарлұқ, қоңырат, найман, аздаған қыпшақтар мен тәжіктердің қан араласуынан пайда болған халық. Ұлттың атының өзі айтып тұр емес пе? Шыңғыс ханның Шағатай ұрпағынан өрбитін кейінгі ұлдарының атымен Өзбек аталып отыр. Ұйғырлардың Көк түрікке таласатын орны да, құқы да жоқ. Өйткені түрік тарихында бәрі де айқын тұр. Сонда кім қалды таласатын? Ешкімде таласа алмайды. Өмір-бақи жалпақ шешейлік жасап, анау өкпелейді, мынау бір нәрсе ойлап қалады деп жалтақтаумен келдік. Енді үркіп-қорықпастан шындықты айтып, несібемізге өзіміз қожалық етіп, ұрпағымыздың рухын көтеріп, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуіміз керек» [4, 20]. Яғни, ерте замандағы Ұлы дала - Қазақстан жерін мекендеген ежелгі ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. V-VI ғғ. Есіктен табылған «Алтын адам» мен Моңғолиядан табылған алтын найза мен тұмардағы жазулар) көне түркі руникамен жазған. Ендеше осы ата-бабаларымыздан қалған көне түркі төл жазуының тарихи мұрагері –

қазақ халқының негізін құраушы *үйсін, қаңлы, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, үңгіт (уақ)* т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады.

Көне түркі руника жазба ескерткіштерінің кең тараған жерлері – қазіргі Қытайда Шыңжаң, Монғолияда Орхон, Тоғул, Селенгі, Тола, Сібірде Енесей, Лена өзендері бойы, Оңтүстік Қазақстан далалары мен тау шатқалдары, Талас, Сырдария, Ертіс өңірі, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан және Алтай аймағы, Тува, Хакас, Тибет, Қарашай-Балқар, Дунай, Донецк бойы т.б. Бұл жазба нұсқалардың басым көпшілігі тасқа қашалған, біразы металл, күйдірген саз балшықтан жасалған заттарға, кейбіреулері ағаш немесе сүйектен істелген бұйымдарға жазылған. Соған қарап, кейбір зерттеушілер көпке дейін көне түркі руника жазуы тек қатты заттарға қашап, ойып жазуға бейімделген, қағазға жазуға келмеген, лайықталмаған деген пікірді ұстанып келді. Алайда, бұл пікірдің де жансақ екендігі анықталған. 1906-жылы А.Стейн экспедициясы Шығыс Түркістандағы бір үңгірден көлемі бірнеше беттік кітап тапқан. Бұл көнетүркі руника жазуымен жазылған шағын кітапша «Ырық битиг» деп аталады. Демек, көне түркі руника жазуы қағазға да түсіруге тым қолайлы жазу болған. Ата-бабаларымыз өзінің төл жазуымен кітап та жазған, озық үлгідегі өзіндік мәдениеті бар мемлекет те құрған.

Жалпы түркі-қазақ руника жазуы – көптеген ғасырлар бойғы процестерді басынан өткерген тарихи туынды дүние және өте ерте дәуірде қалыптасқан. Жазудың алғашқы сұлбалары табиғат болмыстарымен (күн, ай, өзен, ағаш, балық, жан-жануарлар т.б.) байланысты болып, олар ру-тайпа таңбаларына танылып, уақыт өте келе суретті жазудан біртіндеп әріптік жазуға ұласып жеткен. Алғашқы тас бедеріне қашалып салынған суретті жазудан былайғы ежелгі Сақ дәуірінен жеткен күміс тостағандағы жазудан бастап бүгінгі жазуымызға дейінгі 2500 жылдық жазу тарихымыз бен жазба мәдениетімізді, рухани қазынамыз бен ұлттық құндылықтарымызды келешек ұрпақ қастерлеп, мақтан етіп, мәңгі жадында сақтайтынына сеніп үміт артамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Молгаждаров Қ., Мусин Ж. Қазақ жазуының тарихы. Оқу құралы. Алматы, 2018. -220 б.
2. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы, 1959. 452б.
3. Қаржаубай С. Орхон мұралары. Астана, 2003. -392 б.
4. Парасат. Астана, 2004. №4

Райхан Мұратбекқызы

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
Raihan4ik-08@mail.ru

Жумагулова Өміргүл Ақанқызы

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
j_omirgul_a@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ТАНЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ

Аннотация: Мақалада танымдық немесе когнитивті лингвистика мәселелерінің ғалымдар назарына әлдеқайда ертерек іліккені жөнінде зерттеу жүргізіледі. Ұлт ұстазы, тілші-ғалым А.Байтұрсынұлының тіл табиғатының ерекшелігін, тіл қызметінің жан-жақтылығын танытуға арналған алғашқы ой-пікірлеріне шолу жасалады. Себебі, қазақ халқы қашан да болсын атау беруге, санадағы ұғым-түсініктерді сыртқы ортаға білдіруде ерекше көңіл бөлген, әрі аз сөзбен терең мағыналы ой жеткізе білген. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы Жанайдар Мусиннің «Туған үйдің түтіні» романының танымдық табиғатына зерттеу жүргізіледі. Ұлтымыз үшін «түтін» мәні мен мағынасы ерекше ұғым. Қазақ халқының санасында сан түрлі ассоциациялар пайда болатыны сөзсіз. «Туған үйдің түтіні» романындағы концептілерді зерттеп, оның танымдық сипаты мен қызметін таныту барысында қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы еңбектеріне, сондай-ақ қазіргі белгілі ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады.

Тірек сөздер: танымдық лингвистика, концепт, тіл, ойлау, дүниетаным.

Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Адам баласының таным түсінігі толыққан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Ақиқат дүниенің кез-келген жағдаяттары тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және жұмсалады.

Тіл – мәдениет пен қоғамнан да жоғары дәрежеде адам танымы мен мінез-құлқына жол ашады. Адам санасы мен ойлау процесіндегі құбылыстар тіл арқылы ғана белгілі болады. Кез келген ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілдері бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Материалдық және рухани мәдениет дамыған сайын ұлттық ойлау да дами түседі. Қазіргі қазақ тіл ғылымында қарқынды зерттеліп, өзекті мәселелердің біріне айналып келе жатқан бірнеше ғылыми бағыттар бар: лингвомәдениеттану, концептология, антропоцентристік лингвистика. Бұл салалардың басты зерттеу нысаналары бір-біріне ұқсас болып келеді. Өйткені біз атап отырған тармақтардың барлығында да тіл адам факторымен тығыз байланыста, тілдік кеңістікте өмір сүретін адамның барлық қарымқатынасы, мінез-құлқы стереотиптерінің қалай қалыптасқандығы және оның тіл арқылы қалай көрініс табуына қатысты болып шығады. Сондықтан қазіргі кезде антропоцентристік бағыттағы когнитивтік лингвистикада, лингвомәдениеттануда әрбір халықтың өзінің этнотипіне қарай қоршаған ортаны қалай түсінеді, ол туралы қандай білім жинақтайды, неге

ұқсатып барып образ жасайды, неге қарама-қарсы қояды деген сияқты бір топ түсінік талданады.

Қазақ халқының тарихи дамуының түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниені қабылдауын, сенімін, мифтік, діни көзқарастарын, ұстанымын, тұтынған бұйым-заттарын, сол арқылы әлеуметтік күйін, басынан өткізген түрлі оқиғаларын, ұлт, халық ретінде қалыптасу жолындағы күресін сол ұлттың тіліндегі көне сөздер, фразеологизмдер, аңыз-ертегілер мен жырлар, мақал-мәтел арқылы қазақ тілтанымының негізі салынды. Осы тұрғыда қазіргі тіл білімінің маңызды мәселелері тізбегінде тілдің танымдық қызметін айқындайтын когнитивті лингвистиканың қазақ тіл біліміндегі қалыптасып дамуын ерекше атауға болады. Когнитивтік лингвистикада тілдің таным құралы мен танымның алғы шарты екендігі басты назарда ұсталынады. Ол бірнеше ғылым салаларының өзара ұштасуы негізінде пайда болды. Когнитивтік лингвистиканың қазақ тіл білімінің зерттеу нысанына айналып, оның жеке мәселелерінің сөз бола бастауы – ХХ ғасырдың 90-жылдары. Тіл біліміндегі осындай бетбұрыстар туралы: «Лингвистикалық поэтиканың дәстүрлі ғылыми базасы – тіл білімі қазіргі таңда ерекшеқарқынмен дамуда. Оның негізгі қаруы гуманитарлық білімнің ғылыми прагматикасындағы интеграциялау принципі, соның ішінде адами ғылымның жетістіктерін белсенді құру және шығармашылықпен синтездеу – ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр басындағы лингвистиканың өзіндік дамуы мен концептуалды- конструктивті девизи, яғни, антропологиялық лингвистиканың қайта тууы», – деп көрсетті ғалым Қ. Ахмедьяров [1, 250].

Лингвистиканың бүгінгі бағыттарының қазақ тіл білімінде көрініс табуы күні бүгін пайда болған жоқ, тамыры тереңде жатыр. Қазақ тіл білімінің жан-жақты зерттелуіне еңбегі сіңген, қазақ тілінің емлесін біріздендіруге күш салған тілші-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен тілдің танымдық табиғаты туралы алғашқы пікірлерді кездестіруімізге болады. Ғалымның тіл ерекшелігін, тіл қызметінің жан-жақтылығын танытуға арналған ғылыми пайымдауларын саралай келіп, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.И. Нұрдәулетова оларды мазмұны мен көтерген мәселесінің бағыт-бағдарына қарай бірнеше топқа жіктеп көрсетеді:

1. Тілтаным теориясындағы тіл – ойлау – дүние бейнесі арақатынасына байланысты пікірлермен сабақтас пайымдаулары;

2. Поэтикалық тіл табиғатын «қарапайым» тілден айыра танытуға арналған ғылыми тұжырымдары [2, 40].

Адам баласының танымы тілде көрініс табады. Ойымыз тіл арқылы шығады. А.Байтұрсынұлы сөз өнеріне тірек болатын адам санасының үш негізін атап көрсетеді: **Ақыл, Қиял, Көңіл**. Әрі қарай: ақылдың ісі – аңдау, қиялдың ісі – меңзеу, көңілдің ісі – түйю, талғау деп, сана негіздерінің әрқайсысына тән қызметін талдайды. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама- қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде

тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек емес» [3, 141], – деген сөзінде адам санасындағы ұғым-түсініктердің сыртқы ортаға танылуы айқын көрініс табады. Тіл мен сана арақатынасына байланысты теорияларға сүйенсек, тіл – дүниенің адам санасында сәулеленген сұлбасын сыртқа шығару, белгілі бір формаға түсіріп бейнелеу құралы. Адам санасы мен ойлау процесіндегі құбылыстар тіл арқылы ғана белгілі болады. А.Байтұрсынұлы ойлаудың екі түрін атап көрсетеді: тиісінше ойлау, түйісінше ойлау. Тиісінше ойлау: заттың «бойына біткен сипатын» ғана ойлап, сол тұрғыда сөзбен беру, яғни қазіргі ғылыми тілмен айтсақ, нақты шындық болмыстың тіл арқылы баяндалуы. Ал түйісінше ойлау: зат туралы «адамның қосқан, таңған сипаттары», яғни зат, құбылыс туралы сөйлеушінің көзқарасы, танымы, ұғынуы, қабылдауы тұрғысынан сөз етуі. Ойлау мен сөйлеудің бұл түрінде тілдің коммуникативтік, информативтік қызметімен қоса, мағыналық реңкі, эмоциясы, эстетикалық қызметі көрініс береді. Сондай-ақ тілші-ғалым ойлаудың тиіс жағына көрік керек емес, нақты шындық керек, ал түйіс жағына көріктеу, әдемілеу қажет, ол қиял шығаратын сөз дейді. А.Байтұрсынұлы тіл арқылы танылатын ойлаудың қиял, ақыл негізімен қатар көңіл негізінің де бар екендігін дәлелдейді.

Тілді танымдық тұрғыдан қарастырған еңбектерде тіл адамға және дүниеге бағытталған екі жақты субстанция ретінде көрсетіледі. Тіл – адам – ғалам арақатынасынан адамның дүние туралы, танымының тілде бейнеленуі туралы мәселе келіп шығады. Дүниенің тілде бейнеленуі А.Байтұрсынұлының пайымдауында «даналық» деп аталатын ұғымдық жүйе арқылы түсіндіріледі. Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде адамда бір үлкен ұғым пайда болатынын А.Байтұрсынов атап өтеді. Сол ұлы ұғым жүйесі даналық деп аталатынын ғалым тоқтала келе, даналықтың мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам атанған дүниенің жұмбағын шешпек деген тұжырым жасайды [3, 211]. А.Байтұрсынұлының «даналық» туралы ойлары талтаным тарихындағы тіл арқылы берілетін «дүниенің тілдік бейнесі» туралы идеяларымен үндеседі.

А.Байтұрсынұлы: «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – деп тілдің ерекше болмысын сипаттайды. «Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалатын сөз шумағы да тіл я лұғат деп аталады» дей келіп, тілді табиғатына қарай ақын тілі, әншейін тіл түрінде жіктейді. Ақын тілі көрнекті лебізге құрылса, әншейін тіл жалаң лебізге құрылады. Ақын тілі мінсіз болу үшін оған қойылатын талаптар ретінде, ғалым тілді таңдап қолдану және тілді талғап қолдануды атайды. Осы жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөзі пікірлі, әсерлі, әдемі боп шықпақ». «Тілді таңдап қолдану» туралы тұжырымды сөйлеуші – мәтін –

қабылдаушы арақатынасынан алып түсіндіруге болады. «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады» деген ғалымның пайымдауы ойдың әсерлі болуы тындаушының қаншалықты түсініп, қабылдауына, оның өзі ой арқылы берілген ақпараттың қабылдаушыға қаншалықты таныстығына да байланысты деген пікірлермен қабысады.

Тілді таңдап қолдану сөздің ішкі мәнінің тереңдігін, қиялдың кеңдігін, пікір байлығын танытатын шешендік сөйлеуді білдірсе, тілді талғап қолдану тілдің лексикалық құрамын, сөйлем құрылысын орнымен жұмсауды көрсетеді. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады», – деген болатын [4].

Қазақ халқы қашан да болсын атау беруге, санадағы ұғым-түсініктерді сыртқы ортаға білдіруде ерекше көңіл бөлген, әрі аз сөзбен терең мағыналы ой жеткізе білген. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы Жанайдар Мусиннің «Туған үйдің түтіні» романының аталуында өзіндік сыры бар сияқты. Ұлтымыз үшін «*түтін*» мәні мен мағынасы ерекше ұғым. Қазақ халқының санасында сан түрлі ассоциациялар пайда болатыны сөзсіз. «Туған үйдің түтіні» романындағы «*түтін*» концептісін зерттеп, оның танымдық сипаты мен қызметін таныту барысында қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы еңбектеріне, сондай-ақ қазіргі белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйенуді жөн көрдік.

«*Түтін*» концептісін когнитивтік тұрғыдан талдау кезінде, ұлтымыздың танымында *от, отбасы, Отан, тіршілік, өмір, ел, ауыл, туған жер* мағынасында танылады. Романда қарапайым қазақ әйелінің жарқын бейнесі аса шеберлікпен суреттеледі. Басты кейіпкер Бәтіш апайдың жалғыз тұяғы, көзінің қарашығындай аялап өсірген бауыр еті баласын сағына күткендігі, әрі үмітотын сөндірмей, қара шаңырағының түтінін ақтық демі қалғанша баласы үшін түтетіп отырғандығын көреміз. Осы орайда, бір ғана «түтіннің» халқымыз үшін жай ғана сөз емес, керісінше, оның астарында мол мағына мен түсінік жатқандығын байқадық. Ол үшін концептіге қарапайым түсінік беруден бастап, оның тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер мен бейнелі сөздер арқылы берілудегі мағынасын талдап түсіндірудің мәні зор.

«Айналайын, Әзтайжан, өзіңді тосуга да тағатым жетпей кетіп қалғаныма ренжи көрме. Азамат ұлым арып-ашып келе жатқанда туған үйінен түтін түтемеуі жаман ырым екен. Жаным түршігіп, ормандағы баспанама тарттым. Нұрашым келген күні ақ түйенің қарны жарылады. Бәтіш апаның бары шашылады. Бас сүйіншісі өзіңдікі аз жүректі абзал ұлым Әзтайым... Бәтіш апан» [5, 65].

«*Түтін*» концептісін ғалым М.В.Пименеваның бастауымен Санкт-Петербург-Кемерово концептілік зерттеулер мектебінде қабылданған концептілік құрылымдарды зерттеудің әдістемесінің негізіне сүйене отырып, кезең-кезеңмен бөліп қарастыруға қадам жасаймыз [6].

1-ші кезең. Концептінің баламасы – Кілт сөзді таңдау. Бір концептіде бірнеше баламалы сөздер болуы мүмкін (мысалы, толық немесе ішінара

синонимдер: ай (месяц) мен ай (луна); ағылшын тілінде: sky және heaven; ана концептісі қайын ене (теща, свекровь) сөзімен басқаша айтуға болады; концептілерді антонимдермен жаңартуға болады: барлаушы және тыңшы, сараң және үнемді). Ал «түтін» концептісіне қатысты кілт сөздер: *от, отбасы, тіршілік, жалын, газ, тұман, белгі*.

2-кезең. Тілдік материалдарды жинау. Оған сөзжасамдық ұяның барлық компоненттері (күш, күшті), мақал-мәтелдер, фразеологизмдер анықталады.

«Түтін» концептісінен туындайтын сөзжасамдық тарам : *түтін – түтінді – түтінде – түтіндік – түтіндей – түтінсіз – түтінше*.

Ж.Кейкіннің жинап құрастыруымен шыққан «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі» жинағында «түтін» концептісімен төмендегідей мақал-мәтелдерді анықтадық:

➤ «*Сырты бүтін, іші түтін*» деген мақал сырты жақсы, бірақ іші белгісіз, түсініксіз деген мағынада айтылады. Сырт тұлғасына қарасаңыз өте қарапайым, кейде тіпті қызықты адам сияқты әсер қалдыратын адамдар бар, бірақ егер бұл адамды жақынырақ танысаңыз оның мүлдем басқа қасиеті белгілі болады. Яғни, аталған мақалға мән бере қарап отырсақ, адамды сырты түріне қарап емес, ішкі жан дүниесіне қарап бағалап, сырласу керек деген мағынада айтылған. Бұл орайда, «түтін» концептісі *бос, мағынасыз, нашар* деген мағынаны білдіреді.

➤ «*Түтін түтету*» – өз алдына үй болып отыр мағынасын береді. «Түтін түтетті» тіркесі ертеден тілілік айналымға енген : үй болу, сол үйдің отын өшірмеу.

«...Анаңның ақ сүтін ақтағың келсе, адам бол. Шешеңнің сары майдай сақтаған шаңырағына ие болып, биікке көтер, ақтық демі бітіп, көзі жұмылғанша отын өшірмей, сөндірмей кеткен отын маздатып, туған үйінің түтінің түтет [5, 66].

«Туған жердің түтіні күйесіз»; «Өзге елдің оты, Өз еліңнің түтініне татымас»; «Түтіндігі бүтін, түтіні түзу»; «Адам қатесіз болмайды, От түтінсіз болмайды»; «Туған үйдің түтіні жылы, туған ананың күтімі жылы», «Түтін шыққан үй жылы, Төскейлей шыққан күн жылы» [7].

3-кезең. Концептінің этимологиясын зерттеу, мотивациялық белгілерді анықтау (этимологиялық және тарихи-этимологиялық сөздіктерді талдау негізінде жинақталған тілдік материалда тиісті белгілері бар тілдік деректер арқылы анықталады; осы негізде олардың өзектілігі/өзектілігі туралы қорытынды жасалады белгілі бір кезеңдегі әлемнің тілдік бейнесі үшінмаңызды белгілер). Этимологиялық сөздікте «түтін» концептісінің түп-төркініжайында мағлұмат берілмеген. Бірақ, түркі жұртының әлемдік ғылыми қазынасына айналған «Диуани лұғат-ит-түрік» атты Махмұт Қашқаридың XI ғасырда жазылған үш томдық түркі тілінің сөздігінде «түтін» сөзі кездеседі [8, 460]:

ТҮТҮН: түтін. Мақалда былай деп келген: *От tytynsyz bolmas jigit jazuksuz bolmas: От түтүнсүз болмас иігіт иазұқсүз болмас – От түтінсіз болмас, жігіт күнәсіз (жазықсыз) болмас».*

4-кезең. Сөздік анықтамаларды талдау арқылы тұжырымдамалық белгілерді анықтау (барлық түсіндірме сөздіктер қарастырылады).

2006 жылы шыққан қазақ әдеби тілінің 10 томдық сөздігінде **түтін** сөзіне берілген анықтама [9]:

1. Жаққан оттан будақтап, бықсып, шұбатылып шығатын көкшіл сұр немесе қара газ түріндегі қошқыл зат.

2. Темекі тартқанда мұрыннан, ауыздан деммен бірге шығатын зат.

3. Газдарда салмақтанған жағдайда болатын ұсақ қатты бөлшектерден тұратын орнықты дисперстік жүйе.

4. Үй-жай, отбасы.

5. Тамақ пісіріп, ас әзірлеп жатқан үйдің белгісі.

6. Ауылды жердің, елді мекеннің белгісі.

Ал 2011 жылы шыққан қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде *түтін* сөзіне мынадай анықтама беріледі [10, 528]:

1.**Көк ала түтін.** Айнала көрінбей кететін көп түтін болғанда айтылатын сөз.

2.**Көк түтін.** Будақтаған, қара қошқыл түтін. 3.**Түтін басы.** Әр үй сайын. 4.**Түтін салды.** Етті сүрлеу, ыстау үшін от жағып, түтін қойды. 5.**Түтін салық.** XX ғ.

басына дейін әрбір жеке үй басына салынатын салық. 6.**Түтін түтетті.** Өз алдына үй болды, отбасын құрды. 7.**Түтіні бір жерден шықты.** а) Бірікті, тату болды. ә)

Үйленді, қосылды. 8.**Түтінін түзу [тура] шығарды.** Отбасы ұйыды, берекелі, тату-тәтті тұрмыс кешті. 9.**Түтінін үзбей оқ атқан.** Мерген, жауынгер. 10.**Түтіні түзу.** Тілегі дұрыс, кенпейілді, ақкөңіл, берекелі, тату-тәттіотбасы.

Ж.Мусиннің «Туған үйдің түтіні» романында «*түтін*» концептісі мына үзінділерде кездеседі:

«Бәтіш апай сол дарияда суға батпай, үміт қайығымен жүзіп келеді. Өзі сыйынған қара шаңырағының түтінін сейілтпейді. Жалғызымның долына деп тырмысып-тырбанып жүріп жалпыға да қызмет ететінін онша сезбейді де...» (40-41 бет).

«Жұдырықтай жүрегім жарылып кетті ме деп едім. Ағамның түсі бұзылып, қоңыр өңі қара түтін болып түтігіп кетті» (66-бет).

«...Анаңның ақ сүтін ақтағың келсе, адам бол. Шешеңнің сары майдай сақтаған шаңырағына ие болып, биікке көтер, ақтық демі бітіп, көзі жұмылғанша отын өшірмей, сөндірмей кеткен отын маздатып, туған үйінің түтінін түтет. Бір сен деп тұрмыстағы қыздарының біреуінің қолына бардыма? Жалынса да ешқайсына барған жоқ. Ақыры, олар да ат құйрығын үзіп кетті. Бәрін де мына сенің жолыңа құрбан етті. Естимісің, сен!» (66-67 бет).

Қорыта келгенде, тіл тек ойды білдірудің құралы немесе оның тікелей құрылысы ғана емес, тіл – алдымен сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құраушы құрал деген тұжырым жасаймыз. Адам санасындағы ғалам бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептілердің көмегімен көрініс тауып, олар сөз арқылы таңбаланып беріледі

Адамзаттың айналадағы шынайы өмірді тануы, ақиқатқа деген көзқарасы, қабылдауы тіл арқылы бейнеленеді. Тілдегі адам факторын тереңінен зерттеу нәтижелері санадағы ақиқат дүниенің бейнесін, оның ішінде дүниенің тілдік бейнесін анықтауға әкеледі. Тіл қойнауында дүниенің тілдік бейнесі жасалады. Сонымен қатар, тіл арқылы жеке тұлғаның тәжірибелі білімі ұжымға тарайды. Тіл иесінің ой-өрісіне, концептілік әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Тілші-ғалым А.Байтұрсынұлының еңбектерін зерттеу барысында, танымдық немесе когнитивті лингвистика мәселелері ғалымдар назарына аталмыш терминнің пайда болуынан әлдеқайда ертерек іліккенін анықтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмедьяров К. Формирование и развитие метаязыка русской лингвистической поэтики. Диссертация доктора фил.наук. Алматы, 2003. – 250 с.
2. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.
3. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 305 б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Мусин Ж. Туған үйдің түтіні: Роман. – Алматы: Жазушы, 1983. – 216 б.
6. <https://zabvektor.com/wp-content/uploads/060219010253-Pimenova%20pdf.pdf>
7. Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке, 2002 ж. – 448 б.
8. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік). – Алматы: Хант, 1997. – 590 б.
9. Ысқақов А., Уәли Н. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, 2006. – 744 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том./Құраст.: Малмақов М., Есенова Қ., Хинаят Б. – Алматы, 2011. – 800 б.

ӘОЖ 81-24

Сағатаева Салтанат Аскаровна

«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
saltanatasqarqyzy@mail.ru

Қияқова Раушан Жексенбайқызы

«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
raua_5@mail.ru

**А.БАЙТҰРСЫНОВША «СӨЙЛЕСТІРУ – ДИАЛОГТЫҢ»
ЕРЕКШЕЛІГІ ТУРАЛЫ**

***Аннотация:** Қаламгер қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларға өзіндік көзқарасын, авторлық позициясын жеткізу, оқырман санасында ой қалыптастыру, түрлі экспрессивті эмоцияларды туғызу мақсатында кейіпкерлердің образын, сөз қолданысын жасауға ерекше мән береді. Бұл ретте кейіпкердің көңіл-күйін, әртүрлі сезімін білдіретін лепті сөйлемдердің маңызы ерекше. Мақалада графикалық таңбалануы мен интонациясы жағынан лепті сөйлемдерге ұқсас реплика ретіндегі сөйлемдер, олардың көркем мәтінде лингвистикалық маркердің қызметінде жұмсалуды туралы айтылған. Сонымен қатар ғылыми еңбектерде көрсетілген реплика ретіндегі лепті сөйлемдердің жасалу жолдары мен соған саймысалдары берілген. Әрине, репликалы лепті сөйлемнің қолданылуы бірден бір – диалог.*

***Тірек сөздер:** жай сөйлем түрлері, лепті сөйлем, реплика ретіндегі лепті сөйлем, лингвистикалық маркер, диалог*

Лингвистикалық маркерлер – оқырман назарын аударту, ой салу мақсатында көркем мәтінде қолданылған, семантикасы мен графикалық таңбалануы жағынан өзгеше айрықша белгілер. Осындай айрықша белгілердің қатарына синтаксистік конструкцияларға құрылған вербалды маркерлерді, яғни сөз тіркесі не сөйлем түрінде кездесетін синтаксистік маркерлерді жатқызуға болады.

Ғалым Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде сөйлемге мынадай анықтама береді: «Біршама тиянақталған ойды білдіретін бір я бірнеше сөзді сөйлем дейміз» [1,139]. Ал профессор Р.Әмір: «Жай сөйлем – коммуникативтік тұлға, яғни пікір білдіру үшін, информация беру үшін жұмсалатын тұлға» [2,48], – дей келе, оның функционалдық қызметіне ерекше мән берген.

Тілімізде сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай топтастырылуында да әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Айтылуынша айрылатын сөйлем түрлерін А.Байтұрсынов үшке топтастырған. Олар: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем. Ал тілекті сөйлемді тағы да төртке бөлген «көңіл тілегі түрлі айтылады: бұйыру түрде, өтініш түрде, үгіт (ақыл) түрде, жай тілек (мұрат) түрде» [3,297-298].

Ал Қ.Жұбанов сөйлемнің түрлі сазбен айтылатынына баса назар аударып, осы белгісіне байланысты сөйлемдерді хабар сазды, сұрау сазды, леп сазды сөйлемдер деп үш топқа жіктейді. С.Аманжолов айтылу мақсатына қарай сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті деген түрлерін көрсетсе, М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, Р.Әмір сөйлемнің жоғарыда аталған үш түріне бұйрықты сөйлемдерді жатқызып, төртке бөліп қарастырады (хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем) [4,15].

Орыс тіл білімінде де сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті деп үшке бөледі. Н.С.Валгинаның редакторлығымен шыққан «Современный русский язык» атты еңбекте: «По цели высказывания изависящей от этой цели интонации предложения делятся на повествовательные, вопросительные, побудительные» [5,365], – деп айтылып, әр сөйлемнің айтылу сазына қарай лепті не лепсіз болатыны делінген. Бұл арқылы типологиялық жағынан өзгеше екі тілдің, яғни агглютинативті тілдер қатарына жататын қазақ тілі мен флективті тілдер тобына жататын орыс тілінің тіл заңдылықтары арасында ұқсастықты байқауға болады.

Жоғарыда аталған жай сөйлем түрлерінің ішінде кейіпкердің түрлі экспрессивті эмоцияларын, сезімін оқырманға жеткізуде, сол арқылы олардың толыққанды образын жасауда лепті сөйлемдер ерекше орын алады.

Лепті сөйлем – адамның көңіл-күйін, әртүрлі эмоциялық сезімін білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер. Лепті сөйлемнің мағынасы жай хабар болуымен қатар, кісінің қуанышы, қорқынышы, таңырқауы, ызасы, аянышы, жалынышы, күмәні, жиреніші сияқты ішкі сезімдерді білдіреді [6,132].

Қазақ тіл біліміндегі лепті сөйлем туралы пікірлерге тоқталсақ, тіл ғылымының іргетасын қалаушы ғалым А.Байтұрсынұлы лепті сөйлемдерді: «Адам көңілі-күйі, жан-жайымен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, не кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер», – дейді [7,156].

Ал Қ.Жұбанов: «Бір нәрсеге таңдана, опына, біреуге өтіне, бұйыра, ашулана, қуана сөйленген немесе хабар өте көтеріңкі я өте басылыңқы көңілмен берілген сөйлемдерді леп сазды сөйлем» [1,141], – деп, лепті сөйлемдердің қатарына тілек айту, бұйыру мақсатында айтылған сөйлемдерді де қосып қарастырады.

Профессор С.Аманжолов лепті сөйлемдерге «ерекше көңіл-күйіне, күшті сезімге байланысты (қуану, ренжу, таңдану, аяу, бұйыру, т.б.) айтылған ойды білдіретін сөйлемдерді» [8,7] жатқызады. Сонымен қатар ғалым лепті сөйлемдерде сұрау мәнді сөздердің араласып келетінін де айтады.

Р.Әмір «Жай сөйлем синтаксисі» атты еңбегінде сөйлемдердің болмыс туралы пікірді хабарлап қана қоймай, болмысқа қатысты эмоцияны да білдіретінін айтып: «Сөйлеушінің эмоциясын қоса білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлем дейміз» [2,72], – деген анықтама береді.

Мысал келтіретін болсақ, «Осындай қиын-қыстау, алма-ғайып сәттерде ең жақын адамдардың жанында болғанға не жетсін!». Бұл лепті сөйлемнен сөйлеушінің өмірінің ауыр кезеңін басынан өткеріп жатқандығын, оның мұңаю, күйіну сезімін байқаймыз. Сөйлем соңында келген *не жетсін* сұрау есімдігі мен бұйырық рай тұлғалы *жет* – етістігінің тіркесуі арқылы жасалған баяндауыш осыны айқындап тұр.

Көркем мәтіндерде лепті сөйлемдерге графикалық таңбалануы жағынан ұқсас, құрылымы жағынан тұрақты синтаксистік конструкциялар кездеседі. «Р.Әмір, Ж.Әмірова бұл жайлы: «Тілімізде құрылысы жағынан оқшау келетін, құрамындағы сөздерді мүшелік қатынасқа анық даралауға келмейтін сөйлемдер бар» [2,85], – деп, мұндай сөйлемдерді реплика ретіндегі сөйлемдер деп атайды.

– Әй, қайным-ау, біз тұрғанда не көрінді саған, сиыр сауып?! *Ойбай, қу шелекке сонша жабысып қалғаны несі!*(Н.Келімбетов)

Мысалда көрсетілген реплика ретіндегі лепті сөйлемнің соңында қойылған леп белгісі оның лепті сөйлемдермен ұқсастығын көрсетіп тұрғанмен, кейіпкердің сөзінен екінші адамның әрекетіне келіспеушілігі, қарсы эмоциясы сезіліп тұр. Бұл – репликаға тән құбылыс. Кейіпкер көңіл-күйін білдіру мақсатында автордың сөйлем құруда осындай тұрақты құрылымды қолдануы оның диалог құрудағы шеберлігінің бір көрінісі деуге болады.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – оның эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылдық келбетін терең де толық танытатын зерттеу. Демек, ешқашан өзектілігін жоймайтын алдағы зерттеулерге негіз болатын бағалы еңбек деп айтуға болады. «Әдебиет танытқышта» (1926) алғаш рет А.Байтұрсынов қазіргі қолданыстағы диалог деген сөздің орнына шығарма мазмұнына қарай «сөйлестіру» деген терминді қолданған.

Көркем әдебиет өмірді айшықты сөз арқылы суреттейтін өнердің айрықша бір түрі десек, автор туындысында кейіпкерлерінің болмыс-бітімін, мінезін, ішкі жан дүниесін сипаттауда, бір сөзбен айтқанда, қоғам тынысынан хабар беретін кейіпкер сөзі үшін қолданылатын «сөйлестіруді – диалогты» ерекше амал-тәсілдің бірі деуге болады.

Сөз зергерлерінің «сөйлестіру – диалогты» ұтымды қолдануынан олардың талғамын, шеберлігін бағамдауға болады.

Бүгінгі күні де ғылыми айналымда «реплика» терминіне әртүрлі анықтама берілген. Француз тілінен енген «replique» терминінің алғашқы мағынасы – қарсылық білдіремін, қарсымын. Орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде терминнің бірнеше мағынасы көрсетілген:

- Ответ, возражение, замечание на слова собеседника, говорящего. Подать реплику. Реплики с мест;
- В сценическом диалоге: текст, заключающий в себе слова одного из действующих лиц;
- На судебном процессе: возражение одной из сторон (спец.) [9,843]
- Краткая газетная или журнальная статья как возражение, выражение несогласия с кем-чем-нибудь. [10,721].

Ал қазақ тілінің сөздіктерінде реплика:

- қарсылық таныту, ескерту жасау, әңгімелесушінің сөздеріне жауап;
- пьеса барысында бір актердің соңғы сөздері;
- сөйлеуші сөзінің мазмұны бойынша тыңдармандардың қарсылығы немесе ескертуі;
- басқа үндестіктегі музыкалық фразаны қайталау [11, 437];
- сөйлеп тұрған кісінің сөзін бөліп, айтылған қақпа сөз, ілікпе сөз, – [12,118.] деп берілген;

«Реплика» терминіне берілген анықтамаларды салыстырып, тұжырымдай келе, солардың ішінде «сөйлеуші сөзінің мазмұны бойынша тыңдармандардың қарсылығы, ескерту жасау, әңгімелесушінің сөздеріне жауап» деген дефинициясы реплика мәнді сөйлемдердің мағынасына сәйкес келіп тұр.

Р.Әмір, Ж.Әмірова реплика ретіндегі сөйлемдер қатарына «сөйлестірудегі – диалогтағы» «Келгенде қандай! Ол ол ма! О несі екен!» сынды үнемі тұрақты орында қолданылатын, лексикалық жағынан еркін емес, құрылысы жағынан фразеологизмдерге ұқсас сөйлемдерді және «Айтпағанда! Айтқанда қандай!» сияқты тұрақты компоненттерді қатыстырып жасалатын сөйлемдерді жатқызады. Мысалы:

- *Ата, анада бар ғой, біздің балабақшаға бір тентек бала келді. Аты – Ноян. Өзі қазақша білмейді. Бізге тиісе береді. Күнде тентектік жасайды. Ол ол ма! Тамақ үстінде қасықты үсті-үстіне ұрғылап отырады.*

Біз: «Қой десек», – басын қисайтып, аузын бұртитып тиіскісі келеді (А.Хамзин).

«Сөйлестіруде – диалогта» қолданылған «Ол ол ма!» реплика ретіндегі сөйлем – лингвистикалық маркер, соның ішінде синтаксистік маркер. Маркер қайталанып келген екі жіктеу есімдігі мен сұрау мәнді демеулік шылаудың тіркесуі арқылы жасалған. Бұл тұрақты сөз тіркестеріне тән, яғни сөздердің орнын ауыстыруға келмейтін тұрақты құрылым реплика ретіндегі сөйлемдердің лепті сөйлемдерден айырмашылығын көрсетеді. Автор шебер қолданған репликаның астарында «әрине, Ноян осындай бұзықтық жасамаса, Ноян болар ма!» деген ой жатыр.

Енді бір мысалда:

- *Әне, көрдіңдер ме, ана ортадағы Кәрімнің үйінен шығып бара жатқан екі жаяу — біздің Сылқым мен Көбек.*
- *Е, неге шықпасын, бар қымызын Кәрім соларға береді. Семіріккен иттей қымызды беріп-беріп, қит етсе бізге қарсы салады.* (Б.Майлин)

Бұл үзіндіде реплика ретіндегі сөйлем хабарлы сөйлемнің құрамында берілген. Диалогтағы (қолданылып жүрген термин) «Неге шықпасын!» синтаксистік маркері шығарма кейіпкерінің әрі ренішін, әрі жақтырмаған кейпін, яғни эмоциясын сездіріп тұр.

Эмоция реплика арқылы берілген. Бірақ бұл сөйлем айтылу мақсатына немесе Қ.Жұбановтың пікірі бойынша, айтылу сазына қарай әдеттегі лепті сөйлем емес. Профессор Р.Әмір, Ж.Әмірованың зерттеулері бойынша репликалы лепті сөйлем болады. Жоғарыда берілген екі мысалда диалогқа тән көркем шығармадағы ерекше қолданыстарға жатады.

Ғылыми еңбектерде реплика ретіндегі лепті сөйлемдердің бірнеше жасалу жолдары көрсетіледі. Соның кейбіреуіне тоқталатын болсақ:

Бірінші жасалу жолы: алдыңғы сөйлемде берілген сөздің қайталанып, оған болымсыз етістік жұрнағы мен -ғанда тұлғалы есімшенің жалғануы арқылы жасалады.

- *Сен бүгін сонда барасың ба?*

- *Бармағанда!*

- *Қорқыныштығой. Түн іші, сыртта боран, қақаған аяз.* (О.Бөкей)

Диалогтағы «Бармағанда» тұлғасы – лингвистикалық, соның ішінде синтаксистік маркер. Ол алдыңғы репликаның бір сөзін қайталау негізінде жасалған. *Бар* – түбір етістікке *ма* – болымсыз етістіктің жұрнағы, *-ғанда* тұлғалы есімше жұрнағы жалғанған. Сөйлемнің соңына леп белгісі қойылған.

Диалогта сұраққа жауап берушінің сөзін «*міндетті түрде барамын; иә, әрине, барамын*», – деп құруына болар еді, бірақ кейіпкердің өзіне сенім артпаған немесе сол үшін алаңдап тұрған досының сөзіне өзінің қарсылығын білдіріп, қолынан әлі де көп нәрсе келетінін дәлелдеу үшін дәл әрі анық жауап

қайтарды. Аталған реплика ретіндегі сөйлем жоғарыда сөздіктерде көрсетілген «әңгімелесушінің сөзіне қарсы жауап» мағынасымен сәйкес келіп тұр.

Екінші жасалу жолы: қайталанып келген сөзге *ған* – өткен шақ есімше жұрнағы мен *да* – жатыс септігі жалғауының жалғанып, *қандай* сұрау есімдігінің тіркесуі арқылы жасалады.

– *Осыны газетке жазса қайтер еді?*

– *Жазғанда қандай! Алаңғасардың ақысын алып береді.* (Б.Майлин «Жақсылықтың ауылы»)

Диалогтағы «*Жазғанда қандай!*» маркері *қандай* сұрау есімдігінің тіркесуі арқылы жасалған. Сұрау есімдігі әдетте сұраулы сөйлемдерді құруға негіз болғанмен, реплика ретіндегі сөйлемде сұраулық мағына жоқ, керісінше «*міндетті түрде жазады, оған ешнәрсе кедергі бола алмайды*» деген қарсылық реакциясы басым.

Жасалу жолының бұл екі түрінде ұқсастық бар, дегенмен бірінші сөйлемде қайталанған сөз есімше тұлғалы болымсыз етістік жұрнағы арқылы жасалса, екінші сөйлемде қайталанған сөз болымды етістік формасында тұр. Екі мысалда да әңгімелесушінің қарсы реакциясы байқалады: алғашқы мысалда (Бармағанда!) келіспеушілік, қарсылық білдіру эмоциясы көрініп тұр, ал екінші сөйлемде (Барғанда қандай!) өзіне сенімділік, мақтаныш сезімінің реңктерін де байқауға болады.

Үшінші жасалу жолы: «Не қылған» тұрақты компоненттің қайталанып келген сөзбен (зат есім, сын есім) тіркесуі арқылы жасалады.

– *Мұнда құпия кеңес өтіп жатыр. Бөгет жасамаңыз.*

– *Не қылған кеңес?*

– *Кеңесдегеннің не екенін түсінбейсіз бе? Жиылыс, жиылыс өтіп жатыр.*

(Б.Соқпақбаев)

«Не қылған кеңес?» синтаксистік маркері алдыңғы репликада айтылған *кеңес* атау тұлғалы зат есімнің қайталануы және *не* сұрау есімдігі мен *ған* – өткен шақ есімше тұлғасындағы *қыл* – етістігімен тіркесуі арқылы жасалған. Маркер кейіпкердің ішкі эмоциясын (түсінбеушілік, алаңдаушылық) жеткізіп тұр.

Төртінші жасалу жолы: қайталанған сөз (есім, етістік) бен *не* (несі) сұрау есімдіктерінің тіркесуі арқылы жасалады. Қайталанып келген сөз сөйлемде тәуелдік формада тұрады.

– *Бөгелек қаққан жылқыдай басты шұлғи зарлаған күйі дәрігердің алдынан бір-ақ шықтым. Браш жалғыз екен.*

– *Қайда отырайын?*

– *Қайда отырғаны несі!*

– *Мында. Креслоға...*

– *Азу ма?*

– *Азу.* (Е.Ыбыраев)

«Сөйлестірудегі – диалогтағы» лингвистикалық маркер – «*Қайда отырғаны несі!*», оның ішінде синтаксистік маркер. Бұл маркер алдыңғы диалогтағы құрылымды қайталау негізінде жасалған және оған *несі* деген сұрау есімдігі

тіркескен (қайда – сұрау есімдігі, отыр – қалып етістік, ған – өткен шақ есімшенің жұрнағы, ы – тәуелдік жалғауының III жағы).

«Қайда отырғаны несі!» деген лингвистикалық маркерді қолданбай-ақ, мына *жерге, мына креслоға* деп қана айтуға болушы еді. Сұрақ қоюшы адамға екінші субъектінің, *әрине, төрге емес* деп сұрақты да сұрақ қоюшыны да ұнатыңқырамаған эмоциясын, таңданғанын байқауымызға болады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген реплика ретіндегі сөйлемдердің жасалу жолдарына қарап, олардың әңгімелесушінің сөзін қайталап, *не, қалай, қайдағы* сұрау есімдіктермен және *ша, ше* сұрау мәнді шылаулармен тіркесу арқылы жасалатынын байқауға болады. Бұл реплика сөйлемнің компоненттерінің бірінің алғашқы мағынасы сұрау мәнді болғанмен, сөйлем, керісінше, сөйлеушінің қарсы реакциясын, екінші адамның пікіріне өзіндік көзқарасын, сезімін білдіріп тұр.

Мәтінде лингвистикалық маркер қызметін атқарып тұрған реплика ретіндегі лепті сөйлемдер мағынасы жағынан да, құрылымы жағынан да ерекшеленіп, автордың көркемдік құралдарды қолданудағы көмекші құралы ретінде жұмсалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
2. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 199 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Санат, 1997. – 240 б.
5. Валгина Н.С., Розенталь Д.Э., Фомина М.И. Современный русский язык: Учебник / Под редакцией Н.С. Валгиной. - М.: Логос, 2002. – 528 с
6. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
7. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: Сардар, 2009. – 348б.
8. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы7 Палодар: С.Торайғыров ат.ПМУ, 2008. – 112 бет
9. Большой толковый словарь русского языка. Гл.ред. А.Кузнецов. М.: Норинт, 1998. – 1534 с.
10. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В. В. Виноградова. — 4-е изд., дополненное. — М.: Азбуковник, 1999. – 944 с.
11. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. – 752 б.

Тұрархан Ғалия Әділқызы
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.
galiaturarhan@gmail.com

Жахина Бәрия Бадыққызы
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.
bzhaxina@mail.ru

Аннотация: Қазақ халқының рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында ғылым құндылығын жете түсініп, ізбасарларына өміршең мұра қалдырды. Баяндамада ғалымның әр габриатты ісі аса зор көрегенділікпен жасалып, қазіргі білім беру үдерісінде қолданылып жүргені жайында айтылады. Сонымен қатар, ұстаздың зерттеу-пайымдаулары қазіргі постиндустриалды қоғамға қажет жаңашыл идеялармен толыққан тұжырымдарға жол ашты. Жаңартылған білім беру жүйесінің серпінімен қолданысқа енген сөйлеу әрекетінің төрт түрі, Блум таксономиясы, спиральді қағидат жүйесі ғалымның әдістемелік еңбектерінде көрініс табатыны сөз етілді. Ахмет Байтұрсынұлының дидактика заңдарына сүйеніп, өз бала оқытқан он төрт жылдық тәжірибесінде қолданғаны зерттелді. Тіл дамыту жұмыстарына аса үлкен ден қойып, үлестірмелі карточкаларды ғылымға енгізгені жайында жазылған.

Тірек сөздер: жаңартылған білім беру, сын тұрғысынан ойлау, функционалды сауатты тұлға

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ІЛІМІНІҢ ЗАМАНАУИ ИДЕЯЛАРМЕН ҮНДЕСУІ

Біздің заман өкілі өткен заманның баласы келер заманның атасы демекші, жаңа ғасырға қадам басқан ұрпақ кейінгі ізбасарларына қарыздар болып қалмауы үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны хақ. Осы орайда, ғылым құндылығын жете түсінген алдыңғы буын өкілі Ахмет Байтұрсынұлы өз ұрпағына өзектілігі әлі күнге дейін жойылмаған мол шығармашылық мұра қалдырды. Ұлт ұстазының өміршең ғабриатын азық еткен халқымыздың ұл-қыздары ешуақытта рухани жүдемесі анық.

Ал бүгінде еліміз Тәуелсіздік алған сәттен бастап, ұлттық мәдениеттің, білімнің өсіп-өнуіне жол ашылды. Білім мен ғылым жолында батыл қадамдар жасалды. Оның бірі – 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның басты бағыты – әлеуметтік- экономикалық жаңғырту» атты жолдауында сөз болған мектеп оқушыларының сауаттылығын дамыту бойынша құралған 5 жылдық ұлттықжоспар. Ондағы негізгі мақсат – мемлекетіміздің жалпы білім беретін мектептерінде дене және рухани жағынан жетілген азаматты қалыптастырып, алған білімді өмір қажетіне жаратуға үйрету. Оған қол жеткізудің бірден-бір жолы – функционалды сауаттылық[1].

Сол мақсатты іске асыру үшін мемлекетіміздің түпкір-түпкірінде орналасқан мектептердің бәріне жаңартылған білім беру мазмұны енді. Себебі келешек – білім мен ғылым кеңістігіндегі жаңалықтарға қашан да тәуелді. Уақыт көші өнер-білімі бар жұртты жаһандық аренаға көтеріп, басқалардан оздыра береді. Ал әліпті таяқ деп білмейтін жұртты тоздыра

бермек. Сондықтан заман ағымына ілесіп қатар жүру – ұлы мұрат. Ақыл ойдың алыбы Абай атамыз: «Білім іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім», – дегендей, тез жетілудің әрекетін жасаған жөн. Басқа да озық елдерде оқытудың жаңа жолы мен әдіс-тәсілдері қолға алынғаны мәлім. Оның айтарлықтай оң нәтижесі де бар. Ендеше, біздің елге де оқытудағылыми басқару әбден қажет. Бұл – «білім беру ісін жүйелі жаңарту» дегенді білдіреді. Жүйелі жаңартудың басты мақсаты – білім берудің жеке тұлға мәртебелілігін нақтылаудың әдістемелік, дидактикалық механизмдерін негіздеуді қажет етеді. Осы бағытта мемлекетіміздің жалпы білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің нәтижелілігі ұстаздар қауымының кәсіби икемділігіне, ғылыми дүниетанымының кеңдігіне, оқыту әрекетінің жүйелі ұйымдастыруына байланысты. Демек, білім беруде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды қолдана отырып, пәннің ғылыми негізін меңгертудің жолы, білімді терең әрі жан-жақты игерту мәселесі және оқушының өзіндік ойлауы мен шығармашылық әрекетін жетілдіру ісі сияқты оқытудың ең тиімді түрлерін қарастырған абзал.

Ғалымдар педагогика шеңберіндегі жаңалықтарды үшке бөледі:

✓ Бұрын еш уақытта, ешбір жерде жаңалық ретінде танылмаған білімділік идеялар. Практикада ондай жаңа дүние өте сирек ұшырасады.

✓ Белгілі бір уақыт кезеңінде, белгілі бір ортада өзектілігімен ерекшеленген, кейін жаңа жағдайға бейімделген идеялар. Бұл қазіргі күндегі педагогикалық жаңалықтардың басым көпшілігін құрайды.

✓ Бұрын практикада қолданылған, тек мақсатын өзгертіп жаңа нәтиже беретін жаңалықтар[2,89].

Бұл күні оқыту үдерісінде кеңінен қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық технологиялардың қатарында Тбилиси университетінің педагогі Ш.А.Амонашвилидің ынтамақтастық технологиясы, Элиста ғалымы П.М.Эрдниев ұсынған дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы, украиндық профессор В.П.Беспальконың деңгейлеп оқыту технологиясын атасақ болады. Аталған технологиялардың басты қағидасы ретінде бірлескен әрекет арқылы білім беру, оқытуды өмірмен байланыстыру, функционалды сауатты тұлға қалыптастыру сынды дүниелер айтылады. Осы тұста: «Бұл бұрын еш жерде сөз болмаған жаңалық па?» – деген заңды сұрақ туады. Жоғарыда аталған инновациялық технологияларды «оқытудың мүлде жаңаша жолы, білім үйретудің тың әдістемесі» деп қабылдамау керек. Өйткені бұл мәселелер бұған дейін де ХХ ғасырдың бірінші ширегінде педагог-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік құралдарында талқыланды. Тәрбие мен білім беру ісі «осы оқыту технологиясының науқаны өтті» дегенді көтермейді. Дәл осы себептен де бұған дейін болған идея жаңаша ізденістермен толықтырылып, оқыту үдерісіне қайта енеді.

Сонымен қатар жаңартылған білім беру мазмұнының басты жаңалығы ретінде отандық және шетелдік әдіскерлер тарапынан «Сын тұрғысынын ойлау», «Блум таксономиясы», «Инсерт» стратегиясы мен сөйлеу әрекетінің 4 түрі де ұсынылды. Өткенге барлап қарасақ, бүгінде жаңашыл

деп танылатын оқыту технологиялары А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Оған ғалымның өз заманында ересектер мен балалардың сауатын ашып, білім көкжиегін кеңейтуге арналған шағын мақалалары мен әдістемелік еңбектері айқын дәлел бола алады. Мәселен, «Әліпби» оқулығын құрастыруда көрнекілік, жүйелілік, түсініктілік, өмірмен байланыстылық сынды дидактикалық принциптерді басшылыққа алды. Себебі, автор ақпарат белгілі бір жүйемен, ретпен беріліп, күнделікті өмірмен тығыз байланыста болған жағдайда оң нәтижеге жетуге болатынын ұғындырды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде «Блум таксономиясы бойынша оқу мақсатының иерархиясы» қолданысқа енді. Себебі, блум таксономиясының 6 түрлі ережесі арқылы кез-келген ақпаратты түсінумен қатар оған өзіндік анализ жасап, барлық пікірлерді жинақтай келе өзіндік ой қорытындысын шығаруға мүмкіндік туғызады. Осы ретте әдіскер-ғалымның екі бірдей идеясы көрініс табады. Бірі – жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, оңайдан қиынға ұстанымы. Яғни, оқушыға малтығып шыға алмайтын қиын жұмысты бірден тапсырмай, әліне қарап беруді көздейді. Бұл жайында әдіскердің өзі:

«Үйрену һәм үйрету ең басынды қиын. Үйренуші оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылып, көңілі қайтып мұқалмайды, керісінше, одан сайын қызыға түседі» – дейді.

Мұндағы екінші ой кез-келген тілдік тақырыпқа анализ, синтез жасау. Блум түймедағының 4 және 5 шарты, яғни, талдау, жинақтау бөлімі феномен ұстаздың «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында сөз болған айырыңқы, жиылыңқы және анализ, синтез әдісінің негізінде құралған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының оқыту үдерісіне әкелген өзгерісі мұнымен бітпейді. Оқу мақсаттары білім алушы мен оқытушының ой бөлісіп, оны жоспарлап, баға беруге мүмкіндік туғызатын сабақтастық пен бірізділікті көрсететін тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым деп аталатын төрт сөйлеу әрекетінен тұрады. Бұл тұста да А.Байтұрсынұлы қазірде біз жаңа дүние деп танитын сөйлеу әрекеттерін өз кезеңінде шәкірт тәрбиелеуде қолданған. Ол ғалымның оқу құралында былайша іске асады: Тыңдалым – есте сақтап оны жатқа жазу, айтылым – берілген тақырып бойынша өз ойын айту, оқылым – сөзді буынға бөліп оқу, тұтастай оқу, жазылым – сөздерді тасымалдау, көшіріп жазу, бір сөзден екінші бір сөзді құрастыру арқылы іске асады.

Көріп отырғанымыздай, әдіскер-ғалым оқыту ісінде ең тиімді деген әдіс-тәсілдерді қарастырды. Сонымен қатар қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негізін айқындауда мына мәселелерді көтерді:

✓ Оқыту әдістерінің маңызына тоқталып, ұтымды тұсын қарастырды;

✓ Тұңғыш рет үлестірмелі материалдарды қолданысқа енгізіп, оқулық бетіне жариялады;

✓ Көрнекілік әдісіне айрықша мән беріп, оны қолданула оқушының сауатын ашуды жеделдеуде, оны үнемі қызықтырып отыру, бірсарынды ақпаратпен жалықтырмау сынды негізгі талаптарын көрсетті;

✓ Ең бастысы, тілдік тақырыппен байланыста тіл дамыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлді. Себебі айтар сөзден жаңылып, көңілдегі ойды емін-еркін жеткізе алмаса функционалды сауаттылық қалыптаспайды. Тұлғаны оқытып-тәрбиелеу тіл дамыту жұмыстарынан бастау алады. Себебі, тіл ұстарту – оқушыларды сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, өзге де ғылым негіздерінен дағды береді. Қандай да бір ғылым саласын оқытудағы түсінік тіл арқылы беріліп, сол алған білімді сыртқа шығару көркем де тартымды сөздің, яғни тілдің көмегі арқылы іске асады. Тіл дамыту – сайып келгенде ақыл-ойды дамыту[2,90].

А.Байтұрсынұлының функционалды сауаттылықты қалыптастырудың негізі – тіл дамыту жұмыстары жайлы да бірсыпыра деректер бар. Осы орайда әдіскер-ғалымның екі бағыттағы шығармашылық еңбектерін бір арнаға тоғыстыруға болады. Біріншіден, көркемсөз саңлағының 1926 жылы баспа бетін көрген «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде ұлттық фольклор жанрын классификациялаудағы еңбектері болса, екіншісі сол халық ауыз әдебиетінің мол мұрасын тіл дамыту ісінде ұтымды қолдануы. Аталған еңбекте фольклор жанрын өзіндік белгілеріне қарай сауықтама және сарындама деп екіге топтастырады. Сауықтама деп сөздің түбірі айтып тұрғандай ойын-сауық, той-думан барысында айтылатын мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш, өлең-тақпақтарды қамтиды. Ал сарындама адамзат баласының әр түрлі көңіл-күйінен сыр шертетін жоқтау, неке қияр, беташар т.б жырларынан тұрады.

Ғалым айтқандай-ақ, оқушы тілін дамытудың қайнар көзі – халықтық педагогика. А.Байтұрсынұлы бала тілін дамытуда аса қажетті әрі теңдесі жоқ дүние фольклор жанрын классификациялауда спиральді қағидат жүйесін іске асырды. Құрылысының ауыр не жеңілдігіне қарай – халқымыздың тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар пен жаңылтпаштар сынды жеңіл дүниелерді айтқызып, кейін ғана ертегі, дастандарға, сюжетті мәтіндерге қадам басады. Ғалымның ойынша, мақал мен мәтелдің мәнін ашып, жұмбақ жасырып және оның шешімін тауып, жаңылтпашты еш жаңылмай жатқа айтқан балаға одан кейін өтірік өлең, шағын әңгімелерді де түсіну қиындық келтірмейді. Шындығында да, тұрмыс-салт жырларының бала тілін дамытудағы рөлі ұшан-теңіз[3,67].

«Жаңылтпаш деген сөз жаңылу деген сөзден шықса керек. Қатарынан бірнеше рет өте шапшаң айтқанда, я тіл келмей қалып, я басқа сөз қылып шатасып, тіл сындырып келістірілген шығарма жаңылтпаш деп аталады», – деп ең алғаш рет А.Байтұрсынұлы анықтамасын дәйектеген болатын. Жаңылтпаштардың ғылыми маңызына назар аударып өзінің 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: *«Жас жеткіншектердің топтасып ойын-күлкі құратын кездерде айтылатын айтыстың бірі әрі бірегейі – жаңылтпаш. Ол жеке бір ғана ауыл баласының ермегі емес, көп жұртты жаңылыссыз, тез, анық сөйлеуге*

дағдыландыратын өлең-ойын»[4,138], – деген. Сонымен қатар сөзіміздіанық, тілімізді қанық ететін жаңылтпашты ең алдымен баяу, кейін орташа жылдамдықпен одан соң тез айту керектігін сөз етті.

Оның үстіне өзінің үзеңгілес замандасы Д.Д.Фрезердің: *«Орталық Азияның түркі халықтары балалары сөзге шешен болсын деп сайрағыш құстардың тілімен тамақтандырады»*, – деген пікірін жоққа шығарып, халық мұрасының бала тілін дамыту ісінде адамгершілік қасиеттерді қоса дарытып болашақ өмірдің биік мұңарасына шығаратынын кесіп айтты.

Ал қырғыз ғалымы Х.Хустанаев: *«Қазақтар ең алдымен балаларының тілін дамытып, сөйлеуге үйретеді. Ол үшін балаларын тапқыр сөйлейтін шешендердің сарқытымен тамақтандырады. Тіл мәдениеті оларға сол сарқытпен қоса дариды»*, – деген топшылауын айтады. Ғалым өз кезеңінде бұл көзқараспен де келіспей, оның мәнісі – түбінде ақыл-өнеге, ізгі тілек, ыстық ықылас жатқан халық ауыз әдебиетінің мол мұрасында деп ұтымды жауап қайтарды.

Ұлт ұстазы бала тілін дамыту ісінде халық ауыз әдебиетінің пайдасын айта кетіп, тұңғыш рет үлестірмелі карточкаларды ойлап тапты. Оның ойынша, тіл дамыту жұмыстарын мәтін, әңгіме оқып, оның мазмұнынжалаң баяндаудан емес, қарапайым үлестірмелі карточкалардан бастауды жөн көрді. Тіл дамыту жұмыстарын іске асыруда жеңілден ауырға принципін негізге алды. Мәселен, 1-карточка ойын түрінде беріліп, сөзді шырпымен жазу ұсынылады; 2-карточкада жазуға жаттығу, қызықтыру мақсатында ұпай беріліп отырады; 3-карточкада сөйлем құрастырып оны айтып беру көзделеді[5,42].

Байқағанымыздай, 3-карточкада ұсынылатын тіл дамыту жұмысы бастапқы екеуіне қарағанда күрделірек. Бұл тұстан жеңілден ауырға принципінің іске асып тұрғанын және ағартушы-ғалымның дидактиканың заңдарын өте терең біліп, оны өз еңбектерінде шебер пайдаланғанын көре аламыз.

Көріп отырғанымыздай, ғалым тіл мен оны оқытудың әдістемесіне қатар қалам жүгіртті. Бір ғана әдістеменің бір жылғы жаңалығын игерудің өзі көп уақытты талап етеді. Оның даму жылдамдығына ілесе алмай қалған пән мұғалімі көп жаңа ақпараттан құр қалады. Бүгінгі күнгі ұстаздың көтерер жүгі жеңіл емес. Себебі қазіргі постиндустриалды әлемге жаңа оқыту әдістерін қабылдап, ең тиімдісін сұрыптап алатын маман ауадай қажет. Осы орайда, жаңа формациядағы мұғалім тұлғасын қалыптастыру ісінде ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынұлының *«Жаның өзгерісті қаласа, сол өзгерістің біріншісі өзің болғын»*, – деген тұжырымы септігін тигізуде. Себебі инновацияшыл, жаны жаңалыққа құмар, ғылым құндылығын жете түсінетін, өз пәні мен оны оқытудың методикасын бес саусағындай білетін, оқушының жеке тұлғасын одан әрі дамыту мотивациясы жетілген, шығармашыл маман болуы тиіс. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы өз бала оқытқан 12 жылдық тәжірибесіне сүйене келе 1914 жылы жарияланған «Қазақ» газетінің № 62 санында жарық көрген «Мектеп керектері» атты мақаласында: *«Мұғалім қандай болса, мектебі де*

сондай. Бір білікті мұғалімі бар мектептен мың білімді түлек түлеп ұшпақ. Солай болғандықтан, ең әуелі, мектеп ісіне қажеті – педагогика мен методикадан хабары бар мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы, әрі жұрт тегіс сыйлайтын қадірі болуы қажет. Құралсыз іс жасалмайды һәм құрал қандай болса, іс те сондай болмақ. Үшінші ең қажет дүние – бағдарлама. Оқыту ойдағыдай іске асуы үшін, оның үлгісі, мерзімді өлшемі болуы қажет»[6,126], – дейді.

Шындығында да, бала оқытатындар оқыту ісін жөнді білерге керек. Бала оқыту жайын жөнді білейін дегендер, басқаға үйретпекші нәрсені өзі жақсы білерге керек деп топшылаймын. Сонда ғана А.Байтұрсынұлы өз дәуірінде қозғаған функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыруға әбден болады.

Сонымен қатар ғалым оқушыға сөз өнерінің тылсым құпиясы мен әдебиет заңдылықтарын қоян-қолтық бірлікте үйрету керек, – деп санады. Оны өз шығармашылық мұрасында сөз етті. Себебі, тіл дамыту тек ғана лексикалық, грамматикалық, пунктуациялық ережелерді үйрету ғана емес, сөзді қызмет ету барысында таныту. Осы орайда: «*Оқушылар ана тілінің жол-жобасы мен қағидаларын жаттап алып, судай ағытуға міндетті емес. Оны ұтымды пайдалана алса, білгенге саналады*», – деп өтетұжырымды пікір айта білді. Бұл қазіргі кездегі функционалды сауаттылықты көздейді. Ал жоғарыда сөз болған тіл дамыту жұмыстары функционалды сауатты тұлғаны қалыптастырады.

Бұл өмірде бір дүниені білуден асқан бақыт, білмеуден асқан сорақылық жоқ, – демекші, ертеңгі күні білместіктің кеселі шекемізге таяқ болып тиіп, олжалы жерде үлестен, жоралы жерде жолдан қағылмас үшін, ғылымнан ата жолдасымыздай айырылмай ұлт ұстазы көрсеткен дара жолдан таймауымыз керек.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымындағы № 832 қаулысы
- Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Бастауыш мектеп, 1992. – 214 б.
- Жахина Б.Б. Ахмет Байтұрсыновша, жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ... //«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» халықаралық ғылыми-теориялық конференция Материалдары «Елтаным баспасы». – Алматы, 2017. – 393 б.
- Жахина Б.Б. Сөздің лексика-семантикалық тобымен байланыста тіл дамытудың әдістемесі. – Көкшетау, 2010. – 171 б
- Жахина Б.Б. Оқушы тілін дамытудың методологиясы. – Көкшетау, 2014. – 114 б.
- Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. – Астана, 2010. – 232 б.
- Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 435-438 б.

III Секция

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

ӘОЖ 37.378

Балтабаева Ж.Қ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Baltabaevazhanalik@mail.ru

Нұрқасымова А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ МӘНІ

Аннотация: Қазіргі тіл білімінде тілді ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі зерттеудің өрісі кеңейіп жатқандығы белгілі. Өйткені әр тіл өз бойында ұлт тарихын, кәсібі мен салтын, танымы мен талғамын, дәстүрін тұтастықта сақтаған. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде білімалушыларға қазақ тілін оқытуда тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты таныту басты назарда болуы тиіс.

Халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен ұшан-теңіз сөз байлығымызды жинап, құрастырып, өзіндік нақыш-баяуымен келесі ұрпаққа табыс ету – бүгінгі таңдағы қазақ тіл біліміндегі негізгі міндеттердің бірі екендігі анық. Бұл мәселе кейінгі кезде қалыптасқан этнолингвистика саласының да басты міндеті екендігі даусыз. Ұлттық болмыста қалыптасқан, төл мәдениетіміз сақталған негізгі тілдік дерек болатын лексикалық бірліктерге кезінде А.Байтұрсынұлы да өз оқулықтарында ерекше көңіл бөлген. Мақалада ғалым-әдіскердің жеті рет басылым көрген «Әліппе» оқулығында берілген қазақы дүниетанымды бойына сіңірген тілдік бірліктердің ұлттық табиғаты халық өмірімен, салт-дәстүрімен, наным-сенімдерімен астасып, үндесіп жататындығы нақты тілдік материалдар арқылы дәйектелді.

Тірек сөздер: этномәдени бірлік, ұлттық құндылық, туыс атаулары, киім түрлері, мал атаулары, ойын түрлері.

Жаһандану заманында қазақ тілін танымдық тұрғыдан зерделеу оның мемлекеттік мәртебесін сақтауға, ұлттың ділін қалыптастырудағы мәнін жас ұрпаққа саналы меңгертуге тірек болатындығына зерттеушілер айырықша назар аударуда. Өйткені бұл жаңа бағыт арқылы білім алушы тіл адамның өміртанымы, болмысы, әлеуметтік мүддесімен тығыз байланысты екенін түсінеді. Мұндай бағытта оқыту білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, тілдік білімге деген жаңа көзқарастарын орнықтырады. Сол арқылы тіл болмысын халықтық таным тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік жасалады. Осы ретте мектеп оқулықтарының алатын орны ерекше, өйткені қай тілде болмасын оқытудың мазмұны оқулық арқылы іске асатындығы белгілі жағдай. Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, «Оқулық – оқытудың мызғымас іргетасы». Сондықтан білім жүйесінің қай сатысында болмасын оқыту ісі сапалы да жүйелі жазылған оқулыққа байланысты екені сөзсіз.

Жалпы білім беретін мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттерінің негізгілері – білім алушыларды тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас

жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру; түрлі мәтіндер негізінде оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру деп көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыруда оқулық материалдарының рөлі ерекше. Осы ретте оқулықтарда берілген мәтіндердің танымдық мәні басты назарда болуы керек. Оқулық материалдарында тек қана тілдің салаларына қатысты теориялық мәліметтермен қатар әрбір оқулықта берілген жадығаттардың оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыруға ықпалы болуын әдіскер-ғалымдар ескеріп отырған.

Қазақ тілі оқулықтары мен тілді оқыту әдістемесінің қазіргі дәрежеге жетуіне жол сілтеген, бағыт берген, қиыннан жол тапқан, жоқтан бар жасаған бастау көздер Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтары, әдістемелік құралдары екені даусыз. Өйткені, оқулық пен әдістеме ілімі бір-бірімен тығыз байланысты. Ы.Алтынсарин де, А.Байтұрсынұлы да өз кезіндегі әлемдік алдыңғы қатарлы дидактика және әдістемемен жақсы хабардар болғандығы ақиқат. Ол туралы А.Қыдыршаев былай деп жазған:

«А.Байтұрсынұлы өз заманындағы батыс, шығыс, орыс әдіскерлерінің озық әдістемелік еңбектерімен таныс болған. Ал, А.Байтұрсынұлы әліппелерінің, оқулықтарының әдістемелік еңбектерінің осы озық үрдістен шыға білуі оның толық дәрежесінде әдіскерлігін аңғартады» [1,7-б.].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін пән ретінде оқытатын тұңғыш оқулықтар – «Тіл – құралдың» үш бөлімін жазған. Ғалым бұл оқулығын жазғанда, қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек деп есептеп, сондықтан бастауыш мектептегі оқуға шамалап, қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін балаларға оқытуға арнап «Тіл – құрал» деген оқулықтарын шығарған. Автордың өз сөзінен бұл анық көрінеді: «Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуымыз тиіс. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілін наху, сарфы да үйретілерге керек. Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға ыңғайлы түрмен осы «Тіл – құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз» [2,142-б.].

Профессор Н.Оралбаева А.Байтұрсынұлын қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым ретінде бағалай келіп, «А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолданылу орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу, келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер етеді» [3, 80-б.],-деген пікірі ғалым оқулықтарының әлі де ашыла түсер қырларын меңзейді. Осы ретте әдіскер-ғалым оқулығында берілген материалдар халқымыздың сол кездегі тыныс-тіршілігі мен ұлттық құндылықтарынан, мәдениетінен хабардар ететін жадығаттар екендігін баса айтқымыз келеді. А.Байтұрсынұлы әліппе, тіл құралдарында ауыз әдебиетінің ерекше бір түрлері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар шоғыры...

балғындардың жас мөлшеріне сәйкес тілін дамытуда, ойын ширатуда таптырмас құрал әрі қажетті тәсіл екенін жоғары бағалай білген [1,13-б.].

Бұдан А.Байтұрсынұлы өз оқулықтарында оқушыға қазақ халқының ұлттық құндылықтарынан, мәдениетінен мәлімет беретін мәтіндер, ауыз әдебиеті үлгілерінен үзінділерді таңдай білгендігін байқаймыз. Өйткені академик Ә.Қайдар айтқандай, «мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым екендігін, ал этнос пен оның тілін сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру [4] оқулық жазу ісінде де басты мәселе деуге болады.

Тілдің өз бойында этномәдени мұраларды сақтаушылық қызметі туралы пікір жалғастығын ғалым Н.Уәлиевтің мына тұжырымынан табамыз: «Тіл — өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді. Сондай іздің сорабын асыл мұрамыздың тілінен де кездестіреміз» [5]. Өз мәдениетін тілі арқылы терең және еркін игере алған адам өзінің тілі арқылы ұлттық мәдени құндылықтарын тани алады, басқаға жеткізе алады.

Қазақ тіліндегі алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы А.Байтұрсынұлы өз оқулықтарында ұлтымыздың құндылықтарын паш ететін лексикалық бірліктерге ерекше көңіл бөлген.

Ғалымның «Әліппесіндегі» бірінші тақырып «Туысқан-туған ілікдес» деп аталады. Ғалым бұл тақырыпта оқушыларға таныс туысқандық атауларын: ата, баба, әке, ана, әже, шеше, аға, іні, апа, қарындас, жеңге, келін, қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын іні, қайын бике, жезде, балдыз, күйеу,бажа деген атауларды келтірген. Қазақ халқында туыстық атаулардың ауқымы кең. Соған сай мақал-мәтелдер де баршылық. Мысалы, «Әке асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», «Әкесіне қарап ұлын, шешесіне қарап қызын таны» т.б. Қазақ халқы туған-туысқанын қашан да сыйлаудың, құрметтеудің жолын білген. А.Байтұрсынұлы туған-туысқанға қатысты бірнеше атауларды бере отырып, оқушыларды кішкентай кезінен туыстық атауларды ажырата білуге тәрбиелеуге көңіл бөлген. Осы атаулардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар екендігіне оқушылар назарын аударып, олардың ұлттық туыстық атаулар жөніндегі аялық білімін толықтыруға болады. Бұл атаулардың кейбіреулеріне тоқталайық. Туыстық атаулар жайында

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай түсініктер берілген: бажа – бір үйдің қыздарына немесе бір-біріне туысқан қыздарға үйленген ер адамдарға қатысты айтылатын туыстық атау. Қазақ халқында бажаға байланысты айтылатын мақал-мәтелдер де жетерлік. Солардың қатарына «Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату» деген мақалды жатқызуға болады. Мақалдың мәні – бажалардың көңілінің бір-біріне жақын, өмірлері ұқсас екендігін білдіреді. Балдыз – жұбайының інісі немесе сіңлісі. Балдызға қатысты айтушының өзін

айғақтайтын сәйкес атау – жезде- жасы үлкен апаның күйеуі, ері. Жиен –қыздан туған ер не қыз бала. Нағашы – шеше жағынан туысқан адамдар. Қазақ дәстүрінде нағашылы-жиендер бір-біріне өте жақын, туысқандық сезімде болады. Осылайша дәстүрлі таным-түсінікпен ұрпақ тәрбиелеген қазақ халқы алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқандығына мән бере оқыту керектігін ағартушы-ғалым назарда ұстаған. Сондықтан ғалым оқулығында туыстық атауларының берілуінің тәрбиелік те, танымдық та мәні үлкен. Өйткені, зерттеушілердің пікірінше, тілдегі әрбір сөз сол тілді қалыптастырушы, әрі тұтынушы халықтың дүниетанымынан хабар береді. Яғни белгілі бір тілдік тұлға (индивид) заттың не құбылыстың сырларын тани келе, оны белгілі бір сөзбен атайды, ол атауды қоғамның барлық мүшелері пайдаланғанда тану процесі кеңейіп әрі тереңдей түседі. Біршама уақыт өткенде жинақталған ұғымдар арқылы әлгі сөздің мағынасы толығып, ол атап тұрған зат не құбылыстың көпшілік түсінігіндегі болмысы сомдалады. Атауға ие болған зат немесе құбылыстың айналасында баршаға ортақ тұрақты көзқарас қалыптасады... Ғасырлар бойы тәжірибеде сыналып, ұлттық болмысы сомдалып, біртұтас кешенді жүйесі қалыптасқан ұлы мұраның қалыбы, мәдени сапасының басты белгісі болып табылады [6, 21-б.].

Олай болса, лингвомәдени мазмұны айқын байқалатын тілдік фактілерді оқушыларға бастауыш сыныптан бастап түсіндіруге көңіл бөлген жөн. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ тіліндегі туыс атауларына қатысты тілдік бірліктер де лингвомәдени бірлік ретінде танылады. Осылайша қазақ халқының дәстүрлі таным-түсінігінде алысты жақын тұтып, жақынды бауыр еткендігі, туыстық байланысты қадірлеп, береке-бірлікті бұзбағандығын оқушыларға бастауыш сыныптан бастап түсіндірген артық болмайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы оқулығында бір-бірін қадірлеген, құрметтеген, сыйлаған туысқа байланысты мәнді атауларының берілуі - бүгінгі күні де өзекті мәселе. Өйткені өзінің жақындарын қалай атауды, қандай туыстық байланысы бар екенін түсінбейтін, білмейтіндер де арамызда кездесіп қалатыны жасырын емес.

А.Байтұрсынұлы оқулығындағы келесі тақырып – «Киімдер» деп аталып, әдіскер-ағартушы 26 киім атауларын келтірген. Аталған киім түрлерінің әрқайсысының да ерекшелігі бар. Мысалы, шекпен – тек қана түйенің жүнінен тоқылатын тонға ұқсас сырт киім. Жалбағай – жаз мезгілінде киетін жеңілтымақ болса, екінші бір мағынасы ірі құстың атауын білдіреді. Киім ретіндегі жалбағай – қазақтың бас киімінің бір түрі. Кебіс - мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім. Тігісіне, жалпақтығына қарай оның да түрлері болады. Мәселен, көксауыр кебіс, шоңқайма кебіс, шекшек кебіс т.б. Бөкебай – түйенің, қойдың немесе ешкінің жүнінен тоқылатын орамал не шәлі. Мұндай сирек қолданылатын киім атауларынан да оқушылардың хабардар болғаны артық емес.

А.Байтұрсынұлы оқулығындағы келесі тақырып «Ойын-ойыншықтар» деп аталып, бірнеше ойын атаулары берілген. Олардың арасында балаларға таныс соқыртеке, жасырынбақ, доп, ақсүйек, қуыршақ секілді ойын атауларымен қатар, кейінгі кезде көп аталмайтын ойын түрлері де бар. Мысалы, Балтам-тап ойыны – жиырма-отыз адамнан тұратын жастар арасында ойнайтын ойын

болған. Ойыншылар шеңбер құрып отырады да, кішкентай сақина немесе соған ұқсас ұсақ затты бір-бірінің қолына беріп жасырады. Ортада отырған адам жасырынған зат кімде екенін табуы қажет. Егер тапса, шеңберге қосылады да, ортаға басқа ойыншы шығады.

«Мәлике-тотай» ойыны – ойыншылар жұп болып бөлінеді де, бір-бірінен он метрдей арақашықтыққа барып тұрады. Бірінші топ «Саған бізден кім керек?» деп хормен айқайлағанда, екінші топ бірінші топтағы бір адамның есімін айтады. Есімі аталған адам қатты жүгіре келіп, қол ұстасып тұрған тізбекті үзуі қажет. Егер үзе алмаса, сол топта қалады. Қазіргі таңда бұл ойын «Ақсерек- көксерек» деген атаумен ойналып жүр.

«Ыдыс аяқ» атауларына қатысты оқулықта 29 атау берілген. Олардың арасында да қазіргі кезде сирек қолданылатын, тіптен қолданылмайтын да ыдыс атаулары кездеседі. Мысалы, Бақыраш – металдан жасалатын шөміш, ожау. Көнек – көнеден келе жатқан бие саууға арналған ыдыс. Қазақта «көнектен шошынған бие оңбас, көптен бөлінген үй оңбас» дейтін мақал кездеседі. Бұның өзі қазақтардың көнекке қаншалықты мән бергеніне дәлел бола алады. Қауға – құдықтан су алуға арналған малдың терісінен жасалған шелек. Күбі – іркіт пісетін, көже ашытатын, ағаштан жасалатын ыдыс, бөшке.

Сондай-ақ оқулықта «Малдар аты» тақырыбында да оқушыларға танысемес, бірақ халқымыздың этностық болмысы, дүниетанымы, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына т.б. құбылыстарға қатысты тілдік қолданыстағы мал атаулары да берілген. Балалар төрт түлік атауын білгенімен, оның нақты түрлерін біле бермейді. Мысалы: сиырдың дөнежін, құнажын, қашар атты түрлерін көбісінің біле бермейтіні анық. Немесе жылқыға қатысты бесті, сәурік, қулық атауларын оқушылар біле бермейді. Бес жасар жылқыны бесті деп атаса, әлі үйірге қосылмаған жас жылқыны сәурік деп атайды. Жылқы мен түйе малы ерте заманнан бері ерекше бағаланып, олар туралы көптеген мақал-мәтелдер қалыптасқан. Қазақ танымында «жүйрік ат – бірде ат, бірде - қанат», «жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы» деп келетін мақал-мәтелдерде жылқы елін, жерін жаудан қорғайтын ер-азаматтың астындағы пырағы, төрт түлік малдың сәні де сәулеті деп саналса, түйе малының да орны бөлек, ол – көшпелі өмірдің көрікті көлігі, ең басты салт-салтанаты болып есептелген. Мұндай мал атауларына қатысты мақал-мәтелдерді көптеп келтіріп, оқушылар назарына ұсынуға болады, өйткені мақал-мәтелдерде халқымыздың өзіндік ой-өрісі, білімі, тәжірибесі тұжырымдалған. Бұған тіліміздегі салт-дәстүр, наным-сенім негізінде қалыптасқан төрт түлік малға байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық мәнін талдағанда көз жеткізуге болады.

Тілші-ғалым Е.Жанпейісов «тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашан да бір-бірімен тығыз байланысты», - деп тұжырымдайды [7,7-б.]. Олай болса, оқушыларға халқымыздың этностық болмысын, дүниетанымын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, рухани-мәдени өмірін, т.б. құбылыстарға қатысты халықтың жадынан шығып, бүгінде ұмыт бола бастаған,

тілдік қолданыстарымызда сирек кездесетін тіліміздегі этнолингвистикалық деректерді, ұғымдарды, заттар мен құбылыстардың табиғатын ашатын атаулар мен тұрақты сөз тіркестерін түсіндіруде оқулық материалдары басты дереккөз болады. Мұның басты үлгісі А.Байтұрсынұлы оқулықтарынан байқалды. Ғалым өз оқулықтарында танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні бар атауларға ерекше назар аударып, әліппеден бастап қазақ халқының өміріндегі танымдық мәні бар атауларды беріп отырған. Сондықтан ғалым оқулығындағы туыстық атаулары, киім, ойын, тамақ, дене мүшелері, үй саймандары, ылыс-аяқ, малдар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа жер бедері аттарының санамаланып берілуі - оқушы танымын кеңейтетін тілдік бірліктер. Қазіргі оқулықтарда да қамтылған танымдық материалдарды, түрлі ұлттық нақыштағы атаулардың мағынасын қандай тіркесте қолдана білу керектігіне де ерекше мән беріп түсіндіріп, тілдік бірліктерді нақтылы мысалдармен көрсетіп отырған абзал.

Қорыта айтқанда, ұлт ұстазы, әдіскер-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтары аса шеберлікпен жазылғандығымен, ондағы жадығаттардың әрқайсысының этномәдени мәнінің тереңдігімен құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы: пед.ғыл. канд. ...автореф. -Алматы, 1995. -24 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. -448 б.
- 3 Оралбаева Н. А. Байтұрсынов – тұңғыш әдістемеші ғалым. //Ұлттық рухтың ұлы тілі. -Алматы: Ғылым, 1999. -506-518-б.
- 4 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998.-304 б
- 5 Уәли Н. Қазақ тілі – қандай тіл? / Тілтаным. Алматы, 2004. №3.
- 6 Мухамеджанова Г.Т. Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2016.
- 7 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994.

ӘӨЖ 301.085

Калымова Асел Қайратқызы
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
aselkalymova@mail.ru
Елеукина Сағат Курманғалиевна
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ КРЕАТИВТІЛІК КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Аннотация: Педагогтардың кәсіби құзыреттілігі – бұл өзіне мұғалімнің теориялық білім жүйесін және нақты педагогикалық жағдаяттарда оны қолдану әдістерін, педагогтың құндылық бағдарын, және де оның мәдениетінің аралас көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және өз қызметіне, аралас білім салаларына және т.б. қарым-қатынасын) енгізген көп факторлы құбылыс.

Тірек сөздер : Педагог, құзыреттілік, педагог тәрбиеші, кәсіби құзыреттілік

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны болып табылады.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталғандықтан таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығына тоқтала кетсек – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагог ғалымы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз[1].

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8- бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Ең алғашқы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде жұмыс жасау қажет.

Яғни, педагогтардың кәсіби құзыреттілігі – бұл өзіне мұғалімнің теориялық білім жүйесін және нақты педагогикалық жағдаяттарда оны қолдану әдістерін, педагогтың құндылық бағдарын, және де оның мәдениетінің аралас көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және өз қызметіне, аралас білім салаларына және т.б. қарым-қатынасын) енгізген көп факторлы құбылыс. Біз бүкіл елімізде стандарттар деңгейіне сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз.

Сондықтан да бүгінгі өскелең ұрпақ уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі, толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге қатар жүрері анық. Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын болғандықтан жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет білім, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады[2]. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл – ойын жүйелеу,

ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабында бірінші орында. Осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ол үшін құзыреттілікке бес білім саласын меңгерілуі қажет:

- Денсаулық құзыреттілігі. Баланың физикалық денсаулығын ойлау, қозғалыс дағдыларын меңгеру. Денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын меңгеру.
- Тілдік қарым-қатынас құзыреттілігі. Тілдің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді орынды қолдау, дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу. Байланыстыра сөйлеу, шығармашылық тілді меңгеру, қатынас мәдениетін сақтау тұлға үшін бірінші орында қарастырылады.
- Танымдық құзыреттілігі. Яғни, заттардың қасиеттерін бағдарлау, қоршаған ортаны тану, құрастырылымдық дағдылар, қарапайым математикалық ұғымдар, іздеу және эксперименталды іс – әрекет жасау.
- Әлеуметтік құзыреттілігі. Мінез – құлық дағдылары, ересектеп мен құрдастарының өзара іс – әрекеті, адамгершілік шаралары туралы қазақ және Қазақстан Республикасында тұратын мәдени құндылықтарын түсінуге мүмкіндік беру қажет.
- Шығармашылық құзыреттілігі. Музыка, өнер туралы білімдер негізіне қызығушылық таныту. Нәтижелі, көркемдік іс – әрекет, (түс, пішін, композиция, бейнелеу құралдары т.б.). Қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау (эмоционалдық сезіммен). Жаңа білім мазмұнын жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын пайдаланады. Технология – білім мазмұнын жүзеге асыратын кең ұғымды әдіс – тәсілдер жиынтығы деп айталамыз[3].

Оқу іс – әрекетті жоспарлағанда тәрбиешінің білімділігі, ізденімпаздығы, меңгертуі, педагогикалық шеберлігі аса маңызды. Балалардың оқу іс – әрекет үстінде көңіл – күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алуысу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты болмақ.

Педагог тәрбиеші баланы жігерлендіруші қуат беруші. Орыстын ұлы жазушысы Л.Н. Толстойдың «Баланы өз әке – шешесінің сезіміндей жақсы көрген ұстаз ғана нағыз ұстаз» деген даналық сөзінің үлкен мәні бар.

Педагог тәрбиешінің атқаратын ең басты алғы шарты сәбилерді жақсы көре білу. Сондықтан тәрбиешіге зор талаптар жүктеледі. Балабақша жүргізіп жатқан жұмыс бағыты ата – бабадан қалған салт – дәстүрлерге, адамгершілікке балаларды баули отырып, жаңа дәуір технологиясын табысты игеру. Осыған орай бала тәрбиесіне жүргізіп отырған іс – тәжірибенің негізгі міндеттеріне тоқтала кетсек. Осы міндеттерді орындау барысында балабақшада көптеген жұмыстар атқарылуда әртүрлі тақырыпты қамтитын әр білім саласындағы оқу іс – әрекеттерді іс – тәжірибеде алмасу мақсатында көсетіліп, қамтылады. Тиімді оқыту әдістерінің бірі – оқытудың интерактивті әдістерін оқу іс – әрекеттерде пайдалана көрсету[4].

Интерактивті әдіс деп отырғанымыз бірлесе жоғары деңгейде әрекет ету, яғни, оған іскерлік ойындар, рольдерді орындау, іскер театр, дамытушылық, логикалық ойындар т.б. жатады. Осы әдістерді әрбір саласының денсаулық, қатынас, таным, әлеуметтік, шығармашылық күзіреттілігінде пайдалана отырып, қоғамның талабына сай өркениетті, дамыған елдердің білім деңгейіне жеткізуге, жеке тұлғаны жоғары дейгейде қалыптастыру мақсатына бағыттап, жұмыстар жүргізілуде.

Осыған орай ойынды алатын болсақ, ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспейді, жан – жақты дамымақ емес. Ойын – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. В.А. Сухомлинский «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін де емес. Ойын – дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз дүние туралы түсінің алады. *Ойын дегеніміз* – ұшқын, білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» — деген. Расында, ойын балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, шығармашылыққа, мықты белсенділікке, өз – өзін дамытуға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Қазіргі кезде республикамызда белгілі педагог Қ.Қайым оқу тәрбие саласында қолданатын ойындарды 3 топқа бөлген. Білім саласының ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттеріне үстел – үсті, қимылды. Рольді, кейіпкерлендіру, танымдық ойындарды көбірек қолданамын. Мысалы, интеллектуалды ойын «Ойна да ойла, балақай!». Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбилік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі- халықтық ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілердің рухани өресі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі болып табылады[5].

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл- ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, тәрбиеленушінің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Фольклортанушы ғалым Ә. Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «... өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек- көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, ханталапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады[6].

Айталық, ойын үстінде осы айтылған өнеге- өсиет бастан аяқ қолданылады, осы негізде оның бойында адамдық қасиеттер қалыптаса

бастайды. Демек, ойын әртүрлі әрекетке қозғалысқа, денешынықтыруға ғана төселдіріп қоймай, өмірдің рухани азығы – үлкеннің барлық қасиетін, яғни баланың жандүниесіне әсер ететін этикалық, эстетикалық тәрбиені қабылдауға қалыптастырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту қажет.

Сөзімді қорытындылай келе айтарым, педагог жаңалықтан қашпауы тиіс, қайта әдісті көп білуге тырысқаны жөн, одан ұтпаса, ұтылмайды. «Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдаланып, балаларды кіші жастан ақпараттық сауаттылықпен қамтамасыз ету қажет» деген Елбасы тапсырмасына орай жаңа технологияны меңгерген педагог тәрбиешінің креативтілік кәсіби құзыреттілігін дамыту өркениетті ел болашағын ойлайтын, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақты тәрбиелей алады [7].

Демек жаңа технологиясымен қарауланған педагог ғана, өркениетті ел болашағын тәрбиелей алады. ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ:

1. А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика», 1988.
2. А.С. Макаренко. Психология труда учителя. М., «Просвещение», 1993.
3. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы, 2010. 6-б
5. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004. 3-4б.
6. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
7. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

Жұмажан Айым Нұрлыбекқызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» ҚеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
zhumazhan-99@mail.ru

Смагулова Нұргүл Қайырбекқызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» ҚеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
Smagulova13@mail.ru

ЛИРИКА ЖАНРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

XXI ғасырға аяқ басқан жаңалықтарға толы заманаға үн қосу қазіргі заман мұғалімінен үлкен еңбекті талап етеді. Заманауи мұғалім қай жағынан болса да жаңалықтар мен идеялардың жаршысы бола ала ма? Бұл көкейтесті мәселелер ұстаз жүрегіне ой салары сөзсіз. Қай кезеңде де адам руханиятын алға жетелейтін басты күш әдебиет болып келеді. Бүгінгі таңда "Жастарымыз әдебиеттен қол үзіп барады. Көркем шығарманы мүлдем оқымайды,"- деген пікірлерді жиі естіп қаламыз.

Әдебиет – сөз өнері. Ол баланың талғамын, мінезін, танымын қалыптастырады.

Әдебиеттің ғажап жанрының бірі- лирика. Ғалымдар лирикаға "адамның көңіл күйін күйттейтін поэзия" деген анықтама береді. Жалпы лирикалық шығармаларды қалай оқытамыз, оқушы жүрегіне қалай жеткіземіз деген мәселелер туралы ой бөліскім келеді.

Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы мен қарым-қатынасында. Лириканы оқытудың басты мақсаттарының бірі- оқушыларды поэзияны сүйе білуге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып табылады.

Оқушылардың көбі поэзиядан гөрі қызықты сюжеті, мазмұны бар прозаны жақсы көреді.

Ендеше өз тәжірибемде кездескен лириканы оқытудағы қиындықтарды төмендегіше жүйелегім келеді:

- Лирикалық шығарманың идеясын таныту;
- Лирикалық қаһарманға мінездеме беру;
- Өлеңнің көркем тілін талдау.

Осы бағытта жұмыстана жүріп, поэзияны оқытуда мына жағдайларға көңіл бөлуді жөн көрдім:

- Оқушыларды сөздікпен жұмыс жасауға үйрету;
- Пәнаралық байланысқа мән беру;
- Әдеби-теориялық ұғымдарды таныту;
- Оқушылар шығармашылығын дамыту.

Осы мәселелер ұстаздың жетелеуі арқылы шешімін табады, бірақ жаңа заман

мұғалімінің міндеті оқушыны білімді "тұтынушы" емес, жаңаны "өндіруші" рөліне енгізу.

Заманауи білім берудегі негізгі мақсат "XXI ғасырда нені оқыту керек?" және "Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?" деген көкейтесті сұрақтарға жауап іздейді. Жаңа білім берудің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Оқытудың қандай жолы қолданылса да, "оқыту тиімділігі" ұғымына қатысты қарастырылатын екі түрлі көзқарас бар: біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы.

Ж.Аймауытов: "Мағжан- сыршыл ақын. Мағжан сөзінде "тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін" үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес" деген.

5-сыныпта М.Жұмабаевтің "Сағындым" өлеңі берілген. Өлең белгілі тарихи кезеңнен хабар береді. Сондықтан қазақтың зиялы қауымына қырғындай тиген Қуғын-сүргін жылдарын оқушы білмесе, ақынның көңіл-күйін, оның сағынышын оқушы қалай таниды? Жалпы өз тәжірибемде оқушыға алдын-ала берілген тапсырманың нәтижесі мол екеніне көзім жетті. Тапсырманы жалпы сыныпқа емес, қабілетті оқушыға беруге болады. Осы өлеңді оқымас бұрын мен оқушыға Алашорда туралы мәлімет жинақтауды тапсырамын. Қазіргі оқушылардың дүниетанымы кең, олар кез келген ақпаратты жинай алады. Осы -мәліметпен танысып алған соң ғана өлеңді талдаймыз.

Сонда "Ақынның негізгі ойы қай шумақта берілген?" деген сұраққа оқушы:

-Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған артық ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін,- деген жауапты оңай табары сөзсіз. Өз сабақтарымда сын тұрғысынан ойлау технологиясын кеңінен қолданамын.

"Екі жақты күнделік" әдісі арқылы оқушылардың өзіндік ойын, пікірін дамытуға болады.

Ақын сөзі	Менің ойым
Қарашығым, құлыным деп зарлаған, Алыстағы сорлы анамды сағындым.	Оқушы: Ақын өзі қиналса да, анасын көп уайымдайды. Оланасын сорлы деп сипаттайды. Себебі баласы түрмеде отырса, анасы одан екі есе көп күйзеледі.
Абақтыда айдан, күннен жаңылдым, Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.	Оқушы: Абақтының іші өтеқараңғы. Ақын кең дала, еркіндікті аңсап отыр.

7-сыныпта берілген С.Сейфуллиннің "Сырсандық" өлеңін талдау кезінде :

-Шырқ айналар шіркін тауық

Жемің болса қолыңда.

Жем таусылса жалт береді,

Сенерлік дос санама, деген шумақтағы "жанама" сөзіне сөздікте "қосарлану, қабаттасу әрекеті" деген түсінік берілген.

Осыны білген оқушы "жанама" сөзінің сенімсіз дос ұғымында қолданылғанын түсінеді. Өлеңдегі лирикалық қаһарман:

Сарыарқаның бір тауы бар,

Бір тауы бар сымбатты, деп суреттеледі. Осыны түсіндіре отырып, символ ұғымына тоқталуымыз қажет. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасау нәтижелі екенін білдім. Себебі оқушы "Сарыарқаның тауы" дегенді символ деп ойласа, неге олай ойлайтынын, яғни символдың анықтамасын айтып беруі тиіс.

Қадыр Мырза Әлі шығармашылығын оқытудағы негізгі мәселе – Қадыр поэзиясы мен өмірін қазақтың тарихымен сабақтастыру, сол арқылы ақынның идеялық мұратын таныту. Ақын поэзиясы қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге де болады. Әркім-ақ айта алатын, әркім-ақ көре алатын құбылысты Қадыр ақын өзінше танып, өзінше толғайды.

Жанартаудың сөнгендері даңқты,

Атылмаған жанартаулар қауіпті,- деп ақын өзі жырлағандай, өлеңөлкесіне жанартау шабытпен келіп, тыннан соқпақ салған Қадыр ақынның өмірі өлеңінде, ал өлеңі өмірінде жатқандай.

З.Қабдолов "сылдырап өңкей келісім" деп көркемдегендей, поэзия-жанның толғанысы. Айналамыздағы құбылыстарды ақындық түйсікпен танып, ақын көңілімен зерделеп, ақын тілімен жырлай алмаймыз. Бір құбылысты әр ақын өзіндік көзқараспен, өзіндік шабытпен жырлайды. Сондықтан поэзияны оқу өз алдына, ондағы идеяны, ақынның айтқысы келген ойын кез келген адамның бірден түйсінуі – қиын нәрсе. Көпшілік тәжірибеде өлеңді өткен кезде оқушы сол өлеңді тиянақты жаттап, мәнерлеп айтып берсе, оқушы сол өлеңді мықты түсінді деп ойлайды. Оқушы оны түсінді ме, әлде механикалық түрде жаттап алды ма, белгісіз. Сонда мұғалім оқушыны өлеңді талдағаны үшін емес, жаттағаны, яғни есте сақтау деңгейін бағалайды.

Өлеңнің идеясын тану өлеңді түсінуден басталады. Поэзиялық шығарманы оқып өздігінен түсіну 5-сынып оқушысына қиын тиері анық. Ал мәтінді меңгерту үшін оның көркем тілін талдау арқылы қол жеткізуге болады. Ол үшін топтық тапсырмаларды пайдалану ыңғайлы.

Тапсырма үлгісі:

Бәрі де, Ана,

Бір өзіңнен басталды.

Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.

Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,

Жасқандым ба,

Тек өзіңнен жасқандым.

1. Ақынның анасына деген сезімін білдіретін сөздердің астын сыз.

2. Ауыспалы мағынада тұрған сөздерді табындар.

3. Анаға деген ыстық сезімді білдіретін сөздерді жаз.

Өлеңнің мазмұнын талдауда мұғалім қоятын сұрақтардың маңызы зор. Дұрыс бағытталған сұрақ – дұрыс жауаптың кепілі. Сондықтан балаға қоятын әр сұраққа үлкен жауапкершілікпен қараймын. "Өлеңді оқығанда қандай күйде

болдың?" дегеннен гөрі "Өлеңде сезіміңе әсер еткен жолдарды айтасың ба?" деген тиімді болар еді.

"Кәрі қыран" өлеңі – терең философияға құрылған өлең. Алғаш оқыған кезде өлеңді түсіну қиын. Оқушының бойында аяныш сезімі пайда болары анық. Бірақ өлеңді талдауға оқушыны дұрыс бағыттай алсақ, оның алғашқы әсері серпілері сөзсіз.

Сондықтан өз тәжірибемде ақын өмірін меңгертуге арналған мәтін-тапсырмаларды қолданып жүрмін. Мысалы: ақын өзінің "Иірім" атты кітабында қиын кезеңге тап келген балалық шағы туралы:

"Жартылай аш, жартылай жалаңаш өмір кештік. Нанды талонмен алатынбыз. Оның өзіне түнімен кезекте тұрып, әрең қолымыз жететін. Сондықтан оқуды қоя тұруыма тура келді. Мені төрт жыл бойы оқытқан ұстазымның арқасында ғана мен мектеп интернатқа орналасып, оқуымды жалғастырдым,"-деп жазады.[4, 15-б.]. Қазір адамдар тойынған. Бала кезімізде әжеміз наннан ауыз тиіп бізге беретін. Ал бүгінгі бала шеті бөлінген нанды біреудің қалдығы деп аузына алмайды. Бұл үзінді арқылы оқушыны бір үзім нанның қадірін түсінуге, өзіне жақсылық жасаған адамның мейірімін үнемі ұмытпауға тәрбиелесек, оқушы сыныпта алған білімді өз өмірінде пайдалана алар еді. Мұндай мәтін тапсырмалар арқылы біз балаларды реферат жұмыстарын жазған кезде интернеттен алып келген дайын нәрсені оқып беріп баға алудан алшақтатар едік.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты үш бағыт бойынша: танымдық, эмоционалдық және психомоторлық жағынан оқушыларды оқыту мақсаттарының тізімін жасау болатын. Блум таксономиясының мақсаты-оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру мақсатында педагогтерді өздерінің күші мен назарын барлық үш салаға бірдей аударуға ынталандыру. Деңгейлік курс кезеңінде тренеріміз айтып берген мысал менің Блум таксономиясына қызығушылығымды оятты. Ол Блум жүйесі бойынша ойыншық машина сатып алып берген баланың әрекеті негізінде сипатталады.

Білу: кішкентай бала машинаны көрді, оның машина екенін білді.

Түсіну: бала оның ойнау үшін алынғанын түсінді.

Қолдану: оны жүргізіп ойнай бастайды, борты болса, құм салады.

Талдау: енді оның бөлшектерін ажыратады, алып тастайды.

Жинақтау: машинаны қайтадан жинақтайды, кейбір бөлшектері керек емес, оны салмайды.

Бағалау: баланың қызығушылығы басылды. "Маған енді жаңа машина сатып алу керек" деп өз бағасын береді. Осы бір қарапайым мысал күрделі де қиын таксономияның мәнін ұқтырды. Себебі жанымызға жақын, етене таныс жағдаят өмірден алынған еді.

Блум таксономиясы арқылы мен оқушылардың ойлау дағдыларының қаншалықты деңгейде екенін бағдарлауға болатынын түсіндім. Жоғары дәрежелі сұрақтар балалардан ақпаратты белгілі бір дәрежеде қолдануды,

дамытуды, бағалауды, талдауды талап етеді. Ал Блум таксономиясы сұрақтарға берілген жауаптарды жіктеудің тиімді моделін ұсынады. Ал оқушы әрбір лирикалық шығарманы ойыншық машина сияқты талдап берсе, қандай ғажап!

Блум таксономиясы ойлаудың алты деңгейін сипаттайды. Сабақтарда Блум негізінде жасалған бағалау парағын қолдануға болады. Бұны оқушы өзі толтырады. Мысалы: Абайдың "Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бойынша былайша анықтауға болады:

Білдім	Оқу мен білім маған қажет. Ақын бізді жақсылыққа жетелейді.
Түсіндім	Өлеңдегі араб сөздерінің мағынасын таныдым.
Қолдана аламын	Абай айтқан бес асыл қасиетті бойымда қалыптастыруға тырысып жүрмін. Мен еріншектіктен арылуым керек.
Талдаймын	Абайдың осы өлеңін С.Торайғыровтың "Шәкірт ойы" деген өлеңімен байланыстыруға болады екен.
Жинақтаймын	Ақынның: Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, деген жолдары маған ой салды.
Бағалаймын	Бізге тәрбие беретін асыл сөздер Абай жырларында екен ғой.

Оқушы тек өзінің ойлау деңгейін ғана бағалап қоймай, сабақтың нәтижесін бағалап отыр. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, әрбір он баланың біреуі дарынды болады екен. Сыныптағы барлық оқушының ең болмаса бесеуі шығарманы осылай талдай алатын болса, біздің, әдебиетші мұғалімдердің, мақсатының орындалғаны шығар деп ойлаймын.

Ұстаз еңбегі ізденіске, тынымсыз еңбекке толы болғанда ғана жемісті, нәтижелі болмақ. Бұл- әрбір ұстаздың ұстаздық қағидасы болуы тиіс. Біздің жемісіміз- оқушы. Ол-болашақтың жасаушысы, азат елдің ұрпақтары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы" Қ.Бітібаева
2. "Мұғалімге арналған нұсқаулық"
3. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" Б.Қалиев
4. "Иірім" Қ.Мырза Әлі

Калымова Асел Қайратқызы
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
aselkalymova@mail.ru
Искакова Дана Куанышевна
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

ЖАС ОТБАСЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Аннотация: Отбасы бізге белгілі баланың адамгершілік, тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытып, белсенділікке, шығармашылыққа, жігерлі, қайратты, адал болуға тәрбиелейді.

Түйін сөздер: Жас отбасы, отбасы, неке, бала тәрбиесі, тәрбие

«Жас отбасы» - күрделі және неке-отбасылық институтының тұрақсыз кезеңі болып табылады. Некеге тұрғаннан кейін, жас отбасында алғашқы тұрақтандыру процесі басталады яғни некенің алғашқы кезеңі отбасылық интеграциямен және адаптациямен сипатталады. Интеграция - бұл өз еркімен бірігу, ерлі-зайыптылар әртүрлі отбасылық өмірдің аспектісі бойынша позицияларын, көзқарастарын және пікірлерін сәйкестендіру. Осыған мынандай маңызды сұрақтар жатады: өзара қатынас жасау стилі; материалдық- тұрмыстық, отбасылық бюджет мәселелері; рухани өмір мен демалысты өткізу; интимды өмір, баланы күту және оның туылуы; ата-анамен өзара қатынасы, ерлі-зайыптылардың кәсіпке және қоғамдық іс- әрекетке, қоғамдық құндылықтарға деген қатынасы. Отбасының интеграциясының сәттілігі бейімделусіз өтпейді [1].

«Бейімделу» термині кең мағынада – бұл қоршаған ортаға бейімделу дегенді білдіреді. Бейімделу процесінің екі деңгейі бар, ол биологиялық және психологиялық. Биологиялық - бұл организмнің физикалық ортадағы өзгерістерге, ал психологиялық – бұл адамның тұлға ретінде қоғамның талаптарына бейімделуі. Психологиялық бейімделу - социумның құндылықтары мен нормаларын игеру арқылы жүзеге асады. Оның негізгі көріністеріне адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі яғни қарым-қатынас және белсенді іс-әрекет жатады. Отбасына бейімделу жоғарыда көрсетілген компоненттерді қосады және отбасылық өмірмен танысу процесінен басталады. Ал, ерлі-зайыптылардың бейімделуі деп отбасылық өмірге немесе күйеуі мен әйелінің бір-біріне бейімделуі процесін атаймыз. Осы кезең күрделі, өйткені жас ерлі-зайыптылардың тұлғасында өзгерістер болады, қажеттілік- мотивациялық сфералары қайта құрылады, жаңа өзіндік сана деңгейі қалыптасады, әлеуметтік ортамен жаңа байланыстар жасауды (қарым-қатынас) қажет етеді.

Қазіргі кезде қоғамдағы барлық оқыту және тәрбиелеу іс- әрекетімен шұғылданатын әлеуметтік институттардың ішінен отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Өйткені, балалардың алғашқы өсіп — өнуі, қалыптасуы, әлеуметтік қарым—

қатынасы, байланыстары, іс–қимылдар мен мінез–құлық нормаларын меңгеруі отбасынан басталады. Отбасы бізге белгілі баланың адамгершілік, тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытып, белсенділікке, шығармашылыққа, жігерлі, қайратты, адал болуға тәрбиелейді.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда жас отбасының мынадай төрт түрлі мәртебесі бар: әлеуметтік–экономикалық, әлеуметтік– психологиялық, әлеуметтік–мәдени, және ситуативтік міндеттер. Мұғалім жас отбасы мен жұмыс нысаны барысында–балалар, жастар, ересек адамдар, қарттар жалпы отбасының барлық мүшелерімен жұмыстанады. Жас отбасымен жұмыс жасай отырып, оларға: білім алуға, оқуға, психологиялық көмек алуға жәрдем береді. Сондықтан педагог ата–анамен (отбасы мүшелерімен) мынадай іс–шаралар жүргізеді: 1. Тәрбиелеуде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруді қаперінде ұстау;

2. Ата –аналардың тәрбиеде (бала тәрбиесінде) жіберген қателерінің себеп, салдарымен мәлімет беру және айғақтар мен дәлелдер келтіру арқылы дұрыс тәрбиенің мәнін ашып көрсету және нандыру,

3. Оқу, еңбек, ойын, демалыс және бос уақытын дұрыс пайдалану бойынша кеңестер беру,

4. Жастайынан, әуелі санасыз, еліктеу арқылы пайда болатын жаман әдеттер: масайту ішімдігіне әуестену, шылым шегу, нашақорлыққа еліктеудің алдын алу шараларын үйрету.

Мұғалімнің әке–аналарға беретін көмегі, ақыл кеңесі баланы тәрбиелеудегі мақсат пен міндетті түсіну, оның мүддесін қорғап қажеттенуін қанағаттандыру, отбасы мүшелерінің ой санасына, ақыл–кеңесіне ықпал ететін әңгімелер өткізу басқа да іс–шаралар ұйымдастыру осы қызметтің пәрменділігін көрсетеді.

Салауатты отбасымен жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық көмектің тағы бір аса маңызды құрамды бөлігі–психологиялық көмек. Психологиялық болсын, әлеуметтік–педагогикалық болсын дерлік тәрбиенің дұрыс қалыптасуы ұстаз, бала, ата–ана еңбегімен байланысты. Береке бірлікте жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын тәртіпке бас игенде ғана іс оңға баспақшы. Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі–өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы–қоғамдық еңбек, адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл–кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген.

Туыстық, отбасылық (әлеуметтік) қатынастарды бала кезінен қалыптастырғын. Демек, әр отбасында түрлі қарым–қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Салауатты отбасы — өркениетті қоғамның талабы. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әр отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Отбасында түрлі қарым–қатынас қалыптары көрініс береді. Отбасылық тәрбие–ата-аналар мен

туыстардың күшімен нақты отбасындағы қалыптасқан тәрбие мен білім беру жүйесі[2].

Отбасының негізгі міндеттері:

- Баланың өсіп дамуына, толық жағдайлар жасау;
- Балаға әлеуметтік-экономикалық және психологиялық қорғаушы болу;
- Өз халқының этно-мәдениетін дәріптеу;
- Баланың адамгершілігін дамытуға мүмкіндік жасау.

Отбасылық тәрбиенің негізгі принциптері:

- Өсіп келе жатқан адамға қайырымдылық және мейірімділік көрсету;
- Балаларды жанұя өміріне енгізу, ақылшы ретінде қарау;
- Балалармен ашық жіне сенімділік қарым-қатынас құру;
- Талап қоюда жүйелілік жасау;
- Өзінің баласына шамасына қарай көмек жасау, сұрақтарға жауап беруге дайын болу;
- Ұрып-соғу, жазалауға тосқауыл жасау.

Міне, отбасы осы міндеттер мен принциптерге сүйеніп еңбек еткенде ғана ұрпақ тәрбиесі дұрыс бағытта өрбиді.

Автордың ойынша осы қабілеттердің дамуы неке-отбасылық бейімделудің сәттілігін анықтайды [3].

В.А. Сысенко неке-отбасы қатынас сфераларындағы тұлғаның бейімделу құрылымын келесіндей анықтайды:

- физиологиялық бейімделу яғни соның қатарында сексуалды;
- жұбайының мінезіне, темпераментіне бейімделу;
- отбасылық ролдерге, жаңа міндеттерге, құқықтарға, неке одағындағы еңбектің бөлінуіне бейімделу;
- жұбайының өмір стиліне, қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, әдеттеріне бейімделу;
- жұбайының мақсатын және өмірінің мағынасын түсіну, оның негізгі құндылықтарына, «өмірлік философиясына» бейімделу.

Кейбір неке-отбасылық бейімделу сипаттамалары әлеуметтік перцепция зерттеулері бойынша қарастырылады. Осы бағыттың жұмыстарында жас ерлі-зайыптылардың 1,5 - 2 жылға созылған бейімделу кезеңінде тұлғааралық қабылдау ерекшеліктерінде айтарлықтай өзгерістер болатындығы туралы айтылады. Болашақ жарды таңдау бір қатар факторлардың әрекеттесуімен анықталынады, соның ішінде әр адамда болатын болашақ жары туралы иеалды көзқарасты айтуға болады. Иеалды көзқарасты қалыптастыруға әдебиеттер, кино кейіпкерлері, әлеуметтік стереотиптер және референтті топтың идеалы әсер етеді. Жұбайына деген көзқарастың адекваттылығы неке одағында өз зайыбының реалды және күтілетін мінез-құлық арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етеді, ал бұл отбасындағы адаптацияның жүзеге асуы үшін маңызды.

Сонымен неке-отбасылық бейімделу ерлі-зайыптылардың бір-біріне, отбасылық өмірге бейімделу процесі ретінде қарастырылады, осының нәтижесінде тұрақты отбасылық әдет- ғұрып, тұрмыстық, психологиялық рөлдер бөлінеді, бір-бірімен қарым-қатынас жасау стилі т.б пайда болады. Екі

әр түрлі «меннің» «біз» бірлігіне бірігуі ерлі-зайыптылардың бірін-бірі танудан және түсінуден басталады. Әрине бұл некеге дейінгі кезеңде басталады. Жастар некеге дейін бір-бірі туралы көп нәрсені біліп үлгерді, бірақ некеге дейінгі «көп» бұл айсбергтің жоғарғы бөлігі ғана. Бір-бірін сүйгендер әдейі немесе еріксіз түрде бір-біріне көбірек ұнау үшін жақсы жақтарын ғана көрсетеді. Ал күнделікті бірігіп өмір сүру ерлі-зайыптылардың тек қана жақсы қасиеттерін емес сонымен бірге негативті жақтарында көрсетеді.

Ерлі-зайыптыларға отбасының басшысы туралы сұрақты шешуге тура келеді. Осы жерде отбасылық рөлдердің бөлінуінің үш типін бөліп көрсетуге болады: авторитарлы; автономды – күйеуімен әйелі рөлдерді бөледі және бір-бірінің әрекетіне араласпауға ұмтылады; демократикалық отбасылық рөлдер теңдей бөлінеді [4].

Жас отбасының топтасуы ерлі-зайыптылардың сәйкестігіне байланысты. Көбінесе оның негізінде әлеуметтік позицияның, психологиялық және антропологиялық процестер мен қасиеттердің сәйкес келуі жатыр деп түсіндіреді.

Сонымен бір адамның басқа адамға сәйкестігі яғни олардың өмірге деген көзқарастарының, құндылықтарының, бағдардың, қызығушылықтарының үндесуі.

Ерлі-зайыптылық сәйкестіктің келесі негізгі түрлерін бөліп шығарады: әлеуметтік, психологиялық, сексуалды және отбасылық-тұрмыстық.

Әлеуметтік сәйкестік – бұл дүниетанымның, негізгі құндылық бағыттылығының (идеалдар, сенімдер, қызығушылықтар) ұқсас болуы. Ол өзіне өмірдің мәнін түсінуді, еңбекке, адамға, қоғамға, өзіне деген қатынасты қосады. Әлеуметтік сәйкестікке білім деңгейі, қажеттіліктер құрылымы, тіпті адамның кәсіби іс-әрекеті де әсер етеді. Әлеуметтік сәйкестік жоғарыда көрсетілген компоненттер ұқсас болғанда жүзеге асады.

Әлеуметтік сәйкессіздік яғни ерлі-зайыптылардың көзқарастарының, идеалдарының, өмірлік жоспарларының, құндылықтарының әр түрлі болуы отбасының құлауына алып келуі мүмкін. Психологиялық сәйкестікке жұбайлардың мінезі, темпераменті жатады. Отбасылық-тұрмыстық сәйкестік бұл отбасының өмір сүру стиліне, рөлдерді бөлуге деген көзқарастардың ұқсас болуы. Сонымен сәйкестік түрлері өзара байланысты және бірін – бірі толықтырып отырады [5].

Жас отбасының мәселелерін талдау барысында мамандар мынандай қорытындыға келеді: неке құрған жігіттер мен қыздар бірлесіп өмір сүру барысында кездесетін қиыншылықтарға толық дайын емес, ерлі-зайыптылық кемелдену жеткілікті деңгейде дамымаған. М.Земска бойынша физикалық, психикалық және әлеуметтік кемелдену түрлері бар. Физикалық кемелдену адамдарға ана және әке болуға мүмкіндік беретін, организмнің биологиялық даму деңгейі. Осы кемелдену түрлерінің маңыздысы бұл психикалық және әлеуметтік кемелдену болып табылады. Психикалық кемелдену бұл ақыл-ой мен эмоционалдық деңгейдің дамуы, адамның басқалар үшін жауапкершілікті алу қабілеттілігі. Психикалық кемелденудің көрсеткіші жетілген махаббат сезімі болып табылады [6].

Отбасы- адамзат қоғамының шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі- дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі- дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлігі, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқы қорғалуы тиіс[7].

Мектеп пен отбасының арасындағы ынтымақтастық шынайы болып, қоғамдық сипат алмайынша оқу-тәрбие процесінде жоғары сапаға қол жеткізу, ұрпақ тәрбиесін оңалту мүмкін емес. Қазақстан Республикасындағы педагогикалық ынтымақтастық негізінде тәрбиелік, дамытушылық міндетін ойдағыдай атқарып жүрген үлгілі отбасылары мен мектептер аз емес. Ата-аналармен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде талай ұрпақ мектептен түлеп ұшып, өмірден өз орнын тауып келеді. Екі жаққа да үнемі қозғау салып отыратын бұл процесс үздіксіз де мәңгілік. Ата-аналар еңбегі-өте ауыр еңбек. Бұл еңбек барлық күш жігерді, адалдықты, адамгершілікті, мейірімділікті, шыдамдылықты, ізденісті талап ететін еңбек екенін ата-аналары да, балалары да түсінді [8].

Айналаңа қорғандай бол-деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Ал, отбасындағы қарым-қатынас мәселесі баланы жалпы азаматтық құндылықтарды түсінуге жетелейді, өмірдің алуан түрлі қыры мен сырын, тынысын танытып, талғамға, әдептілікке, жауапкершілікке баулиды. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин: «Жас уақытта көрген тәрбие, оқыған оқу тасқа жазған жазудай кетпейді» -деп ата-ананың, отбасының бала тәрбиесіндегі орнын атап көрсеткен болатын. Ендеше тәртіптің ең тамаша мектебі- отбасы. Балатәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений. – М.: Апрель-Пресс, 2000. – 236 с.
2. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В.В. Психология и психотерапия семьи. – СПб: Питер, 2000.– 112 с.
3. Гребенников И.В. Основы семейной жизни. - М.: Просвещение, 1991. –158 с.
4. Мацковский М.С. Социология семьи. Проблемы теории, методологии и методики.- М.: Наука, 1989. - 111 с.
5. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб.: Речь, 2005. – 96 с.
- 6.Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.–Алматы: Санат 1995. 81 б.
7. Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі.–Алматы: Рауан, 1990.–234 б.
8. Сыныптан тыс тәрбие журналы №5, 2007 жыл

Кульжанова Аяулым Аскаровна
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
ai_kz_01-10@mail.ru

Жахина Бәрия Бадыққызы
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
bzhaxina@mail.ru

НЕГІЗ СӨЗДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ: ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

***Аннотация:** Мақалада сөзжасам саласында жарыса қолданылып жүрген «Түбір», «Негізгі түбір», «Түбір сөз» терминдерінің біріздендірілуі, жүйелену мәселелері қарастырылған. Қазақ тілі грамматикаларында сөздің түбірі және сөздің негізі деген мәселелердің жігі ашылмай келді. Ғалым Н. Оралбаеваның «Негізгі сөз» терминін енгізу керектігі туралы ұсынысы ғылыми еңбектерде негізге алынбай, ескерілмей келген. Осы тұрғыдан келгенде, негізгі түбір» мен «негіз» деген терминдердің өзара айырым белгілерін анықтау керек. Ғылыми еңбектерде берілген теориялық анықтамалардың өзі ғалымдардың арасында дау тудыруда. Сөзжасам мәселесіне қатысты терминдерді тұрақтандыру барысында «негіз» терминін қолдану ұсынылады.*

Тірек сөздер: негіз, түбір, сөзжасам, морфема, сөзжасамдық талдау, термин.

Сөзжасам – қазақ тілінің жаңа сөздер жасап, сөздік қорды үнемі байытып отыратын негізгі жүйесі, яғни жаңа сөз жасаудағы заңдылықтар мен ережелер жиынтығы.

Сөзжасам мәселесін алғаш сөз еткен лингвист-ғалым – А. Байтұрсынұлы. Ол: «Туынды сөз дегеніміз – бастапқы тұлғасы да, бастапқы мағынасы да өзгерген сөз; мәселен, бастық, шашақ, қолтық», - деп анықтама берген. [1, 182]

Алайда, ғылыми еңбектерде, нормативтік грамматикаларда «Негізгі сөз» тақырыбы «Негізгі түбір», «Түбір», «Түбір сөз» деген терминдермен жарыса беріліп, тұрақтандырылмай келген.

Оның себебі, сөзжасам мен морфологияның ара-жігін дұрыс ажыратылмауында. Яғни, түбір, жұрнақ деген терминдер екі саланың да объектісі болып жүрді. Әрине, сөзжасам мен морфологияның бір-бірімен байланысы бар.

Бірақ, сөзжасам сөздердің құрамын өзгертіп, оның мағыналық құрылымына өзгеріс енгізсе, морфология сөздердің құрамын, грамматикалық сипатын зерттейді. Морфологияның негізгі зерттеу нысаны – сөздерді сөз таптарына топтастырып жіктеп, олардың құрамын айқындау, грамматикалық категорияларын саралау болса, сөзжасам негіз сөздің мағынасы арқылы жаңа туынды атау туғызады. Морфологияда негіз сөз сөздің түбірі делініп зерттелсе, сөзжасамда сөзжасамдық тұлға ретінде айқындалады.

Қазақ тілі сөзжасамы тіл білімінің дербес саласы ретінде қаралғанда, ол оның басқа салалармен байланысын жоққа шығару деп түсінбеу керек. Біріншіден, тілде бір-бірімен байланыспайтын, байланысты қажет етпейтін

ешбір тілдік құбылыс жоқ. Екіншіден, әр тілдің сөзтудырым жүйесі соңғы кезге дейін морфологияның, кейде лексикологияның құрамында қаралуы олардың байланысына негізделгенін естен шығаруға болмайды.

Жаңа сөздің жұрнақ арқылы жасалуын мойындасақ, жұрнақтың сөз құрамында қолданылуын, ал сөздің құрамы морфологияның объектісі екенін мойындау керек. Сонымен бірге жұрнақ қосымшалар тобына жататын болғандықтан, ол жағынан да морфологияға байланысы байқалады. Сөз тудыру әр сөз табына қатысты, ал сөз таптары – морфологияның негізгі объектісі. Міне, бұл арада тағы да байланыс анық көрініп тұр. Морфология мен сөзжасамның осы байланысы олардың соңғы кезге дейін бір құрамда қаралуына негіз болды. Бірақ сөз тек жұрнақ арқылы ғана жасалмайды. Ол басқа тәсілдермен де жасалады. Мысалы, бір сөз бен екінші сөздің тіркесі үшінші атаудың жасалуына негіз болады.

Профессор Б.Б. Жахина «Сөзжасамды оқытуға қосымша» атты оқу құралында тілдік материалдардың өзіндік ерекшеліктеріне қараша іріктеуде мынадай ғылыми заңдылықтардың басшылыққа алынатындығын көрсеткен:

1. Тақырып пен терминнің анықтығы, сәйкестігі.
2. Тілдік материалдың ғылыми дәлдігі.
3. Тілдік тақырыптың ішкі мазмұнын аңғарту қажеттігі.
4. Тілдік тақырыптардың өзіндік белгілерінің сыныпқа лайықтылығы.
5. Өзіндік белгілерінің өтілетін материалдарға тән екендігі.
6. Өзіндік белгілерінің өмір қажетіне жаратылуы.
7. Тілдік белгілерінің күнделікті сөйлеу тәжірибесінде қажеттілігі.

Осы тұрғыдан келгенде ғалым «Негізгі түбір», «Түбір», «Түбір сөз» терминдерінің орнына «Негізгі сөз» терминінің енгізілуі керектігін айтты. [2, 11]

Себебі, «Негізгі» деген сөздің өзі басқа туынды сөздер түрінің, яғни, басқа ұғым атауларының жасалуына «ұйытқы», «негіз» болады дегенді білдіреді. Терминнің, яғни тілдік тақырыптың өзі айтып тұрғандай басқа жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын жасауға негіз болады. Мысалы, ек, егін, егіндік, егінші деген сөздердің негізі – ек; өн, өнім, өнімді, өндіргіш сөздердің негізі – өн.

Оы тұрғыдан келгенде, ғалым «Негіз сөзге» теориялық тұрғыдан мынадай анықтама береді: «Жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын жасауға ұйытқы болатын сөздің түрі негізгі сөз деп аталады.» [2, 37]

Ғалымдардың «Негіз» сөзге берген теориялық анықтамасын жүйелей келе, бұл терминнің осыдан ертерек те айтылып жүргені белгілі болды. Бірақ, оқытуда да, ғылыми еңбектерге де енгізілмегенін байқауға болады.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» атты еңбекте: «Сөзжасамда негізгі сөз бен негіз сөздің қарама-қарсылығы (оппозициясы) көңіл бөлерлік мәселе. Негізгі сөз деп – туынды түбір жасауға қатысқан лексикалық мағынаны сөз аталады. Ал негіз болудың басты шарты – оның лексикалық мағынасының болуы. Лексикалық мағынасы бар сөздер туынды сөздер жасауға негіз болады», - делінеді. [3, 29]

А.Қалыбаева, Н.Оралбаева 1986 жылы жазған еңбектерінде түбір, негіз деген терминдерді қазақ тілі топырағына сәйкестендіре қолдану қажет болады деп, негіз сөзге мынадай анықтама береді: «Негіз деген – ең алдымен туынды түбірдің баламасы. Оның үстіне нөл көрсеткішті сөзформаға да балама болады.» [4, 36-39]

Бұған қарсы пікірді А. Салқынбай: «Кей зерттеулерде сөз тудырушы негіздерді туынды түбір деп атау кездеседі. Дегенмен, туынды сөз терминімен шатастырмау үшін, әрі қабылдауға жеңіл болуды көздегендіктен, біз бұл терминді қабылдамаймыз. Туынды түбір термині мен туынды сөз термині бірін-бірі жоққа шығарады. Туынды сөз бар жерде туынды түбір бола алмайды. «Туынды» деген сөздің өзінің негізгі мағынасы екінші бір зат атауының пайда болғандығын айқындап тұр. Ал түбір сөз әуелгі түбір, бастау дегенді танытады. Демек, түбір сөздің өзі туынды бола алмайды», - деп берген болатын. [5, 40]

К. Аханов та негіздің түбірден айырмашылығы – сөздердің әр түрлі лесека-грамматикалық топтары үшін емес, олардың белгілі бір лексика-грамматикалық тобының формаларына ортақ болып келеді – деп түсіндірген. Мысалы, бас морфемасы зат есімдердің, сын есімдердің, етістіктердің бәріне бірдей ұйытқы, бірдей ортақ түбір болса, бастықтар, бастықтан, бастығың, бастығы деген зат есімдер тобына енетін сөздердің формаларына ортақ негіз – бастық, ал бастап, бастағалы, бастаған, бастайтыны деген етістіктердің формаларының бәріне бірдей ортақ негіз – баста. Басқа, басқарып, басқарғалы, басқарған, басқарар, басқаратын деген етістік формаларының негізі басқар болып саналады. [6, 23-29]

Яғни, қорытынды – түбір морфема – сөздердің қандай лексика-грамматикалық топқа (қай сөз табына) жататындығына қарамастан, олардың бәріне ортақ, баршасына бірдей негізгі ұйытқы болатын элемент, ал негіз – белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) қатысты бір сөздің әр түрлі формаларының бәріне бірдей ортақ ұйытқы.

Түбір морфема сөздердің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін және негізгі лексикалық мағынаны білдіретін түп бөлшегі болса, негіз, әдетте, түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасатады. Мысалы, күйші, малшы, достық, таулы, өрле, бағала және т.б.

Негіз бір ғана морфологиялық элемент – таза түбірден де құралуы мүмкін. Мұндайда, түбір мен негіз, сөз бен түбір немесе негіз бен сөз тәрізді бірліктер бір-бірімен сәйкес келеді. Мысалы: от, өт, бел, без, жер, жел, тас, ай, күн және т.б.

Сондай-ақ, өте сирек жағдайда туынды түбір құрамында тілде жеке қолданылмайтын негіз сөздер де кездеседі. Мұндайда негіз сөздің лексикалық мағынасы анық байқалмайды. Бірақ бұл тілдің қазіргі кезеңіне, дәуіріне, сатысына байланысты. Мысалы: ұял, ұят, оян, жұбан, жұбат, шалқала, момын, момақан сияқты туынды түбірлерге негіз болып тұрған ұя, оя, дұба, мом элементтерінің қазір лексикалық мағынасы анық көрінбейді. Олар қазір тілде жеке лексикалық единица ретінде қолданылмайды, сөздік қорда ол сөздер сақталмай, қолданудан шығып қалған. Сондықтан олардың лексикалық

мағынасы байқалмайды, бірақ осы туынды түбірлер жасалған кезде олардың лексикалық мағынасы болған.

А. Ысқақов болса, бұл негіз сөздерді өлі түбірлер я көнерген негіздер деп атайды. [7, 92]

Жалпы тіл білімінде одан әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы ең кіші лексикалық единица сөздің негізі (корень слова) саналады. Ол негізгі бөлшек лексикалық мәнді беруші грамматикалық көрсеткіш қана, онда грамматикалық мағына болмайды және зерттеу әдістерінің қай түрімен тексерсе де, оның құрамының жұрнақ немесе жалғау тәрізді үстеме морфема табылмайды. Ал, сөздің түбірі (основа), құрамы, тарихи қалыптасуы жағынан мұнан өзгеше болып келетіні туралы А. Хасенова түсіндіріп кеткен болатын [8, 41]

Сөзжасамдық талдау үлгісін жасаған ғалым Б.Б. Жахина да негіз сөздің ерекшеліктерін көрсеткен болатын:

1. Негізгі сөздің өз ішінде бөлшектенбейтіндігі аңғарылуы тиіс. Яғни, негізгі сөздердің дыбыстық құрамы әр түрлі болғанмен, бір ғана лексикалық мағынаны білдіріп, бір ғана ұғым атауы болатындығы сондықтан сөз жасайтын құранды бөлшектерге бөлінбейтіндігі бір бүтін, дербес сөздер екендігі аңғарылуы тиіс.

2. Басқа жаңа сөздердің түрлерін жасауға негіз болатындығы аңғарылуы тиіс.

3. Әрі сөз жасауға негіз болған басқа сөздердің мағыналарымен ұштасып жататындығы аңғарылуы тиіс. Сондықтан да бір негізден тараған сөздер негіздес сөздер (бұған дейін түбірлес сөз деп келген) деп аталатындығы да түсіндірілуі тиіс. [2, 37]

Көріп тұрғанымыздай, екі ғалымның да негіз сөздің ерекшеліктері туралы айтылғаны сәйкес келеді.

Сөзжасамдық құрылым негізгі екі элементтің (негіз сөз бен сөзжасамдық формант) қосындысынан тұрады. Ал туынды сөздің морфемдік құрылымы бірнеше мағыналы бөлшектерден құралуы мүмкін. Себебі, туынды сөздің басты белгісі – өзін негіздеп тұрған сөз жасаушы тұлғамен мағыналық және тұлғалық жағынан байланыстылығында.

Жалпы сөзжаса сөз мағынасын жалпы лексикалық мағына ретінде емес, сөзжасамдық мағына ретінде қарайды. Анығырақ айтсақ, ол туынды сөздің мағынасының қалай жасалғанын зерттейді. Туынды лексикалық мағынаның қандай негіз сөздің мағынасы арқылы жасалғанын анықтамайынша, сөзжасамдық мағынаны белгілеу мүмкін емес. Мысалы, ақта деген туындысөздің мағынасы оған негіз болған ақ деген сөздің мағынасы арқылы дәлелденеді. Сол сияқты көйлекшең, таулы, өнерпаз сияқты туынды сын есімдердің мағынасы оларға негіз болған көйлек, тау, өнер сөздері арқылыанықталады. Өйткені осы негіз сөздердің мағынасы олардан жасалған көйлекшең, таулы, өнерпаз деген сөздердің мағынасы байланысты. Туынды сөз бен негіз сөздің мағыналық байланысы сөзжасамдық мағынаның негізгі

белгісіне жатады. Мұның бәрі сөзжасамның негіз сөзден туынды сөздердің жаслау жүйесін зерттейтінінің дәлелі болып табылады.

Тілде қалыптасқан заңдылық бойынша туынды сөздің морфемдік құрамы негіз сөздің морфемдік құрамынан күрделі болу керек. Басқаша айтқанда, туынды сөздің құрамындағы морфемалардың саны нешіз сөздің морфема санынан көп болады. Бұл ерекшелік туынды сөз бен негіз сөзді ажыратудағы негізгі белгілердің бірі.

Сонымен қатар мағыналық жағынан да осы ерекшелік көріну керек. Туынды сөздің лексикалық мағынасы негіз сөздің лексикалық мағынасынан жасалатындықтан, оның туынды мағынасынан жасалатындықтан, оның туынды мағынасына негіз сөздің мағынасы айғақ болады. Малшы, етікші, өлеңші деген туынды түбірлер мағынасының жасалуына мал, етік, өлең деген заттардың аты негіз болған. Бұл жансыз заттардың атының негізінде малды бағатын адам, етікті тігетін адам, өлеңді айтатын адам деген сияқты олардан тараған мамандық атауы жасалған.

Осы тұрғыдан келгенде, жоғарыда айтып кеткендей, жаңа сөз жасауға негіз болатын сөзге қойылатын талап оның лексикалық мағынасы болу керек.

Демек, туынды түбірлер екі морфемадан тұрады. Оның бірі – негіз сөз, екіншісі – көмекші морфема. Негіз сөз туынды түбірдің жасалуына негіз болып, туынды лексикалық мағынаға арқау болады.

Сөзжасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеген З. Бейсенбаева сөзжасамдық талдау мен морфемдік талдаудың ара-жігін ажыратып көрсетті. «Сөзжасамдық талдаудың мақсаты – түбірдің немесе негіздің сөзжасамға қатысын, қандай тәсіл арқылы (жаңа сөздің) жасалатынын анықтау. Морфемдік талдаудың мақсаты – сөздің қандай морфемдерден тұратынын анықтау. Соның нәтижесінде сөздің қандай мағыналы бөліктерден (морфемдерден) тұратынын білеміз. Сөзжасамдық талдаудың тәсілі негіз сөзді анықтау, қандай тәсіл арқылы жасалғандығын білу, туынды сөзді сөзжасам мағынасына, тізбегіне, ұясына, типіне, нормасына қарай талдау.» [9, 76]

Сөзжасамдық талдауда сөзді соңынан бастап талдаймыз. Мысалы, баспагер деген сөзді талдауда бірден түбірді бөліп алсақ (бас), онда баспагер сөзі бастан пайда болды деп түсініп қалуымыз мүмкін. Баспагер сөзіне негіз сөзбаспа, бұл туынды сөз –кер қосымшасы арқылы жасалған, яғни синтетикалық тәсіл. Баспа-гер. Бұл сөз баспамен айналысатын адам деген ұғымды білдіреді. Туынды сөздің жасалу тәсілін, негізін анықтап алғаннан кейін, сөзжасам мағынасын табамыз. Ол кәсіпті білдіреді. Сөзжасамдық мағынасы: баспа- баспагер. Сөзжасамдық тізбегі: бас-баспа-баспагер. Сөзжасамдық ұясы: бас- басшы; баспа-баспагер; басыл-басылым, т.б. Барлық саны 20-дан асады.Сөзжасамдық нормаға сай, өйткені туынды сөз белгілі бір атаулық қызмет атқарып тұр.

Сол сияқты суретші сөзіне сөзжасамдық талдау жасап көрейік. Туынды сөзге негіз сөз – сурет. Суретші белгілі бір кәсіпті білдіреді, -шы қосымшасы арқылы жасалған. Мағынасы: мамандық, кәсіпті білдіру. Қатынасы: сурет-суретші. Ұясы: сурет-суретші-суреткер. Тізбегі: сурет-суретші-суретшілік.

Нормаға сай. Морфемдік талдауда сөзді морфемдерге жіктейміз. Мысалы: суретші сөзін морфемдік талдауда алдымен мағынаны бөлшектерді тауып аламыз. Яғни түбірі: сурет, -ші қосымша. Нәтижесінде суретші сөзі мағыналы екі бөлшектен тұратындығын анықтаймыз.

Қорытындылайтын болсақ, негіз термині – сөзжасам мәселесі. Өйткені, өзінің лексикалық мағынасынан-ақ бір нәрсе жасауға тірек, фундамент деген ұғымды бере алатынын және «негіз» бір ғана сөзге емес, бүтіндей сөзжасамдық ұя жасауға қабілетті термин болып табылатынын көретінін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы». – Алматы: Ана тілі. 1992
2. Б.Б. Жахина «Сөзжасамды оқытуға қосымша»: - Оқу құралы. Алматы: «ЭВЕРО» баспаханасы, 2006
3. Оралбаева Н. «Қазақ тілінің сөзжасамы». – Алматы, 2002
4. А. Қалыбаева, Н. Оралбаева «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі». – Алматы: Ғылым, 1986
5. А.Б. Салқынбай «Қазақ тілі сөзжасамы». – Алматы, 2003
6. К. Аханов «Тіл білімінің негіздері»: Оқулық, 3-басылым. – Алматы. «Санат», 1993
7. А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» «Мектеп баспасы». – Алматы, 1974
8. А. Хасенова «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. – Алматы, 1971
9. З. Бейсенбаева «Сөзжасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері». – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998

ӘӨЖ 37.372.8

Қасымов Берікжан Сырымұлы

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

K_berikzhan@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

***Аннотация:** Мектептерде пәндерді оқытуда ақпараттық технологияларды пәндерді оқыту жолдары. Осыған орай ақпараттық технологияларды пайдаланып оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктері қолдану жолдарын көрсету. Сондай-ақ, білім беру жүйесі буындарындағы оқу үдерісін жекелеу, қарқындату мен оқытудың сапасына арттыру әрекеттерін іске асыру. Оқу процесінде қолданылатын ақпараттық технология құралдарын орналастырудың бірнеше жолдары бар. Ең перспективтісі және мазмұндысы жіктелу критеріі ретінде ақпараттық технология құралдарын әдістемелік тағайындау жолы болып отыр. Ақпараттық технология – мұғалімнің өз жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу процесін ұйымдастыруды үнемі жаңартып*

отыруға, уақытты үнемдеуге, жаңа пайда болып жатқан инновациялық құралдармен және бағдарламалық жасақтамалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.


NC2 - Net Control 2

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық және ақпараттық сауаттылықты талап етуде. Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық дайындықты және ақпараттық құралдарын кеңінен қолданылуын талап етеді. Осылайша оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр.

Ақпараттық технологиялардың ендірілуі болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мазмұнын, әдісін және ұйымдастыру түрлерін сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. [1].

Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту - бүгінгі күннің талабы. Қазіргі таңда оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда. Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан -жылға күрделі және өзекті мәселеге айналууда.

Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы физика пәнін оқыту жолдарын жалпы түрде төмендегі мына түрлерге бөлдім (1- сурет).



1 – сурет. Ақпараттық технологияны қолдану түрлері.

Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді, интерактивті тақтаны және интернет желісін оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік

техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі мен бағдарламаларды, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.


Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Ақпараттық үдерістерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы есептеу техникалары біртұтас күрделі жүйе болып табылады. Сол себепті, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда ақпараттық технологияны оқып - үйрену және оны қолдану күрделі процесс болып табылады [2].

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін бағдарламалар мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және оларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады [3].

1. АСТIVOTE құралын қолдану

Физика пәнін мультимедиялық кабинеттерде сабақ берген кезінде ActiVote құралын қолданып кезкелген тақырыптарда тест сұрақтарын алған өте тиімді, себебі оқушылар физика пәнінің тест сұрақтарына жылдам жауап беруге және есептерді тез шешуге дағдыланады. Сонымен қатар өздерінің нәтижелерін сол мезете көруге мүмкіншілік туады. ActivBoard (Promethean, Ұлыбритания) интерактивті тақтасына арналған ActivInspire (версия 1.4.) бағдарламасында ActiVote құрылғыларын тіркеу және интерактивті сауалнамалар алу үшін, алдымен пульттарды интерактивтік тақтаға тіркеу керек. ActiVote құрылғысын тіркеп, сол құралмен қашықтықтан оқушылар тест сұрақтарына жауап бере алады. 2 – суретте ActiVote құрылғыларының сыртқы түрі мен ActivInspire бағдарламасының тест тапсыру кезіндегі интерфейсі көрсетілген.



2 – сурет. ActiVote құрылғыларының сыртқы түрі және ActivInspire бағдарламасының интерфейсі.

A, B, C, D, E, F батырмалары интерактивті жауап берулерге арналған. Бұл батырмалар арқылы дұрыс жауапты таңдап, керекті батырманы басқаннан

кейін ActivInspire бағдарламасы таңдалынған нұсқаны қабылдайды. Бұл тест алынып болғанан соң оқушылардың берген жауаптары Microsoft Excel бағдарламасына экспортталады да, қай оқушы қандай уақытта қанша пайызға дұрыс орындағанын тізім бойынша анық көрнекі ретінде көре аламыз. Бұл біріншіден мұғалімнің уақытын үнемдесе, ал екінші жағдайда оқушылар өдерінің білім дәрежесінің әділ бағаланғанын лезде көре алады. Сонымен қатар нәтижелерді оқушының аты-жөні бойынша немесе сұрақтар бойынша сұрыптауға болады

(3 – сурет).

Пайдаланушы	Жалпы	%	Уақыт	Q 1	Q 2	Q 3	Q 4	Q 5	Q 6	Q 7	Q 8	Q 9	Q 10	Q 11	Q 12	Q 13	Q 14	Q 15	Q 16	Q 17	Q 18	Q 19	Q 20
Айтбаева Асем	12	55%	166	С	А	В	В	А	В	А	С	А	В	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В
Сакенова Камила	9	45%	213	С	В	В	В	А	В	В	С	С	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Аубакирова Ақерке	14	67%	206	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Усен Диана	17	62%	164	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Тазобекова Айгерім	13	62%	209	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Ляззатбеков Жандос	11	52%	231	С	В	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Қалдарбек Айғаным	13	62%	180	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Аймулдина Карлығаш	17	71%	197	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Мөлкәйдаров Бақдәулет	15	67%	178	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Кокишев Тиммур	18	71%	261	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Ишанғалиева Лаура	10	48%	244	С	В	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Құлбеков Данияр	16	67%	189	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В
Даулет Өсем	15	57%	216	С	А	В	В	А	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В	В

3 – сурет. Тест нәтижелерінің Excel бағдарламасындағы қортындысының бейнесі.


Суреттегідей бейнеленеді қызыл түске боялса қате дегенді, ал жасыл түске боялса дұрыс жауап дегенді білдіреді.

Интерактивтік тесттер алу мұғалімге төмендегідей мүмкіншіліктер береді:

- ✓ өтілген тақырып бойынша алынған тест арқылы оқушылар сапалы түрде меңгергендігін бағалауға;
- ✓ сұрақтарға оқушылардың жауап қайтару әрекеттерін көруге;
- ✓ сабақта пікірталастарды ұйымдастыруға;
- ✓ тест сұрақтарына жауап беру кезінде уақыт бойынша шектеулер қоюға;
- ✓ тестің нәтижесін дереу алуға;
- ✓ оқушылармен біріге отырып тест нәтижелеріне сараптамауға және қатемен жұмыс істеуге [4].

2. PASCO құралы мен GLX Xplorer мәлімет тіркегішті қолдану


PASCO құралы мен XplorerGLX мәлімет тіркегішті физика сабақтарында физикалық эксперименті көрсетуге, фронтальді зертханалық жұмыстарды орындауда және практикұмдарды өткізу кездерінде ақпараттық технологиялардың қолдану аясын арттыру. XplorerGLX мәлімет тіркегішті қолдану арқылы тәжірибелер өткізу кезінде және PASCO құралы зертханалық жұмыстарды жасау кезінде оқушылардың ойлау қабілеттері



4-сурет. XplorerGLX сыртқы түрі мен шкаласынның жалпыинтерфейсі

артып, физикалық ұғымдары тереңдей түседі (4-сурет). Сонымен қатар зертханалық жұмыстарды орындауда, физикалық құбылыстарды көрсетуде өлшеуіш аспаптарды қолдану мен орнату кезінде оқушылардың физикалық заңдылықтарға деген ойлары тереңдетіп, тақырыптарды өту кезінде ғылыми-зерттеу түсініктері қалыптасады.

Мысалы: «Дененің орналасуы және удеу», «Ньютонның екінші және үшінші заңы», «Тепе-тең күштер», «Серпімділік заңы», «Центрге татқыш күш»,



5-сурет. XplorerGLX интерфейсі

«Электромагниттік индукция», «Балқу жылуы» және т.б. физикалық тәжірибелер көрсетуге болады. Көптеген педагогтар PASCO құралы мен XplorerGLX мәлімет тіркегішті сабақ үстінде қолдану кезінде оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артатындығына, сонымен қатар сабақтың жанды және қызықты өтетіндігіне көздерін жеткізіп отыр.

Тәжірибедегі ақпараттарды тіркеу түрлерін және XplorerGLX мәлімет тіркегіштегі графиктер мен кестелерді қолдану арқасында оқушылар процесстің өтуін жақсы ұғады және тез қорытынды жасай алады (5-сурет). Сондықтан пән бойынша өтіліп жатқан тақырып қолжетімді және қызықты болады. Құрылғыларды бір-бірімен байланыстыру арқылы тәжірибелерді өткізу кезінде оқушылардың физикалық шамалардың өлшем бірліктеріне деген түсініктері артады [5].

3. Локальді желіні қолдану

Физика пәнін оқытуда мектептегі мультимедиалық кабинетті қолданған жөн, себебі жалпы оқушыларға интерактивті тақтада бір тәжірибені ғана көрсете аламыз, ал мультимедиалық кабинетте оқушыларды топтарға бөліп әртүрлі тапсырмалар беруге немесе көрсетуге болады. Сондықтан мультимедиалық кабинеттегі компьютерлік локальді желіні басқару үшін мен Net Control 2 Classroom бағдарламалық комплексін қолданамын. Бұл NC2 Classroom бағдарламалық комплексі білім беру мекемелеріндегі мұғалімдерге арналған (6-сурет). Яғни,



6-сурет. Net Control 2 Classroom бағдарламасының тіркелу интерфейсі

бағдарламаның презентациялығы мен коммуникация-лығының

мүмкіндіктерінің кең спектрлігі оқушылардың компьютерлік сыныпта алатын білім үдерісін бірталай жақсартады және жеңілдетеді.

Net Control 2 Classroom бағдарламалық комплекстің көмегімен мұғалім:

Оқу материалын түсіндіре алады, суретті өзінің компьютерінен оқушылардың компьютерлеріне жіберіп көрсете алады. Өткізіліп жатқан тақырып мұғалімнің жұмыс үстелінен жүктелген кезде оқушылардың мониторларында көрінуі тиісті.

Кең коммуникациялық мүмкіншіліктерді қолдану: виртуальді тақтаны, лезде қолданатын чат, SyncPlayer, видеоны синхроды түрде барлық компьютерлерге қосуға, мұғалімнің сөйлеген дауысын лезде барлық немесе тек жеке оқушыларға жібере алуға және мәтіндік хабарлама жібере алады.

Бағдарламаның шектеу қоятын құралдарының көмегімен мұғалім өз компьютерінде отырып, оқушы компьютерлерін уақытша шектейді (доступ), ойындарды ашуға, веб сайттарға кіруге және керек емес қолданбалар мен бағдарламаларды қосуға шектеу қоя алады. Сонымен қатар USB құрылғыларды қосуға және баспаға жіберетін (принтер) құрылғыларды қосуға тиым сала алады (6-сурет).



7-сурет. Net Control 2 Classroom бағдарламасының желіні басқарудың түрі

Локальді желіні физика сабағында қолдану кезінде үш немесе төрт топқа бөліп өткізуге мүмкіндік туады. Мысалы: бірінші топ - тақырыпқа байланысты өз компьютерлерінде тест тапсыра алады. Екінші топ - физикалық құбылыстарды бақылай отырып олардың заңдылықтарын айтуға өз беттерімен дайындалып отырады. Үшінші топ - берілген құбылыстарды практикада қолданылуын кестеде объектілерді

сәйкестендіру арқылы толтырады, барлық толтырып болған соң түсіндіреді.

Төртінші топ – лабораториялық эксперименттің үзіндісін бірнеше рет көреді және мұғалімнің алдын ала жасалып дярланған блоктарымен демонстациялық үстелде көрсетуге тырысады [6].

4. Сайтты қолдану

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде әдістемелік сайтты қолдану өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сайт педагогикалық қарым-қатынастардың құралы екендігін, сонымен қатар ол жалпы мектептің мұғалімдер ұжымына, жеке мұғалімдерге және оқушыларға керек екендігін интернет желісінің дамуындағы халықаралық іс-тәжірибелер көрсетіп отыр. Педагогикалық қызмет атқаруда сайт құру ол – жаңа орта мен жаңа мүмкіншілік тудырады. Сол сайт мұғалімнің жұмыс құралына айналады және біртіндеп білім беру барысында қолданысқа ие болады. Яғни, оқушыларға қашықтықтан білім беруде, жобалар

жасау кезінде сұраныстар құруда және телекоммуникациялық іс-шаралар өткізуде педагогтардың, мұғалімдердің, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын ұйымдастырады.


Мұғалімнің әдістемелік сайт құруда алатын мүмкіншіліктері:

- ✓ өзінің педагогикалық іс-тәжірибелерін көптеген әріптестеріне ұсына алады;
- ✓ оқушыларға қашықтықтан білім беруді қолданудың дағдыларын қалыптастырады;
- ✓ интрактивтік қарым-қатынас дағдыларын тереңдетеді;
- ✓ ақпараттық технологияларды қолдану құзыреттілігін арттырады.

Қазіргі интернет желісінде көптеген тегін серверлер мен хостингтер бар. Солардың ішінде өте қолайлы, себебі бұл платформа ішінде хостингі және сайтты басқару жүйесі бар. Басқару жүйесінің итерфейсі мұғалімге жұмыс

істеуіне өте ыңғайлы және қарапайым.

UCoz платформасында мен өзімнің www.Berikzhan.ucoz.org атты сайтымды құрып алдым. Бұл сайтпен жұмыс істеудің сызба-нұсқасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. Әдістемелік сайтпен жұмыс істеудің сызба-нұсқасы.

Мысалы: оқушы бұл сайтқа тіркелген болса, онда физика пәнінен тест тапсырмаларын орындай алады, орындағанан кейін алған нәтижесін лезде көре алады және сол оқушының алған нәтижесі менің электрондық

жәшігіме хабарлама ретінде жіберіледі немесе сайт администраторы ретінде кіріп көруіме болады. Сонымен қатар үй жұмыстарын мен өткен сабақтың презентациясын алуға және деңгейлік есептерді шығаруға мүмкіншілік туады.


Сайттың арқасында мұғалімдер мынандай мәселелерді дәйектей алады:

- ✓ мұғалімнің портфолиосын көрсетуге;
- ✓ педагогикалық қоғамдық бірлестіктерге (сообществаларға) өз материалдарын ұсыну арқылы тәуелсіз баға және ақыл кеңес алуға;
- ✓ оқушылармен қарым-қатынас жасау әдістерін іздеуде;
- ✓ қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруға;
- ✓ сайтпен жұмыс жасаудағы шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға;
- ✓ жас педагог мамандарға көмек ретінде қолдануға;
- ✓ форумдар арқылы білім жүйесін сараптамауға [7].

5. AdobeConnect бағдарламасын қолдану;

Мен физика сабағын қашықтықтан беру кезінде Adobe Connect бағдарламасын қолданамын. Мысалы оқушы сабаққа қандайда бір себептермен келмей қалғанда, денсаулығына байланысты үйде оқитын оқушы болса немесе өткен сабақты толық түсінбеген оқушы болса, онда бұл бағдарламаны қолданған қолайлы. Adobe Connect бағдарламасы бірнеше қолданушыларға

(оқушыларға) web-конференциялар өткізуге мүмкіншілігі бар. Web-конференциялар қатысушыларға онлайн-сұхбатта сабақ өткізу үшін бөлмелер беріледі. Дәріс берілетін бөлме әртүрлі операциялық панелдер мен компоненттерден тұрады. Осы компоненттер мен панельдерді қолдану арқылы жазуға арналған тақтаны шығарып алуға, сабақтың презентациясын көрсетуге немесе әртүрлі видеоны, суреттерді көрсетуге болады. Оқушы қашықтықта отырып Web көмегімен мұғалімді көре алады және қанша оқушы қатысып отырғандығын мұғалім көріп отырады. Бұл бағдарламаның жалпы интерфейсі 9-суретте көрсетілген.




9-сурет. Adobe Connect бағдарламасының тіркелу түрі және қашықтықтан қарым-қатынас жасау мен презентацияны ұсынудың интерфейсі .

Осындай бағдарламалар оқушылардың білімдерін арттыруға және оқу бағдарламасынан қалмауға көмектеседі. Өйткені қазіргі оқу жүйесінде пәндер көбейіп жатыр, ал оқушылар сабақтарын істеуге уақыттары жетпейді, ал бұл бағдарламалар арқылы оқушыны қосымша физика пәнінен олимпиадаға дайындауға көмектеседі. Оқушы кешке үйінде отырып-ақ web-конференция арқылы мұғаліммен бірігіп есептер шығаруға мүмкіндік туады және мұғалімнің немесе оқушының онлайн тақтаға жазғаны екуіне де көрініп тұрады [8].

6. Ғаламтор желісі арқылы сабақты анимацияларды қодану және олимпиадаға дайындау .


Көптеген педагогикалық технологияларды алатын болсақ, онда қазіргі кездегі оқушыларды өз бетімен білім алуға итермелеуде.

<https://www.mozaweb.com/kk/> сайты арқылы көптеген пәндерді 3D анимацияларын қолдану арқылы көрекі түсіндіруге мүмкіндік бар. Бұл жерде кез-келген пәндерде кездесетін құбылыстарды анимациялық роликтер арқылы оңай түсіндіресіз.



Мысалы: төмендегі құбылыстарды түсіндіру кезінде анимациялар қолданған өте тиімді.

1. «Динамо механикалық энергияны электр энергиясына айналдырады»



2. Биология пәнінен «Біздің денемізде бұлшықет ұлпаларының үш түрі кездеседі: көлденең жолақты бұлшықет...»



тағы басқа құбылыстарды көрнекі түрде көрсету ыңғайлы және оқушылар жаңа тақырыпты жақсы түсінетін болады. <https://www.mozaweb.com/kk/> бұл сайтта тек физика мен биология пәндерінен ғана емес басқада пәндерден анимациялық роликтер бар.

Ал оқушылар физика пәнінен білімдерін тереңдетіп, олимпиадаға дайындалуы үшін <http://distolymp2.spbu.ru/olymp/> және <http://www.fizolimpiada.ru/> сайттарына тіркеліп, сайт қолданушысы ретінде кіріп еспетердің шығару жолдарына қарап, есептер шығаруға дағдыландыру. Бұл сайттарда есептердің дұрыс шығарылғандығы жайында оқушы ақпарат алып отырады және есептер жеңілден күрделіге қарай бағытталған. Сонымен қатар олимпиадаға дайындалатын ресурстар тізімін <http://www.den-zadnem.ru/school.php?item=301> сілтемесінен алуға болады [9].

Еліміздің болашағы саналатын жас ұрпақ тәрбиесіне, ғылым мен білімнің өркендеуіне ақпараттық технологиялардың тікелей байланысы болғандықтан, осы ақпараттық технологиялардың жұмысын толық та, өте жақсы меңгертіп, өзіміздің жаңа сабақтарымызға қолдануымыз керек деп ойлаймын.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық технологиялар кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Техниканың қарқынды даму заманында физика пәнін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың жолдары мен әдіс- тәсілдерін іздеу қажет. Келешек қоғамның бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы
3. Садыбекова Ж. «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі» « Информатика негіздері » 2008 ж.№ 4
4. Мельник С.С. Часть III. Проведение тестирования. Интерпретация и сохранение результатов ActivInspire, <http://www.it-n.ru/>
5. «Интерактивтік оқытудың президенттік бағдарламасы» атты білім беру порталы. <http://www.ljcreate.com/pili>
6. **Филиппова И.Я.**, «Применение информационных технологий в преподавании физики» <http://festival.1september.ru/articles/100976/> , <http://www.netcontrol2.ru/>
7. **Лежнина М. А.**, «Создание авторского сайта педагога», **Центр новых образовательных технологий, Томский педагогический государственный университет**, <http://planeta.tspu.ru/?ur=810&ur1=948&ur2=1019>
8. Встречи с Adobe Connect, <http://vido.com.ua/article/4585/vstriechi-s-adobe-connect/>

Молдахметова Асия Молдахметқызы
Бурабай ауданы, Абылайхан атындағы орта мектебі
Молдахметова Нурбахыт Абаевна
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
nurbakhyt_1987.nayka@mail.ru

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

***Аннотация:** Дарындылық – баланың алғырлығы, зерделігі, қабілетімен дамып отыратын үздіксіз процесс болғандықтан, айрықша табиғи қабілеті мен нақты пәндерден ерекше дарындылығы бар балалардың интеллеуалдық қабілетін дамыту, шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру.*

***Түйін сөз:** Дарынды бала, педагог, қабілет, шығармашылық.*

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында білім беруді инновацияландыруға сай икемдеу үшін білім беру жүйесін ақпараттыңдыру, жаңа талапқа сай дамыту талабы қойылып отыр. Осы талапқа сай бүгінгі таңда білім беруде жеке тұлғаны дамыту, дана және дара ойлай алатын дарынды баланы оқыту мен тәрбиелеу жолдарын айқындау қажеттігі айқын.

Яғни, қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өнуі, әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Сондықтан да, мемлекет басшысы болашақта қазақ елінің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас дарындарға үлкен назар аударуда, қолдау көрсетуде. Осы орайда қандай да болмасын білім беру мекемесі оқушыларға, студенттерге мемлекеттік білім стандартына сай білім берумен шектеліп қалмай, оларды ғылыми ізденіс жұмыстарға тартып, шығармашылық, дарындылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс жүргізуі тиіс.

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алуына, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған, білімді, өз ісін және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Мектеп – білім берудегі бар мүмкіншілікті қамтамасыз ететін білім ошағы болып табылады. Өз ұлтын, тілін сүйіп, қастерлейтін адам ғана, сонау әлімсақтан мирас болып келе жатқан ата-ананы, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, мейірбандық, инабаттылық көрсету сияқты ізгі қасиеттердің иесі бола алады. Қазақ жастары осындай ұлтжандылығымен, өздеріне тән ұлттық болмысымен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс деп ойлаймын. Ар- намысын жоғары ұстаған ел ғана басқа ел алдында әрдайым абыройлы, сыйлы болмақ. Міне осы тұрғыда мектеп педагогтардың алдындағы басты назар аударатын міндеттердің бірі білімді де тәрбиелі тұлға тәрбиелеуге бар күштерін жұмылдыру болып табылады[1].

Бүгінгі білім берудегі тәжірибе оқушылардың және студенттердің әртүрлілігін көрсетіп отыр. Білім берушінің алдындағы басты назар аударатын негізгі міндеттердің бірі – дарынды балаларды анықтап, оларға адамгершілік қасиеттерді дарыту, шығармашылыққа үйрете отырып, терең біліммен қаруландыру. Интеллектуалдары шығармашылыққа жақын сараптай алатын, байланысын сезе алатын өте жақсы дамыған оқушылар өз қатарларынан өзгешелініп тұрады. Олар өздерін қызықтыратын сұраққа үнемі жауап іздеп, білім құмарлықтарымен және өзіндік ізденімпаздықтарымен көзге түседі. Дарынды балалар мектепке баруға құлшынады, сабаққа барған кезде осындай дарынды балалармен қиын жағдайға ата-аналарда, оқытушылар да тап болады.

Осындай білім құмар балаларға сынып іші жалықтырып жібереді. Педагогтар сынып ішіндегі барлық баламен жұмыс жасауы үшін тырысып бағады, себебі бір сыныпта дарынды баламен қатар, қабылдауы төмен балаларда отырады. Оқу бағдарламасын барлығына дерлік ұғындыру, барлығымен жұмыс жасау мұғалімге қойылатын басты талап болып табылады. Ендеше, осындай жағдайлар дарынды баланы жалықтырып алмау үшін арнайы жұмыс жасау қажеттігін көрсетіп отыр.

Қазіргі таңда дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Елбасымыз Қ.Тоқаев: «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген[2].

Сонымен қатар **дарынды дегеніміз** - адамзат баласының басқаларға қарағанда ерекше ойлау, талдау, еске сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз.

Дарындылықты анықтаудың мынадай параметрлеріне тоқтала кететін болсақ:

- Оқушының танымдық /білім/ іс-әрекетінің басқа оқушылардан озық дамуы

- Психологиялық жоғары дамуы
- Дені сау, жан-жақты толық дамуы
- Ойлау қабілетінің озық болуы
- Айналадағы құбылыстарды не басқа процесстерді етеңе жақын түсінуі
- Туа бітті шығармашылық қабілеттің

Дарындылықтың түрлері:

- Интеллектуалды
- Академиялық
- Шығармашылық
- Көсемдік /лидер/
- Көркем орындаушылық

Дарындылықты анықтау критерийлері:

- Теориялық материалды толық игеруі
- Материалды игеруде табандылық көрсетуі/бастап кетпеуі/
- Алынған білімді әр сабақ сайын дамыту

- Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану
- Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы
- Өзіне-өзі талап қоя білуі
- Тапсырылған жұмысты сапалы орындауы

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Оқушының тарау бойынша өз бетімен тест құра білдіруі
- Тақырып бойынша модель құруға үйрету
- Алынған білімдерді әр сабақ сайын дамыту.
- Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану
- Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы
- Өзіне – өзі талап қоя білуі
- Тапсырылған жұмысты сапалы орындалуы.

Бүгінгі таңда дарынды бала сөзі жиі қолданылып жүр. Дарындылық - адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.

Қазіргі таңда барлық оқушы дарынды оқушы бола бермейді. Бұл қасиетті байқап, оның бар екеніне көзжеткізіп, бойындағы дарынын одан әрі өрбітуге, ұштауға, арман асуларын жұлдыздай жарқырап, тау бұлағындай мөлдіреп, халқының, ата-анасының мақтанышы болуға мүмкіндік жасау педагогке артылатын жүк болып саналады.

Дарындылық – баланың алғырлығы, зерделігі, қабілетімен дамып отыратын үздіксіз процесс болғандықтан, айрықша табиғи қабілеті мен нақты пәндерден ерекше дарындылығы бар балалардың интеллетуалдық қабілетін дамыту, шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру. Дарындылықты қалыптастыру мен дамытуда педагогтың алар орны ерекше. Осы орайда білім алушының қабілетін айқындай отырып, дарындылығын анықтау - баланың дамуын бағдарын талдаумен байланысты ұзақ процесс[3]. Осы тұрғыда алдымен дарындылық ұғымын анықтап алсақ. «Дарындылық» ұғымы "сый"("дар") деген сөзден шыққан, дамудың алғышартын білдіреді.

Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төменгідей анықтама беріледі. **"Дарындылық** - белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі". деп айта аламыз. Балалар дарындылығын зерттеумен және ерекше балаларды оқыту және тәрбиелеудің психологиялық - педагогикалық жақтарын қарастыру қырлары әр қилы болуы тиіс.

Қазіргі күнде ерекше қабілетті балаларды іріктеп, олардың әрі қарай дамуы үшін жағдайлар жасауы керек екендігі анық. Себебі, баланың қабілеттерімен таланттарын толық ашу өзіне ғана емес, мемлекетке де қажет болып табылады[4].

Жаңа технологияларды практикаға енгізу және игертудегі сапалы қадамның сандарынан қоғамның стандартты емес ойлау қабілетіне ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге, жаңа мазмұн енгізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттерді қойып, оларды шеше алатын мамандарға деген қажеттілікөсті.

Яғни, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы және адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Осы мәселе негізінде дарындылықты анықтап алу негізге алынуы шарт. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін дарынын ашу - мұғалім міндеті, бала бойындағы ерекшелікті, қабілетті танып, соған бағыттап дарынды баланың болашағының ірге тасы дұрыс қалануына мүмкіндік жасауымыз қажет. Дарынды баламен жұмыс жасаудағы бағыт оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дарындылықты анықтауда бірнеше жақта қарастырылды. Олар: интеллектуалдық дарындылық, шығармашылық дарындылық, әртістік дарындылық, музыкалық дарындылық, техникалық дарындылық және спорттық дарындылық. Баланың жанына жақын дарындылықты дәл тауып, соны жандандыруға жұмыс жасалынғанда дарынды баламен жұмыс өз нәтижесін табады.

Дарындылық - жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры. Дарындыларды шығармашылық жолға бағыттап, оны іске асыра білу және ғылыми - білім кеңістігінде қалыптасқан жеке тұлға үшін мына талаптар мен міндеттерді оқытушы педагог ескеруі керек. **Міндеттері:**

- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- өзін-өзі бақылау мен өз білімін жетілдіру;
- жеке тапсырмалар беру арқылы оқыту;
- жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілетін анықтау.

Осы міндеттерді орындау үшін және оқушылардың дарындылығын анықтауға қойылатын талаптар:

1. Шығармашылық:

- ойлау;
- қабілет.

2. Мотивация (жеке-мотивациялы ерекшелік).

- күрделі тапсырмаларды шешуге ұмтылыс;
- пәнге қызықтыру.

3. Оқушылардың әлеуметтік үйренуі:

- сөйлесуде;
- тәртібінде.

Келесі кезең - бағалаушылық болып табылады[5]. Бұл кезеңнің негізгі міндеті диагностикалық кестеде ізденіс кезеңінде алынған ақпараттарды нақтылау мен бекітуге бағытталған. Осы кезең барысында педагогикалық іс-әрекет бір реттік зерттеумен арнайы бағдарлама бойынша сабаққа ауысады. Бала туралы алынған ақпаратты негізділігі мен дәлелділігіне қарай осы кезең барысында жүйелі түрде кең танымал психодиагностикалық әдістемелерді қолдана отырып, балаларды жеке және ұжымдық зерттеу жүргізледі. Бұл жұмыстың жүйелілігі, ұзақ мерзімділігі бала туралы алынған ақпараттардың дәлелділігінің қосымша кепілі қызметінде атқарады.

1. Дарынды оқушыны қалай оқыту керек? Бұл мәселені шешу үшін әуелі дарындылық ерекшеліктері анықталады. Сол ерекшеліктерді дамытуға бағытталған оқыту технологиясы белгіленеді.

2. Қандай оқушы дарынды, ерекшелігі неде? Бұл сұраққа жауап беру барысында арнайы оқыту технологиясының мазмұны анықталып, құрылымдық жүйесі жасалды. Яғни, дамыта оқыту деп мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері оқушының өнімді ойлауының даму заңдылықтарына сәйкес берілген оқытуды айтамыз[6].

Өнімді ойлаудың жүйесі – танымдық іс-әрекеттен логикалық іс-әрекетке келтіру, одан шығармашылыққа бағыттау. Ол үш негізгі аспектіні қарастырып қамтиды:

1. Танымдық - оқу материалдарын игеруі, қызығуы, танымдық белсенділігі.

2. Логикалық - оқу материалдары бойынша логикалық ойлау процесі арқылы құрылымындағы тапсырмаларды орындау.

3. Шығармашылық - шығармашылық әдіс-тәсілдері игеруі, шығармашылыққа қадам жасау, түрлендіру, ой туындатуы, қорытынды жасау, ғылыми-ізденіс жүргізу.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік - баланы психологиялық дайындықтан өткізу. Психологиялық дайындық, яғни педагогтің психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады. Шығармашылық шеберлік үшін оқушыға ұстаздың берер психологиялық әсері мынадай болмақ керек деп ойлаймыз:- "сенің қолыңнаи бәрі келеді", "сен қабілеттісің", "жаз", "үйрен" деп, баланың еркін билеп, сенім білдіру;- оқушының кішкентай жегістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, оқушылар басылымында өлең, әңгімелерінің жарық көруіне көмектесу;- шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту;

Шығармашылық ойлап - табудың әр түрлі тәсілдерін үйрене отырып, дарынды балалар пәндерді оқу барысында өздерінің «шығармашылық қабілеттерін» қолданып, К.Урбан айтқандай, нақты ғылыми зерттеулер мен дивергенттік ойға тікелей әсер етудің шексіз мүмкіндіктерін көрсетеді.

Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – ең басты мәселе. Ал оқытудың түпкілікті нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан – жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру[7].

Оқушының дарындылығын анықтап, дамыту мақсатында әр пән педагогтың алдында төмендегідей мақсаттар мен міндеттер болуы орынды:

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

2. Жан-жақты ақпараттандыру;

3. Коммуникативті бейімдеу;

4. Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету;

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда педагогтар мынандай жұмыс түрлерін қолданады:

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құрады;

2. Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасайды;

3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал етеді;

4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құрады; Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда педагогтар мынандай мәселелерге баса назар аударуы қажет:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

Оқушының дарындылығын анықтауда мынадай жұмыстар атқарылады:

1. Дарынды бала туралы педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік ақпараттар, мәліметтер жинақтау.

2. Бақылау

3. Анкета

4. Психодиагностика

5. Социометрия

6. Әңгімелесу

7. Интервью сынды жұмыс түрлері жүргілуі тиіс.

Аталмыш жұмыстар жүйелілікке негізделіп, дарынды оқушымен жұмыс түрлері іске асу барысында оқушының өзін өзі бақылауы негізінде төмендегідей өзгешелікті байқауға болады:

1. Интеллектуалды эмоциялық бірлікті сақтай біледі;

2. Шешім қабылдайды;

3. Сенімділік туындайды;

4. Өзгелермен салыстырады;

5. Өзін-өзі бақылайды;

6. Жауапкершілік туындайды

7. Мінез-құлқы өзгеріледі;

8. Ғылыми тұрғыда ізденеді;

9. Материалдарын жинақтайды.

Дарынды баламен жасалынатын жұмыс барысында төмендегідей бағыт-бағдарды жоспарлаған орынды:

1. Оқушымен жасалынатын жұмыстың икемді және ұтқыр формасы құрылуы тиіс;

2. Жеке пәндерді оқытуда бағдарламадан тыс материалдар негізі қамтылып, тәуелсіз құрылымы жасалуы қажет;

3. Дарынды оқушының ғылыми

4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты педагогтың өзіндік оқу жоспарын құру;
5. Оқушыға ЖОО-на ғылыми жетекшілік жасайтын ұстаз бен тығыз байланыс жасауына ықпал ету;
6. Дистанциялық оқуды ұйымдастыру.

Дарынды баланың жасаған жұмысына қолдау көрсету де оның болашағына ерекше әсер береді. Оның өзінің білімділігіне деген сенімділігі арта түседі. Қолдау көрсету дегеніміз өзі баланың жұмысын таныстыру, тарату ұғымдарымен астасып жатады. Ол дегеніміз:

1. Тәжірибелерін газет, журнал беттеріне беру;
2. Байқауларға қатысу;
3. Іс-шаралар ұйымдастыру;
4. Мектептермен тәжірибе алмасу.
5. Бақылау күнделігін жазып отыру;
6. Психологиялық материалдар жинақтау;
7. Кітапша құрастыру.

8. "Реферат";

9. "Портфолио" арқылы жасалынып жатқан ғылыми жұмыстарын дамытып жариялау[8]. Дарынды баламен жұмыс негізінде біріншіден: өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге, жаңашыл, төзімі берік, үнемі өзін дамытуға, ізденетін, экспериментшіл, принципке берік, ешкімді қайталамайтын, энтузиаст, бойына дарындылықты қалыптастыра білетін тұлғаны күтеміз. Екіншіден: дарынды балалар келешектегі кәсіби мамандық таңдауда өздері шешім қабылдайды. Олар мектептегі жасалынған жұмыс негізінде болашақ мамандықтарын қателеспей таңдай алады және болашақта жақсы маман иелері болып шығады. Үшіншіден: дарынды баламен жұмыс барысында мектеппен ғана шектелмей, жоғары оқу орындарымен байланыс жасалынады; төртіншіден өз беттерімен дарындылық орталығын құруға мүмкіндік жасалынады; Болашақ педагогтың бағыт-бағдарына байланысты талаптар:

• Дарынды оқушымен жұмысқа тұрақты қызығуы, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі;

• Дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;

• Дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге ұмтылуы;

Ғылыми жоба тақырыптарын таңдау ережесі

1. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек.

2. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

3. Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек.

4. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.

5. Тақырып жұмыс ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалатындай болу керек.

6. Тақырыпты бәрі түсінетіндей болу керек, әрине тақырып оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек.

7. Тілегі мен мүмкіндігінің ұштасуы.

Ең бастысы табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйын одан әрі дамытып, ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыру үшін аянбай еңбек етіп, педагогтың өз бойындағы да қабілетті аша түсу, көш соңында қалып қоймай, қоғам алдындағы міндетінді азаматтық тұрғыдан ойдағыдай орындау[9].

XXI-ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтарының бірі – мектеп білімін жаңарту. Ол оқушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруы мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек.

Сондықтан да ғылыми жоба технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Егер оқушы ғылыми жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса - ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады[10].

Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттардың, пікір – сайыс яғни интеллектуалды ойындардың мақсаты - Қазақстандық қоғамдағы өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, ашық пікірталас алаңында талқыға салу арқылы оқушылардың шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру; жастардың ғылымға қызығушылығын туғызып, мемлекетшілдік сананы дамыту болып табылады. жұмысының жоспары өзі қалауындай етіп жасағаны орынды, өзіндік шешім қабылдауына ықпал ету қажет;

Сонымен қатар оқушының ғылыми жұмысының тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Пәндік олимпиадалардың негізгі мақсаттары мен міндеттері педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, кәсіби және ақпараттық құзыреттілік деңгейлерін арттыру мен қатар, дарынды оқушының өзін қызықтыратын пәнде шығармашылық белсенділігін ынталандыру және қызығушылығын дамыту, ғылыми білімді насихаттау болып табылады[11]. Түрлі іс шараларға қатысу арқылы балалардың дарындылық қыр-сырын қарап бақылауымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж. Аймауытов Комплексті оқыту жолдары. – Қызылорда, 1929 – 110 б.
2. Н.Назарбаев. Туған елім – тірегім, (Құрастырғандар: М.Қасымбеков. Қ.Әлімқұлов). – Алматы: Рауан, 2001. - 128 б.
3. Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі – Дарын, 2009. №5, 112-116б.

4. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы/ Білім-образование, 2009. №5, 3-5б.
5. Омарқұлова С.А. Дарынды баламен жүргізілетін жұмыстардың әдістері мен түрлерін жетілдіру // Мектептегі технология, 2009. №5, 3-4б.
6. Бекжанова М.Б. Дарынды балалармен жұмыс – заман талабы // Қазақстан орта мектебі, 2009. №5/6, 18-25б.
7. Акменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері, 2009. №2, 130-134б.
8. Тоқтарбаева Р. Дарынды оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу // Тәрбие туралы, 2010. №6, 7-9б
9. Шырынбаева Г.К. Оқушы дарындылығын анықтау теориясына негізделген мұғалім қызметі // Қазақ тілі: әдістеме, 2010. №3, 2-4б.
10. Оқушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарын өткізуге әдістемелік нұсқаулар. Астана 2007.
11. Темірбаева С. Дарынды оқушылармен жүйелі жұмысының маңызы // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл, 2009. №7-8, 11-12б.

ӘӨЖ 311.4

Мукатаева Ляззат Жамбуловна
Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
Акаева Рауза Кельмановна
Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ДАРАБОЗ ҰЛЫ

***Аннотация:** Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген.*

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзіқарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауатын ашып, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

Ахмет Байтұрсынов мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жинап, бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. 1913-1918 жылдар арасында "Қазақ" газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан-алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Ғалымның «Маса» жинағы қазақ қоғамында үлкен серпіліс берген еңбек болды. Онда ол өзі бақылауда жүргесін, ойын тұспалдап жеткізуді көздеді. Қазақ патшалық жүйеден әбден зәбір көріп, не оқуға мүмкіндігі болмай, не өз жерінде еркін өмір сүре алмай күйі

кешкені Ахметтерге қатты батты. Сондықтанда ол сары маса арқылы елін оятып қана қоймай, білім алуға, еңбек етуге, өз жері үшін күресуге үндеді. Азаттығы жоқ елдің болашағы жарқын еместігін сезінді. Сондықтан Ахмет бабамыздың бізге қалдырған өнегелі жолы әрқашан даңғыл жолға бастайды.

Елдікті ойлаған дарабоз тұлғаның еңбегі еш кетпегенін ұрпақ санасына сіңіру біздің ұстаздық міндетіміз бен парызымыз.

Тірек сөздер: Ахмет, Алаш, ардақты азаматы, ұлт мүддесі, қазақ жері, «Маса» жинағы, азаттық.

Қазақ даласындағы айшықты оқиғаларды ауызға алғанда, кешегі патша заманында өз ұлтының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған алаш қайраткерлерінің ерен істерін қаперге алмай мүмкін емес. Әлихан бастаған алашшыл азаматтардың қатарында осы Ахмет Байтұрсынов та бар еді. Ол өзінің бар ғұмырын елінің болашағына арнады. Талай қым-қуыт күндерді бастан өткере жүріп, дүбелеңге толы шақтарда қазақтың ұлттық мүддесін бәрінен биік қойып, азат ел болуы үшін жанын да аяған жоқ.

Өмірбаянына үңілсек, ол 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген екен. Әкесі өте батыл, бірбеткей адам болған. Патша заманында облыстың басшысы Яковлев дегенді қамшымен сабап, жанжалдасып қалған екен. Осы ісі үшін оған уез басшысы жазалаушы әскер жіберіп, отбасымен ауданнан қуады. Байтұрсын мен інісін түрмеге жабады. Сот ағайынды Шошақұл ұлдарын Сібірге он бес жылға жер аударуға үкім шығарады.

Бұл кезде Ахмет он жаста еді. Осындай әкеге жасаған қиянатты көріп, жүрегі езілді. Қазаққа келімсектердің әңгір таяқ ойнатқан оқиғалары оның ұлт мүддесі жолындағы өміріне жаңа леп берген еді.

Міне, Ахмет Байтұрсынұлы әкесі қудаланған соң бауырларының қолында тәрбиеленді. Жас Ахмет сол жылдары Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Кейін Орынборға жол тартып, мұғалімдер мектебінен дәріс алады. Осылай оның ұстаздық кескін-келбеті қалыптасқан еді.

Жиырма үш жасында ол педагогтік қызметке араласты. Ақтөбе, Қостанай және Қарқара өңірлерінде мұғалім болып шәкірттерге білім берді. Осы қызметте жүріп, өз ұлтын кемсіткен оқиғаларға куә болды. Ақ патшаның озбыр саясаты оны ұлт мүддесі жолындағы жұмысына жаңаша сипат берді. Отар ел болудың қандай қасіретті екенін жанына түйіп, қаймана қазағына еркіндік әперудің оңай еместігін түсінді.

Жалғыздың шаңы шықпайтын залалы заман еді. Ұлт болып ұйысудың да оңайға соқпайтынын білді. Сосын өз алашы үшін осындай қаныпезер империяның құрсауынан босаудың жолын қарастыру керек деп түйді. Ол басқа да қазақ зиялыларымен бірге, патша үкіметіне жерді әділ пайдалану туралы ұсыныспен шықты. Бірақ, олардың сөзін елең қылғысы келмеген озбыр үкімет өз дегенін істеп бақты. Ұлан ғайыр қазақ жеріне сырттан келімсектер келебастады. Оларға шұрайлы жерлер бөлініп, қазақтың қысты қыстауы, жазда жайлауы болған жерлердің дені Ресейдің ішкі өңірлерінен келген мұжықтарға беріліп, қазақтың өзі шөл далаларға ығысты.

Бұл нағыз «мақтамен бауыздағандай» жаулап алудың айқын бір көрінісі еді. Қазақтың сандық көрсеткішін азайтудың қамы үшін жасалған сыңаржақ құйтырқы саясат екенін қазақ зиялылары білмей қалған жоқ. Осы көштің басында болған Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Олардың жоғарыдағы әлсін-әлсін жазған хаттарына патша билігі жауап берген жоқ, керісінше, оларды қатаң бақылауға алды.

Ахметтер осындай бақылауда жүріп-ақ астыртын жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Қайта үдете түсті. Сатқындық қай кезде болсын қазақтың арасынан табылған. Осы кезеңде де оларды сатқан қандастар болды. Солардың кесірінен Ахмет Байтұрсынұлы ұлт мүддесін көздеген әрекеті үшін екі жыл түрмеде отырып шықты. Бұл 1909 жылы еді. Бірақ, көп ұзамай бостандыққа шыққан оны арада бірер ай өткенде қайтадан темір торға қамады. Ал, артынан оны елден қуып, қазақ даласында тұруға болмайтын шешім шығарды.

Міне, осы кезеңде ол туған жеріне орала алмай, Орынбор қаласында жеті жыл бойы өмір сүрді. Оны айтасыз, Ахмет Байтұрсынұлы күдікті тұлға ретінде ұстаздық етуден де айрылды. Бірақ, ол әдебиет майданындағы шығармашылық жұмысын жалғастырды. Оның «Маса» атты өлеңдер жинағы да осы кезде басылып шықты. Орынбор да қазақтың көп шоғырланған өлкесі еді. Газет шығарып, ұлттың рухын оятуды көздеген Ахмет Байтұрсынұлы өзі шығарған газеттің редакторы болды.

Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Ақынның «Маса» жинағы қазақ қоғамында үлкен серпіліс берген еңбек болды. Онда ол өзі бақылауда жүргесін, ойын тұспалдап жеткізуді көздеді. Мысалы, бір өлең жолдарында былай дейді:

«Ызындап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіңе біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?»

Қарап отырсаң, бұл астарлы бейнеге негізделген өлең. Онда ұйқыдағы қазақты ояту, енжар ұлтқа серпіліс беру, жалқау елді еңбекке араластыру сияқты сипаттар осы өлеңнің негізгі арқауы. Демек, ол ұйқыдағы қазағын маса болып ызындап оятуды көздеді. Осы жолдардан «ызындап, ұшқан мынау біздің маса» — сергектікті, қозғалыс күйді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

Қазақ патшалық жүйеден әбден зәбір көріп, не оқуға мүмкіндігі болмай, не өз жерінде еркін өмір сүре алмай күй кешкені Ахметтерге қатты батты. Сондықтанда ол сары маса арқылы елін оятып қана қоймай, білім алуға, еңбек

етуге, өз жері үшін күресуге үндеді. Абай сияқты қазақтың дана ақындары бастаған идеяны негізге алып, өзінше ақындық сипатпен әрледі. Оның осындай ұлттық нақыштағы өлеңдерінің негізгі сарыны бір жеңнен қол шығармай, алты абақан алалықтың дертіне енген елін қатты сынға алды. Ақша үшін бір-бірін сатқан қандасының адамшылықтан аттаған әрекеттері ел болуға кедергі екенін баса айтты.

Әр жолды ойлап,
Ойыма бойлап,
Ұқтым тайыз, тереңді.
Сайраған тілмен,
Зарлаған үнмен,
Құлағы жоқ кереңді —
Ұқтыра алмай сөз әуре,
Тек тұра алмай біз әуре,— дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Елінің әбден ұғымы тайыз болып, жолдан тайғанын, оны ұқтыра алмай, жанталасқа түскенін, біреудің сөзін екіншісі көтере алмай, шамданатын кесірлі көріністер қазаққа қайдан келді екен деп мұңаяды.

Сосын ол:

Ұлғайып қайғы,
Уытын жайды,
Айтпасыма болмады.
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Көкті бұлт торлады.
Жаңбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұтайтын түрі бар,—деп тағы да толғана түседі.

Бұл орыс патшасының қазақты басып, жаншыған саясаты қатігез екенін, одан қалай арылу керек деп өзінше ой қосады.

Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлы алаш идеясын ұсынғанда ол бұған кездейсоқ келген жоқ. Сөзіміздің басында әңгіме еткен әке өнегесінен үлгі алды. Қамшысын жұмсаған әкенің жолымен ештеңе өнбейтінін білді. Біліммен ғана басқадан азат болуға болатынын өзі де түсінді, басқаға да осыны үндеді.

Осындай қиын күндерді бастан өткерген Ахмет Байтұрсынұлы ел-жұртын маса болып оятты. Оның жазған еңбектері мен істеген істері тек қазақты жеке мемлекет етуге бағышталды. Себебі, ол газетті шығара жүріп, қазақтың басқа зиялыларын да осы насихатқа тартты. Атауын да «Қазақ» деп қойып, отаршылдық саясатты ашық сынады. Басын осылай бәйгеге тікті. Ертеңім не болады деп қорыққан жоқ. Азаттығы жоқ елдің болашағы жарқын еместігін сезінді. Өзі сияқты қазақтың зиялылары бұған бел шешіп кіріспесе, ертеңі не болушы еді. Сондықтан Ахмет бабамыздың бізге қалдырған өнегелі жолы әрқашан даңғыл жолға бастайды.

Биыл оның мерейлі жылы аталып өтіледі. Көкше елі де бұған ерекше ықылас танытып отыр. Кешегі күндері өз қазағы үшін жанын аямаған, солжолда қудаланып, атылған Ахмет Байтұрсынұлы біздің тарихымызда ерекше орынға ие тұлға ретінде қарастырылады.

Біз өз ұрпағымызға тәлім-тәрбие бергенде қазіргі азаттықтың келуі, жеке мемлекет болуымыздың арнасында Ахметтей бабаларымыз тұрғанын еш ұмытуға болмайды.

Бүгінде бүкіл білім ордаларында Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойын атап өтуге арналған шаралар өтуде. Біз де оған өз үлесімізді қосамыз. Елдікті ойлаған дарабоз тұлғаның еңбегі еш кетпегенін ұрпақ санасына сіңіру біздің ұстаздық міндетіміз бен парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. Алиева Б., магистрант, Жауымбаев С.Ұ., т.ғ.к., профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
bagdat.alieva@ mail.ru

ӘОЖ 821.512.122.0

Смагулова Нұргүл Қайырбекқызы
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
Smaghulova13@mail.ru
Жайлауова Гүлнұр Өмірбекқызы

А.БАЙТҰРСЫНОВ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

***Аннотация:** Мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ руханиятындағы өзіндік орны бар Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөзі және ондағы білім беру мәселесі қарастырылды. А.Байтұрсынұлының оқу, білім мәселесін қарастырған мақалалары зерттеу нысанына алынды. Ғалымның оқу-ағарту тақырыбында жазылған мақалалары мен еңбектерінің құндылығы мен ой тереңдігі зерделенді. Оның көсемсөзінде көтерілген мәселелердің бүгінгі күні әлі өзектілігін жоймағаны туралы ой-пікір айтылды. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлының ұлт руханиятында алатын орны туралы айтылған зиялылардың көзқарастары сараланды.*

***Тірек сөздер:** ұлт руханияты, баспасөз, көсемсөз, оқу-білім, әдістемелік еңбектер.*

ХХ ғасырдың басы – қазақ ғылымының өсіп-өркендеп, өзіне дейінгі және өз заманындағы оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ілім мен білімді игере отырып, алға қадам басқан кезеңі. Осы тұста ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен алаш ағартушыларының тұлғасы жарқырай көрінді. Олардың қоғам қайраткерлігі, ақындығы мен жазушылығы өз алдына бір сала болса, енді бір сала әдістемелік мұралары ұрпақты оқыту жолындағы жанкешті еңбектері еді.

Өткен ғасыр басында алғаш рет сауат ашу оқулықтары, оқыту әдістемесі туралы ғылыми еңбек жазған тұңғыш ғалым – А.Байтұрсынов. Ол әдістеме заңдылықтарын қазақ тілі мен әдебиет әдістемесінен оқулықтар жазуда іс жүзінде қолданған және әдістемені ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым. Сонымен қатар, А.Байтұрсынов өзінің ағартушылық-педагогтық қызметін атқара жүріп, халық арасындағы оқу жайы, сауат ашу мәселелері жөнінде әдіскер ретінде ғылыми мақалаларын жариялаған.

XX ғасыр басында қазақ руханиятында «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше. Басылым тарихы А.Байтұрсынов есімімен тығыз байланысты.

«Қазақ» газеті – А.Байтұрсынов көсемсөзінің айнасы, елдік мүдде көтерілген шамшырақ. «Қазақ» газеті А.Байтұрсынов көтерген идеяны публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз.

Ахмет Байтұрсынов көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. «Қазақ өкпесі» деген мақаласы 1911 жылы жазылған. А.Байтұрсынов бұл мақаласында: «Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», - деп туған халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуды мақсат еткен. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [1,80], - деп ағартушы-ұстаз мұғалімдерге үлкен міндеттер қояды.

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер, рухани жаңғыру тұсында Алаш ағартушыларының ғылыми-әдістемелік мұраларының ұлттық тәрбие мен құндылықтарымызды насихаттауда, ұрпақ бойына сіңіруде орны өлшеусіз. Оның сыры Алаш зиялылары өздері зерттеген ғылым салаларының негізін қалауда ұлттық дәстүрлерді әлемдік өркениет үрдістерімен үйлестіріп, оларды асқан білгірлікпен ұштастыра білуінде еді. Сондықтан да қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оқыту әдістемесінің ғылым арналарын жүйелеп, жіктеген А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Қ.Кемеңгеровтың айтқан әдістемелік ой-пікірлерінің, оқулықтары мен оқу құралдарының маңызы дәл бүгінгі рухани жаңғыру жағдайында өте зор болып отыр.

Болашақ кәсіби мамандарды бәсекеге қабілетті, ұлттық бірегейлікті сақтайтын, сана-сезімі жоғары, рухани танымы жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін XX ғасыр басындағы әдістемелік еңбектер мен ұлт

зиялыларының педагогикалық мұрасын терең әрі жан-жақты зерттеудің, оқу-тәрбие үрдісіне енгізу қажеттілігін алға шығарды.

Алаш ағартушыларының XX ғасырдың алғашқы ширегінде айтқан әдістемелік ой пікірлерінің XXI ғасырдағы жаңартылған білім мазмұныбойынша білім беруде өзінің өзектілігімен, ұлттық руханиятпен тығыз байланыстылығымен алға шыққаны, өміршендігі бүгінде айқын танылып отыр.

Бүгінгі заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі XX ғасыр басындағы алаш ағартушыларының еңбектерінен бастау алатынын және әдістемелік ой тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндесетінін дәлелдеу, жаңғырту бүгінде бізге міндет екені анық.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Мұхтар Әуезов «Ақаңның елу жылдық тойы /юбилей/» деген мақаласында «сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын» деген сөздері «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсыновтың болашақ қазақ оқығандарының адастырмас ақ жолға жөн көрсетушісі, бағыт сілтеушісі болғанын байқаймыз [2, 434]. XX ғасыр басындағы ұлт тағдырын жырлаған қазақтың рухани көсемдерінің бірі М.Дулатов өзінің «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» деген мақаласында:

«Благодаря А.Байтұрсунову, хотя бессознательно, но на самом деле поддававшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции живо опомнилась и стала осознавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях, в целях сохранения чистоты киргизского языка, обусловливалась разговаривать между собой обязательно по-киргизски, в случае нарушения кемлибо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее не киргизское слово платил 3-5 коп. штрафа в пользу ученических кружков», - деп жазды [3,136]. Бұл пікірлерден А.Байтұрсыновтың ұлттық білім иен ғылымға қосқан үлесінің зор болғаны сол кездің өзінде шынайы бағасын алғанын байқаймыз.

А.Байтұрсыновтың мектеп туралы, оқу-білім туралы ойлары 1914 жылғы «Қазақ» газетінің №62 санында жарияланған «Мектеп керектері» атты мақаласында баяндалған. Онда ең әуелі мектеп ісіне керекті нәрсе ретінде білімді, педагогика мен әдістемеден хабары бар мұғалім деген қорытынды жасайды. «Мектептің жаны – мұғалім» - дейді ғалым. Мұғалім қандай болса, оның мектебі де сондай деген тұжырым айтады. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы, әрі жұрттың бәрі бірдей сыйлайтын сыйлы болуы қажет деген ой айтады. А. Байтұрсыновтың ең қажет нәрсе ретінде тағы да айрықша бағалайтыны – бағдарлама. Оқыту ісі көңілдегідей болып шығуы үшін, оның

үлгісі, мерзімді өлшемі болуы қажеттігін баса көрсетеді. 1914 жылы ғалым «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген үлкен мәселені көтерді. Себебі бала білімі бастауышта қаланатыны сөзсіз. Мақалада автор сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы мәз емес, оларда бағдарлама, оқу құралдарының жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін туралы жазады. Халықтың сауатын өз ана тілінде ашу керектігін жөн санайды, әрі бастауыш мектеп бес жылдық болып, оның алғашқы үш жылында балалардың ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқу керектігін айтады. Қазақ баласын бірден орысша оқыту жөн бе, болмаса алдымен бастауышта қазақша оқытуды міндеттеу керек пе, орысша білім алған баланың ертеңгі дүниетанымы қалай қалыптасады деген ұлт болашағы үшін мәні терең, мағынасы мол мәселені көтереді. «Бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік», - деп жазады А.Байтұрсынов.

А.Байтұрсыновтың қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар» атты еңбектерін бүгінгі күн талабына сай, жанартылған білім мазмұнын оқыту барысында пайдалануға әбден болады. Ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын қалыптастырды. Ғалымның өз пікірінше, тілдің әуелі грамматикалық ілімін жинақтап, содан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеген.

Ахмет Байтұрсынов 1928 жылы жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деп аталатын мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы, жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» [4,29], - деп білім беру әдісінің мәні мен маңызына ерекше тоқталған. Әдіскер-ғалым А.Байтұрсынұлы оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін, мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

1. Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
2. Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
3. Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;
4. Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;
5. Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;
6. Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;
7. Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталану, өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай-қайсысы болса да балаға білім беру жүйесінде өз маңызын жойған жоқ. Балаға білім беретін мұғалім үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар болып табылады.

Қазақтың үлкен тілтанушы ғалымы Н.Оралбаева А.Байтұрсынұлын қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым ретінде бағалап: «А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолданылу орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу, келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер етеді»- деп пікір білдірген [5, 568]. Шындығында, А.Байтұрсынов оқулықтары, әдістемелік құралдары сол кезеңдегі оқыту үшін ғана емес, күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Көрнекті ғалым, тілші А.Байтұрсыновтың әдістемелік мұрасының негізін балалардың сөздік қорын, сөйлеу қабілетін дамытатын дидактикалық материалдардан құрайды. Әдіскер-ғалым баланың сөздік қорын молайту мақсатында өте тиімді әдістер қолданған. Ғалым баланы ойната отырып, ойлантатын әдістерді қолдануды назарға алған.

Бұдан біз ғалым еңбектерінде бүгінгі күні оқу үрдісінде қолданылып жүрген көптеген оқыту технологияларының элементтерін көреміз. Тілші-ғалымның педагогикалық ой-тұжырымдарының түпкі нәтижесі білім алушының қатысымдық, танымдық, проблемалардың шешімін табу, ақпараттық күзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ал бұл қазіргі білім беру жүйесінің – басты мақсаттарының бірі.

Бүгінгі жаңашыл деп танылып жүрген оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз.

Бүгінгі отандық білім беру әдістемесінде жаңартылған білім мазмұнының оқыту әрекетінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының бір стратегиясы – Блум таксономиясына негізделеді.

Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясында сабақтағы тапсырмалар оқу үдерісінде қолданылатын оқу мақсаттарына сәйкес, яғни білу – нақты іс-әрекетті іске асыруға бағытталған білімі мен білігінің болуы, түсіну – іс-әрекет мазмұнының сипатын түсінуі; қолдануы – меңгерілген білімін күнделікті өмірде қолдана алуы, іске асыру әрекеті; анализ – әрекеттерді салыстыра отырып, саралауы; синтез – салыстыра отырып, сараланған әрекеттердің нәтижелік мазмұнын жинақтай алуы; бағалау – сарапталған нәтижені бағалау, өз көзқарасын, пікірін дәлелді жеткізе білуі оқушылардың ойлау әрекетін дамытуға бағытталады.

Ал осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы туралы мәселе А.Байтұрсыновтың еңбектерінен бастау алғанын аңғарамыз. Әдіскер тіл үйретуге: 1) оқу үйрету; 2) жазу үйрету; 3) сөйлеу үйретуді жатқызады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін төмендегіше жіктеген:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер **жалпылау (синтез)** немесе **жиылыңқы әдіс** теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі **жалқылау (анализ)** немесе **айырыңқы әдіс** деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде **қосу да, талдау да** болады. Ондай әдістер **жалқылаулы-жалпылаулы** немесе **айырыңқы-жиылыңқы** деп аталады. [6, 48]

Бұдан байқайтынымыз ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды екенін көрсеткен. Бұл категориялар қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда, сабақ әзірлемелерін жасауда басшылыққа алынғаны жөн. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсыновтың бұл еңбегінде қазіргі әдістемеді білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады.

Ғылым мен техника дамып, адамзат қоғамы жаңа ғасырдың табалдырығынан аттағалы бері Ахмет Байтұрсыновтың бірінші, білім – ана тілінде берілуі, екіншіден, халықтың сауатты болуы керектігі болуы туралы әлі де көкейкестілігімен құнды екенін уақыт көрсетіп отыр.

Алаш ағартушыларының еңбектерінің мәні жалпы орта білім беретін дәрежеге қол жеткен қазіргі кезеңде де бұрынғыдан да тереңдей бермек. Себебі, қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оларды оқыту әдістемесі секілді ғылым арналарын жүйелеген, қазақ тіл білімінің негізін салушы Алаш ағартушылары екендігіне ешбір талас жоқ. Бұл біздің ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш, қазақ ғылымы үшін үлкен жетістік.

Қорыта айтқанда, ұстаздар қауымы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен жаһандану кезеңінде жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды жойып алмау мақсатында осы айтылған пікірлерді өз тәжірибелерінде өзекті мәселе етіп алса, жаңа заманның шығармашыл, кәсіби деңгейі биік маман екендіктерін дәлелдеп шығар еді.

Әлемдегі бар мемлекеттің өсіп өркендеуінің, кәсіби тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуының, жаһандану жағдайында ұлттық құндылықты білім алушылардың бойына сіңірудің ең басты негізі ұстаз берген біліммен бағаланады. Ол үшін Алаш зиялыларының бізге мұра етіп қалдырған ой-тұжырымын басшылыққа алып, бүгінгі заман талабына үйлестіре, шығармашылықпен еңбек ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б
2. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 17-б.
3. Дулатов М. Шығармалар. - Т. 1. - Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.
4. Қай әдіс жақсы. А.Байтұрсынұлы. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу /Құрастырған. Р.Нұрғали. –Алматы:Жалын, 1991.–464 бет.
5. Оралбаева Н. А.Байтұрсынұлы – тұңғыш әдістемеші ғалым. Ұлттық рухтың –ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы.-Алматы: Ғылым, 199. -568 бет

6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

ӘОЖ 378.1.147

Шагирбаева Бақтыгүл Қошқарбайқызы
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
B.Shagirbaeva73@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Аннотация. Мақалада оқу мен тәрбие үдерісінде білім алушы бойында ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастырудың мәселелері айқындалады. Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып жасалғаны жайлы баяндалады. Ұлттық құндылықтарды меңгеруді қарастыра отырып білім алушылардың бойында ұлттық сана-сезім мен отанышылдық қасиеттерді сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: оқыту әдістемесі, тәрбие, ұлттық құндылықтар, оқу бағдарламасы, жаңғыру, үрдіс.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық-ағартушылық еңбектерін зерделеп оқу мен тәрбие үрдісінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік кешенін жасау, оны теориялық және практикалық тұрғыда негіздеп, жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға қалыптастырудың мәні мен маңызы зор екендігі белгілі. Осы орайда, аксиологиялық тұрғыда толыққанды дамыған, көп мәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған, ұлттық құндылықты жоғары ұстанатын тұлғаны қалыптастыру үрдісі сол кезеңдерден бері күн тәртібінде тұрған мәселе.

Құндылық ұғымы – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы.

Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология дейді (грек тілінде axis-бағалы, «құндылық», logos-ілім, ғылым). Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның объективті орны мен құндылық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құндылық-нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады» - деп сипаттаған [1, 122-б.].

Қазақ энциклопедиясында «құндылық» объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым деген анықтама берілген. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді

этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді [2, 45-б.].

Философиялық сөздікте: «құндылық»-бұл танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» - деген анықтама беріледі [3, 156-б.].

Шетелдік философия және әлеуметтану ғылымдары құндылықмәселелерін әр жақты қарастырып келеді. Т.Парсонс, Р.Б.Перри т.б. да ғалымдар құндылықты тұлға қызығушылығының ұмтылысы мен бағытталуының объектісі ретінде қарастырады және ол ұсынылып отырған бірнеше объекіден біреуіне таңдау жасауға негіз болады деп атап көрсетеді.

Р.Б.Перри ХХ ғасырда өзінің «Құндылықтардың жалпы теориясы» атты еңбегінде «құндылық» ұғымына жан-жақты түсініктеме бере келе рухани құндылықтарға мейілінше мән береді және материалдық құндылықтар емес, неғұрлым әлеуметтенген және эмоциялық тұрақтылығымен ерекшеленетін идеялар ғана мәдениет пен өркениеттің негізін құрайды деген тұжырым жасайды. Перри өз еңбектерінде құндылықтарды қарапайым, күрделі, жағымды, жағымсыз деп топтастырады [4, 27-б.].

Ал Отандық философ Т.Қ.Ғабитов [5,291-б.] «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туғызатындығын айта келе, мынадай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, беделділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатыны құрайтындығын айтады.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттегіші түрінде қарастырады. Олар үшін құндылық-әлеуметтік объекті, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма. Сондықтан олардың айқындаған басты құндылықтары:

1) жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, денсаулық, заңдылық.

2) рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтар: мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер т.б. Мәдениеттің ішкі құрылымынан, жалпы адамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік»,

«игілік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылу қажет екенін атап көрсетеді.

Әлеуметтанушы Б.Ерасов - «құндылықтың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді», - дейді. Сөйтіп, әлеуметтану ғылымында әлеуметтік-мәдени құндылықтардың мынадай түрлерін ажыратады: саяси мұраттар, мемлекет тарихы, мемлекет мәдениеті, мемлекеттік шекара, дәстүрлері, тіл т.б. [6].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер бойынша біз «құндылық» ұғымында екі түрлі түсініктің ұштасатындығын анықтадық:

- құндылық қатынастың объектісі болып табылатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы(заттық);

- осы қатынастың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары (саналық);

Заттық құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеті жатады.

Ал, *санадағы* құндылыққа – қоғамдық ой, мақсат, баға беру, түрлі нормалар жатады. Қарастырылған тұжырымдарға сүйене отырып біз, төмендегідей өз анықтамамызды береміз:

Құндылықтар - идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие объектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Сондай-ақ, құндылықтар қандай да болмасын құбылысқа баға берудегі негізгі үлгі деп білеміз және құндылық субъекті үшін объектінің жоғары мәнділігі ретінде айқындалады.

Осы тұжырымдардан құндылық ұғымын психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарастырудың қажеттілігі туындайды. Өйткені, құндылықтың қоғамға жаңа келген буын бойында сол қоғамның әлеуметтік жүйесіне толықтай берілгендік сезімін қалыптастыруға көмектесетін әлеуетін көрсету қажет.

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік- тарихи маңызы бар, «жеке адам» өмірінің болмысын және қоғамдағы моральдық қарым-қатынасты анықтайтын құбылыс ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан қарағанда құндылықтардың пайда болуы, қалыптасуы мен көрініс тауып отыруы тұлға аралық қатынас барысында жүзеге асады.

Мәселен, психолог А.Н.Леонтьевтің пайымдауы бойынша «құндылық» ұғымы мынадай үш құбылысқа қатысты қарастырылады:

1) қоғамдық идеалдар - қоғамдық сана арқылы пайда болған қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы мүлтіксіздік, кемелділік туралы қоғамдық түсінік, норма.

2) осы қоғамдық идеалдардың нақты адамдар іс-әрекетінде заттануы, жүзеге асуы.

3) қоғамдық идеалдарды өз іс-әрекетінде нақты пайдалануға түрткі болатын тұлғаның мотивациялық құрылымы.

Ал психолог В.А.Ядов болса, құндылықтардың төмендегідей өзіндік топтамасын ұсынады:

1) мақсат құндылықтар: махаббат, сұлулық, бостандық, отбасы, денсаулық, жұмыс.

2) құрал құндылықтар: білімділік, тәрбиелілік, күшті ерік-жігер. Құрал-құндылықтар қоғамда реттеуші, тәрбиелеуші қызметтерді атқарады.

Осы тұрғыдағы құндылықтардың жүйесін қарастыра отырып, оларды «құндылық» ұғымын тәрбиеге байланысты қарастырудың алғышарттары деп қабылдаймыз. Педагогикалық сөздікте: «құндылық»- адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы кезіндегі, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі делінген. Себебі педагогикада «құндылық» тәрбие барысында жүзеге асады.

Педагогика ғылымында құндылық мәселесіне байланысты көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан қарастырылып, оның мәні мен табиғатына, тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген. Мәселен, М.В.Богуславский, М.А.Гусаковский сынды педагог ғалымдар мынадай жоғарғы құндылықтар иерархиясын ұсынады: Адам, Денсаулық, Өмір, Отбасы, Отан, Жер, Адамзат, Бейбітшілік, Еңбек, Білім, Мәдениет, Даму. В.А.Караковскийдің зерттеулерінде құндылықтардың тәрбиелік ықпалына ерекше мән беріліп, төмендегідей құндылықтар иерархиясын ұсынған: Адам, Денсаулық, Өмір, Отбасы, Отан, Жер, Адамзат, Бейбітшілік, Еңбек, Білім, Мәдениет, Даму.

Қазақстандық ғалымдар: С.А. Ұзақбаева, Қ.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев, К.Ж. Қожахметова, К.Оразбекова, Ш.И.Джанзакова және т.б. құндылық ұғымын тәрбиеге қатысты қарастырады. Олар ұрпақ тәрбиесінде құндылық қазынасына көңіл аударып отырып, ұлттық құндылықтардың ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, өмірге енуіне үлес қосты.

Қ.Жарықбаев құндылық мәселесін ұлттық психология тұрғысынан қарастырады. Ғалымның тұжырымдауынша құндылық тұлға іс-әрекетінің барлық түрінде маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі арқылы көрініп отырады да іс-әрекетін, мақсат-мұраттарын, себеп-салдарын анықтап, олардың іске асуына ықпал етеді және жеке тұлғаны қалыптастыруға тигізетін әсері де мол болады.

К.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

Жалпы адамзаттық:

- Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, сүйіспеншілік, мейірбандық.

Ұлттық:

- ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәубашылдық, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі.

Педагог-ғалым К.Оразбекова ұлттық тәрбиенің негізгі тамыры арқылы ұлттық тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық негіздерін жүйелей отырып, ерекше құнды қасиеттер ретінде ақыл мен парасатты атап айтады. Ол қазақ

даналығындағы он қасиеттен тұратын адамгершілік құнды сапаларды адамдарға сезіммен қарау, өз ісінің дұрыс-бұрысына баға беру, халқына қызмет ету, өз сырларын өзгеге шашпау, әр жағдайда сақ болу, артық сөйлемей, әдептілікті сақтау, кішіпейіл болу, кешірімді болу, біреудің ісіне араласпау деп қарастырады. Бұл еңбек бойынша қарым-қатынас құндылықтарын меңгерудің мүмкіндігі мол.

Ш.Джанзакова ұлттық мәдениеттің жаңаруы ұлттық мектептің мұғалімін халықтың мәдени-рухани, тарихи-ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген және оны жалғастыратындай етіп дайындауын қажет ететінін қарастыра отырып, мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті әлеуметтік-педагогикалық феномен деген ой түйеді. Этнос субъектісін қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың мәніне ерекше тоқталады.

Ғалымның тұжырымдауынша ғасырлар бойы жинақталған дәстүр, әдет-ғұрып пен дағдыдан, иланудан туындайтын адамгершілік сананың мәдениетін, адамгершілік сезімін, рухани өмірдің құндылығын жас ұрпақтың меңгеруінде мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы маңызды роль атқарады.

Ұлттың рухани бағдары, негізгі өмірлік ұстанымдары, дүниетанымы да осы құндылықтарға байланысты қалыптасады. Дәстүрлі танымдағы құндылықтар әлемі – адамның рухани әрекеті, рухани байлығы, оның адамгершілік санасының сипатын білдірді. Бұл қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сиықсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылық пен тыйым салушылықты, мәнді мен мәнсізді ажыратуға негіз болды.

Сонымен, біз аталған анықтамаларды қорыта келе, ұлттық құндылықтарды былайша тұжырымдаймыз:

Ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мүдденің, ұлттық салттың, ұлттық мінездің, ұлттық идеологияның дамубарысына бағыт беріп отырады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүрліліктің даму деңгейіндегі ұлттық құндылықтардың алатын орны ерекше және бай. Бұған дәлел – мақал-мәтелдер, жырлар мен аңыздардан құралған, оқиғаларға толы өткен тарихты білдіретін ауыз әдебиеті, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы.

Лингвистикадағы антропоцентристік әдіс тілді адам болмысымен қарастыруды көздейді. Әлемдегі барлық құбылыстар адам тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан қарастырылады. Олай болса, ұлттық дүниетаным мен ұлттық құндылық ұлттық менталитет негізінде қалыптасады.

Қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, біз «құндылық» ұғымын адамның жан-жақты жетілуіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы объектілердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде танимыз. Құндылықтың адам үшін маңыздылығы мен қажеттілігін ұғыну үшін оның мәнін жан-жақты деңгейде бағалау қажет.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған ұстаным оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтарға бағытталу – ол тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), және оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі.

Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, жүріс-тұрысты қалыптастыруда көрініс табады. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламаларымен жұмыс кезінде оқушылардың бойына рухани құндылықтарды дарыту маңызды бағыттарының бірі. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты басты құндылықтарын білім алушы бойына сіңіруге негіз болады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты бағдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік // Құрастырған Т.Ғабитов, А.Құлсариева. -Алматы:Раритет, 2004.-320б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том // жалпы редакциясын басқарған А.Ы.Ысқақов.-Алматы:Ғылым, 1985.-591б.
3. Карасик В.И. Языковые ключи.-М.:Генезис, 2009.-С.520
4. Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира:дисс.д-ра филол.наук.-Волгоград, 2004. – С.438
5. Джамбаева Ж.А. Ключевые понятия лингвоконцептологии и средства репрезентации концептов // Ш.Уәлиханов Хабаршысы, 2017.№4.-52-57бб.
6. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 368 б.
7. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док.дисс., - Алматы, 2008. -294б.

Шахтай Арайгүл

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ студенті, Көкшетау
shahtaeva03@mail.ru

Смагулова Нұргүл Қайырбекқызы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан
Smaghulova13@mail.ru

ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ АЛУДАҒЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

***Аннотация:** Бұл мақалада мектеп оқушысының білім алудағы оқу іс-әрекетінің мәні мен маңызы мәселесі қарастырылған. Кітап оқу әрекетін үйрету - бұл оқырманның кітап оқуды дәйекті, қызықты, тұрақты және өз бетінше оқып шығуға үйретуді білдіреді. Мақалада қазіргі таңда жастардың оқуға деген ынталылығы, кітап оқуы, оқырмандық қызығушылықтарының төмендеп кетуі жеке адамның ғана мәселесі емес, қоғамдық-әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылып, оның себептері анықталған. Кітап - адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Ол - көзі ашық, парасатты әрі білікті тұлғаны тәрбиелеудің әмбебап құралы болып табылатындықтан, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және оны дәріптеу қоғамның дамуы үшін аса маңызды. Кітапты таңдап-талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіне жарата білу - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі.*

***Тірек сөздер:** Оқу іс-әрекеті, кітап, оқушы, білім беру, оқырмандық қабілет, мектеп, кітапхана, көркем шығарма, оқырман.*

Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының ой-өрісін, зияткерлік қабілеттерін, эстетикалық талғамын, шығармашыл ойлауын дамытуда қазақ халқының ұлттық коды болып табылатын көркем әдебиеттің орны ерекше. Әдебиет – адам баласының сан ғасырлық тарихының куәсі, ата-баба аманаты, ұлттық көркем шежіресі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», - деп түйіндеуі мектеп оқушыларының әдебиетті саналы түрде меңгеруінің маңызы қаншалықты зор екендігін тағы да бір рет дәлелдей түседі [1, 7].

Мектеп оқушысының кітап оқу іс – әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртуда басым бағыттардың бірі болып табылады.

Кітап оқу - білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде көрініс тапса, ал тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның

қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер етеді.

Кітап оқу - адамзат ойлап тапқан ең ғажайып құбылыстардың бірі. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиетін арттыратын да осы – кітап. Тәрбиеміздің бастауы ертегі, жыр, дастандарымыз да бүгінгі ұрпаққа кітап болып жетті. Өнердегі ақпараттық төңкеріс жағдайында оқырман болу - бұл ұлылық және шексіз шеберлік. Ғалымдардың есебінше, ғылыми-техникалық ақпараттардың көлемі әр 10-15 жылда екі еселенеді. Кітап оқу саласында жаһандық өзгерістер коммуникациялық және ақпараттық технологиялар саласындағы ашылған жаңалықтармен байланысты. Оқулықтар, энциклопедиялар және мектеп постерлері бүгінгі күні оқушылар үшін ақпарат көзі болып саналмайды. Заманауи оқушыны интерактивті тақталар, ақпараттық электронды кітаптар, онлайн-кітапханалар қанағаттандырады. Бұл тізім күн сайын толығып келеді. Монитор экранынан оқу – кітап оқудан мүлдем өзгеше, бүгінде оқудың жаңа түрі болды [2, 71].

Кітап оқу әрекетін үйрету - бұл оқырманның кітап оқуды дәйекті, қызықты, тұрақты және өз бетінше оқып шығуға үйретуді білдіреді. Баланың кітап оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, оның шығармашылық қиялы мен оның құрылымына сүйенуді қажет ететінін ескеру керек.

Мұғалімнің жетекшілігімен, бақылауымен, қадағалауымен оқырмандардың кітап оқу құзіреттілігі мен оқу техникасын қалыптасады.

Бірінші тәсіл: оқушыларға оқулықты көрсету, ерекшеліктерін, мағынасын түсіндіру; қызметі мен элементтерін атау, оқырман үшін оның маңыздылығын айтып беру; содан соң дұрыс қорытынды жасауға көмектесу барлық ережелер бойынша кітапты оқып шыққанға дейін және оқушының кітаппен ойдағыдай жұмыс жасауын бақылау; оның сипатын (тақырып, жанр, эмоциональдық және интеллектуальдық ерекшеліктері, оқудың мақсатына сәйкестігі т.б) болжап оқып-үйренуге мүмкіндік беретін элементтер мен қызметтерді белгілеу және салыстыру.

Екінші тәсіл: Осы уақытқа дейін ештеңе де кітапты оқуға арналған арнайы құрал ретінде айтпайды, бірақ эмоциональдық және интеллектуальдық мазмұнға толы әртүрлі жанрлар, стильдердегі кітаптарды жүйелі түрде оқушыларға дауыстап оқып береміз. Әрбір мәтінді оқып болғаннан кейін, балалармен бірге барлық ережелер бойынша оқыған кітапты қайта оқып шығамыз. Бұл жағдайда мұғалім кітапта керекті жерінін айтылуын қадағалап, содан кейін балаларға жаңа кітаптағы таныстарды табуға, қажетті кез-келген мазмұнды ауызша түрде айтып беруге және оның қатесін түзетуге мүмкіндік береді. Оқырмандық іс-әрекетті дұрыс меңгертуді ұйымдастырудың бастапқы кезінде оқушыдан мазмұнды алдын-ала қарастырып, тәуелсіз оқуға бейімделу үшін кітаппен қалай жұмыс істеуді, мұғалімнің қатысуымен білімін ұжымдық түрде қолдану мүмкіндігін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп ғылыми негізделген. Мұндай іс-қимылдың «өздері үшін» әдеттер мен қажеттіліктер жасамайды. Екінші тәсіл арқылы оқушы өзіндік берік дағдымен әрдайым кітаппен «қалауынша» оңай жұмыс жасайды

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне, балаларға сапалы білім беру дәрежесіне айрықша назар аударылып отырғаны бәрімізге аян. Мектеп оқушыларын туған халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көркем әдебиетіміздің туындыларымен сусындатып алсақ қана жасөспірімнің жан дүниесін жадырата аламыз.

Туған әдебиетінің қайнарынан сусындап, ой-өрісі ұшталып, көркемдік әлеміне құштар болып өскен әрбір шәкірт дүниежүзі халықтары әдебиетінің, мәдениетінің арғы-бергі тарихын игеруге, оқып үйрене түсуге ынтызарлықпен ұмтылары анық. Сондықтан, мектептің алғашқы басқышы, негізгі тірегі бастауыш сыныптан бастап, жас жеткіншектерді әсемдікке, ойлылыққа, асқақ адамгершілікке тәрбиелеуде – көркем шығарманы өз дәрежесінде оқытудың тәрбиелік мәні өлшеусіз.

Оқушы қабілетінің әдеби білім берумен психологиялық үйлесімділігін зерттеген В.П.Ягункова арнаулы қабілеттің құрамдас бөлігі ретінде шығармашылық қабілет болуы қажет деп есептейді. Шығармашылық қабілет оқушы дүниетанымының кеңеюіне, рухани күш-қуатының жан-жақты жетілуіне, ойлау қабілетінің дамуына айрықша ықпал ететін күрделі психикалық іс-әрекет.

Оқушының шығармашылық әрекеті - көп деңгейлі процесс. Оқушы шығармашылық әрекетін қалыптастыруда бұрынғы алған біліміне сүйенеді, сондықтан оның алдында әрқашан қайталау, жаңғырту әрекеттері жүреді. Шығармашылық әрекеттің белгілері:

- шығармашылық әрекет жаңа тапсырманың, жаңа сұрақтың шешімін табуға бағытталады;
- екіншіден, шығармашылық әрекет оқушының жаңа сұрақтың шешімін табуға жетпей тұрған білімін іздестіру бағыттары мен байланысты болады;
- үшіншіден, шығармашылық әрекет оқушы үшін жаңа білім мен шешім тәсілдерін меңгерудің айқындалмаған мүмкіндіктерімен сипатталады.

Шығармашылық қабілет күнделікті оқу процесінде қалыптасады. Шығармашылық әрекетті жүзеге асыру үшін оқу жұмыстарының әр алуан түрлері анықталған. Оқырмандық қызығушылық көмегімен шығармашылық әрекетке үйрету технологиясының негізінде әрбір оқушының шығармашылық әрекеттерін белгілі бір деңгейге жеткізу емес, олардың табиғи қасиеттерін (оқырмандық қызығушылығын) оята білу жатыр. Бұл белгілі бір тапсырмалар жүйесі арқылы іске асырылады, себебі оларды шешу барысында оқушылар жаңа білім көздерін іздейді, түрлі кітаптарды қарауға ұмтылады [3, 26-28].

Қазіргі таңда жастардың оқуға ынтызарлығы, кітап оқуы, оқырмандық қызығушылықтарының төмендеп кетуі жеке адамның ғана мәселесі емес, бұл қоғамдық-әлеуметтік құбылыс.

Бұлға мына себептерді жатқызуға болады:

- қоғамдық-әлеуметтік саладағы өзгерістердің қарқындылығы;
- жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық байланыстардың ықпалы;
- интернеттің пайда болуы және дамуы;
- ақпараттық құралдар әсерінің күшеюі;
- кітап оқуға деген көзқарастың өзгеруі;

- әдебиетті оқытуда көркем шығарманы оқуға қызықтыратын әдіс-тәсілдердің дұрыс қолданылмауы;

- оқырмандық қабілетті қалыптастыратын мақсатты жүйенің болмауы және т.б.

Жастар сол сияқты әдебиетті қайнар көз ретінде түп нұсқадан пайдалануға да онша мән бермейді. Философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан келетін болсақ, кітаптың өзін қолға ұстап, асықпай ұғынып оқып, ойланып-толғанып зердеге түйіп алудың орны басқа. Көркем шығарманы оқу дегеніміз - кітаптың мазмұнымен танысу, автордың ойын ұғыну, кейіпкерлермен етене жақындасу және өздігіңнен ойлану, жинақталған ой-пікірді өзіңнің қажетіңе жарату, әдебиеттік оқу арқылы сабақ алу. Мұны ежелгі грек ойшылы Конфуций: «Ойланбай оқу – бекер еңбек, оқымай ойлау – қауіптілік», -деп түсіндірген. Қазіргі жастар көркем шығармаларды оқуға онша ықыласты емес, олардың ойынша барлық оқу материалдарын интернеттік желілерден табу оңайырақ және тиімді. XXI ғасырдың технология ғасыры екендігі дау тудырмады, бүгінгі қоғамда технологияларсыз өмір сүру мүмкін емес, дегенмен рухани құндылықтарды технологияның алмастыра алмайтыны да ақиқат.

Рухани құндылықтарды ұлттық мұраларды дәріптеу, көркем әдебиетті оқу арқылы ғана қалыптастыруға болады. Сөз зергері, қазақ халқының көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Ғабит Мүсіреповтің: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» – деген ойы бұған дәлел бола алады [4, 46]. Өйткені, кітапты тандап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өзіңнің өмірлік қажетіңе жарата білу – әр адамның білігі мен біліміне байланысты.

Соңғы уақытта көптеген оқушылардың амалсыздан және аз оқи бастағаны байқалуда. Олар үшін сабақ оқу көңілсіз істердің бірі болып келеді.

Оған бірқатар себептер бар:

- Оқуға қызығушылықтың жалпы төмендеуі;
- Оқумен қатар мол ақпарат көздерінің болуы;
- Оқуға арналған уақыт санының азаюы.

Алайда, бұл құбылыстың басты себебі – кітап оқудың жетілдірілмеуі, оқушының оқу жұмыстарын мақсатты түрде қалыптастыру жүйесінің болмауы.

Мектептеріміздегі оқушылардың көпшілігі баяу оқиды. Минутына 300 сөзден артық оқу – шапшаң оқуды білдіреді. Бірақ, солай екен деп шапшаң оқудың соңына түсуге болмайды. Мұндай жылдамдықта дауыстап оқу мүмкін емес. Минутына 180-нен 300 сөзге дейін екпінмен шапшаң оқу, бұл да мүмкін емес.

Теледидар дикторлары минутына 90-170 сөз көлемінде оқиды. Орташа көлемі-130 сөз. Міне осы жылдамдық оңтайлы оқудың көлеміне келеді.

Оңтайлы оқу – бұл ауызша сөйлеу жылдамдығымен оқу, яғни қарқынмен минутына 120-дан 150 сөзге дейін оқу. Көптеген жылдар бойы адамның артикуляциялық аппараты дәл осындай жылдамдыққа үйреніп қалды, мәтінді дәл осындай жылдамдықта жақсы түсінуге болады.

Нормативтік оқу, болашақ 5-сыныптар үшін оқу жылдамдығы минутына 80-90 сөзден кем емес болмайтыны белгілі. Бірақ, бұл оңтайлы оқу ауызекі оқу

жылдамдығымен сәйкес келмейді. Сондықтан, «норматив тым төмен емес пе?»,- деген күдікті тудырады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазіргі кезде оқушылардың кітапты сирек оқитыны байқалады. Сол себепті, оқушылардың оқырмандық қабілеттерін дамытып, кітап оқуға баулу өте өзекті мәселе болып отыр. Кітап оқу арқылы баланың ой-өрісі, сөйлеу, есте сақтау қабілеттері, қиялы дамиды. Балаға кітап оқуды үйретудің алғышарттарын да түсіндірген абзал:

Біріншіден, кітапты ұқыпты ұстап, тік отырып оқуға үйрету. Кітаптың авторын, оның тақырыбын, қай жылы, қайда басылып шыққандығы жайлы мәліметті білу;

Екіншіден, кітапты түсініп оқу. Оқыған кезде, өз көзқарасын білдіріп, фабула жазуға үйрену (Фабула - баяндалатын оқиғалардың қысқаша мазмұны);

Үшіншіден, оқылып жатқан кітаптың ішінде түсініксіз сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін немесе мақал-мәтелдерді т.б. теріп жазып алуға арнайы дәптер бастау. Осы арқылы баланың кітап оқуға талғамы өседі, әрі сөздік қоры молаяды.

Сонымен қатар, оқушылардың оқырман күнделіктерін жүргізгендері тиімді болмақ. Оқушыға арналған оқырманның күнделігі оқушыға көмекші құрал тәріздес болуы мүмкін: мысалы, мектептен тыс сабақтардан кейін немесе жазғы демалыстардан кейін мектепке келген кезде, оқушы өзінің қандай кітаптар оқығанын, кітабының кейіпкерлері және сюжеті туралы есте сақтай алады. Мұғалім баланың жадысын дамыту, жұмысты талдау, оны түсіну, негізгі автор мен өз ойларын анықтау үшін бастапқы сыныптарда оқырмандар күнделігін сақтауды ұсынуы мүмкін. Мұғалім үшін ол бақылау функциясын атқарады: ата-аналар да, мұғалімдер де баланың қаншалықты жиі және қанша оқығандығын тексеруі керек. Тек оқуға арналған тұрақты жаттығулар арқасында бала тез оқып, түсінуді үйренеді, яғни оның жоғары сыныпта толық оқи алатына кепілдік болады. Оқырман күнделіктерін қалай жүргізуге және жасауға болатыны туралы нақты талаптар жоқ, мұғалімнің немесе белгілі бір баланың сипаттамаларын ескере отырып, мұғалім өзі шешім қабылдайды. Бастауыш мектепте оқырман күнделіктерінде ең төмен талап пайдаланылады, орта мектепте мұғалім оқушының оқыған әрбір кітабының нақты сипаттамасын талап етуі мүмкін.

Оқырман күнделігінің үлгісі:

<i>Кітаптың атауы, авторы</i>	<i>Басты кейіпкерлер</i>	<i>Қысқаша мазмұны (3-4 сөйлем)</i>	<i>Сенің шығармаға деген көзқарасын</i>	<i>Тақырыпқа қатысты мақал</i>
Сурет				

Бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтары төмендеп кеткеніне байланысты, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев – «Оқуға құштар мектеп» жобасын енгізген болатын. Бұл жобаның артықшылықтары өте көп. Осы жобаның негізінде кітапханаларға ерекше көңіл бөлінуде. Президенттің тапсырмасы бойынша, кітапханалардың қоры оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыратын әдебиеттер қорымен толықтырылуы көзделіп отыр. Айта кететін болсақ:

- Бірінші бағытта – қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушыларының шығармаларын қайта басып шығару қолға алынбақ.
- Екінші бағытта – әлем әдебиетінің классиктерінің шығармаларын ана тілімізге аударып, мектеп жасындағы оқушыларды қызықтыратын шығармаларды таңдау ұсынылып отыр.
- Үшінші бағытта – қазіргі заманғы талантты ақын-жазушылардың шығармаларын кітап қылып басып шығару көзделіп отыр.
- Төртінші бағытта – ғылыми-танымдық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларының кітап қорын жаңалап, толықтырудың аса маңызды міндет екендігін атап өтті. Президент өз сөзінде: *«Қазір бұл кітапханалардың қоры ескірген, әрі жұтаң. Әсіресе, көркем туындылар мен тартымды әдебиеттер тапшы. Қазақтіліндегі тиісті әдебиеттер өте аз немесе мүлдем жоқ. Оқушылардың әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларына қолы жете бермейді. Оқу мәдениетін арттыру мәселесін кешенді түрде шешу үшін тілдік пәндер мен әдебиеттің оқу бағдарламаларын қайта қарау керек», - деді.*

Аталған жоба іске асқан кезде, еліміздің кітапханаларының қоры әр жыл сайын 20%-ға жаңарып отырады. Тағы да бір ескеретін жайт, аталған төртбағыт бойынша оқулықтар арнайы мамандардан құрылған комиссияның шешімі арқылы енгізіледі.

Жоба гипотезасы: Жобаны іске асыру барысында түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру, білім алушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, кітапты отбасымен бірге оқу дәстүрін жаңғырту, кітапхана қорын көбейту, кітапханаларда электронды кітаптар қорын үлкейту, жас ұрпақты интеллектуалды, мәдениетті, рухани бай адам етіп тәрбиелеуге ат салысу.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

- ◆ Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігі артады;
- ◆ Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған жоба жүйесі қалыптасады;
- ◆ Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады;
- ◆ Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы - кітап екенін түсінеді;

- ◆ Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесі, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығы дамиды;
- ◆ Интерактивті әдістемелерді қолдану арқылы электронды кітаптарды оқуға және аудиокітаптарды қолдана білуді меңгереді;
- ◆ «Book Crossing» - кітап алмасу қозғалысы дамиды [5].

Қорыта келгенде, кітап - көзі ашық, парасатты әрі білікті тұлғаны тәрбиелеудің әмбебап құралы болып табылатындықтан, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және оны дәріптеу қоғамның дамуы үшін аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменова Қ.Қ. Эпикалық шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту әдістемесі (10-11 сыныптар). - Алматы, 2018.
2. «Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсынымдамалары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 161 б.
3. Мамбаева А.Б. Оқушының оқырмандық қызығушылығын дамытудың маңызы//Бастауыш мектеп. - 2008 - №9-10. - 26-28 б.
4. Мүсірепов Ғ. Күнделік. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 288 б.
5. «Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған жоба 2020-2025 жж. - Қарағанды, 2020.

IV секция

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

ӘОЖ 81.2

Молгаждаров Қасиет Какенұлы

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

kasiet_k@list.ru

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖАЙЛЫ

Аннотация: Мақалада қазақ халқының мерзімді баспа тарихында А.Байтұрсынов басқарған 1913-1918 жылдар аралығындағы «Қазақ» газетінің қызметі мен мазмұны сипатталады.

Тірек сөздер: қазақ, баспа, жазба, газет, ұлт ұстазы, мәдениет, қазақ тілі

Қазақ халқының ықылым заманнан бергі терең тарихы мен әдеби-мәдени мұралары қытай, грек, рим елдері сияқты қағаз бетіне түсіріліп, хатталып, бір кезеңнен бір кезеңге үзілмей жалғасып, жазылып бүгінгі күнге жеткен емес. Бұл ұлтымыздың тарихы, тілі, мәдениеті, дәстүрі т.б. жайлы жазылған әдеби жазба мұраларымыз мүлде болмаған деген сөз емес. Ұлан байтақ жерімізге көз алартушы жаулардың сан мәрте соғыс ашып, қырып-жою салдарынан құнды жазба мұраларымыздың біршамасы өртенген, жойылған және бодан болып, тәуелсіз ел болудан қалған шақта жалған идеологиямен, бұрмаланып жазылған тарихпен, ұлттық рухы жоқ құлдық санамен өмір сүріп келгеніміз ащы да болса шындық. Мұның ақиқат екендігіне тәуелсіз ел болып, есімізді жиып, жоғалтқанымызды іздеп, өз тарихымызды өзіміз зерттей бастағаннан бері күннен күнге көзіміз жетіп келеді және әлі де талай құнды деректер мен асыл мұраларымыз халқымен қауышатындығына сеніміміз арта түсуде.

Асылында қазақ ұлтының алғашқы баспасөзін ата-бабаларымыз қағазға емес мәңгі өшпейтіндей етіп тасқа қашатып жазып кеткенін жақсы білеміз. Бұл жазу – ата-бабаларымыздың мирас етіп, аманатқа қалдырған әлем шеңберіндегі алғашқы жазба мұрасы. Бірақ, бұл мақалада біздің сөз тартқалы отырған мәселеміз сан ғасырлық тарихы бар жазба мұраларымыз жайлы емес. Ресей империясы кезіндегі озбырлық саясатының кесірінен жалғасын таппай қалған ұлтымыздың рухани құндылықтарымыздың бірі, танымдық көзі – баспасөз мәселесі жайлы болмақ. Баспасөз құралдарының жалпы адамзат тарихында алатын орны маңызды, ол халықтың рухани, мәдени өмірінің айнымас бөлшегі ретінде саналады. Баспасөз ақпарат таратудың басты құралы болып қана қоймай: болып жатқан оқиғаларға түсініктеме береді; әрбір пікірдің шындығына көзін жеткізе дәлелдейді және оқырманның оған деген сезімін оятып, қалыптастырады; үгіт-насихат жүргізеді; оқырманды сол оқиғаға байланысты қимыл-әрекетке шақырады, көпшіліктің көзқарасын жаңашылдық бағытта үйлестіреді; оқырманның тіл мәдениетін, сауаттылығын

қалыптастыруға басты рөл атқарады. Ал осы баспасөздің қазақ жерінде қазығын қағуына бірден-бір себеп: ол қазақ халқының тарихында ұлы өзгерістер мен қиын-қыстаулар алып келген ХХ ғасырдың басындағы Ресейдің қоғамдық-саяси оқиғалары ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық ой-пікірінің әлеуметтік мәселелерге батыл араласа бастауына ықпал жасады. Екіншіден, отырықшылық пен көшпелілік, ел басқару ісіне араласу, жер және заң, ұлттық тәуелсіздік, дін, оқу-ағарту секілді қажетті де күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, халық мүддесі тұрғысынан шешуге талпынды. Үшіншіден, Ресей империясының бодандығынан босап, тәуелсіз ел болуды аңсаған Алаш партиясы Алаш автономиясын құру үшін де маңызы зор болды. Осының барлығы жинақтала келіп, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін туғызды. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов т.б. сынды қазақтың біртуар перзенттері баспасөздің сол кезеңде ең басты, ең маңызды рөл атқаратындығын білді және газет ұйымдастыруды басты назарларында ұстады. А.Байтұрсынов бұл жөнінде былай деген: «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі... Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе... Үшінші, газет – халыққа білім таратушы... Төртінші, газет – халықтың даушысы...» [1.10]. Шынар Тулегенова

«Қазақ» газетінің жинағына қатысты жазған мақаласында ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басындағы баспасөзді зерттеген қазақ ғалымдарының есімдерін атап, ғылыми еңбектерінің маңызы зор екендігін, газет бетінде жарияланған әр алуан тарихи, саяси-әлеуметтік, қоғамдық, мәдени, діни, білім, ғылым т.б. әдеби материалдарын және мазмұнын, танымдық-тәрбиелік мәнінің құндылығын сөз етеді. Сонымен қатар Серікбай Оспанұлы «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» атты зерттеу еңбегінде Ыбырай Алтынсариннің ұлттық газет шығаруды ойлап 1879 жылы жергілікті патша әкімшілік орындары алдына ұсыныс хат жазғанынан дерек бергендігі жайлы және болашақ газеттің макетін жасап, төрт бетін қазақ тілінде, төрт бетін орыс тілінде шығаруды, газетті «Қазақ газеті» деп атауды ұсынғандығы жайлы жазған [2]. Егер осы мәліметке сүйенер болсақ, онда газеттің атауын қойған тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин болып отыр. Бірақ, патша әкімшілігі бұл басылымды шығаруға рұқсат бермегендіктен қол жеткізе алмады. Мұны іске асырған, Ы.Алтынсариннің арманын орындаған А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары еді. Сөйтіп 1913 жылы 2-ақпанда дүниеге келген «Қазақ» газеті: Орта Азия халықтарының тұңғыш газеті атанған (1870-1882жж. Ташкент) «Түркістан уалаяты» газеті, орыс-қазақ тілдерінде (1888-1902жж. Омбы) «Дала уалаяты» газеті, (1911-1915жж.Троицкі қ.), Тургайская газета (1895-1910жж. Орынбор), «Иртыш», «Голос степи» (1906ж. Омбы), «Ақмола» (1911-1916жж.), «Серке», «Айқап» т.б. газет-журналдардың ізбасары болып, кең мазмұнда қызметін атқарды. Жалпы «ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында қазақ тілінде 14-15 шақты газет-журналдар шыққан» деген дерек бар [2]. Сонымен «Қазақ» газеті және оның қалыптасуына мұрындық болған А.Байтұрсынұлы жайлы мәліметімізге көшелік.

Қазақ халқының алтын әріппен жазылатын ұлы перзенттерінің бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы жайлы қаншама зерттеулер мен пікір-негіздемелер жазылып жатса да көптік етпейтіні сөзсіз. Бүгінде біздерге қалдырған асыл

мұралары арқылы ұлы да ұлт ұстазына айналған кемеңгер ойшыл, данагөй, дарынды талант иесі, рухы биік көсем, жаратылысы елден бөлек, ойы зерек, ержүрек батыр, қайсар мінезді, ұлтын сүйген ұлы перзент ретінде бағаланып отыр. Өзі өскен ортасының зұлымдығы мен өмірінің қыл үстіндегі тіршілігіне, зорлық-зомбылығына, қиындығына қарамастан, қазақ ұлтына, жеріне, еліне, тіліне, жазу мәдениетіне, білім мен ғылымына, келешегіне ұшан-теңіз қажырлы еңбек етіп, есімін мәңгіге қалдырды. Балалық шағын қоспағанда 1895 жылдан былай өмірінің соңына дейін 42 жыл қазақ ұлтына адал қызмет еткен ұлжанды, дарын да дара тұлға дейміз. Оның саяси қызмет жолы 1905 жылы (Қарқаралы петициясы: қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін. жер, қоныстану т.б.) басталып, 1909 жылы 1-шілдеде түрмеге жабылса, 1910 жылы 19-ақпанда жер аударуға шешім қабылданып, осы жылдың 9-наурызынан Орынборда 1917 жылға дейін тұрақтайды. Бұл қалада 1913-1918 жылдары Алаштың ардақты перзенттері Ә.Бөкейхан, М.Дулатовтармен (құрылтайшы құрамында болды) бірігіп, жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұруға бас-көз болады. Шындығында бұл газеттің басқаларынан мазмұны жағынан да, қамтылу жағынан да өте жоғары бағаланып отыр. Нақты айтқанда газетте халық мүддесіне байланысты саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерден басқа, рухани, тарихи, мәдени тақырыптарда әртүрлі хабарлар мен ақпараттар жарияланып тұрды.

Жалпы А.Байтұрсынұлын қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының алғаш негізін салушы, этномәдени өнертанушы, сазгер, ғалым-педагог, аудармашы, түркітанушы, прозаик, ақын-жазушы, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қоғам қайраткері, ұлтжанды азамат ретінде танып біліп жүрміз. Осы орайда А.Байтұрсынов жайлы өзімен тұстас, рухтас болған Алашорда асыл перзенттерінің бір-екеуінің ой-пікірлерін бере кетелік. Мұхтар Әуезов 1920-жылдардың өзінде-ақ «Қазақ халқының рухани көсемі» деп мойындап, «*Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті*» деген [3, 84]. «*Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жасалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды құғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты» деп жүрекжарды пікірін білдірген. Сәкен Сейфуллин де: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың олақ уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш*

болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп, қайсарлығын, парасаттылығын, халқының адал перзенті екендігін айтқан [4]. Бүгінде ұлт ұстазы, ұлт көсеміне айналған А.Байтұрсынұлының атына қаншама әділ бағалы пікірлер жазылып та, айтылып та келеді.

1895 жылдан бастап Ұлы ұлт ұстазымыз қазақ қоғамын сауаттандырудың жан-жақты жолдарын қарастырумен болды. Ол тек мектеп ашумен, оқушыларды оқытумен ғана шектелмеді. Себебі, мектепте санаулы ғана оқушылар білім алатыны белгілі. Бұл жерде оқушылар ғана емес, жалпы қазақ қоғамына білім беруді көздеді. Яғни, күнделікті өмірден, болып жатқан тарихи оқиғалардан, тәлім-тәрбиесі бар аңыз-әңгімелерден, әдет-ғұрып, сал-дәстүр, әдеби, мәдени, саяси жақтан сауат беруді газет арқылы қол жеткізетіндігін жақсы білді. Ақыры білім бере жүріп, 1913 жылы «Қазақ» газетін баспадан шығаруға қол жеткізді. Сөйтіп ХХ-ғасырдың басында қазақ тіліндегі баспасөзді қалыптастырушылардың бірі болды.

Енді «Қазақ» газетіне қатысты мәліметімізге көшелік. «Қазақ» газетін жарық дүниеге әкелу онай болған жоқ. Оның да сол кезеңде өз қиындықтары туындады. Негізі губернатор генерал-лейтенант Сухомлинов 1905 жылғы 9-желтоқсанда Орынбор қаласында аптасына бір рет Ахмет Байтұрсынұлына «Қазақ» газетін шығаруына бұйрық шығарып, рұхсат еткен. Алайда, әртүрлі жағдайларға байланысты кешіктіріліп, газет 1913 жылы 2-ақпаннан бастап қана іске асқан болатын. 1915-жылдан былай аптасына екі рет шығып отырылды. Алғашында газеттің бірінші редакторы – А.Байтұрсынұлы болды. 1914 жылы екінші редактор болып М.Дулатұлы тағайындалды. 1918 жылы редакторы болып Жанұзақ Жәнібеков сайланды. Бұл газет Құсайынов, Кәрімов баспаханасында басылып тұрған. Бастырушысы «Азамат» серіктігі. Рәміздікбейне ретінде қазақ ұлты деген ұғымды білдіреді деп кигіз үйді алды және тиражы 3000, кейбір деректерде 8000 деп беріледі [1, 446].

Аталмыш газеттің басты мақсаты, ол – үш ғасыр бойы Ресей империясының боданында болған, ұлттық дүниетанымыздан ажыратылған, тек құлдық санада өмір сүріп, алауыздық пен мансапқорлыққа, қай жағынан болмасын сауатсыздыққа бағытталған бұғаулықтан босауды, жат-жұрттың қабағына қарап телміруден, көрсоқырлықтан айықтыруды, көмескі қалған рухты оятып, ата-баларымыздан мирас етілген салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптарымызды сақтауды, ілім-біліммен қаруландыруды және тәуелсіз ел болуды көздеген еді. Қысқаша айтқанда ұлттық идеяны насихаттау жолы, басты құралы болып табылатын газет ұйымдастыру қажет болатын. Осы айтылған мәселелерді «Қазақ» газеті ғұмыры қысқа болса да, ойдағыдай атқарды десе болады. «Қазақ» газеті Орынбор қаласынан бес жыл (1913-1918) бойы 265 номері баспадан жарық көріп, қазақ ұлтын бір аранға ұйыстыра білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ұйым «Алаш» партиясын ұйымдастыруға да газеттің рөлі зор болды. Тәуелсіз ел болуды аңсап, «Алаш» автономиясын құрып, үкілеген армандарына қол жеткізуге де өз септігін тигізді. Газеттің атын «Қазақ» деп атаулары осындай биік мұраттардан туындаса керек.

Қоғамдық-саяси, әдеби «Қазақ» газетінің авторлары: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ғайнижамал Дулатова, Әлімхан Ермеков, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Құдайберген Жұбанов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Сералин, Бекмұхамбет Серкебаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметжан Тынышбаев, Ахмет Бірімжанов, Аққағаз Досжанова, Халел Досмұхаметов, Сәбит Дөнентаев, Бірмұхамет Айбасов, Жүсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Ишанғали Арабаев, Мұхтар Әуезов, Гүләйім Байгурина, Сәдуақас Шорманов, Биахмет Сарсенов, Мұстафа Оразаев, Жансұлтан Сейдалин, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ғұмар Қарашев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Мүсілім Ермеков, Таһир Жомартбаев, Нәзипа Құлжанова т.б. Бұл авторлардың әрқайсында бір немесе бірнеше бүркеншік есімдері болды. Мысалы: Қыр баласы – Ә.Бөкейханов; Алашұлы Азамат, Арғын, Мадияр, Мирякуб – М.Дулатов; Ауыл баласы, Қоңыр – М.Әуезов; Балапан, Бимұхамет, Жәжеке – М.Жұмабаев; Быж, Жалшы, Қарабала, Малай – Б.Майлин; Жанақ – Ж.Аймауытов, т.б. Сол сияқты жинақты құрастырушылар ашылмаған бүркеншік есімдерді де бере кеткен.

Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Саховтар 1998 жылы «Қазақ» газеті бетіндегі материалдарды жүйелеп, зерттеп, жинақтап құрастырып, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жинақ етіп шығарған. Құрастырушылар 1913-1918 жылдардағы материалдарды жеке-жеке жылымен жинақтап берген.

«Қазақ» газетін шығарушылардың сөзімен айтқанда: «Газетіміздің көп мақсатының бірі – басқадан да алып, өзімізде барын жинап, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ, сондықтан қазақтың мақалдары, тақпақ сөздері, басылған өлеңдер, қиссалар бәрі де қабыл алынады. Басылмай қалған сөздер қайтарылмайды» делінген [5]. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы алғашқы бетінде оқырмандарына мынадай үш шумақ өлең жолдарын арнаған:

Мінеки, қалың қазақ: қара, төре!
«Бұ кім» деп жатырқама түрін көре.
Жас «Қазақ!» жаңа талап, жарық ойлы,
Келіп тұр қол қусырып сәлем бере.
Алыстан іздеп келген бауырларың,
Халқының сырттан көріп ауырларың.
Жеңілту жайын соның кеңесуге,
Қазақтың бас қостырмақ қауымдарың.
Жылына бір-ақ тоқты сыбағасы,
Ол жейтін бір-біріңнен қонағасы.
Атында, затында да бөтендік жоқ,
Білгенге бұл да алаштың шын баласы.

Бұл өлең жолдарынан газеттің жалпы қазаққа, қоғамда болып жатқан түйткіл мәселелерді кеңесе отырып, бір ортада ұйысып, газет арқылы көпшіліктің талқысына салып, кемшіліктерді болдырмауға, білім, ғылым алып, өркениетті ел болуға үндейді. Сонымен бірге сол кездің қиындығына қарамай, қайткенде де газетті шығару үшін қаражаттың қажеттілігін, демеушілерге мұхтаж екендігін де өлең арқылы жеткізеді. Бұл газетке Ахмет ишан Оразайұлы, Хасен Ақайұлы, Байтенұлы Смайылдар т.б. демеушілік жасады.

Газеттің «Ішкі хабарларында» және «Отырықшы болатын қазақтарға кесіп беретін жердің есебінде» қазақ жерінің мұжықтар мен жергілікті қазақтарға қанша жердің бөлінуі және жер жалдау жөнінде ақпарат беріледі. Мәселен, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Тобыл, Томск губерниелер мен обылыстарына қарасты елді-мекендер көрсетілген. Жер бөлісу, жер дауына қатысты жауап хаттар, ақпараттар жиі беріліп отырылады. Назар қожа «Қытай жеріндегі қазақтар» деп аталатын хабарламасында, Қытайдағы Құлжа өлкесінде тұратын қазақтардың қысқаша тарихы мен оқу мәселесі жөнінде өтініштерін жазған екен. Жалпы 1913-1918 жылдар аралығындағы материалдардан көбіне көп «Қазақтың тарихы», «Қазақ жайы», «Қала болған қазақтар жайынан», «Қазақтан солдат ала ма», «Қазақтың бас ақыны», «Алаш азаматтарына», «Қазақ жастарына», «Қазақ санына қатысты статистика», «Соғыстағы қазақтар», «Жаңа бағынған қазақтар», «Көшпелі қазақтардың суды (соты)», «Қазақ жұртына», «Бөкей қазағы», «Қазақ съезі», «Қазақтан шыққан арамзалар», «Жасасын Алаш автономиясы», Алаштың азаматы, «Атылған қазақ» т.б. сынды сол кезеңдегі қазақ ұлтына арналып жазылған біршама тарихи деректер мен небір оқиғаларына қатысты мәліметтерді алуымызға болады. Одан кейін арнайы Қара қыпшақ Қобыланды, Қалқаман-Мамыр, Балуан Қажымұқан, Ш.Уалихан, Г.Потанин, А.Құнанбаев, Кәкітай, Ы.Алтынсарин, Шәкәрім, Хазірет сұлтан А.Яссауи, Сұлтан Сәли, Жалаңаш баба, А.Курапаткин, В.Радлов, Ә.Диваев, Барлыбек т.б. жеке тұлғаларға қатысты әңгімелері мен сипаттамаларын беріп отырған. Келесі бір жиі ұшырасатын Семей, Қызылжар, Гурьев Баянауыл, Петроград, Көкшетау, Атбасар, Шәуешек, Шымкент, Қостанай, Қызылжар, Өскемен, Жетісу, Мәскеу, Павлодар, Орынбор, Торғай т.б. қала, уез, облыстарында болып жатқан жаңалықтар мен түйткіл мәселелер, жауап хаттар мен ашық хаттар жарияланған. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі» деп жазған [6]. Автордың бұл ниетін газет бетіндегі «Мектептер ашу», «Өнегелі мұғалім», «Орысша оқушылар», «Мұқтаж оқушыларға жәрдем», «Оқушыларға жәрдем жамғаты», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», «Өнер мектебі», «Жаңа кітаптар» т.б. деген тақырыптардан көруге болады. Дінге қатысты да «Пайғамбар заманы», «Дін таласы», «Муфти сайлау», «Медресе», «Мұсылман съезі» атты сыни пікірлер мен ұсыныстар орын алған. Газет беттерінен сайлау мәселелеріне арналған «Дума», «Болыс сайлау», «Сайлау саясаты» жөнінде де біршама ақпарат беріледі. Мәселен, Дума кеңесінде мынадай мәселелер қаралады: соғыс барысы, қару-жарақ жайлы, табысына қарай салық салу, мемлекеттік банкінің правосын арттыру, босқындарға жәрдем, 2-разряд опалчиндерді соғысқа алу т.б. Сонымен қатар әртүрлі жанрда тәлім-тәрбиесі бар әңгімелер және орыс жазушыларының шығармаларын (Л.Толстойдан, М.Лермонтовтан, И.Кырыловтан, В.Короленкодан, А.Чеховтан т.б.) аударып берген: «Жұмыртқадай бидай», «Хамелон», «От», «Ешкітау», «Барымта», «Наурыз», «Ұры тию», «Бас қосу туралы», «Керек сөз», «Сусағанның түсіне су

кіреді», «Он төрт тоғыз бола ма», «Ұлтшыл жігіт», «Мақалдар», «Бала тәрбиесі» т.б. «Опат» деген айдармен Абай, Михаэлис т.б. тәрізді танымаладамдардың дүниеден өткендері жайлы хабарлама ретінде шағын мәтінде беріп отырылады. Жалпы жоғарыда аталып кеткен тақырыптардан басқа да мәселелерді газет беттерінен көруге болады. «Қазақ» газетін зерттей келе тілші-ғалым Ғарифолла Әнес былай дейді: «Біз алты жыл үзбей шығып тұрған газет материалдарының автор-жазушыларын айқындап, мақалалардың әрқайсысына жіп тағып өз иесіне қайтару ісін аяқтап келеміз. Есебімізше, газет көлемінің үштен біріне жуығы, яки 60 баспа табақтай көсемсөз үлгілері А.Байтұрсынұлының қаламына тиесілі екендігі текстологиялық жолмен дәлелденіп отыр», – дейді. Келешекте ғалымның текстологиялық жолмен жасаған тұжырымына байланысты мақаламызды арнайтын боламыз. Бұл мақалада танымдық мақсатта ең негізгі деген және бірнеше рет қайталанып берілген немесе сол кезеңдегі күнделікті өмір сүру салтына қатысты жиі жарияланған түйткіл дүниелерінің тақырып-атауларын бере кеткенді жөн көрдік. Келесі кезекте Ұлт ұстазымыздың қаламынан туындаған әрбір жазба мұраларының мазмұны мен мақсатына, саясаты мен тарихи маңыздылығына, тәрбиелік мәні мен жазу шеберлігіне арнайы тоқталатын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ» газеті. -Алматы, 1998ж. -558 бет
2. Тулегенова Ш. Алғашқы қазақ баспасөзі.
http://rusnauka.com/34_NIEK_2013
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2 том. Алматы, 1998ж.
4. Adebiportal.kzhttps\\ adebiportal.kz\authors\view\2236
5. Рахметуллин Е. «Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық мінбері. 2018ж.
mail@e_history.kz
6. Байтұрсын А. Қазақша оқу жайынан. 2014ж. kazbilim@gmail.com

ӘӨЖ 16.01.09.

Молдасанов Ерсайын Мышанұлы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
er.alban2005@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Ұлт көсемі, қазақ жазуының реформаторы Ақымет Байтұрсынұлының қоғамдық тұлғасы және ұлттық идеясы туралы ой қозғалады. 1914 жылы шыққан Бастауыш мектеп туралы мақаласындағы негізгі ойы сараланып, талданады. Онда «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінде жарияланған ойлары зерделенеді.

Тірек сөздер: Ұлт көсемі, қазақ жазуы, реформатор, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ», «Бастауыш мектеп», «Тіл-құрал», «Происхождение тюркского мира

ҰЛТ КӨСЕМІ, ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Ұлт көсемі, Ұлт Ұстазы, қазақ жазуының реформаторы профессор Ақымет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты. Өйткені оның қайталанбас мұрасы күнен-күнге құнды болуда. Ақыметтің қазақ халқы үшін Конфуции, Руми, Аристотель, Платондардан бір кемдігі жоқ. Ақымет жолы адастырмайтын жол.

Абай жиырма бесінші қара сөзінде «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» - деген. Оқыған балада ақыл болса оған көркем мінез қосылса, қайратын жұмсап әректі жүректен шықса толық адам болатынын айтып тұр. Ендеше, Ақыметте Абаймен үндескендей ізгілік жолын іздейді. «Егер ойлы сөзді тыңдайтын адамға айтпасаң адамды жоғалтасың, ал егер ақымаққа айтсаң сөзіңді жоғалтасың, ақылды адам екеуін де жоғалтпайды»-деп Конфуции айтқандай. Ұлт ұстазының 1914 жылдары айтқан өмірлік ұстанымы берік, жалғандыққа жаны қарсы *«Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек»* -деп алдына мақсат қойған Ақымет Байтұрсынұлы, бүгінде жаһандану заманында өркениетті ел болу үшін білімді, бірлігі күшті елдің экономикасында қарыштай дамитынын болжағандай. Бүкіл саналы өмірін ұлтына сарп етіп, азап, тозақты көрседе ұлттың мүдесіне, мемлекет болу жолындағы қайсар мінезі мен ерлігіне бас иуге болады. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [1. 280 б] – дейді. Қазақтың арғы – бергі тарихын, ауыз әдебиетін, мәдениетін терең түсінген Ақымет атамыз тығырықтан жол іздеп, «Халыққа не керек?» – деген сұрақтың жауабын іздейді. Ертедегі терең білімді, ойлы, өркениетті халықтың бодандыққа түсіп, отаршы ел болуы, ертедегі ұстанған өмірлік ұстанымдары мен дүниетанымынан айырылып, дағдарысқа ұшыраған халқына Ақымет Байтұрсынұлының 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» атты мақаласында: –Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Петербургта болатын мұсылман кеңесінде қазақ өз пікірін айта алатындай болып бару керек екендігін қозғайды. Қазақ балаларын оқытуда екі түрлі мектептің бірі ауылдағы мектеп пен ел ішіндегі орысша мектептердің айырмашылықтары туралы ауыл мектебінің оқуға керек құрал - жабдықтың жоқтығын, оқыта білетін мұғалімдер аздығын айта келіп, дегенімен бұл мектепте хат танып, жаза білетіндер, газет, журнал оқып, өз ойларын ұлт тілінде яғни ана тілінде білім алғандығы қуантады дейді. [2.266 б]

Ал, екінші орыс мектептерін бітіргендер, ары жалғастырмаса шала оқумен қалатынын ескертеді. Орысше екі класты білім алғандар: учитель, писарь, фельдшер, адвокат, судия, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болу керек – дейді. Орыс мектептерін айта келіп, «Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе – қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харіпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Сол үшін, әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс харпімен оқысын - дейді. [2.267 б]

Көріп отырғанымыздай Ресей жерінде орналасқан және Ресей бодандығына күшпен кіргізген түркі халықтарының барлығын Россияның қол астына жинау болған. Сол арқылы тілінен, тарих-мәдениетінен, әдет-ғұрпынан айыру арқылы бодандықта ұстау мақсаты болған. Бұл саясат арқылы бүкіл тілінен, дінінен, тарихынан айырылған халық, орысқа сіңісіп жоқ болатынын байқаған Ақымет Байтұрсынов Қазақтың рухы бастауышта екенін біліп, халықты ояту арқылы жаңа заманға бейімдеу тек білімде екенін байқайды. Ал орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, ұлттық рухта тәрбиелеу қазақша болу керектігін бұрын болжағандай, қандай кеменгерлік! Қазақша оқу ұлтты сақтаудың, ұлтты құтқарудың жолы екенін аңғарып, Шонанұлы Телжанмен бірге «Бастауышқа арналған оқу кітабын», өзі «Тіл-құрал» атты үш бөлімне тұратын оқулығын, 1914 жылы морфология бөлімін, 1915 жылы фонетика бөлімін, 1916 жылы синтаксис бөлімін, сонымен бірге «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік оқулықтар жазады. Оқулық қазіргі оқулықтардың негізі болғаны айғақ. Ақымет Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік санаттарды ұғындыру мақсатында «сынау», «дағдыландыру» деген әдістемесі өз құндылығын жоймаған, қазіргі әдістеме үшін -құнды әдіс. Қазіргі таңдағы үш тұғырлы тілдің бастауышта қажет еместігін Ақымет Байтұрсынұлы шығармалары мен көзқарастарынан байқаймыз. Бала бастауышта толық өз ана тілінде ғана білім алса, ұлттың болашағы ұлттық рухта болатынын байқаған.

1925-1928 жылдары Орынбор, Ташкентте ұстаздық-оқытушылық қызметінен қол үзбей, 1928 жылы Қазақтың тұңғыш ЖОО-ы қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-не ректордың арнайы шақыртуымен профессор қызметіне ауысып, қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ береді. Мұнда сабақ беріп, діріс оқығаны біз үшін, осында оқитын студенттер үшін де матаныш. Сабақ бере жүре халықтың сол кездегі экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық жағдайын терең зерделеп, соған лайықты ғылыми, педагогикалық, экономикалық тақырыптарда мақалалар, ғылыми еңбектер жаза бастайды. Орынборда өзінің сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен және сондағы зиялы азаматтармен бірігіп, сондай-ақ барша қазақ зиялыларының қолдауымен 1913-1918 жылдары тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ газетін» шығарып тұрған. Айдауда жүрсе де, өз мүде мақсатынан жаңылмай қазақхалқын білімге, кәсіппен айналысуға, білімді болуға арналған үндеу мақалалары жариялап отырған.

Сырттан келген жаудан да, Іштен шыққан дау жаман - демекші патшалық Россияның айдауына көнген би шонжарлар мен жағымпаздардың жала мен өсекті, өтірікті қарша боратса да, мақсатынан таймаған. Ғалым М.Мырзахметов бір сұхбатында « Аджи Мурадтың «Происхождение тюркского мира » аты еңбегі арқылы біздің тарихымыз б.з.б 5000 жыл бұрын болғандығын байқатады, Қытай тарихы біздің тарихымыздан бері қалады - дейді. Сонда тақтайларға жазылған жазбаларда Патшаның ұлына жазған хаты бар. Оқыған кезде қазақша болып шыға келген - дейді. Міне осындай кемеңгерлікті танып білген Ақымет ешкімге аузын ашпады, керісінше қазағым, Алашым, елім деп басын қауіп- қатерге тікті. «1937 жылы " халық жау" болып, Тәжіктен 1 адам, Өзбектен 7 адам, Қырғыздан 40 адам. Ал, Қазақтан 25 мың адам атылды! Себебі, олар Қазақтардан сескенген. Түркі халықтарының ішінде саяси санасы алдымен қазақ халқы болды» - дейді М. Мырзахметов. ФК парақшасынан.

Білім кілті бастауышта екенін түсінген Ұлт ұстазы, « Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы. Бастауыш мектеп осылай болса, қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген біліміне негіз болуға жарареді » - дейді.

Білім негізі – бастауышта демекші, кез – келген нәрсенің негізі дұрыс қаланбаған болса, онда оның болашағы бұлыңғыр. Осы мақсатта немеремнің оқитын кітаптарын қарап шықтым. Дүниетану, көркем еңбек, әдебиеттік оқу, музыка, жаратылыстану, руский язык, өзін-өзі тану, ағылшын тілі. Енді осы қазіргі 2 сынып бастауыштағымен Ақымет кезеңінде оқытылған жүйені салыстырып көрелік. Дегенмен кейбір пәндер сәкес келгенімен, қазіргі оқушыда функционалдық сауаттылық аз. Бұл орыс, ағылшын, әдебиеттік оқу, қазақ тілін бірге оқытудың зияны деп білемін. Өйткені бастауышта оқушылардың қабылдау зейіні төмен, әрі айтылғанды тез ұмытатыны түсінікті. Сондықтан бастауыштатағы пәндер бірін-бірі толықтырып отыруы керек. Ақымет кезінде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы. Шонанұлы Телжанмен бірге «Бастауышқа арналған оқу кітабында» бір жүйелілік сақталған деуге болады.

Ұлт ұстазы, теңдессіз ғалым – Ақымет Байтұрсынұлының бір жарым ғасыр болған ұлт шырықшысы болған қайталанбас тұлғаларды ұлықтап, жаңаша көзқараспен қарап саналы ұрпақтың санасына сіңірсек, көшбасшы ел болатынымызға сенімдімін. Біздің ел біресе шығысқа, біресе бастысқа жалтақтауды қою керек. Жаһандану заманыда тізгінді мықты ұстап, ұлт мектебін қалыптастырмасак болмайды. Ол үшін Ұлт көсемі, қазақ жазуының реформаторы Ақымет Байтұрсынұлының қоғамдық тұлғасы және ұлттық идеясын ұстануымыз керек. Олай дейтінім 30 жылда «Мәңгілік ел», «Түркі бірлігі», «қазақстандық ұлт», «еуразияшылдық» идеясы, «Қазақстан- ортақүйіміз» -деп келіп, қаңтар қырғынына тап болдық, енді «Жаңа Қазақстан» идеясы пайда болды. «Армансыз адам-қанатсыз құспен тең» дегендей, Еліміз заман көшімен шауып келе жатқан тұлпардың иесі жоқтай... Алаш идеясы- қазақ идеясы. Өйткені, идея, мәдениет мәжбүрлеуден басталады. Ұлттық идея –қазақ тілі болу керек.

Ұлттық идея –қазақ тілі болу керек.

Сөз соңында Мағжанның АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА өлеңінде:

Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.

Қарадан хакім болған сендей жанның

Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,

Қисайып қыңырайды жұртың ниеттес!

Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр!»- деп,

Болды ғой жақын туған бәрі кектес.

Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме:

« Қор болды қайран сөзім босқа!» -деме.

Артында қазақтың жас баллары мен

Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,

Өлтіріп талай жанды жүгін артар.

Көз ашып, жұртың ояу болған сайын

Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Жүрген жанның артында ізі қалар,

Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.

Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,

Шешен өлсе, артында сөзі қалар!

Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,

Сау қалғанның көбісі ертең бітер.

Тоқтамас дүниенің дөңгелегі,

Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.[4..22 б]–дейді.

Абайдың әлемін таныған жас ұрпақ, Ақыметтің әлемін тану арқылы қазақтың тілін, болмысын, бітімін, тұрмысын, тіршілігін дүниетанымын, мінезін, жанын, дінін, ділін, рухын танитыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Әуезов шығармалар жинағы «Жазушы» баспасы, А,1980
2. А. Байтұрсынов «Ақ жол» А, «Жалын» 1991
3. М. Мырзахметов. ФК парақшасынан
4. М.Жұмабаев Шығармалары А, «Жазушы» 1989

Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан, nariman_nur@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Аннотация: ХХ ғасырдың бас кезі дауылды әрі дүрбелеңді болды. Қазақ елінің тағдыры сынға түсті. Осы жылдары еліміздің ертеңін ойлаған алаш қайраткерлері атқа мінді. Алаш ардақтыларының ішінде Ахмет Байтұрсыновтың орны тым бөлек еді. Ұлт ұстазы туған елінің тәуелсіздігі жолындағы күресте көш бастады. Өзінің әдеби мұралары арқылы туған елінің тағдырына алаңдап, өлім ұйқысында жатқан қазақ баласын оятуға әрекет етті. Ақын өлеңдері туған елінің рухани әлемін ояту жолында қалтқысыз қызмет етті.

Тірек сөздер: Қазақ елі, Алаш, оқу-ағарту ісі, Тәуелсіздік

Қазақ елінің тарихы кешегі кеңестік қоғамда қатты бұрмаланды, соның ішіндегі «Алаш» партиясы, қозғалысы, олар құрған үкімет жайында да тым теріс, жалаң айыптауларға толы түсінік қалыптастырды. Сан алуан оқулық, зерттеулерде, монографиялық еңбектердегі қиянаттар бірінен-бір асып түсіп жатса, тіпті энциклопедиялық анықтамалықта да әділетсіз пікір, дәйексіз дәлелдер келтіріліп жатты. Мысалы: «Алаш» – буржуазияшыл-ұлтшыл партия. Қазақ аулындағы феодал-байлардың, кертартпа дін басыларының және буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенцияның оңшыл тобының мүддесін білдірді». [1.56.] Бұндай әділетсіз байлам алаштың қозғалысы мен үкіметіне де осы тұрғыдан берілді. Өкініштісі сол мемлекеттік деңгейдегі анықтамалық осылай деп түсіндірген соң басқаға не жорық, одан әрі дәл осы түсінікпен әлденеше ұрпақ тәрбиеленді. Академик Рымғали Нұрғали атап көрсеткендей: «Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Ең бастысы Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тиым салынды». [2.423.]

Тәуелсіздікпен бірге тарихымыздағы ақиқаттар қалпына келтіріліп, «ақтаңдақтар» ашыла бастады, соның бірі «Алаш» тарихына қатысты екені қуантады. Біздің айтуға ниет еткен мәселелеріміз алаш ұранды әдебиеттің биігінде тұрған тұлға, аса ірі мемлекет қайраткері, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың шығармалық мұраларындағы тәуелсіздік идеясы жайында. 1905 жылдары-ақ негізі қаланып, ғасыр басындағы аласапыран, төңкеріс кезінде өздерінің күрескерлік рухымен тарих аренасына шыққан оларды отаршылдық пиғылы Ресей империясынан да асып түскен большевиктер қоғамы мүлдем тұншықтырып тастады. Соған қарамастан Алаш қозғалысына қатысқан аяулы тұлғалардың дені ұлт мүддесін биік қойған іс-әрекеттерімен күрес жүргізді және өздері қуғын-сүргіннен көз ашпай жүрсе де ұлттық рухты оятатын әдебиет, публицистика, ғылым саласында мол мұра қалдырды.

XX ғасырдың бас кезі дауылды, дүрбелеңге толы болып басталды. Ұлт-азаттық көтерілістер, сан алуан қозғалыстар мен төңкерістер, азамат соғысы, аштықтың етек алуы сияқты зұлматтар қазақ елін тарих аренасында не бар ететін, не жоқ ететін жағдайларға әкеліп тіреді. «Өлім ұйқысы» құшағында жатқан халықтың құлағына Ахмет Байтұрсынов «Маса» болып ызыңдады, «қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша» қайтпай әрекет етті. Міржақып Дулатұлы «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты», «Қазағым енді жату жарамас-ты!» деп ұран салды.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары, дәлірек айтқанда 1923 жылы ұлы ұстаздың 50 жасқа толу тойы аталып өтті, осыған орай қазақ әдебиетінің «қызыл сұңқары» атанған ақын Сәкен Сейфуллин «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген тақырыпта мақала жазды. Кеңестік қоғамға құлай сенген, алаш партиясы жайлы мүлдем қарама қарсы көзқарастағы қайраткер былай деп жазды: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққакөніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді». [3.180.] Қалың қазақтың ұлттық намысы мен арын жоқтаған Ахмет Байтұрсынов жайында осы мерейтойында жазылған сан алуан пікірлер болған. Соның ішінде XX ғасырдың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Алаштың ардақтысы» деп аталатын еңбегіне соқпай кету мүмкін емес, ендігі ретте аталған еңбектегі түйінді ойға назараударсақ: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», - деп [4.7.] баға беретін жазушы пікірінің мәні зор, шынында да біз біршама уақыт алаш ардақтыларын ұмыттық, ұмыттырды, естен шығардық, шығарғызды, ал тарих төреші ұмыта қоймапты, соған көзіміз енді жетті.

Осы бір аласапыран жылдары, ахметтанудың іргетасы қаланды. Ұлы ұстаз жайында тек қана ақын-жазушылар ғана емес мемлекет және қоғам қайраткерлері де үнсіз қалмады. Осы кезеңде өз халқының ұлы ақындарына тек қана таптық сарынмен баға беріп, әсіресе алашордашылар дегенде тіпті теріс атқа мінетіндерге ұлтын сүйген ұлы тұлға Сұлтанбек Қожанов: «Қазақтар арасындағы революция туралы мәселе қозғалғанда Абай Құнанбаев пен А.Байтұрсыновты айналып өтуге болмайды. Қазіргі революционерлердің барлығы да Абай мен Ахметтің шәкірттері болып табылады» - деп жауап беріп, шәкірттік пейілмен сүйсіне жазды. [5.155.] Атақты Ахаңның 50 жасқа толу мерекесі қарсаңында «Ақ жол» газетінің 1923 жылдың 4 мамырында айтылған бұл пікірдің келесі бір жалғасы 1924 жылғы 3 сәуіріндегі «Жақындық па, жалақорлық па?» атты айтыс мақалада жалғасын тапты. «Қазақ жазба әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, кім болады? Басқа да аға бар ма? Бар болса кім?» - деп сұрақ қойды. Ұлт әдебиетінің, ұлт мектебінің негізін қалаушы кемеңгерлер туралы айтқан С.Қожанов пікірінің дұрыстығын уақыт кеш те болса дәлелдеді. Ол сол кездің өзінде-ақ «жоқты жазып, бар әдебиет маңайын былапыттайтындардың» жақындығы мен жалақорлығын әшкереледі. Үлкен жүректі азамат, әдебиетті, сөз өнерін сүйді, әсіресе төл әдебиетіміздің

көшбасында тұрған ұлы тұлғалар Абай мен Ахметті, Мағжанды сүйді, замана дүмпуінен теперіш көре бастағанда алғашқылардың бірі болып, қолын созды, қорғап жазды және осы әрекеттері үшін сан мәртебе соққы жеді, ақыры мерт болды.

Ахмет Байтырсыновтың өмірі мен шығармашылық өнері, ұлттық рухты оятып, азаттық аманатын алаш жұртына жан-жақты жеткізетін еңбектің бірі де бірегейі «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» [6.] атты тарихи еңбек. Алғаш рет 1932 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген, Алаш зиялыларының өмірбаяны мен шығармашылық өнерін сарапқа салып, кеңінен талдайтын кітап кеңестік жүйенің қисынына келмей, қатты сынға ұшырап, қайта басуға, оқуға тиым салынуы, сөйтіп төл әдебиетіміздің «ақтаңдағына» айналуы өкінішті-ақ.

Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабы үлкен-үлкен екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім «Әдебиеттегі ұлтшыл, байшыл дәуірдің сыны» деп аталса, екінші бөлім «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» деген атпен берілген. Автор «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» қатарында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, О.Қарашұлы, М.Жұмабайұлы, С.Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы, Б.Күлейұлы, М.Әуезұлы, Ж.Аймауытұлы сынды әдебиет өнерінің биік тұлғаларын зерттеу нысанына алады. «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» деп аталатын екінші бөлім Байтұрсынұлы Ахметтен басталған. Сәбит Мұқанов А.Байтұрсынұлы жайында келесі мәселелерге кеңінен тоқталған: «Өмірі», «Қырық мысал», «Маса», «Басқа қызметтері».

Зерттеуші Мұқановтың атақты Ахмет Байтұрсынұлының «Өмірі» туралы айтқанда мынаны аңғардық. 1988 жылы ғана толық ақталған ақынның өмір жолы, қоғамдық қызметі жайында біршама біліп қалдық. Ал енді сол деректердің негізгі көзі Мұқанов зерттеуі екенін қапысыз көруге болады. Қай жылы, қай жерде дүниеге келді, ата-бабасы кім, олардың басына түскен қиянат, қуғын-сүргін, жетімдік, жоқшылық тақсыреті, «Анама хат» өлеңінің дүниеге келу себептері, сондай-ақ қоғамдық қызметке араласқаннан кейінгі сан алуан қызметтері, «Қазақ» газетін шығарудағы жанкешті ерлігі, «Алашорда» партиясын құрушылардың бірі екенін айта келіп, әйгілі тұлғаның, қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігіне сіңірген еңбегі жайында, бүгінгі күні де баға жетпес мына қасиеттерін атап өтеді. Мұқанов былай дейді: «Кеңес үкіметімен сөйлес қылғаннан кейін, Ахмет Алашорда мүшелеріне, көсемдеріне кешірім жариялатқан: содан кейін Қазақстан автономиясын ашу мәселесін сөйлесіп, автономия берілетін болғаннан кейін Орынборға келіп, партияға кірген». [6.92.]

Осы арада есте ұстайтын екі ақиқатты автор қапысыз көрсеткен: бірі – алаштықтарға кешірім жасату, екіншісі – қазаққа автономия әперуі. Білімі мен парасаты, қайраткерлігі мен қажырлылығының арқасында Мәскеуге дейін барып, большевиктер көсемі Ленинмен тең дәрежеде сөйлесіп, туған елінің арда ұлдарына ең алдымен «кешірім» әперді, бодан елінің бостандыққа ұмтылған тілегін оятып, автономияға қол жеткізді. Қатыгез қоғам бұл «кешірімді» араға он жыл салып ұмытты, алаш туралы көзқарас мүлдем басқа қисынға кетті. С.Мұқанов Ахаң сынды ардақты жанның қайраткерлігін, ел алдындағы еңбегін таныды және де елге жаю үшін осы еңбегін жазды.

С.Мұқанов сынды зерттеуші негізінен алғанда Ахмет Байтұрсыновтың басты-басты екі кітабына, яғни «Қырық мысал» мен «Масаға» талдау жасайды. «Маса» тұсында Ахметтің істейтін ісінің програмасы ашылды. Ол қазақ елін орыс отаршылдарына қарсы көтерту. Бұл үшін Ахмет қазақты оятуға тырысты. Оятуға құрал қылған нәрсесі – қазақтың ескі өмірін дәріптеу, отар болған өмірдегі кемшілігін көрсету, оятып ел қылу, ел қылу үшін мәдениеттендіру» [6.96.] деп келетін пікірден-ақ С.Мұқановтың ұлт әдебиетіне деген адалдығын анық аңғаруға болады. Зерттеуде автор байшыл-ұлтшыл дегенді жиып қойып, ұмыт қалдырып, жан-тәнімен талдайды, әсіресе Ахмет Байтұрсынов өлеңдерінен мол мысал келтіре отырып, жоғарыда көрсеткендей отарлық езгіні, орыс өктемдігінің обыр әректтерін ащы айтудан қаймықпайды. Туған халқын тәуелсіздікке жеткізу, азат ел болу идеясына шақырады. Ақынның «Жиған-терген» өлеңіндегі:

Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып, - дейтін жан айқайды, Ахмет Байтұрсыновтың туған елінің тағдыры жайлы тебіренген ащы зарын халыққа қапысыз жеткізді. Ақын шығармаларындағы азаттық ой, тәуелсіздікке жету жолындағы қилы-қилы тағдырды баяндаған зерттеушінің «Маса» жинағы жайындағы түйіні төмендегідей: «Осының бәрінде Ахметтің айтайын деп отырғаны: еліңді орыс алды, жеріңді орыс алды, ел болудан қалдың, бұдан құтылмасаң жарық сәуле жоқ, деген сөздер» деп бір түйсе, одан әрі «Осы сөздерді Ахмет жарқылдатып айтпай, көмескілендіре берді. Ахметті іле-шала шыққан ақындар Ахметтер көрі бұл мәселеге ашығырақ, қаттырақ кетті» [6.99.] деп келесі бір ойға меңзейді.

Қазақ халқының бостандық, тәуелсіздік жолындағы күресте жүздеп, мыңдап құрбан болғандар болды. Соларының бір шоғыры ғасыр басындағы алаш ұлдары - А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты аяулы тұлғалар. Өмірін де, өнерін де күрес жолына, қазақ елінің азаттықжолына арнаған бұл қайраткерлердің қайсыбір шығармасын оқысаң да азаттық рухы менмұндалап тұрады. Бұл ақындар өз ұлтының «талауға түскен малына», «қамауда қалған жанына» жаны ашып, оянуға шақырып, оятуға әрекет етеді.

Халқымыздың қадірлі Ахаңына айналған А.Байтұрсынов өзінің «Жиған-терген» атты шығармасында:

Түн етіп күнін
Көрсетпей мінін
Оятқызбай қорып тұр.
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың, - дейді.

Шын қасіреттің қайдан келе жатқанына ұйқыдағы жұртты «түкті», «мұртты» обырлардың қалай қорып, «қамқор» болып тұрғанына, соры қалың халқының шын жанашыры А.Байтұрсынов ерекше күйінеді. «Нулы жерден», «сулы көлден» айырылған қазақ елінің бостандыққа жетер күнін аңсайды.

Алашордалықтар, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов арман еткен тәуелсіздікке ХХ ғасырдың соңында ғана қол жеткіздік. Тәуелсіздік жолындағы күреске ғұмырларын арнаған алаштықтардың басынан қауып-қатер бір күн де кеткен емес, оған тарих куә. Олардың жанкешті күресі арқылы қолымыз жеткен азаттықты да қандай қауіп-қатерден болса да қорғауға енді біз дайын болуымыз керек. Қаншама ғасырлар бойы күткен, сол жолда қаншама зұлматтарды, қасірет пен қайғыны басынан кешірген, ең өкініштісі сол тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтар қаншама. Демек, сол тәуелсіздік жолында күрескешыққан, саяси партия құрған, алаш ұранды әдебиетті дүниеге әкелген, ең бастысы ұлттық ояну мен ұлы мұраттарға толы тәуелсіздікті ту етіп халық көсемдері бола білген аяулы азаматтарды үнемі есте сақтап отыру, рухани дүниеміздің төрінде ұстау бүгінгі азаттық арманына қолы жеткен бақытты ұрпақтың басты парызы болуға тиісті.

Түйіндей айтқанда, азаттықты армандаған алаштықтардың рухын ешқашан да ұмытпауымыз қажет, сол арқылы кешегі тарихты, бүгінгі бірлікті ойлаған аманатын бәріміз бір кісідей орындауымыз керек, сонда ғана ұлттың ұлы мұраттары жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия. 1-том. А., Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. 1984. -592 б.
2. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. А., «Санат», 1992. -432
3. Бес арыс. Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Алматы. «Жалын», 1992 жыл.-544 бет.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Маса. Өлеңдер мен көсемсөздер. А., «Раритет», 2005.- 208 б.
5. Қожанов С. Шығармалары. Алматы. «Арыс». 2009 ж. 215 бет.
6. Мұқанов С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. А., «Атамұра», 2008. -384б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ	
<i>Джусупов М. Ахмет Байтұрсынов фонемографиясының әлем фонологиясындағы орны</i>	4
<i>Nergis BİRAY. Ahmet Baytursinuli 'nin terimbilim çalışmaları ile türkiye 'de cumhuriyet dönemindeki terimbilim çalışmaları üzerinde bir değerlendirme</i>	5
<i>Күдерінова Қ. Б.. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының негізін салған ғалым</i>	14
<i>Алмасбек Ә.. Ахмет Байтұрсынұлы: Қостанай-Омбы кезеңі</i>	20
<i>Иманбердиева С. Қ. А. Байтұрсынұлы: Қазақстандағы онимдердің түркілік қабатының зерттелуі</i>	27
<i>Жахина Б. Б. Ахмет Байтұрсынұлы: жұрт бүгіншіл, менікі ертең үшін...</i>	37
<i>Жәмбек С. Н. Ахмет Байтұрсынов – ұлттық әдебиеттану көшбасшысы</i>	42
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДІС	
<i>Бөкен Г.С. Мұхтар Мағауин мен Янн Мартел романдарының үндестігі</i>	49
<i>Демесинова А.А. Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының көпқырлылығы</i>	53
<i>Жайлауова Г.У., Шарипова Н.Ж. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы</i>	58
<i>Айсенова Н.Н., Кажыбаева Г.К.,Жукенова С.К. Қазақ балалар әңгімесіндегі тартыс мәселесі</i>	62
<i>Карбай Ж.Ж., Тлеубердина Г.Т. Тарихи жыр, дастандардағы абылай хан тұлғасы</i>	69
<i>Курманаева А.Ж., Кажыбаева Г.К. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жастар прозасы</i>	75
<i>Каблашева А.У. А.Байтұрсынов шығармаларындағы психологиялық көзқарас</i>	78
<i>Нуржаксина М.К., Маханбет Ұ. Немат Келімбетовтің «үміт үзгім келмейді» романындағы кейіпкерлер бейнесі</i>	83
<i>Нуржаксина М.К., Саттыбаева Б.А., Шірнебай А. Жадыра Байбұланова поэзиясының поэтикасы</i>	87
<i>Мамыт А.А. Ахмет Байтұрсынұлы және ұлттық фольклор теориясы</i>	92

<i>Мамыт А.А., Рахымбек С. З.Сәнік – қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеуші</i>	97
<i>Телейхан М.Т., Бөкен Г.С. Мұхтар Мағауинның «Жармақ» романындағы дихотомия</i>	101
<i>Уранова С.С., Бөкен Г.С. Прозадағы психологизмді дамытушы (Бексұлтан Нұржекеев әңгімелері негізінде)</i>	106
<i>Хумар Б.К., Кажыбаева Г.К. Тұрсынбек Кәкішев еңбектеріндегі тұлғатану: мағжантану мәселесі</i>	113

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ: ҰЛТТЫҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМАЛАР

<i>Асқар А.С., Жумагулова О.А. Зеренді ауданы бойынша топонимикалық атаулар</i>	118
<i>Жумагулова Ө.А., Каирбекова И.С., Мусин Л.Қ. Ахмет Байтұрсыновтың функционалдық грамматикаға қатысты көзқарастары</i>	124
<i>Қияқова Р.Ж., Берікбол Т., Шахманова Г.Ш. Салалас құрмаластың бір түрі – іргелес сөйлем.</i>	132
<i>Молгаждаров Қ.К. Қазақ жазу жүйесіндегі латын әліпбиі</i>	138
<i>Молгаждаров Қ.К. Қазақ жазуының тарихи танымдық тағылымы</i>	148
<i>Мұратбекқызы Р., Жумагулова Ө.А. Ахмет Байтұрсынұлы және тілдің танымдық табиғаты</i>	155
<i>Сағатаева С.А., Қияқова Р.Ж. А.Байтұрсыновша «сөйлестіру – диалогтың» ерекшелігі туралы</i>	161
<i>Тұрархан Ғ.Ә., Жахина Б.Б. Ахмет Байтұрсынұлы ілімінің заманауи идеялармен үндесуі</i>	168

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

<i>Балтабаева Ж.Қ., Нұрқасымова А. Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарындағы лексикалық бірліктердің этномәдени мәні</i>	175
<i>Калымова А.Қ., Елеукина С.К. Болашақ педагог тәрбиешілердің креативтілік кәсіби құзыреттілігін дамыту</i>	180
<i>Жұмажан А.Н., Смагулова Н.К. Лирика жанрын оқыту арқылы оқушылардың танымдық қабілетін арттыру жолдары</i>	185
<i>Калымова А.К., Исакова Д.К. Жас отбасылармен жүргізілетін педагогикалық жұмыстар</i>	190
<i>Кульжанова А.А., Жахина Б.Б. Негіз сөздің танымдық сипаты: оны оқытудың лингвистикалық негізі</i>	195
<i>Қасымов Б.С. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы пәндерді оқыту жолдары</i>	200
<i>Молдахметова А.М., Молдахметова Н.А. Дарынды балалармен педагогикалық жұмыс түрлері</i>	210

<i>Мукатаева Л.Ж., Акаева Р.К. Ахмет Байтұрсынов – қазақтың дарабоз ұлы</i>	218
<i>Смагулова Н.К., Жайлауова Г.У. А.Байтұрсынов көсемсөзіндегі білім мәселесі</i>	222
<i>Шагирбаева Б.Қ. Ахмет Байтұрсынов және ұлттық құндылық</i>	228
<i>Шахтай А., Смагулова Н.Қ. Оқушының білім алудағы оқу іс-әрекетінің мәні мен маңызы</i>	234
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ	
<i>Молгаждаров Қ.К. А.Байтұрсынұлы және «қазақ» газетінің мазмұны жайлы</i>	241
<i>Молдасанов Е.М. Ұлт көсемі, қазақ жазуының реформаторы Ақымет Байтұрсынұлының қоғамдық тұлғасы және ұлттық идеясы</i>	247
<i>Нұрпейісов Н.Ж. Ахмет Байтұрсынұлы мұраларындағы тәуелсіздік идеясы</i>	252

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4 мамыр 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-методической конференции «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде», посвященной 150-летию великого учителя нации, ученого-просветителя, общественного деятеля Ахмета Байтурсынова

4 мая 2022 жыл

MATERIALS

The international scientific and methodological conference "Akhmet Baitursynov murasy - alemdik rukhaniyat kunistiginde" is being held, dedicated to the 150th anniversary of the great teacher of the nation, scientist-educator, public figure Akhmet Baitursynov.

4 may 2022 year

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті коммерциялық

емес акционерлік қоғамы баспаханасында басылған

28.06.2022 ж. баспаға ұсынылды. Көлемі: 16.3 б,т.б.

Тираж 100 экз. Тапсырысы № 28

Мекенжайы: Қазақстан, Ақмола обл., Көкшетау қаласы,

Темирбекова көшесі, 30а,

e-mail: www.kgu.kz